



“Мәдени мұра”

**Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды**


«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы
Асқаров Ә.А, жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Атабаев Қ.М.
Аяған Б. Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбай Н.
Әуезов М.М.
Байпақов Қ.М.
Балықбаев Т.О.
Дүйсембаев Е.С.
Есім Ғ.
Жақып Б.Ө.
Жұмағалиев А.Қ.
Қозыбаев І.М.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Құл-Мұхаммед М.А.
Құрманбайұлы Ш.
Мәжитов С.Ф.
Мұхамедиұлы А.
Мыңбай Д.Қ.
Нысанбаев Ә.Н.
Өскенбаев Қ.А.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Қазақ
мақал-мәтелдері*



FOLIANT


УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:
Қ.Алпысбаева, Т.Әлібеков (*жауапты редактор*), С. Қасқабасов

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Қ.Алпысбаева (*жауапты шығарушы*), Т.Әлібеков, Н.Елесбай

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2010.
Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. — 408 бет.

ISBN 978-601-292-227-1

«Бабалар сөзі» сериясының 66-томына Қазан төңкерісіне дейін түрлі басылымдарда жарияланған, сондай-ақ профессор Ә.Құрышжанов құрастырған «Сөз атасы» жинағында қамтылған мақал-мәтелдер енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 09}$

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-227-1 (т. 66)

© Әдебиет және өнер институты, 2010

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2010

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған алпыс үш томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, бір-бір томы шағын жанрлардың үлкен салалары жұмбақтар мен мақал-мәтелдерге арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың он бір томы, тарихи жырлардың он бір томы, батырлар жырының жиырма томы, сондай-ақ шежірелік дастандар, жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің жеке-жеке томдары баспаға әзірленді. Бұлардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналған.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 66-том да мақал-мәтелдерге арналды, алдағы уақытта мақал-мәтелдердің тағы да бірнеше томын дайындау жоспарланып отыр. Себебі кейінгі жылдарға дейін басылым көріп келген мақал-мәтелдер кеңестік цензураның елегінен өтіп барып, іріктелген мәтіндер еді. Бұған сан мәрте қайта басылып келген Ө.Тұрманжанов, Б.Адамбаев пен Б.Ақмұқанова құрастырған жинақтар айқын дәлел. Бұл басылымдар жалпы оқырмандарға арналғандықтан, көркем мәтіндерге ғана

көңіл бөлініп, кейбір мәтіндерге өзгерістер де енгізілді. Мысалы, «Ісінің ағы білмейді, Жігіттің бағы біледі» деген мақал кейін «Жігіттің бағы білмейді, Жұмыстың бабы біледі» делініп, немесе «Ат шаппайды, бап шабады» деген даналық сөз «Ат шаппайды, бақ шабады» деп редакцияланды. Аталған жинақтардағы мәтіндер мен түпнұсқаны салғастыра қарастырғанда, қасақана түзетілген, қате оқылған мақал-мәтелдерді көптеп кездестіруге болады. Алайда бұл жинақтар бір ғасыр көлемінде халыққа қызмет етіп, сан ұрпақтың рухани әлемінің жетілуіне ықпалын тигізді.

Халық даналығының, ұлттың рухани-әлеуметтік бай тәжірибесінің нәтижесінде мыңдаған мақал-мәтелдер дүниеге келді. Олардың көпшілігі есте жоқ ескі замандарда тапқыр, шешен, данагөй сөз зергерлерінің аузынан айтылып, біртіндеп бүкіл халыққа ортақ өсиет, үлгі сөз ретінде мақал-мәтел аталып кеткен. Мақал мен мәтелдің арасында айтарлықтай шекара болмағанмен өзіндік стильдік белгі-бедерлері бар екені мәлім. Мақалдар кейде ұзынды-қысқалы болып, бірнеше тақырыптық мазмұнды қамтиды. Мысалы: «Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар» деген сияқты мәтелдер қысқа, нұсқа, құрылымы мейлінше ықшам түрде жасалып бір ғана нақты ой-түсінікті меңзейді. Мәтелдер мақалдарға қарағанда әбден тұрақтанған канондық мәтінге ие. Халқымыздың сөз мәйегі саналатын бұл ғажайып мұраның байып, жинақталып, ел игілігіне айналуына көптеген жинаушылар қызмет етті. Ш.Уәлихановтың, М.Бабажановтың, Ы.Алтынсаринның, Б.Дауылбаевтың, М.Ешмұхамедовтің, А.Ысқақбаласының, А.Баржақсыұлының, Ө.Тұрманжановтың, Б.Ақмұқанованың, М.Аққозинның, Ә.Қайдаридың, Ә.Құрышжановтың, М.Әлімбаевтың, Б.Адамбаевтың, Қ.Саттаровтың т.б. ел зиялыларының, сондай-ақ орыс оқымыстылары В.Радлов, И.Березин, Н.Пантусов, А.Алекторов, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Я.Лютш, А.Васильев, И.Лаптев, Н.Остроумов, В.Герн, В.Бартольд, Н.Катанов, Ә.Диваев бұл бағытта мол еңбек сіңіргені белгілі.

Бұл томға ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің әр жылдары ғылы-


ми, әдеби-фольклорлық және этнографиялық экспедициялар кезінде ел арасынан жинаған Қазан төңкерісіне дейін жарыққа шыққан қазақ басылымдарының материалдары, ҚР БҒМ ҒК ОҒК-ның Сирек кітаптар қорында және ӘӨИ Қолжазба қорында сақталған ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде баспа жүзін көрген мақал-мәтелдер жинақтары, сондай-ақ профессор Ә.Құрышжанов құрастырған «Сөз атасы» атты жинақта қамтылған V-XVII ғасырлар аралығындағы жалпытүркілік әдеби жәдігерлер енгізілді. Ұсынылып отырған том ғылыми басылым болғандықтан, мәтіндер әліпбилік жүйемен түзіліп, реттік санмен нөмірленді. Сонымен бірге мәтіндердің нұсқалары мен версиялары да назарға алынып, сөз, тіркестер өзгерген жағдайда мазмұны ауысқан кей мақал-мәтелдер қатар жіберілді. Мысалы, «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!» деген мақал нақты жағдайға байланысты енді бір нұсқасында: «Келінім, саған айтам, қызым, сен тыңда!» болып, ішкі мазмұны өзгеріске түседі. Мұндайда әліпбилік ретпен екі нұсқаны да енгізуге тура келді. Халық мұралары әр кезеңде, әр өңірден жиналғандықтан, тілдік, көркемдік-мазмұндық жағына мән беріліп, түпнұсқа негізінің бұзылмауына ерекше көңіл бөлінді.

Жоспар бойынша «Бабалар сөзі» сериясына енетін мақал-мәтелдер мәтіні бірнеше томды қамтитыны жоғарыда айтылды. Келесі томдарға Қытай Халық Республикасын мекендеген қазақтар арасында айтылып, сол жақта кітап болып басылған материалдар, сондай-ақ Кеңес дәуірінде хатқа түсіп, қолжазба күйінде сақталған мақал-мәтел үлгілері енгізіледі.


Том соңында берілген ғылыми қосымшаларда жинаққа енген мақал-мәтелдерге жазылған түсініктемелер, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы түсініктер, жер-су атауларына сипаттамалар, шығармаларды жинаушылар мен жырлаушылар туралы мәліметтер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, басылым туралы орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқаша түйін қамтылған.

Томға енген мәтіндер М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, ҚР Ұлттық кітапханасы мен ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорларында сақталған түпнұсқалар негізінде дайындалды.

Томның көлемі — 25,5 б.т.



МƏТИНДЕР



Мәтіндер

А

1. Ас жоқта ашықсаң, табақты да жеп қоясың.
2. Ас қадірін білмесең, ашаршылықты көрерсің,
Ат қадірін білмесең, жаяушылықты көрерсің.
3. Ас таңдасаң, аяғына қара,
Қыз таңдасаң, шешесіне қара.
4. А, Құдайым бала бер,
Бала берсең, сана бер.
Санасыз бала бергенше,
Артынан бәрін-бәрін ала бер.
5. Абайламай сөйлеген ауырмай өледі.
6. Абайламай түстім тереңге,
Енді маған сай қайда?
7. Абиырлы жігітке
Ажалды қоян тап келер.
8. Абиырлы жігіттің
Алғашқы ұрлығы ашылсын.
9. Абысын тату болса ,ас көп,
Туысқан тату болса, ат көп.

10. Абысын тату болса, ас көп,
Ағайын тату болса, ат көп.
11. Ағайын алыста болса, кісінесер,
Жақында болса, тістесер.
12. Ағайын ащы, мал тұщы.
13. Ағайын бар болсаң, көре алмайды,
Жоқ болсаң, асырай алмайды.
14. «Ағайын!» десе, аң қарадық,
«Қайын» десе, тез қарадық.
15. Ағайын тату болса, ат көп,
Абысын тату болса ас көп.
16. Ағайынға қадірім жоқ,
Бетімді көреді.
Қатыныма қадірім жоқ,
Етімді көреді.
17. Ағайынға қадірің болмас,
Күнде бетіңді көреді.
Әйелге қадірің болмас,
Етіңді көреді.
18. Ағайынды алқалап құрмет көрсет.
19. Ағайынды қарындас, жең үшінен жалғасыңдар.
20. Ағайынның азары болса да, безері болмас.
21. Ағайынның ұрысы — торқаның жыртысы.
22. Ағайын-туған кімде жоқ,
Сыйлассаң, жат та жуық (жақын).
23. Ағаны көріп іні өсер,
Апаны көріп сіңілі өсер.

24. Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
25. Ағасы бардың жағасы бар.
26. Ағаш басына жел тиер,
Көрікті кісіге сөз тиер.
27. Ағаш біткенді жүкті қылатын — жел.
28. Ағаш кессең, ұзын кес (қысқартуға жақсы),
Темір кессең, қысқа кес (ұзартуға жақсы).
29. Ағаш көркі — жеміс,
Адам көркі — жақсы іс.
30. Ағаш көркі жапырақ,
Адам көркі шүберек.
31. Ағаш қамшы көп болар,
Аттанар күні жоқ болар.
32. Ағаш бір жерде көгереді.
33. Ағашқа науа біткен сайын,
Бәсең болмақ керек.
34. Ағаштың жемісін жеймін десең,
Түбіне балта шаппа.
35. Адал дүниеге есеп керек.
36. Адал сөзбен айтысады,
Өсек сөзбен сыбырласады.
37. Адал іс істесең, адал боп өлесің,
Ақылды іс істесең, өміріңе құт,
Қиын іс бітірсең, өмір бойы қорықпайсың.

38. Адалға есеп, арамға да сұрау бар...
39. Адалдық — ерлік нышаны.
40. Адалдық ақыры бір көрінеді.
41. Адам бір оқтық, өлтіру оңай,
Бірақ мың адам бір адамды тірілте алмайды.
42. Адам бір оқтық.
43. Адам — қарынның құлы.
44. Адам адамнан құтылады,
Пейілінен құтылмайды.
45. Адам айдаса, бармаймын,
Құдай айдаса, қалмаймын.
46. Адам аласы ішінде,
Мал аласы сыртында.
47. Адам аласы ішінде,
Мал аласы тысында.
48. Адам аяғының тұзағы — бала-шаға.
49. Адам бақытқа тоймайды.
50. Адам баласы айыпсыз болмас.
51. Адам баласы зарыға бермейді,
Ит баласы зорыға бермейді.
52. Адам баласы артындағысын көріп қартаяды.
53. Адам баласы қайғысыз болмас,
Қайғысыз болса, адам да болмас.

54. Адам баласы тастан қатты емес.
55. Адам баласы үрілген мес сияқты,
Аузын ашса, босап қоя береді.
56. Адам бастан қартаяды,
Қартайған соң мал таяды.
57. Адам бойындағы ең тамаша нәрсе —
білім мен ақыл.
58. Адам болар баланың
Кісіменен ісі бар,
Адам болмас баланың
Кісіменен несі бар.
59. Адам болар жігіттің етек-жеңі кең келер.
60. Адам болар кісінің кісісіменен ісі бар,
Адам болмас кісінің кісіменен не ісі бар.
61. Адам болған соң,
Онда кінә да болады.
62. Адам біліммен көтеріледі.
63. Адам бір сөйлескенде — жылан,
Екі сөйлескенде — құлан,
Үшінші сөйлескенде — адам.
64. Адам дегені болмас,
Құдай дегені болар.
65. Адам емес, мәңгі өлмейтін — атағы,
Өмір-бақи жасайды ғой ол тағы.
66. Адам кейде астың тек тазасын ішеді,
Кейде жұғынын ғана жалайды.

67. Адам көші керуендей тізілген,
Көп кідіrmес кезі бар ма үзілген?
68. Адам күш жұмсап бай бола алмайды,
Арыз айтып бек бола алмайды.
69. Адам мәңгі жасамас,
Көрге кірген кері қайтпас.
70. Адам мен адам арасы —
Аспан мен жер арасы.
71. Адам мен адамның арасы —
Жер мен көктей.
72. Адам мен малдың айырмасы ақылда.
73. Адам ойлайды,
Алла шешеді.
74. Адам өз қолын өзі кеспейді.
75. Адам өз атын кісілікпен көтереді.
76. Адам өмірі қылдан да жіңішке.
77. Адам өтеді, игі аты қалады.
78. Адам тілден табады,
Сиыр мүйізінен табады.
79. Адам тілі тас жарар,
Тас жармаса, бас жарар.
80. Адам тілінен байланар,
Мал басынан байланар.
81. Адам уағдада тұрса,
Сөз қадірін білгені.

- Уағдада тұрмаса,
Ол адамның өлгені.
82. Адам ісінің астарында өлім жатады.
83. Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.
84. Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі — тіл, бірі — ділің жүректегі.
85. Адамға қылсаң жақсылық,
Жақсылық білмес кей заңғар.
Жақсылыққа жамандық қылам деп,
Дүниеде би, иман кеткен көп жандар.
86. Адамға тілене беру — ұят:
Тапқан наны көбейгенімен,
Абыройы азады.
Көп тілену — жұмыс емес кәделі,
Нан көбейер, бірақ азар беделі.
87. Адамға тілінен, сиырға мүйізінен.
88. Адамға шабатын арыстаннан
Жүк таситын есек артық.
89. Адамды білім сақтайды.
90. Адамды екі нәрсе қартайтпайды:
Бірі — жақсы мінез,
Екіншісі — жақсы сөз.
91. Адамды мүлік бұзады.
92. Адамнан сұрама,
Құдайдан сұра.
93. Адамнан тілеген ариды,
Құдайдан тілеген тариды.
Есті кісі әр істі ойменен таниды.

94. Адамнан тілеген арыды,
Құдайдан тілеген жарыды.
95. Адамның ақылы азса,
Істемес істі істейді.
96. Адамның басы — Алланың добы.
97. Адамның жаманы — мылжың,
Жақсысы — жомарт.
98. Адамның көзі — таразы.
99. Адамның көңілі де көк сияқты қаулайды, семеді.
100. Адамның өзі өледі, сөзі қалады.
101. Адасқан қаздай, руым аздай.
102. Адасқанды сөкпеңіз,
Қайтып үйірін тапқан соң.
Ұрлағанды кешіңіз,
Тоғыз алып жапқан соң.
103. Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйін тапқан соң.
104. Адасқанның алды жоқ.
105. Адасқанның алды өзіне жөн.
106. Адасқанның алдында еш нәрсе жоқ.
107. Адасқанның артындағысы білер,
Жаңылғанның жанындағысы білер.
108. Ажал анық болса да,
Мезгілі жетпей ер өлмес.

109. Ажал жетпей, өлмек жоқ.
110. Ажал жетсе, ай да өледі,
Күні туса, күн де өледі.
111. Ажалдан ақша беріп құтылмас.
112. Ажалдан аман қалатын адам жоқ.
113. Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды.
114. «Ажалсыз адам өлмес» деп,
Жыланды құйрығынан ұстама.
115. Ажалсыз аштан өлмес.
116. Ажалсыз балық құрғақ жерде де өлмейді.
117. Ажалсыз ерге өлім жоқ.
118. Ажалы жеткен тышқан
Мысықтың ернін тартып жатады.
119. Ажалы жеткен тышқан
Мысықтың үстіне секіреді.
120. Ажырасар болған соң,
Құшып-сүйгеннен не пайда?
121. Аз асқа жасауыл болма,
Көп асқа бөкеуіл болма.
122. Аз асын аяған
Көп астан құр қалар.
123. Аз бергенді көп көріп,
Көп бергенді көргенмін.
Қарындасты қас көріп,
Топ көргенді көргенмін.

124. Аз болды деп күйінбе, мая болса, қайтесің,
Көп болды деп қуанба, зая болса, қайтесің.
125. Аз ғана игі іске көп рахмет айт.
126. Аз дәлелден көп мағына тәлім болады,
Уыс дәннен бидайдың қасиеті мәлім болады.
127. Аз деп жауды аяма.
128. «Аз екен» деп жауыңа мұрсат берме.
129. Аз кісінің теңдігі бар да, төресі жоқ,
Жалғыз аттың астауы бар да, дересі жоқ.
130. Аз от алауласа, шаһар өртейді.
131. Аз өмір сабырмен өтеді,
Ақсақ үйіне асықпай жетеді.
132. Аз-аздан жиналса, көп болады,
Көп аздан жиналады.
133. Аз-аздан үйреніп дана болар,
Бір-бір тамшыдан жиналып дария болар.
134. Азаматтық жасай алмаған адам —
Бұл өмірге келмеген адаммен бірдей.
135. Азан айтпақ молдаға сый.
136. Азан айтпақ молданың ісі.
137. Азанда келген мал (байлық) кешке ізін табады.
138. Азат жанды құл қылайын десеңіз,
Шүлен тарат, қайтар содан есеңіз.
«Жомарт» ат берген ерге тағылады,
Ел-жұрты соған қарай ағылады.

139. Азға қанағат етпеген
Көптен құр қалады.
140. Азға қанағат қылғанды
Барлық жерде сыйлайды.
141. Азған елге би болма,
Арыған атқа басаубіл болма.
142. Азығы бар арымас.
143. Азықлы ат арымас.
144. Азықсыз адам алысқа бармайды.
145. Азықты ат арымас.
146. Азым дұспан кей адам нәпсін тыймас,
Нәпсіменен дос болып, дүнианы көзі қимас.
147. Айт аттынікі, той тондынікі.
148. Ай айдың оты басқа.
149. Ай жүзді әйелден
Әдемі ән әлдеқайда артық.
150. Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.
151. Ай толық болса,
Айдыны әлемге кетер.
152. Ай туғанда алдымен кішкентай көрінер.
153. Ай, күн әлемге бірдей,
Патша адамға бірдей.
154. Айбар керек, әл керек,
Әлсіз айбар не керек.

155. Айғақ өлер, кепіл төлер.
156. Айдап жүрген мал жақсы,
Мал жақсы емес-ау,
Арыз тыңдаған хан жақсы.
Бәрін айт та, бірін айт,
Аман тұрған жан жақсы.
157. Айдап сал жаққан от жанса,
Сақтықтың суын сеп.
158. Айдаһар айға шапшиды.
159. Айдың жарығы төңірегіне түседі,
Өзіне түспейді.
160. Айқай, көкірек!
Не демейді сұм жүрек.
161. Айқай, менің өз үйім,
Кең сарайдай боз үйім!
162. Айла білген кісілер
Көзінді байлап алдайды.
163. Айламен арыстан ұстар,
Қара күшпен тышқан да ұстай алмас.
164. Айласыз ау құрған
Құс ұстай алмайды.
165. Айласын білген кісіге
Арыстан да бастығар.
166. Айналдырған ауру алмай қоймас.
167. Айран сұрай келіп,
Шелегінді жасырма.

168. Айран ішкен құтылды,
Шелек жалаған тұтылды.
169. Айрылған азады,
Қосылған озады.
170. Айт жеткізіп білімдіге, мұны ұғар,
Құлын ат боп, қысырақ та тынығар.
171. Айт сөзді ұққанға,
Айтып-айтпа құлағына мақта тыққанға.
172. Айт та, сөзіңе жет,
Мінгес те, үйіңе жет.
173. Айта берме сөз біткеннің бәрін де,
Ойлап сөйле, таңдап дәмін, нәрін де.
174. Айтады екен алуа, бал татқандар:
«Азанда аш қой түнде тойып жатқандар».
175. Айтар сөзге түшынғаның —
Ноқтаға басты ұсынғаның.
176. Айтар сөзді айт,
Айтпас сөзден қайт.
177. Айтар сөзді алдымен ойлап ал
178. Айтқан екен жайған адам атағын,
Сабыр еткен түзер істің шатағын.
179. Айтқан сөз — атқан оқ.
180. Айтқаныңды қайталама,
Алуаны да бір-ақ рет жейді.
181. Айтпай білмес,
Ашпай көрмес.

182. Айтса болар ақылды алып оқығанға,
Айтып-айтпай немене екі құлағын
мақтамен тыққанға.
183. Айтулы достың малы бір.
184. Айтылады тілменен сөз, сыр ішін,
Жақсы сөз де, білсең, бедел, ырысың.
185. Айтылған сөзді қайтарып ала алмайсың.
186. Айтылмаған сөздерің саф алтындай,
Тістен шықса, қалар бақыр қалпында-ай.
187. Айы біткен айда өтер,
Күні біткен күнде өтер.
Күні өтерін білмеген,
Бейілі кетіп, пір кетер.
188. Айырдан жампоз туады
Аруанаға бергісіз.
Жақсыдан жаман туады
Бір аяқ асқа алғысыз.
189. Айрылайын деген дос
Ердің артқы қасын сұрайды.
190. Айырылатын тамыр
Ердің артқы қасын сұрайды.
191. Айырылған азады,
Қосылған озады.
192. Айырылма, жұртым, үйіріңнен,
Айырылсаң үйіріңнен,
Екі қолың кетпес бүйіріңнен.
193. Ақ айланар,
Қара байланар.

194. Ақ ақталар,
Қара байланар.
195. Ақ болсаң, қараға жуыма,
Аққа қара тез жұғады.
196. Ақ иіліп, сынбайды.
197. Ақкөңіл — адам ойының тазасы,
Әділ, тура, ақкөңілге не жетсін,
Парасат пен білімді де қажетсін.
198. Ақкөңілдің аты арымас, тоны тозбас,
Кең болса, келе болмас.
199. Ақ көт, қара көт суға түскенде мәлім болар.
200. Ақ құстың баласы жалғыз жүріп оттамас.
Арамзаға дуа бітпес.
201. Ақсұңқар атқа ғашық,
Күйкентай жемге ғашық.
202. Ақсұңқардың баласы алтау болар,
Бесеу болар, ішінде біреуі қу болар.
Қу ала алмаған жаманы
Құладынға қор болар.
203. Ақсақ қой артынан маңырайды.
204. Ақкөңілдің аты арымас, тоны тозбас.
205. Аққа қара жоқ, қараға шара жоқ.
206. Аққа Құдай жақ.
207. Аққа өлген жақсы.
208. Аққуда сүт жоқ,
Жылқыда өт жоқ.

209. Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер,
Құйма құлаққа айтсаң, құйып алар.
210. Ақсақ кісі сапарға шығып жарытпайды.
211. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
212. Ақсақалдан бата алған,
Құдайдың рахметіне жолығар.
213. Ақша ақылды адамның да көзін тұндырады,
Ашкөздік ұшқан құсты да торға түсіреді.
214. Ақша барда көп жүрсең,
Көзің бір күн қарығар.
215. Ақша болса, қыз табылар.
216. Ақша үшін әркім-ақ істейді,
Әділдік үшін кім істейді?
217. Ақшадан уәде күшті.
218. Ақшалының қолы ойнар,
Ақшасыздың көзі ойнар.
219. Ақшаны жолда тапсаң да,
Санап ал.
220. Ақыл — Алланың сыйлығы.
221. Ақыл — мың оқудың басы.
222. Ақыл — саған ізгі дос, әділ жолдас.
223. Ақыл — шам-шырағың түндегі,
Білімділік — жарық көзі күндегі.

224. Ақыл аста,
Қайрат жаста,
Асыл таста.
225. Ақыл бар жерде шындық бар, өтірік жоқ.
226. Ақыл бастан шығады,
Асыл тастан шығады.
227. Ақыл бізді білімге жетелейді.
228. Ақыл дария екен,
Көңіл дүлдүл екен.
229. Ақыл жас ұланнан,
Жүйрік тай-құнаннан.
230. Ақыл жастан шығар,
Жүйрік аттан шығар.
Ақыл қарттан шығар,
Асыл тастан шығар.
231. Ақыл көркі — тіл,
Тілдің көркі — сөз,
Адам көркі — жүз,
Жүздің көркі — көз.
232. Ақыл кіріп, қырықта әдеп білмесе,
«Адам емес» болар еді, кім десе!
233. Ақыл-қайла болмайды тек жарлыда.
234. Ақыл махаббат тұзағына тап келсе,
Қашарға жол іздейді.
235. Ақыл мен білім арманыңды іске асырады.
236. Ақыл мен білімнің тілмашы — тіл.

237. Ақыл надан басқа кірмейді,
Темір шеге тасқа кірмейді.
238. Ақылды адам аз жейді.
239. Ақылды адам нәпсісін тыя біледі.
240. Ақылды адам өмір сүру үшін ішіп-жейді,
Ақымақ күнде ішіп-жеу үшін өмір сүреді.
241. Ақылды адам сөзді орнымен айтып,
Жөнді жауап күтеді.
242. Ақылды адамға екі дүниеде де жол ашық.
243. Ақылды болу сараңға да жарасады.
244. Ақылды деп айтса болар
Айттырмай өзі білгенді.
Жомарт деп айтса болар
Сұратпай өзі бергенді.
245. Ақылды дұшпан тентек достан артық.
246. Ақылды ер адамнан айып іздемейді,
Өнер іздейді.
247. Ақылды ер әр адамның көңілін аулар,
Күйзеліп күнде күншіл жоқты даулар.
248. Ақылды ердің көзін ақша байлайды,
Қыл тұзақта құс құлқынын ойлайды.
249. Ақылды кісі аз сөйлер.
250. Ақылды кісіден кісілік үйренесің.
251. Ақылды кісінің белгісі — аз сөйлеп,
көп тыңдайды.

252. Ақылды кісінің белгісі —
Аз сөйлеп, көп тыңдайды.
Арғымақтың белгісі —
Аз оттап, көп жусайды.
253. Ақылды кісінің ісі де ақылды,
Біліксіз кісінің «біліксіз» деген аты да былғаныш.
254. Ақылды қазы да кейде аңғал шешім айтады,
Ақылсыз бала да кейде ойнап атып тигізеді.
255. Ақылды қанша қараңғы болса да, алысты көреді,
Ақымақ ақыр заман болса да, мәз боп жүреді.
256. Ақылды қомағай астына қарар,
Ақылсыз қомағай үстіне қарар.
257. Ақылды ой ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
258. Ақылды орнымен сөйлер де, жауабын күтер.
259. Ақылды үшін дүние толған тікенек,
Бассаң, кірер аяғыңа, байқа тек!
260. Ақылдыны іздегеннің өзі — нағыз ақылды,
Білімдіні іздегеннің өзі — нағыз білімді.
261. Ақылды істі асығып ойланбайды,
Ішегің көп жүгірсең майланбайды.
262. Ақылдыға айтса, біледі,
Ақымаққа айтса, күледі.
263. Ақылдыға жақындас,
Ақылсыздан өз басыңды алып қаш.
264. Ақылдыға ишарат,
Ақымаққа таяқ.

265. Ақылдыға ишарат,
Ақымаққа тоқпақ.
266. Ақылдыға сөз айтсаң,
Толыса түсер ақылы.
Ақылсызға сөз айтсаң,
Сол күйі қалар ақыры.
267. Ақылдыға сөз ерер,
Ақылсызға бөз ерер.
268. Ақылдылық жақсы атқа қалдыруды тілейді.
269. Ақылдымен отыру — ақымаққа жаза,
Ақымақпен отыру — ақылдыға тозақтан жаман қаза.
270. Ақылдыны білім ұстамды қылады.
271. Ақылдың ісі асығыспен бітпейді.
272. Ақыл-кеңес бергенге қызмет қыл.
273. Ақыл-кеңес тыңдамаған адам
Әрдайым машақатқа түседі.
274. Ақылменен көп елді қаратып алуға болады.
275. Ақыл-ой мен білім — әр адамның сәулеті.
276. Ақылсыз адам мәуесіз ағаш секілді.
277. Ақылсыз басты қылығы танытады.
278. Ақылсыз достан ақылды дұспан артық.
279. Ақылсыз кісі — қос уыс қоқыс.
280. Ақылсыз қарт өкінішпен қартаяр,
Есті қарт қайғырмай-ақ қартаяр.

281. Ақылсызға төре жоқ.
282. Ақылы аз деп қорсынба, пайдасы тиеді.
283. Ақылы азған адам өзін-өзі отқа тастайды.
284. Ақылы асқан жақсыны «алысым» деп ойлама,
Ақылы жоқ жаманды «жақыным» деп ойлама.
Бір сынаған жаманды екінші қайтып қинама,
Ашуланса, мерт қылар, жолбарыспен ойнама.
285. Ақылы болса, аяулы болады,
Білігі болса, бектікке таласады.
286. Ақылы жоқтар азады,
Ойы озбырлар тозады.
287. Ақымақ әкесін өлтіргенменен дос болады.
288. Ақымақ әкімнің айналасында
жарамсақтар отырады,
Ақылды әкімнің айналасында ақылды
адамдар отырады.
289. Ақымақ болса да, серік жақсы,
Қисық болса да, жол жақсы.
290. Ақымақ білмес атының арығанын,
Көсе білмес жасының қарығанын.
291. Ақымақ достан ақылды қасың жақсы.
292. Ақымақ күндіз шам жағады.
293. Ақымақ мың батпан тасты көтереді,
Бір ауыз сөзді көтере алмайды.
294. Ақымақ шынын айтамын деп сырын айтады.

295. Ақымаққа айтқан сөз зайғы кетеді.
296. Ақымаққа күнде той.
297. Ақымаққа қанша айтсаң, бірін ұқпас.
298. Ақымаққа іс тапсырған
Жіптің үшін жоғалтқанменен бір.
299. Ақымақпен дос болма.
300. Ақымақпен жараспа,
Ақылдыдан адаспа.
301. Ақымақтан ары тұр, бәлесі жұғады.
302. Ақымақты мақтасаң, қуанады.
303. «Ақымақты одан да қу, мұнда да жуытпа»
деген мәтел бар.
304. Ақымақты үйрету — өлгенді тірілту.
305. Ақымақтың әңгімесін тыңдағанша,
Зынданда жатқан жақсы.
306. Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді.
307. Ақымақтың аты шықса,
Әр төбеде бір із қалдырар.
308. Ақымақтың қолы ұзын болар.
309. Ақынның тілі қылыштан өткір,
Қылдан жіңішке.
310. Ақырын жүрсең,
Алысқа жетерсің.

311. Ақырын-ақырын мінсе болар тор атқа,
Ақырындап барып жетсе болар мұратқа.
312. Ала алмаған атынан көрер,
Қайтып келіп қатыннан көрер.
313. Ала қарғада алажағың болсын.
314. Алакөздік шел басқан көз секілді.
315. Алақанның аясымен күннің бетін жауып болмайды.
316. «Аламыз» деген алған,
«Береміз» деген жалған.
317. Алаңсыз адам асықпайды,
Асықпаған аман жүреді.
318. Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама.
319. Алған бір жазықты,
Алдырған мың жазықты.
320. Алған қатын ақылды, ізгі болса,
Ол еріне жан болар.
Ақымақ, жауыз болса,
Құр жұмысқа жар болар.
321. Алғаны жақсы жолықса,
Жігіт тағы жасарар.
322. Алғаның жаман болса да сатылмасын.
323. Алғаш теріп жегенде (бұрын жеп көрмеген адамға)
Жүзім де қышқыл көрінеді.
324. Алдау — зұлымдық,
Алдану — ақымақтық.

325. Алды қозғалған керуеннің арты кідірмейді.
326. Алдында тұрса, жуас қойдай сені «дос» деп біледі,
Артында тұрса, қас бөрідей терінді тіледі.
327. Алдыға келсе, атаңның құнын кеш,
Ұсынған мойынды кісі кеспес.
328. Алдыға келсе, атаңның құнын кеш.
329. Алдыңғы арба қайдан жүрсе,
Соңғы арба соңынан жүрер.
330. Алдыңғы тегершін қайда жүрсе,
Артқы тегершін сонда жүрер.
331. Алдырған анасының қойнын ашады.
332. Алла деген ар болмас,
«Алла» деген бенделер
Ешнәрсеге зар болмас.
333. «Алла» деп барсаң, аман келерсің.
334. Алла салған отты
Ақымақ өшіре алмас.
335. Аллаға жағамын десең,
Азаның болсын.
Пендеге жағамын десең,
Қазаның болсын.
336. Алланың алдында арамтамақтың
қолы дірілдейді.
337. Алланың берейін деген құлына
Онан-мұнан құралар.
Бермейін деген құлының
Жалғыз атын ұры алар.

338. Алма ағашынан алыс түспес.
339. Алмақтың салмағы бар,
Берудің сұрауы бар.
340. Алпыс батпан көтерген кісі
Бес батпан қосқаннан қорықпайды.
341. Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол,
Күнің бір күн болса да, жорға мініп өт.
342. Алпыстан асқан атаңнан ақыл сұрама.
343. Алтау ала болса, ауыздағы кетер,
Төртеу түгел болса, төбедегі келер.
344. Алтау ала болса, алдындағыны алдырар,
Төртеу түгел болса, төбедегіні түсірер.
345. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі тиеді.
346. Алты ай от болып,
Айырылар күні боқ болма.
347. Алты қатын азаға келсе,
Әрқайсысы өз мұңын айтып жылайды.
348. Алты ұл тапқан әйелді
«ханым» десең болмас па,
Ата деген жігітті «жаным» десең болмас па.
349. Алты ұл тапқан әйелді
«Ханым» десең болмас па,
Аға деген жігітті
«Жаным» десең болмас па!
350. Алтын — жай тас, босқа жатқан жердегі,
Қазып алса — бек тәжінің өрнегі.

351. Алтын алма, алғыс ал,
Алғыс алтын емес пе!
352. Алтын алма, дұға ал,
Дұға алтын емес пе!
353. Алтын алма, бата ал,
Бата алтын емес пе!
354. Алтын басты әйелден
Бақыр басты еркек артық.
355. Алтын басты қатыннан
Бақыр басты ер артық.
356. Алтын сырға құлақты ауыртады,
Алтындаған етік аяқты ауыртады.
357. Алтын шірімес, жанжал бітпес, жаннан иіс шықпас.
358. Алтын шірімес, дау арымас.
359. Алтын шірімес, дау қалмас, жан сасымас.
360. Алтын-күміс жиған — бай емес,
сөз білген адам — бай.
361. Алтын-күміс жиғандар үй салады.
362. Алтын-күміс тас болар.
363. Алтын-күміс әманда таспен бірге жүреді.
364. Алтынның қолда барда қадірі жоқ.
365. Алтынның құны түспейді,
Тастың бағасы артпайды.
366. Алтынның өлтірген адамы аз емес.

367. Алтынның шыққан жерін белден қаз.
368. Алтының көп те болса, ішке сақта.
369. Алуа же, тары же,
Тояды қарын бәріне.
370. Алуа қанша тәтті болса,
Запыраны сонша ащы болады.
371. Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай жүгіреді.
372. Алуан-алуан жүйрік болар,
Әліне қарай жүгірер.
373. Алушы — арыстан,
Төлеуші — тышқан.
374. Алушыны аңдушы жеңер.
375. Алынар ақша кешіксе,
Алатын адамның берекесі кетеді.
376. Алып анадан туады,
Ат биеден туады.
377. Алып ел дүрліккенде көрінеді,
Данышпан жай тірлік күнде көрінеді.
378. Алып жауда көрінер,
Байсалды дауда көрінер.
379. Алып түссе, құп болады,
Алмай түссе, мерт болады.
380. Алыптармен алыспа,
Бектерменен айтыспа.

381. Алыс болса да жол жақсы,
Соқыр болса да қыз жақсы.
382. «Алыс» деме, жүріп кетсең, жетер ерсің,
«Ауыр» деме, иыққа алсаң, көтерерсің.
383. Алыс жолдың іздерін түйе білер.
384. Алыс пенен жуықты білген, жүрген білер.
385. Алыс-беріс адал істе епшіл бол,
Жол ашылар, әр кезде де көпшіл бол.
386. Алыс-беріс қолынан,
Шығарып қояр жолынан.
387. Алысқа барса, олжамен оралар.
388. Алыссаң, атаңды жық,
Аясаң, қоя бер.
389. Алыстағы әулиеден
Жуықтағы машайық артық.
390. Алыстағы дұшпаннан
Аңдып жүрген дос жаман.
391. Алыстағы дұшпаннан
Аңдып тұрған орыс жаман.
392. Алыстан арбалағанша,
Жақыннан дорбала.
393. Алыстан қара көрінсе,
Қаша берсең, амансың.
Жекеп-некеп қоймаса,
Қайрылмаса, жамансың.
394. Амалы таусылған дұшпан
Шын достыққа көшеді.

395. Аман адам амалымен пәрменді,
Өткереді талай мақсат, арманды.
396. Аман болса бұл басым,
Тағы шығар бұл шашым.
397. Аман жүрген кезде асығыс жоқ.
398. Ана сүтіменен көрмесе,
Тана сүтіменен көрмес.
399. Анамда болғанша,
Алғанымда болсын.
400. Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
401. Ананың хақы — Құдайдың хақы.
402. Анасы пысық — жұқпаны жұқа жасар,
Баласы мешкей — қат-қаттап қосып асар.
403. Анасын көріп қызын ал,
Қарасын көріп бөзін ал.
404. Андыз болса, ат өлмес.
405. Ант ішкеннің мыңы өледі,
У ішкеннің бірі өледі.
406. Ант-уәде жоқ кәпірден.
407. Аңғарғыш аңшы ауды алыстан бастайды.
408. Аңғармай сөйлеген,
Ауырмай өледі.
409. Аңғырт ойын бұзар,
Тентек жиын бұзар.

410. Аңдамаған у ішеді.
411. Аңдамай сөйлеген аурусыз өледі.
412. Аңдамай сөйлеген —
Аурусыз өлген.
413. Аңдысқан ауыл болмас.
414. Аңдысқан ауыл болмас,
Есептескен дос болмас.
415. Аңдысқан ауыл болмас,
Ит балалап сауын болмас.
416. Аңқау қонақ үй иесін сыйлайды.
417. Аңқау түйені көрмес.
418. Аңшы аңына қарап шығады,
Арыстан көргенін жығады.
419. Аңшы қанша айла білсе,
Аю сонша жол білер.
420. Аңшының кешіккеніне сүйін.
421. Ара қанша бал берсе де,
Зәрін бір төкпей тұрмайды.
422. Ара, тисең, шағады.
423. Аралас жүр, ішінде бол ізгінің,
Сонда ұстайсың кісіліктің тізгінін.
424. Сырттап жүрсең, сол әбестік болады,
Нұрлы жүзің өкінішпен солады.
425. Арам ас түскен іш жазылмайды.

426. Арам малдың арты — азап.
427. Арам молда аңқау елді алдап жер.
428. Арамдық кірген үйден тыныштық қашады.
429. Арамзаның құйрығы тұтам.
430. Арамзаның тіліне нанба,
Алтын берсе алма.
431. Арба өгізге келмейді,
Өгіз арбаға келмейді.
432. Арбаның алдағы дөңгелегі қайда жүрсе,
Соңғы дөңгелегі сонда жүреді.
433. Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе,
Соңғы дөңгелегі де солай жүрер.
434. Арғымағың жамандап,
Кәні, бұдан тапқаның.
Ағайынды жамандап,
Кәні, туған тапқаның.
435. Арғымақ ат арыса да, жабы болмас.
436. Арғымақ аттың белгісі —
Аз оттар да, көп жусар.
Жақсы адамның белгісі —
Аз сөйлер де, көп тыңдар.
437. Арғымақ аттың белгісі —
Аз ғана оттап, көп жусар.
Асыл ердің белгісі —
Аз сөйлеп, көп тыңдар.
438. Арғымақ аттың құйрығы
Әрі жібек, әрі қыл,

- Қас мырзаның (ер жігіттің) белгісі —
Әрі мырза, әрі құл.
439. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз,
Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.
440. Арғымақ жалсыз,
Ер қалсыз.
441. Арғымаққа оқ түссе,
Мәстектей туламас.
Сыпайыға оқ түссе,
Жамандай шуламас.
442. Арғымақты жамандап,
Қане, тұлпар тапқаның.
Ағайынды жамандап,
Қане, туған тапқаның.
443. Арғымақтың белгісі — аз оттап, көп жусайды.
444. Арғын — адыр, қыпшақ — қыдыр.
445. Арғын аса қонды,
Шөмекей баса қонды.
446. Арзан нәрсе жерде жатар,
Парша, жібек төрде жатар.
447. Арзанның сорпасы татымас.
448. Арқадағы ноғайды
Қой бақтырған Құдай-ды.
449. Арлы арына қараса,
Арсыз «жеңдім» дейді.
450. Арпа берген кісіден есек қашпайды.

451. Арпа егіп, бидай орауға бола ма?
452. Арпа, бидай ас болар.
453. Арпасыз ат қыр аспас,
Жәрдемсіз алып жау жеңбес.
454. Арсыз — адамның қоры.
455. Арсызға алты күн мейрам.
456. Артқан түйеңнен
Сиынған иең күшті болсын.
457. Артқы айыл берік болса,
Атың тулап нетеді.
458. Артқы айылдың кеткенін иесі білмес, ат білер.
Ағайынның азғанын туыс білмес, жат білер.
459. Артық кетсе, түйсік түзер хал-жайды,
Ел бүлінсе, білім түзеп талдайды.
460. Артық ішкен ас — зиян.
461. Арық атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
Жаман кісіге мал бітсе,
Қасына қоңсы қондырмас,
Қондырса да, оңдырмас.
462. Арық атқа қамшы ауыр.
463. Арық малға суық өш,
Даулы кісіге әкім өш.
464. Арық малды асырасаң,
Аузы-мұрның май болар.
Жаман кісіні асырасаң,
Аузы-мұрның қан болар.

465. Арық малды асырасаң, аузы-мұрның май етер,
Жаман кісіні асырасаң, аузы-мұрның қан етер.
466. Арыстан айға шабамын деп,
Артқы аяғын мерт қылыпты.
467. Арыстан асқынса, айға шабар,
Ақымақ асқынса, анасын сабар.
468. Арыстан айға шапса,
Артқы аяғы сынады.
469. Арыстан ақырса, ат аяғы тұсалар.
470. Арыстан жемін бас салса,
Ит үргеннен не пайда.
471. Арыстан қартайса,
Тышқан аулайды.
472. Арыстан тісін «мамықтай жұмсақ» деме.
473. Арыстанға түлкі айласы жараспас.
474. Арыстанда қырық кісінің күші бар,
Бір кісінің жүрегі бар.
475. «Арыстанмын» дегендер
Әдетте кесіртке болады.
476. Ас — адамның арқауы.
477. Ас, астың орны бар.
478. Ас берсең, ауылы алысқа бер, айта кетер.
479. Ас берсең, алысқа бер, айта кетер еліне.
480. Ас қадірін білмесең,
Ашаршылық берсін сазанды.

- Ат қадірін білмесең,
Жаяушылық берсін сазанды.
481. Ас қадірін тоқ білмес,
Ауру қадірін сау білмес.
482. Асаған білмес, тураған білер.
483. Асау өзен өткелсіз болмас.
484. Асқан ашу қорқыныш туғызады.
485. Асқан сұлулықтан
Аз ғана бақыт артық.
486. Асқынған ауруға пышақ ем.
487. Аспанға ай мен күн екеуі де сияды,
Жердегі бір елге екі әкім сыймайды.
488. Аспанға қарай оқ атпа,
Өзіңнің түсер басыңа.
489. Аспаннан Әбілхаят суы жауса да,
Тал ағаш жеміс бермейді.
490. Аспаннан не түспейді,
Жер нені көтермейді.
491. Аспаннан шұға жауса,
Жалқауға түк те тимес.
492. Ассыз әңгіме болмас.
493. Астарлы шапан тондырмас,
Үш өрім жіп үзілмес.
494. Астауына қарай қауғасы.

495. Асты келін — аналы келін.
496. Асты қорлама, құстырар,
Ерді қорлама, тыштырар.
497. Астындағы атын алты ай іздейді.
498. Астындағы атыңа сенбе,
Қойныңдағы қатыныңа сенбе.
499. Асығыс піскен асты жеген ауру болады.
500. Асығыс түбі — өкініш.
501. Асығыс істелген нәрсе алысқа бармайды.
502. Асығыс істен пайда жоқ.
503. Асығыста салмақты бол,
Ашу қысса, ұстамды бол.
504. Асық ойнаған — ақтық,
Доп ойнаған — тоқтық.
505. Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар.
Бәрінен қой баққан озар.
506. Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар.
507. Асыққан — ақылдың ісі емес,
Жүгіргеннің ішегі көгермейді.
508. Асыққан тез ариды,
Жүгіріп жол алмас болар.
Ақырын жүрген күні-түні жүрсе де, талмайды.
509. Асыққан айына жетпес.

510. Асыққан алмас, бұйырған алар.
511. Асыққан аттыдан асықпаған жаяу озады.
512. Асыққан жетпес, бұйырған жетеді.
513. Асыққан жетпес, бұйырған кетпес.
514. Асыққан қалар ұятқа,
Сақтанған жетер мұратқа.
515. Асыққан ойына жетпес.
516. Асыққан үйрек көтінен сүңгиді.
517. Асыққан іс зиянға келер.
518. Асыққан іс кешігер.
519. Асыққан ісін бітірмес,
Ақылды ер атын жетермес.
520. Асыққан тез шаршайды.
521. Асықпа, тойға барарсың,
Өлеңші болсаң, жеңерсің,
Палуан болсаң, жығарсың.
522. Асықпа, қарға, түсерсің қолға.
523. Асықпа, қарға, түсерсің торға.
524. Асықпаған арбамен қоянға жетер.
525. Асықпай, істі байқап ал.
526. Асыл тастан,
Ақыл жастан.

527. Асыл айнымас,
Алтын шірімес.
528. Асыл құс аяғынан ілігер.
529. Асылсаң биікке,
Жығылсаң майданға.
530. Асың барда ер таны беріп жүріп,
Атың барда жер таны желіп жүріп.
531. Асып-тасқан байлықты
Құдай да қостамайды.
532. Ат айналып қазыған табады.
533. Ат айналып қазығын табар.
Ер айналып жазығын табар.
534. Ат алсаң, ауылыңменен ақылдас,
Қатын алсаң, қауымыңменен ақылдас.
535. Ат алсаң бойы менен басын ал,
Халал қатын алсаң, көзі менен қасын ал.
536. Ат арықтаса, тулақ болар,
Ер арықтаса, қонақ болар.
537. Ат арықтаса, тулақ болар.
538. Ат арыса тулақ,
Ер арыса әруақ.
539. Ат арытпай жол бітпейді.
540. Ат аспаннан, нұр пейіштен (ұжмақтан).
541. Ат аунаған жерде түгі қалар.

542. Ат аяған ат мінер,
Тон аяған тон киер.
543. Ат аяған жерге қарар,
Құс аяған аспанға қарар.
544. Ат аяған жерге қарар,
Құс аяған көкке қарар.
545. Ат аяғы ақсауық,
Ақын тілі қақсауық.
546. Ат аяғын тай басар.
547. Ат баспан деген жерін басар,
Ер көрмен деген жерін көрер.
548. Ат баспан деген жерін үш басады.
549. Ат басына күн түссе, ауыздығыменен су ішер,
Ер басына күн түссе, етігіменен су кешер.
550. Ат болар тай саяққа үйір,
Адам болар бала қонаққа үйір.
551. Ат болатын тұлпардың
Мүшесінен белгілі.
Кісі болар кісінің
Кісесінен белгілі.
552. Ат жақсысы — шанада,
Жігіт жақсысы — саудада.
553. Ат жалдыға, кеп малды да.
554. Ат жаманы таймен ойнар,
Қатын жаманы баймен ойнар.
555. Ат жемейтін ащы шөптің біткенінен бітпегені игі,
Адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі,

- Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың
Туғанынан тумағаны игі,
Жалған сөздің болғанынан болмағаны игі.
556. Ат жүрісінен пұл болады,
Жаман жүрісінен құл болады.
557. Ат көрмеген атты шауып-шауып, өлтірер.
558. Ат қадірін білмесең,
Жаяулық берсін сазанды.
Ас қадірін білмесең,
Аштық берсін жазанды.
559. Ат қаз, бауырынан саз.
560. Ат қалдыру туралы ғой әңгіме,
Адам емес, аты өлмейді мәңгіге.
561. Ат қартайса, есекке үйір,
Жігіт қартайса, төсекке үйір.
562. Ат қосақсыз жүгірмейді.
563. Ат мінбеген ат мінсе, шаба-шаба өлтірер,
Тон кимеген тон кесе, қаға-қаға тоздырар.
564. Ат семірсе, иесін тебер.
565. Ат сүрінбей жер танымас.
566. Ат төбелі ай болмас.
567. Ат тойған жеріне,
Ер туған жеріне.
568. Ат шабады, ер шаттанады.
569. Ат, атаның сай болса,
Қашсаң, жаудан кетерсің.

- Кетпен, шотың сай болса,
Қазсаң, суға жетерсің.
570. Ат, өгіз терін бай бермес,
Жарлы болсаң, көз көрмес.
Өлсе жаман мал берер ысқатына,
Жанға өлшеген малдары жанына ермес.
571. Ата даңқымен қыз өтеді,
Мата даңқымен бөз өтеді.
572. Ата көрген жол пішер,
Ана көрген тон пішер.
573. Ата көрген оқ жонады,
Шеше көрген тон пішеді.
574. Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
575. Ата өлсе де, атаны көрген өлмесін.
576. Ата өлсе, бала аман.
577. Ата тұрып сөйлеген баладан без,
Ана тұрып сөйлеген қыздан без.
578. Ата тілін алмаған аман болып көп жүрмес.
579. Ата-анаға алара қараған көз азар көрсетеді.
580. Ата-анадан өсіп ұрпақ таралған,
Жақсы-жаман болса бала солардан.
581. Ата-ананың сөзін жерге тастама,
Байып алсаң, менмендікке бастама.
582. Ата-анаңды сыйласаң, көп жасарсың,
Сыйламасаң, жан қинарсың.

583. Атаға тартып ұл тумас,
Анаға тартып қыз тумас.
584. Атағы шыққан өлмейді,
Есте қалмаған өледі.
585. Атадан алтау тусаң да,
Басыңа бір жалғыздық.
586. Атадан бала ширек төмен туады.
587. Атадан жақсы туған ұл
Атаның есіктегі басын төрге апарар.
Атадан жаман туған ұл
Атаның төрдегі басын есікке апарар.
588. Атадан жақсы ұл туса,
Әкенің есіктегі басын төрге сүйрер.
Жаман ұл туса,
Әкенің төрдегі басын есікке сүйрер.
589. Атадан жақсы ұл туса, қар үстінде от жанар,
Атадан жаман ұл туса, ат үстінен ит қабар.
590. Атадан жалғыз болсаң да,
Рудан жалғыз болма.
591. Атадан туған алтау едік,
Өле-өле жетеу болдық.
592. Атадан ұл туса еді,
Ата жолын қуса еді.
593. Атадан ұл туса игі,
Атаның жолын қуса игі.
Беліне садақ буса игі,
Бетіне келер ұяттан
Өзі біліп жуса игі.

- Өзі біліп жумаса,
Бәрінің де жоғы игі.
594. Аталастың аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
595. Аталмаған жая таңдар.
596. Аталы баланың аузы ойнайды,
Атасыз баланың көзі ойнайды.
597. Аталы баланың өзі тойған,
Жетім баланың көзі ғана тойған.
598. Аталы сөзді арсыз қайырар.
599. Аталы ұл — қожалы құл.
600. Атан жүгі ас болса да,
Ашқа аз көрінер.
601. Атан түйе ойнаса, жұт болады.
602. Атаным сай, атым сай,
Қашсам, жаудан кетермін.
Кетпенім сай, шотым сай,
Қазсам, суға жетермін.
603. Атаның ақ батасы балалардың
ойларын біркітеді,
Шешенің қарғысы балалардың зейінін жоқ етеді.
604. Атаның аты мен орны балаға қалады.
605. Атаның баласының ат төбеліндей
ой белгісі болсын.
606. Атаның көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

607. Атаның малын жау шапса, бірге шап.
608. Атаның орнын ұл басар.
609. Атаның тоны балаға жараса,
Ол атасын іздемейді.
610. Атаң алты мың қой айдаса да,
Өзінде біреу жоқ болса, жарлысың.
611. Атаң өлсе өлсін,
Атаңды көрген өлмесін.
612. Атаңа не келтірсең,
Алдыңа сол келер.
613. Атаңда жоқ арғымақ,
Анаңда жоқ арғымақ
Саған не керек?!
614. Атасы ащы алма жесе, ұлының тісін қамар,
Атасы мен анасы ащы алма жесе,
Ұлы мен қызының тісін қамар.
615. Атасы басқа аттан түс,
Аталасым, атқа мін.
616. Атасы басқамен аң аулама,
Аларда жанына байланар.
617. Атасы басқамен жолдас болма,
Атарда жанына байланар.
618. Атасы басқаменен қоян аулама,
Атарда жанына байланар.
619. Атасы бұлан атпағанның
Баласы құлан атпайды.

620. Атасыз ұлдың аузы зор.
621. Атасыздан би қойсаң,
Дәметпестен дәметер.
622. Атасыздың аты шықса,
Асу сайын із салар.
623. Атасын құрметтеп тұрған баланың
Тілеген тілегі қабыл болады.
624. Атасын сыйлағанның баласын сүй,
Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал.
625. Атасын сыйласаң, баласын сүй,
Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал.
626. Атқа бермес құнан бар,
Қызға бермес жуан бар.
627. Атлас — қымбат, бөз — арзан,
Көп сөйлеген сөз — арзан.
628. Атлас кесең, бөзіңді ұмытпа.
629. Атты кісі жаяудың ақын жемейді,
Ақын жесе, оны жұрт «мақұл» демейді.
630. Атты қамшыменен айдама,
Жемменен айда.
631. Атты қамшыменен айдасаң,
Жаяу қаларсың.
632. Аттыға еремін деп,
Тайлының қаңы жыртылыпты.
633. Адам мен адамның арасы
Жер мен көктей.

634. Аттың басын ноқталап байла.
635. Аты қалған ер өлмейді,
Адам мәңгі атағымен селбесер,
Аты қалса, бұ жалғанда өлмес ер.
636. Аты шыққан төбеге бөрі басты болса, тәуіп ет.
637. Атылған оқ қайтып оралмайды.
638. Атым шықсын десең, асыңды аяма.
639. Атым шықсын десең, жомарт бол.
640. Атымды шығарам десең, асыңды сайла.
641. Атымтай кеткенімен, халықта аты қалды.
642. Атың арық болса, бір шап,
Отының аз болса, бір жақ.
643. Атың барда жер таны,
Асың барда ер таны.
644. Атың жақсы болса, жолдың пырағы,
Балаң жақсы болса, көңіліңнің шырағы.
Атың жаман болса, арманың кетеді,
Балаң жаман болса, дарманың кетеді.
Қатының жаман болса, үйіңнен мейманың кетеді,
Үйге мейман келгенде бұға-бұға кетерсің.
645. Атың жаман болса,
Арманың кетер.
Балаң жаман болса,
Пәрменің кетер.
Жылай-жылай өмірің өтер.
646. Атың жаман болса, сатып құтыларсың,
Қатының жаман болса, қайтіп құтыларсың.

647. Атың өтімді болса,
Өмірің татымды болады.
648. Атып әкелген аң сыйлыққа жатпайды.
649. Аузы жаман елді былғар,
Аяғы жаман көлді былғар.
650. Аузы күйген үріп ішер.
651. Аузы қисық болса да,
Бай баласы сөйлесін.
652. Аулың алыс болса, бармаспысың?
653. Ауру — өлім хабаршысы, белесі.
Өлім деген — тіршіліктің елесі.
654. Ауру — өлімнің алғашқы елшісі.
655. Ауру — өлімнің түрткісі.
656. Ауру адам не болса соны айтады.
657. Ауру адам әдетте ынжық болады.
658. Ауру адамның айтқан өсиеті
Жақсылық жайында болады.
659. Ауру астан, дау қарындастан.
660. Ауру жазылып қалады, әдет қалмайды.
661. Ауру кетсе де, әдет кетпейді.
662. Ауру кісі күлкі сүймес.
663. Ауру қалса да, әдет қалмайды.

664. Ауру қанша қатты болса да,
Өлімнің кепілі емес.
665. Ауру мен жолаушы қамын
Жол қиындығын көрген біледі.
666. Ауру өлмес, ажалды өлер.
667. Ауруға ең қиыны — түн.
668. Ауруда шаншу жаман,
Сөзде қаңқу жаман.
669. Аурудан әдет жаман.
670. Аурудың жаманы да тамақтан өтеді,
Амалы да тамақтан өтеді.
671. Аурудың өсиеті — ізгі.
672. Ауруын емдетпеген тез өледі.
673. Ауруын жасырған өледі.
674. Аушы кеткенде,
Қарға тордағы жемге қарайды.
675. Ауыз асағанда, көз ұялады.
676. Ауыз бен тілдің көркі — сөз.
677. Ауыз жесе, көз ұялар.
678. Ауыз көркі — тіл,
Тілдің көркі — сөз.
679. Ауызы жаман елді былғар,
Аяғы жаман көлді былғар.

680. Ауызы күйген үріп ішер.
681. Ауызыңмен сөйлеген сөзді
Құлағың да есітпейді.
682. Ауыл болсаң, қауым бол,
Көрші болсаң, тату бол.
683. Ауыл бүлінсе, аулақ жүр.
684. Ауыл иті ала болса да,
Бөрі көргенде бірігеді.
685. Ауыл иті бөріні көрсе, жарасар.
686. Ауыл итінің құйрығы жоғары.
687. Ауылды келіншек бұзар,
Елді келімсек бұзар.
688. Ауылдың қонағы айда-жылда бір қонар.
689. Ауылыңда қарияң (қартың) болса,
жазып қойған хаттайын,
Алған жарың жақсы болса, ерттеп қойған аттайын.
690. Ауылыңда қартың болса,
жазып қойған хаттай болар,
Есік алдында төбең болса,
ерттеп қойған аттай болар.
Ескі мақұл дауласса,
сөздері асқар ала таудай болар.
691. Ауылыңда қартың болса, хатың сол,
Жаманың болса, жатың сол.
Жақсылық болса, жақының сол.
692. Ауырған жерін ауру біледі.

693. Ауырғанның бәрі өле берсе,
Аспан асты бос қалар.
694. Ауырғаның кеше, ас ішкенің бүгін.
695. Ауырып тұрдым, аунап тұрдым.
696. Аш асығыс,
Тоқ тыныш.
697. Аш не жемес,
Тоқ не демес.
698. Аш адам — әлек,
Онымен тоқтың ісі жоқ.
699. Аш адамның тоқпен ісі жоқ,
Тоқ адамның ашпен ісі жоқ.
700. Аш бала тоқ баламен ойнамайды,
Тоқ бала ешнәрсені ойламайды.
701. Аш болып тірі жүргенше,
Тоқ болып өлген артық.
702. Аш ит ет тапса, асай береді:
Иесінің түйесі ме, дажалдың есегі ме, оған бәрібір.
703. Аш иттің көтін сұқ ит жалайды.
704. Аш кісі май таңдамас,
Кәрі қыз бай таңдамас.
705. Аш кісі май таңдамас.
706. Аш кісі ұрысқақ,
Арық кісі тырысқақ.
707. Аш кісінің ашуы жаман.

708. Аш қадірін тоқ білмес,
Ауру қадірін сау білмес.
709. Аш қарнымнан тыныш құлақ.
710. Аш тамағым, тыныш құлағым.
711. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес,
Қара қайыста соққан түйенің табы кетпес.
712. Ашкөзге дүниенің асы жетпес.
713. Ашқа ас пысыртпа,
Тоңғанға от жақтырма.
714. Ашқан қарын тоймастай,
Тойған қарын ашпастай.
715. Ашта жеген құйқаңды тоқта ұмытпа.
716. Ашу — дұшман, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос.
717. Ашу — дұшпан, ақыл — дос.
718. Ашу алда, ақыл артта.
719. Ашу жұты — тау жұты.
720. Ашу — кәпір, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос.
721. Ашу қысқан жаман іске ұрынар,
Ызалыға білім үйрет, ұғынар.
722. Ашу қысса, ақылың ғайып болады.
723. Ашу қысса, аузыңды жап.

724. Ашу, қаһар асығыс іс қылдырар,
Онда өмірің зая кетер, құлдырар.
725. Ашулы бектен аулақ жүр.
726. Ашулыда ақыл болмас,
Ақыл көп болса, ашу нетер.
727. Ашушаң жақсы болмас,
Жақсы ашушаң болмас.
728. Ашу-ыза — ақымақтың белгісі.
729. Ашуың келсе, қолың тарт.
730. Ашығып жесең, нан да шекердей көрінеді.
731. Ашыққан естен қалмас.
732. Ашыққан ұры болады,
Ашынған тілді болады.
733. Ашыққанға қазан астырма,
Тоңғанға отын жақтырма.
734. Ашыққан қарын тоймастай,
Тойған қарын ашпастай.
735. Ашылғанның айыбы жоқ,
Өзі біліп жапқан соң.
736. Ащы болсаң, тұздай бол,
Тәтті болсаң, балдай бол.
737. Ащы мен тұщыны татқан білер.
Алыс пен жуықты жортқан білер.
738. Аю баласын «аппағым» дер,
Кірпікшешен баласын «жұмсағым» дер.

739. Аюдан қорыққан тоғайға бармас.
740. Аюдан қорықсаң,
Тоғайға отынға барма.
741. Аяғы сынған кісіге не серуен керек.
742. Аяғы үлкен сыйғанын киер,
Аяғы кіші сүйгенін киер.
743. Аяғын көріп асын ас (әзірле),
Анасын көріп қызын ал.
744. Аяғын көріп асын іш,
Анасын көріп қызын ал.
745. Аяғын көріп, қызын ал.
746. Аяғының астында алты ай іздейді.
747. Аяғыңдағы етігің кең болғаннан не пайда,
Ақыреттегі көрің тар болса.
748. Аяз болады, бұлт болады,
Өткен күндер ұмыт болады.
749. Аяққа тартсаң, басқа жоқ,
Басқа тартсаң, аяққа жоқ.
750. Аяқтың астында жатсаң,
Басың аман қалады.
751. Аяқтың жаза басқаны үшін бастан сұрайды,
Баланың қатесі үшін әкеден сұрайды,
Жай халықтың қатесі үшін ханнан сұрайды.
752. Аяулы ғой кісіде тек кісілік,
Инабаты, қасиеті кішілік.

Ә

753. Әбиір сақта, әбиірсіз болма.
754. Әдемі киім өзіңе, тәтті асыңды елге бер,
Қонақ күтіп сыйласаң, атың шығып ел кезер.
755. Әдемі сөйлегеннің ісі әйбат.
756. Әдеп басы — тіл.
757. Әдепсіз үйге кіріп болмас,
Әкімсіз жұртта тұрып болмас.
758. Әдепті әдепсізден үйрен.
759. Әдепті сөйле де, тыныш отыр.
760. Әдептік ерге керек,
Екінші қызға керек.
761. Әдептің басы — байқап сөйлеу.
762. Әдепшілік белгісі —
Иіліп сәлем бергені.
Жақындықтың белгісі —
Кешіктірмей келгені.
763. Әділ бектің заңы жоғары.
764. Әділ билер болса құп,
Залым билерде иман жоқ.
765. Әділ жол мақсатқа жеткізеді.
766. Әділ заң — аспан тірегі.
767. Әділ өмірді адал адам ғана сүре алады.

768. Әділ патшаның әскері халықтан құралады.
769. Әділ сөз ащы болады.
770. Әділ сөз ірі көрінеді.
771. Әділ туған заң жақсы.
772. Әділдік әкімдіктен де күшті.
773. Әділдік әкімге де, әлсізге де, әркімге де бірдей.
774. Әділдік жолын өзің аш.
775. Әділдік келгенше,
Қайыр кете тұрады.
776. Әділдік мақсатқа жеткізеді.
777. Өзіл айтсаң, әділ айт.
778. Өзіл апат келтірер.
779. Өзілдеске түс айтпа.
780. Өзілқойдың сөзі зая болар.
781. Өзілің жарасса, атаңмен ойна.
782. Өзірейіл барда, жаным бар деме,
Ғауада бұлт барда, малым бар деме.
783. Әйел де ай сәулесі сияқты,
Есікті жапсаң, түндіктен түседі.
784. Әйелге күш көрсету — ерлік емес,
Күшіңді өзіңе жұмса.
785. Әйелде де сүйек бар.

786. Әйелдің ақылы қысқа, шашы ұзын.
787. Әйелдің дауысы қатты шыққан үйдің
босағасынан жақсылық күтпе.
788. Әйелдің жалғыз жетістігі бар:
Ол — дақ түспеген ары.
789. Әйелі жаман еркектің жаман аты шығады.
790. Әке мейірімінен ұстаз жәбірі жақсы.
791. Әке ұрған ұл оңар,
Шеше ұрған қыз оңбас.
792. Әкеге қарап ұл туар.
793. Әкелі жетім — арсыз жетім,
Шешелі жетім — ерке жетім.
794. Әкенді қартайса да, қадірлеп тұр,
Өміріңше оны тіпті ренжітпе.
795. Әкеңе игілік етсең,
Балаңнан соны күт, қартым.
796. Әке-шешесіне жаман сөз айтқан
кісіні өлтіруге тиісті.
797. Әкім ақылды, дана болса, төңірекке бас болар.
Ақымақ жауыз болса, төңірекке қас болар.
798. Әкім болған көп тұрмас.
799. Әкім болсаң, қызметші ал,
Ол — сенің аяғың, аяғыңның айыбына көз боп жүр.
800. Әкім көп беріп, аз алатын болсын.

801. Әкім өзгерсе де, әдет өзгермейді.
802. Әкім тура болмаса, жұрт бұзылар,
Саудагер жаман болса, нарық бұзылар.
803. Әкімге қарсы болма, күніңе кемшілік болар,
Молдаға қарсы болма, дініңе кемшілік болар.
804. Әкімдерден ғадалет тайса,
Елдің пейілі тарқайды.
805. Әкімдердің ашуынан сақтан.
806. Әкімменен қарсы болсаң, күнің жаман,
Молдаменен қарсы болсаң, дінің жаман.
807. Әкімнің ақысы болса,
Қараның қақысы бар.
808. Әкімнің достығына сеніп болмайды.
809. Әкімнің көңілінде болғанша,
Көзінде бол.
810. Әкімнің мойны қылшадай, басы таудай.
811. Әкімшіліктен де гөрі әділет қымбат.
812. Әкімі зұлым болса, елі азады.
813. Әкімнің көзі соқыр болса,
Бір көзінді қысып жүр.
814. Әл үстінде жатқан адамның
Аузына мақтамен су тамызады.
815. Әлекпеден қорыққан сиыр жимас,
Ақыреттен қорыққан күнә қылмас.

816. Әлем билеу үшін зерде тірек қой,
Ел билеуге керек ақыл, жүрек, ой.
817. Әлі жетпеген ақыретшіл болады.
818. Әлі жетпеген Аллашыл.
819. Әлі жетпеген Құдайшыл.
820. Әлі келмеген Аллаға тапсырады.
821. Әлім алдында ауызыңды ти.
822. Әлін білмеген әлек,
Құр өкпелеп не керек.
823. Әлін білмеген әлек.
824. Әмірдің алдында сөйлегеннен, тыңдаған жақсы.
825. Әншейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.
826. Әңгіме бұзау емізер,
Бұзау таяқ жегізер.
827. Әр адам білігімен белгілі болады.
828. Әр айып сайын бас кесілсе,
Дүниеде тірі жан қалмас.
829. Әр елдің өз әкімі бар (мұны арабтар айтады),
Әр үйдің өз ханы бар (мұны түріктер айтады).
830. Әр жіліктің өз майы бар.
831. Әркім сыйлағанның құлы.
832. Әр қамалдың аяғы харап болар.

833. Әр қасіреттің соңында қуаныш бар.
834. Әр нәрсенің шегі бар.
835. Әр сөзіңнің білім болсын сағасы,
Білімменен үлкейер ел ағасы.
836. Әр тастың бөлек-бөлек белгісі бар.
837. Әр істе сақтық керек.
838. Әр істі өз мезгілінде істеу керек,
Мезгілімен істелмеген іс құнтсыз.
839. Әр істің басталуы ғана қиын.
840. Әрбір адам ақылды бола бермейді,
Жат пен жақын бірдей бола бермейді.
841. Әрбіреуге құдық қазсаң,
Түсерсің өзің.
842. Әркім жолдас болады амандықта,
Бір күн тастап қашады жамандықта.
843. Әркім өзі күтеді өз басын,
Жаман кемітеді жолдасын.
844. Әркім шыққан тау биік болсын дер.
845. Әркімнің ойлап жүрген бір тілегі бар.
846. Әркімнің өз ақылы кемел көрінеді.
847. Әруақ тепкен ары түсер,
Атан тепкен бері түсер.
848. Әскер — бектің қанаты,
Құс қанатсыз ұша алмайды.

849. Әсіре қызыл тез оңар.
850. Әуелгі байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық.
851. Әуелгі байлық — денсаулық.
852. Әуелгі байлық — иман байлық,
Екінші байлық — денсаулық.
Үшінші байлық — ақ жаулық,
Төртінші байлық — он саулық.
853. Әуелі көріс, сонан соң біліс.
854. Әуелі жапа көрмей, опа болмас.
855. Әуелі көздеп ал, сосын ат.
856. Әулиенің кереметі тартар,
Байдың несібесі тартар.
857. Әшейінде ауыз жаппас,
Той дегеде бірін таппас.

Б

858. Бағбан еңбектің қиыншылығын көрмесе,
Жұрт жемістің дәмін татпас еді.
859. Бағбан жүзімнің дәмін білмейді.
860. Бағы ашылған адам бәріне де ұнайды.
861. Бағынбаған патшаның басы кетеді.
862. Базарға барып бағың сына.
863. Базарда мың кісі бар,
Әр кісі сүйгеніне сәлем берер.

864. Базарда пұлы бардың көңілі тоқ,
Қатындардың, қарасаң, опасы жоқ.
865. Базардың иті ауылдың итін қаламайды.
866. Бай аз, кедей көп.
867. Бай әйел алған өмір бойы құл болып өтеді.
868. Бай баласы мақтанса,
«Жылқыдан жорға міндім» дейді.
Би баласы мақтанса,
«Парадан шапан кидім» дейді.
869. Бай барын бермес,
Жоқ қарап тұрмас.
870. Бай болған кісі мырза бола бермес.
871. Бай болған кісі бақырып бола ма.
872. Бай болсаң, балпаң бол,
Жарлы болсаң, қалтаң бол.
873. Бай болсаң, паршаменен бетіңді сұрт,
Жарлы болсаң, жаныңменен етіңді сұрт.
874. Бай бір борандық,
Батыр бір оқтық.
875. Бай бір жұттық,
Батыр бір оқтық.
876. Бай кісі балпаң келер,
Жарлы кісі жалтаң келер.
877. Бай кісіде ақша көп болғанмен,
Ізгі ниет жоқ болады.

878. Бай қайырлы болмаса,
Бар малынан айрылар.
Мал бетіне қараған
Жарынан айрылар.
879. Бай қараса, бақ қарайды.
880. Бай қасына көшіп бар да,
Байымасаң, маған кел.
Қу қасына көшіп бар да,
Қурамасаң, маған кел.
881. Бай мақтанса, табылар,
Әрнәрсенің, қоры бар.
Жоқ мақтанса, шабылар,
Маңдайының соры бар.
882. Бай мақтанса табылар,
Жоқ мақтанса шабылар.
883. Бай мақтанса, бір жұттық.
884. Бай мақтанса, май табылар,
Жоқ мақтанса, не табылар.
885. Бай мен бай құда болса, жорға жүрер,
Жарлы мен жарлы құда болса, дорба жүрер,
Бай мен кедей құда болса, зорға жүрер.
886. Бай менен жарлының арасы ауа менен жердей.
887. Бай мінеді бір ат,
Жарлы мінеді бір ат.
Жазғытұры болғанда,
Бай мінеді құр ат.
888. Бай байға құяр,
Сай сайға құяр.

889. Байдан жұғар, балдан тамар.
890. Байдан сыралғы, батырдан сауға.
891. Байды Құдай қарғайын десе,
Жортуыл бастар.
Биені қарғайын десе,
Құлын тастар.
892. Байды мал басар,
Жарлыны бала басар.
893. Байдың асын байғұс қызғанар.
894. Байдың қатыны өлсе, төсек жаңғырар,
Жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар.
895. Байдың қойы желігіп қасқырға
соқтықса да, аман қалады.
896. Байдың малы қадірлі,
Жарлының жаны қадірлі.
897. Байдың малы теңіз,
Ептеп жемеген доңыз.
898. Байдың мың қойының ішінде
Жарлының жалғыз қара тоқтысын көреді.
899. Байдың ісі пәрменменен,
Жарлының ісі дәрменменен.
900. Байқасаң, бақыт бір жерде тұрмайды.
901. Байғұстың асын «биссмилла» тауысар.
902. Байғұстың аузы асқа тисе,
Мұрны қанайды.

903. Байлар ашты тоқ санар,
Аш жаманын жоқ санар.
904. Байлардың сыйлығынан
Кедейдің сабыр еткені артық.
905. Байларменен алысып болмас,
Терекпенен күресіп болмас.
906. Байлығы тайған бек
Жұртсыз күн көре алмайды.
907. Байлық — басқа машақат,
Ашкөздік — жаман әдет, серті қатты,
Өкініш артында оның қайғы жатты.
Бай болу, кедей болу — тағдыр ісі,
Мал іздеу — ерге әшейін машақат-ты.
908. Байлық — нағыз дұшпан.
909. Байлық мұрат емес,
Жоқтық ұят емес.
910. Байлық не дегізбейді,
Аштық не жегізбейді.
911. Байлық үшін отқа түспе, таспағын,
Құмарлықтың мойнын жұлып тастағын.
912. Байлық іздеп, мақтан тілеп жортқан да,
Жарасады кісілігі артқанға.
913. Байлыққа жомарттық жарасады.
914. Байлықтың не керегі, қайыры болмаса,
Биліктің не керегі, әділдігі болмаса.
915. Баймен айтыспа, палуанмен күреспе.

916. Байменен алысып болмас,
Терекпенен күресіп болмас.
917. Байтал — жүйрік, парқы жоқ,
Қатын — шешен, нарқы жоқ.
918. Байтал озып, бәйге алмас.
919. Байтал шауып, бәйге алмас.
920. Байығанда бас имес, ол — адамның әлсізі.
921. Байыдым деме,
Кедейлік сіңіріңе жетер.
Жетістім деме,
Қара жер түбіріңе жетер.
922. Байыпты сөздер бір-біріне ұқсап тұрады.
923. Байысаң да өлетұғын кез жетер,
Сонда саған екі-ақ құлаш бөз жетер.
924. Бақ келсе, бәрі келеді.
925. Бақ пен дәулет көшпелі.
926. Бақ тайса, батырлық пұшайман жейді.
927. Бақ тілінді, ойлағаның саз болар,
Көп сөйлеген сөздің мәні аз болар.
928. Бақ-дәулетке мақтанба.
929. Бақа сисе, көлге сеп,
Жақсы қатын малға сеп.
930. Бақ-бақ еткен текені қар жауғанда көрерміз,
Батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз,
Шешенсінген жігітті дау келгенде көрерміз.

931. Баққан ұлдан сәл тайса егер назарың,
Түбі соның тарттым дей бер азарын.
932. Бақсаң, қайғы-қуаныштың арты сол,
Мәз боп өссең, мұң басады, шарты сол.
Семіртеді, шат қып көңіл өсіред,
Аздырады сосын қайғы-қасірет.
933. Бақсыз балықшы телегей-теңізден де
балық ұстай алмайды.
934. Бақтағы гүлдер бір ашылып, бір жабылады.
935. Бақылға бағыштаған оғынды қатты жайға оқта.
936. Бақылдық — айықпас ауру.
937. Бақылдық жүрген жерде
Жомарттық жасап болмайды.
938. Бақылдың даңқы шықпайды.
939. Бақыр, қазан піскені бәрімізге пайдалы.
940. Бақыршының басы болғанша,
Алтыншының аяғы бол.
941. Бақыт көктемгі бұлт сияқты,
Ол көрген түстей, ұшқан құстай өте шығады.
942. Бақыт басқа қонғанда,
Алысып жүрген дұспандар
Алдыңа келіп дос болар.
Бастан бақыт ұшарда,
Жан аяспас достарың
Қарап жүріп қас болар.
943. Бақыт жолы біліммен табылады.

944. Бақыт кетсе қолыңнан,
Әуелі досың менен құдаң кетер,
Бидай еккен жеріңе тікен бітер.
Бақыт, дәулет басыңа қайта қонса,
Әр жерден дұшпандарың жылт-жылт етер.
945. Бақыт қайда болса, тыныштық сонда.
946. Бақыт пен дәулетте көз жоқ.
947. Бақытсыз күн де өтер,
Молшылық та жетер.
948. Бақытта баян жоқ, о да бір ұшқан құс.
949. Бақыттың да басы айналар кез келер,
Мінезі айнып, құлқы сонда өзгерер.
950. Бақыттың жолы біліммен ашылады.
951. Бақыттың шалғайынан басып,
Күшпен ұстап тұруға болмайды.
952. Бақыттың шалғайынан күшпен
ұстап тұра алмайсың.
953. Бақытың артқан шағыңда,
Жапалақ салсаң, қу ілер.
Бақытың тайған шағыңда,
Сұңқар салсаң, аз ілер.
954. Бақытыңды қорғасаң,
Жаман сөзді қолданба.
955. «Бал», «Бал» дегенмен аузы дәмді болмас.
956. Бал қайда болса, ара сонда.
957. Балықтың тірлігі суменен.

958. Бал татқан бармағын жалар.
959. Бала нені білсе жастан, ұядан,
Өле өлгенше соны таныр қиядан.
960. Бала! Баланың қылған ісі шала.
961. Бала, баланың ісі шала.
962. Балаға тиме, бөлесі жұғар.
Қатынға тиме, қарасы жұғар.
963. Балалар ойнап жүріп су төгеді,
Қарттар тайып жамбасын сындырады.
964. Балаларға өнер білім берілсін,
Сұлу мінез әр өнермен өрілсін.
965. Балалық өтті дегенше,
Жігіттік кетті десейші.
966. Балалы үй — базар,
Баласыз үй — мазар.
967. Балалы үй — гүлстан,
Баласыз үй — көрстан.
968. Балалы үйдің сыры жатпайды.
969. Балалы үйдің ұрлығы жатпас.
970. Балам бол, басқа бол — бәріңе заң біреу-ақ.
971. Балам, жыланнан қашқандай,
Жазықтан да қаш.
972. Баланы асырай алмасын деп күңге береді,
Ұялтайын деп қызға береді.

973. Баланы жастан үйрет,
Қатынды бастан үйрет.
974. Баланы жастан, қатынды бастан.
975. Баланы жұмсағаның білінбес,
Тайды мінгенің білінбес.
976. Баланы зордан,
Ананы бордан.
977. Баланы іске бұйыр,
Соңынан бірге жүгір.
978. Баланың қылғаны білінбейді,
Тайдың мінгені білінбейді.
979. Баланың сөзі батпандай,
Қатынның сөзі кетпендей.
980. Баланың ісі іс болмас,
Лақ мүйізі (пышаққа) сап болмас.
981. Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер,
Байқамай көп сөйлеген, жұрт ішінде өлер.
982. Балаңды көр де, жаныңды көр.
983. Балаңды ордаға бер, немесе молдаға бер.
984. Баласы әкесін үйретпес.
985. Баласы жыламай,
Шешесі емшек бермес.
986. Баласы көп болса,
Ұрыс бастайды.
Жылқысы көп болса,
Қоныс бастайды.

987. «Бал-бал» дегенмен ауыз дәмді болмас.
988. Балдан тамар, байдан жұғар.
989. Балық ала алмаған суды былғайды.
990. Балық ала алмаған суды ылайлайды.
991. Балық берсең, байлап бер,
Басын-көзін шайнап бер.
992. Балық жеген тоқ болар,
Дәрмені жоқ болар.
993. Балықтың өзі суда, көзі сыртта.
994. Балықтың тірлігі суменен.
995. Бар — бақыр,
Жоқ — алтын.
996. Бар ағайын асырай алмайды,
Жоқ ағайын көре алмайды.
997. Бар байлықты жинауға тырысқан
адам бақытсыз.
998. Бар бақытты сақта, өсектен жұтатар,
Ол кіріссе, жоқтан отты тұтатар.
999. Бар бәле әйелден (әйел туралы даудан).
1000. Бар бәледен ұят сақтайды,
Барлық жақсы істің байламы да ұятта.
1001. Бар бәлені туғызатын — шарап.
1002. Бар болғанның белгісі — туғандығы.

1003. Бар болса, көре алмас,
Жоқ болса, бере алмас.
1004. Бар болса, сойғанның жөні бар,
Бір қойдан он кісінің құны бар.
1005. Бар болса, баршаменен көтіңді сұрт,
Жоқ болса, жаныңменен көтіңді сұрт.
1006. Бар болсаң, таспа,
Жоқ болсаң, саспа.
1007. Бар болып, жоқтық ісін қылма,
Жоқ болып, бардың ісін қылма.
1008. Бар боп тұрса бұрынғы әдет өрнегі,
Білімдіге тиер орын төрдегі.
1009. Бар елің базар, жоқты қайдан қазар.
1010. Бар қарындас батуда болмасын,
Жоқ қарындас жолда тұрмасын.
1011. Бар мақтанса, табылар,
Жоқ мақтанса, шабылар.
1012. Бар ізгілік тек білімнен алынар,
Білімменен аспанға жол салынар.
1013. Бар ізгілік түйсіктіге саяды,
Ер біліммен өсіп, атын жаяды.
1014. Бардың ісі пәрменменен,
Жоқтың ісі дәрменмен.
1015. Барлық адам бірдей емес.
1016. Барлық адам сендей емес,
Жат пен жуық бірдей емес.

1017. Барлық адамның тағдыры бір жерде түйіседі,
Құл да өледі, қожайын да өледі.
1018. Барлық ауру бір жолмен келеді —
Қомағайлық арқылы.
1019. Барлық аурудың дәрісін тауып бере бермейді.
1020. Барлық әрне дегізер,
Жоқтық арам жегізер.
1021. Барлық қонақ бірдей емес.
1022. Барлық нәрсе тегіне тартады.
1023. Барлық не дегізбейді,
Жоқтық не жегізбейді.
1024. Барлық істе де шаманды біл.
1025. Барлық істі де ынсаппен істе.
1026. Барлық істің басшысы — білім мен ұғым.
1027. Барма ханға,
Өзі келер малға.
Барма биге,
Өзі келер үйге.
1028. Бармаған жерде бақыр бар,
Барса бақыр табылмас,
Азаптанбай жатыңдар.
1029. Бармақтай бақ бер,
Таудай талап бергенше.
1030. Бармақтай бақыт қара суды
теріс айналдырған ақылдан артық.

1031. Барша бекке ас қатер.
1032. Барша өнерді үйрен.
1033. Баршын жамауы баршынға,
Қаршын жамауы қаршынға.
1034. Барымтадан қорыққан мал жимас.
1035. Барына базар,
Жоқты қайдан табар.
1036. Барына қанағат, жоғына сабыр.
1037. Барына разы бол, жоғына сабыр ет.
1038. Барын жемей бай өледі.
1039. Барынша бөсіп мақтанғанша,
Тілді тістеп ұстаған жөн.
1040. Барында батып іш,
Жоғында сатып іш.
1041. Бас аман болса, бөрік табылады.
1042. Бас ауырса, жан қорқар.
1043. Бас бергенге ас бер.
1044. Бас екеу болмай,
Мал екеу болмас.
1045. Бас жарылса, бөрік ішінде,
Қол сынса, жең ішінде.
1046. Бас кетпесін, сөзіңді бақ күзетіп,
Тіс сынбасын, тіліңді бақ түзетіп.

1047. Бас пен дене аман болса, тілек кетпейді,
Ер аман болса, тілегіне жетеді.
1048. Бас сау болса, басқа бөрік табылар.
1049. Бас түйенің жетегін әлдеқалай ұстай қалған тышқан
Бүкіл керуенді бастайды.
1050. Бес бармақтың біреуін тістесең де,
Бәрі бірдей ауырады.
1051. Бас-басыңа би болсаң,
Мына тауға сыймассың.
1052. Басқа бәле қайдан? Тілден.
1053. Басқа келген пәледен
Бастан құлақ садаға.
1054. Басқа пәле қайдан-ды?
Басқа пәле тілден-ді.
1055. Басқа пәле тілден.
1056. Басқа түскен қиындық қатып қалмайды.
1057. Басқа түскенді көз көрер (жан тартар).
1058. Басқаның тісі ащы жеп қамалады,
Қазының тісі тәтті жеп қамалады.
1059. Басқыштың төменінен бір-бірлеп басып
қана жоғары шығуға болады.
1060. Баста ми жоқ болса,
Екі аяққа зор түсер.
1061. Баста ми жоқ болса,
Екі аяққа күш келер.

1062. Басталған істің аяғы да болады.
1063. Бастаушы болса, қостаушы болар.
1064. Бастаушы болса, қостаушы табылар.
1065. Басты балта бұзар,
Істі сайтан бұзар.
1066. Басты берген Құдай ас та береді.
1067. Басты бұзған балта,
Істі бұзған маңқа.
1068. Бастығы бар әскердің астығы бар.
1069. Бастықтарға қарсылық етуші
Құдайдың бұйрығына қарсылық етеді.
1070. Басы аманның малы түгел.
1071. Басы ауырған бақсыға барады,
Даулы кісі жақсыға барады.
1072. Басы ауырмағанның Құдайменен не ісі бар.
1073. Басы бос заттың иесі болмас.
1074. Басы қараның бәрі игі,
Барып келсе, тағы игі.
1075. Басыбайлы болса, соңы сайлы болар.
1076. Басына бәле тілеген адам
Сұлтанның сөзін қайырар.
1077. Басыңа іс түссе, билігің зая,
Үстіңнен жау түссе, ерлігің зая.

1078. Бата алған ұл арымас,
Батасыз ұл жарымас.
1079. Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.
1080. Батыр аңқау келеді,
Балуан өктем келеді.
1081. Батыр болып, бай болсаң,
Патшадан нең кем?
Жарлы болып, бек болсаң,
Келекеден нең кем?
1082. Батыр деген Барақ ит болар,
Екі қатынның бірі табатұғын.
Би деген ақсары ат болар,
Айында біреу табатұғын.
1083. Батыр жауда көрінеді,
Данышпан дауда көрінеді.
1084. Батыр жауда сыналады,
Жуас жайда сыналады.
1085. Батыр кісі әр қатыннан туады,
Әділ кісі бір қатыннан туады.
1086. Батыр мақтанса, бір оқтық,
Бай мақтанса, бір жұрттық.
1087. Батыр ортақ, бай ортақ,
Төресі әділ хан ортақ.
Қараңғы үйдің ішінде
Шалқымай жанған шам ортақ.
1088. Батыр өлімі маржадан.
1089. Батыр түбі бақсы болар.

1090. Батырдан кеңес сұрасаң,
Қылыш, мылтық, байрағын айтар.
Шаруадан кеңес сұрасаң,
Соқасы мен тайлағын айтар.
Қасаптан кеңес сұрасаң,
Пышағы мен қайрағын айтар.
1091. Батырдың сөзі мың теңгелік.
1092. Батырлардың мықтысы қарушы болады,
Жігіттердің сұлуы бауыршы болады.
1093. Батырсынған жігітті жау келгенде көріңіз.
1094. Бауырласың болмаса, жолдас ізде,
Жақсы жолдас — бауырлас.
1095. Башқұрт басында бар бес құрт,
Арқасында бар алты құрт,
Желкесінде бар жеті құрт.
1096. Баянсыз өмір өтті боран, желдей,
Фәнилік басып алды аққан селдей.
1097. Бәйбіше — Құдай бұйрығы,
Тоқал иттің құйрығы.
1098. Бәле әкелер рас сөзден жырақта,
Берекелі жалған сөзге тұрақта.
1099. Бәле келсе, «кетер» деп төзімді бол.
1100. Бәле іздеп келме, ізгілік іздеп кел.
1101. Бәледен машайық қашар.
1102. Бәлеқор жаныңда болса,
Бәледен бас алмассың.

1103. Бәлеқорды байытпа,
Тәкәппарды көтерме.
1104. Бәрі түгел: құт пен бақыт алдаса,
Адам бірақ өзін құртып алмаса.
1105. Бәрің бірдей қойшы болма,
Құл боларсың.
Бәрің бірдей тойшы болма,
Қу боларсың.
1106. Беземе тілді бекер, болар қамшы,
Дәрісі оның у ғой бір-ақ тамшы.
1107. Бейкүнә адамға тіл тигізу —
Сау тамырды қандауырмен осқылаумен бірдей.
1108. Бейнет көрмеген зейнет көрмейді.
1109. Бейнетсіз дәулеттің рахаты жоқ.
1110. Бейнетсіз рахат жоқ.
1111. Бейпіл сөзден түскен пайда көрмедім,
Көп те болса, ешбір түсім термедім.
1112. Бейтаныс кісіден таныс шайтан артық.
1113. Бек алдында иіліп, көкірегін басқан қолдан,
Темір илеген білек мың есе артық.
1114. Бек бергенімен биіктер.
1115. Бек болмаған бек болса,
Бұрыш сайын белгі салады.
1116. Бек болмаған бек болса,
Таяқ кетпес басыңнан.

1117. Бек деген — от,
Жақын жүрме, күйесің.
1118. Бек қайда барса, құлы сонда.
1119. Бек қараса, назарынан қорық.
1120. Бек өсер жай халықтың арқасында,
Тізгінді үзеңгімен тартсаң да!
1121. Бек тәтті өмірді сүйсе,
Елдің күні қараңғы.
1122. Бек тілесе,
Бәрін де тегін алады.
1123. Бекерден Тәңірім безер.
1124. Бекпен алысып болмас,
Терекпен күресіп болмас.
1125. Бектер болса ессіз,
Бұзылады ескі із.
1126. Бектер сөзін айта берме (басқа сын!),
Қайталама жақсы сөзден басқасын.
1127. Бектің асы қанша дәмді болса да,
Жоқ-жітіктің қатқан наны жақсырақ.
1128. Бектің бүгінгі қуанышы ертеңгі табысында.
1129. Белгілі қосшың болмаса,
Белің буып атқа бар!
Тоқалыңыз болмаса,
Бәйбішесімей отқа бар.
1130. Белгісі болса, жолдан жаңылмас,
Білімі болса, сөзден жаңылмас.

1131. Белдіменен тіреспе,
Білегі жуанменен күреспе.
1132. Берген ердің аты шығады,
Аты шыққан мәңгі жасайды.
1133. Берген жомарт емес, алған жомарт.
1134. Берген перде бұзады.
1135. Берген перде бұзар.
1136. Бергенге бес те көп,
Алғанға алты да аз.
1137. Бергеннің бетіне қарама.
1138. Бердім бір ай,
Келдім сұрай.
1139. Берейін деген құлына,
Айдап салар жолына.
Бермейін деген құлына,
Іздесе табылмас пұлына.
1140. Берейін деген құлына,
Онан-мұнан құралар.
Бермейін деген құлының
Жалғыз атын ұры алар.
1141. Берер Тәңір талап қылсаң,
Не табарсың қарап тұрсаң.
Мұратқа тез жетерсің,
Оқығанды сабақ қылсаң.
Күніне бес ойлағанды тамақ қылсаң.
1142. Бермегенге қақсама,
Бергенді тастама.

1143. Бермегенді беріп ұялт.
1144. Бермесе де, бай жақсы,
Жемесе де, май жақсы.
1145. Берместің асы піспес,
Қазаны оттан түспес.
1146. Берместің қолы бермеске берік келер.
1147. Берсе, қолынан,
Бермесе, жолынан.
1148. Берсең, аларсың,
Ексең, оарсың.
1149. Бермегенге қақсама,
Бергенді тастама.
1150. Берсін дейді сұлтан,
Бергізбейді сұбхан.
1151. Бес саусақ бірдей емес.
1152. Бетегеден биік бол,
Жусаннан аласа бол.
1153. Би асылдан асыл болмас,
Би асылмен жолдас болсаң,
Мұратың, сірә да, хасыл болмас.
1154. Би баласы биге ұқсар,
Биік-биік тауға ұқсар.
Хан баласы ханға ұқсар,
Қанатын жайған қазға ұқсар.
Бай баласы байға ұқсар,
Байланбаған тайға ұқсар.
1155. Би болмақ ініден,
Билікке шықпақ баладан.

1156. Би болмасаң, би болма,
Би түсетін үй бол.
1157. Би жоқта құл жүреді жораға,
Ит жоқта шошқа үреді қораға.
1158. Би қылма, би түсетін үй қыл.
1159. Бидай арқасында бидайық су ішеді.
1160. Бидай егіп, арпа ормас болар.
1161. Бидай көрсетіп, арпа сатады.
1162. Биді Құдай ұрмайды,
Алымға сөзін бұрса да.
1163. Бидің айтқан сөзінің бәрі кеңес,
Кісі ақылы кісіге ақыл емес.
Түнде ұры халықтың малын жесе,
Ертең жиын-тойға тіпті кірмес.
1164. Бие бауға, түйе тауға.
1165. Бие мінсең, құлын жоқ,
Саумал ішсең, қымыз жоқ.
1166. Билеуші көркі — саясат.
1167. Билік, байлық, даналық бір өзіңе байланысты.
1168. Битке өкпелеп,
Тоныңды отқа салма.
1169. Битке пышақ суырма.
1170. Биіктеп кетсең, құлау бар,
Қуанып кетсең, жылау бар,
У ішсең, тәтті ұнау бар.

1171. Боғынан бұзылды ғой.
1172. Бозбаланың бастаған елі оңбайды,
Құралай бастаған киік оңбайды.
1173. Бойдақ жігітке елу құлаш бөзден де
ыстан шықпайды.
1174. Бойдақтың ақылы — екі көз.
1175. Бойра тоқыған зергер болмас.
1176. Бойың қисық болса да,
Ақылың түзу болсын.
1177. Бойың қисық болса да,
Ойың түзу болсын.
1178. Боқ жағылған нетеді, жуса кетеді,
Ат таңылған нетеді, сүйегімен кетеді.
1179. Боқ жаман,
Бәрінен де жоқ жаман.
1180. Бол ұстамды, қатты келсе қаһарың,
Сабыр етсең, келер шаттық баһарың.
1181. Болар адам он бесінде бас болар,
Болмас адам қырыққа кірсе де, жас болар.
1182. Болар бала боғынан.
1183. Болар істің біткені жақсы.
1184. Болар-болмасқа иланба.
1185. Боларында болып өт,
Боз жорға аттай желіп өт.
Болмасыңды білген соң,
Болған ердің қосын жек.

1186. Боларыңда болып өт,
Боз жорғадай желіп өт.
Боларыңды білмесең,
Болған ердің қосын жек.
1187. Боларыңда болып өт,
Бозжорғадай желіп өт.
1188. Болат кездік қап түбінде жатпайды,
Ақылы жоқ жаманды егеулеп тұрсаң, батпайды.
1189. Болат пышақ қап түбінде жатпайды.
1190. Болжалсыз таң атпайды,
Ажалсыз жан шықпайды.
Құдайдың бұйрығынан басқа
Құмырысқаның аяғы сынбайды.
1191. Болма босаң, сақта сақтық іргесін,
Төтен бәле иектеп ап жүрмесін.
1192. Болмағанға болыспа.
1193. Болса — оразым,
Болмаса — қоразым.
1194. Болса, данам, көңіл тура, тіл майда,
Ризығың таусылмайды ондайда.
1195. Болымсызға бақ қонса,
Сол күні жоғалтады.
1196. Борай-борай қар жауса,
Бұ боран атты өлтірер.
Аз кісіні көп кісі
Жаман да болса, біреуіне келтірер.
1197. Бос жүрме,
Босқа жүгірме.

1198. Бос жүріп, босқа уақыт жіберме.
1199. Бос жіберме өміріңді, шалып қал,
Кетер күннен керегіңді алып қал.
1200. Бос кеуделер көрсе дәулет шіркінді,
Тістей қатар бос жібермей бір күнді.
1201. Бос сөзбен қараңғы адам семіреді,
Сол әдет қара басты кеміреді.
1202. Бостан-босқа қарғанба,
Саған кісі нанбайтын болар.
1203. Бояушыны «бояушы» дегенде сақалын бояйды.
1204. Бөдененің үйі көп,
Қайда барса, бытпылдық.
1205. Бөрі баласын бөрікеңе салсаң, ит болмас.
1206. Бөрі де жолдасына қас қылмайды.
1207. Бөрі жоқ деме, бөрік астында,
Жау жоқ деме, жар астында.
1208. Бөрі қоңсысын жемейді.
1209. Бөріден бөлтірік қанша асырасаң да,
бір күні қанға бояйды.
1210. Бөрік орнына бас алар,
Ақша орнына жан алар.
1211. Бөрілікті қойып, қойшылыққа баста.
1212. Бөріні шопан қылсаң,
«Қойды мен өлтіріп едім, жеуін түлкі жеді» дер.

1213. Бөрінің қартайса да,
Бір қойлық әлі бар.
1214. Бөрінің табысы бөлісте,
Құзғынның табысы ағаш басында.
1215. Бөрішіктің баласы бөрі алмаса да, түлкі алады.
1216. Бөтен ауылдың аты озғанша,
Өз ауылыңның тайы озсын.
1217. Бөтен елге патша болғанша,
Өз елінде шопан бол.
1218. Бөтен елде би болғанша,
Өз елінде шопан бол.
1219. Бөтен кісінің малы мал болмайды.
1220. Бөтендікі — сенікі емес.
1221. Бура өле ме, бота өле ме?
Кәрі өле ме, жас өле ме?
Айы жеткен айда өлер,
Күні жеткен күнде өлер.
1222. Буып ашу, кім қаһарын жаяды,
Содан бектік қасиет те таяды.
1223. Бұ бақытқа сенбе,
Келер, кетер демде.
1224. Бұ дүние байлығы — шашылған жем.
1225. Бұ дүние көлеңкедей алдайды,
Қусаң, қашар, қашсаң, сенен қалмайды.
1226. Бұ дүниеге еш уақытта да сеніп болмайды.

1227. Бұ дүниенің қайғысы көп.
1228. Бұ заманның ісін есті кісі бітірмейді,
Епті кісі бітіреді.
1229. Бұ қу тамақ талай елге апат боп,
Жер қойнына кірген олар опат боп.
1230. Бұ сараңнан түк дәметпе, көнбейді,
Сортаң жерге еккен бидай өнбейді.
1231. Бұзаудың жүгіргені құлан қораға шейін.
1232. Бұзаудың жүгіргені құлан қораға шейін.
1233. Бұйдаалаған тайлақтай,
Жетелеген мойнақтай.
1234. Бұйрықсыз шыбын шақпас.
1235. Бұйырған ас тіс сындырып кіреді.
1236. Бұйырған асқа тіс тиер,
Жаз тимесе, қыс тиер.
1237. Бұйырған кетпес,
Асыққан жетпес.
1238. Бұқа қарап жүріп тойға жасауыл болды.
1239. Бұқа қарап жүріп тойға жасауыл болды.
1240. «Бұл дүние — ғашықтар дүниесі» деп
айтады біліктілер.
1241. Бұл дүние — момындардың зынданы.
1242. Бұл дүние уақытша әуре, далбаса,
Бір тоймайды айдаһардай жалмаса.

1243. Бұл дүниеге сеніп болмайды.
1244. Бұл дүниені ұстап тұрған — махаббат,
Егер сүю болмаса, адам да болмас еді.
1245. Бұл жалғанда жазығы жоқ жан бар ма?
1246. Бұл жалғанды бұзатын — арсыз адам.
1247. Бұл өмірге келген соң, жақсылық қыл,
Жаман істі жамандарға ғана қалдыр.
1248. Бұл өмірдегі ең соңғы баратын жер — көр.
1249. Бұл өмірді беріпті ғой азапқа,
Қызық қуып, бос өткізіп азайтпа.
1250. Бұл өмірдің балында ара бар, сақтан.
1251. Бұл тіршілік тек қана ішіп-жеу
үшін берілмеген.
1252. Бұланға ерген шөпке аунар,
Доңызға ерген боққа аунар.
1253. Бұлбұлдан опа күтпе,
Әр гүл сайын әртүрлі сайрайды.
1254. Бұлбұлдан өзге құстар
Гүлстан қадірін білмес.
1255. Бұлт — ала, жер — шола.
1256. Бұлт болса, күн жауар,
Ашық болса, жылытар.
Өскен-туған жерлерін
Тентек кісі ұмытар.
1257. Бұлт көтерілсе, бағбан бағын ойлайды.

1258. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады.
1259. Бұлт та бұйрықпен жауады.
1260. Бұлттан шыққан күн ашты,
Жаманнан шыққан сөз ашты.
1261. Бұру шықса, ру шығады.
1262. Бұрын айтылмаған білімді
Жұрт сөзіңнен таниды.
1263. Бұрын қонғаннан қоныс сұра,
Бұрын туғаннан ақыл сұра.
1264. Бұрынғы қонақ соңғы қонақты ұрып жығады.
1265. Бұрынғы ханның билігі жүрмес,
Кейінгі ханның ақылы жүрмес.
1266. Бұрынғылар өтіпті,
Бәрін айтып ниетін
Ынтымаққа жетіпті.
1267. Бұрынғының айтқаны
Бұрыс кетпес, сірә да.
1268. Бұрынғының айтқаны бұрыс кетпес.
1269. Бұрынғының қыздары
Қырмызы қызыл жібектей.
Ендігінің қыздары
Түбі түскен шелектей.
1270. Бұтағы көп ағашқа құс қонады,
Атағы жақсы адамға сөз ереді.
Ағаш басына жел үйір,
Жақсы адамға сөз үйір.

1271. Бұтағы көп ағашқа құс қонады,
Көрікті әйелге сөз ереді.
1272. Бұтаққа қорғалаған торғай да қалады.
1273. Бүгін атар оғың болса,
Ертең жауың оқ ата алмайтындай қыл.
1274. Бүгін бар дүние ертең жоқ,
«Өзімдікі» дегенің өзгеге кетеді.
1275. Бүгін күлерсің, ертең жыларсың,
Бүгін дүниенің үсті, ертең асты.
1276. Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді.
1277. Бүгінгісін ертеңге қалдырған
ешқандай істі бітірмейді.
1278. Бүлікке бастар шындықтан,
Салиқалы өтірік артық.
1279. Бүлінген елден бүлдіргі алма.
1280. Бүркіт қартайса, тышқан аулар.
1281. Бүркіт қартайса, тышқаншы болады.
Құл құтырса, құдыққа қармақ салады.
1282. Бүтін берсең, күтіп аларсың.
1283. Былай тартсам, өгіз өледі,
Бұлай тартсам, арба сынады.
1284. Бытырай қашса, жау оңбас.
1285. Біздің елде ала қарға еді,
Мұнда келіп жылқышы болған.

1286. Білген адам білімді өмір бойы іздейді.
1287. Білген ерден білім толтыр бойыңа,
Ізгі сөзден ес кіреді ойыңа.
1288. Білген ердің сөзін тыңда ізгілік,
Қасиетін үйреніп ап көзге ілік.
1289. Білген кісі тауып айтады,
Білмеген кісі қауып айтады.
1290. Білген кісінің ісі байыпты.
1291. Білгеннің несі кісі,
Білмегенді кешірмесе.
1292. Білгенің қайда,
Білместікті кешірмесең?
1293. Білгіштің қолы барлық іске жетеді.
1294. Білгіші бар жаңылмас,
Жершілі бар адаспас.
1295. Біле бер қанша білсең, тағы тіле,
Жетерсің мақсатыңа біле-біле.
1296. Білегі жуан бірді жығады,
Білімі жуан мыңды жығады.
1297. Білек бір, бармақ басқа.
1298. Білек жұғысады,
Брыс ауысады.
1299. Білемін деген тұтылады,
Білмеймін деген құтылады.
1300. Білерлігің қайда бар,
Білместі кешпесең.

1301. Білмеген (надан) көзі болса да — соқыр,
Тірі жүрсе де — өлік.
1302. Білмеген мың бәледен құтылар.
1303. Білмеген мың пәлеге тұтылар,
Білген мың пәледен құтылар.
1304. Білмеген нәрсеңді сұрап алуды ар көрме,
Адам сұрап білмесе, ештеңе үйренбейді.
1305. Білмеген сөз сыңайын не табады:
Болса да көк аспанда, жер қабады.
1306. Білмеген у ішеді.
1307. Білмегенге алтыннан да пайда жоқ.
1308. Білмегенге үйрет,
Жерге соқаны салып сүйрет.
1309. Білмегендер алтынды бақырдан айыра алмайды.
1310. Білмегенді «білем» деген — күпірлік,
Тілді білген мәнін де ұғар, шүкірлік.
1311. Білмегенді білдір,
Қолыңа алтын жүзік ілдір.
1312. Білмегенді сұрап үйренген — ғалым,
Арланып сұрамаған — өзіне залым.
1313. Білмегенге үйрет,
Жерге соқаны салып сүйрет.
1314. Білмегеннен түбінде бас ауырар.
1315. Білімсізден де бір іс өтер,
Білімдіден де бір іс өтер.

1316. Білсе білім, күнде бақыт кісіге,
Үлкен атақ содан келер кішіге.
1317. Білсең, халықтан озасың,
Білмеген жамандар, мойның неге созасың.
1318. Білік бағасын білікті біледі.
1319. «Білік» деген бір қазық,
Барлығы соған оралар.
1320. Біліксіз адам майы жоқ жілік
сияқты бос қуыс болады.
1321. Біліксіз бас майсыз жілік сияқты
көдек келеді.
1322. Біліксіз биік болса дәулетімен,
Білікті биігірек сәулетімен
1323. Біліксіз биікке шықпас.
1324. Біліксіз досыңнан,
Білекті дұшпан артық.
1325. Біліксіз кісі ауру іспетті,
Ауруды емдемесе, тез өледі.
1326. Біліксіз қайыр әкелмейді.
1327. Біліксіз сөйлесе,
Түсінбей-ақ айта береді.
1328. Біліксізге бәрі де жөн көрінеді.
1329. Біліксізге төр тисе, «төмен» дейді.
1330. Білікті биік тұт,
Ұғымды ұлы тұт.

1331. Білікті адам жұрт тынғанда сөйлейді.
1332. Білікті адам керекті сөзін ғана айтады,
Керек емесін бүгіп қалады.
1333. Білікті адам қайда барса да, төрге шығады.
1334. Білікті адам сөйлемей-ақ білініп тұрады.
1335. Білікті адамның сөзі — таза гүл.
1336. Білікті білім біліп, зерделі ұғар,
Жүзеге осы екеуі алып шығар.
1337. Білікті біліммен білінеді.
1338. Білікті біліп айтар, сөзін ұтар,
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар.
Білімсіз не айтса да, білмей айтар
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар.
1339. Білікті бір де шығар,
Білімсіз мың да шығар.
1340. Білікті кісі — баға жетпес алтын,
Біліксіз кісі — бес тиын бақыр.
1341. Білікті кісі тәнінен ет сыдыртып,
Біліммен жанын семіртер.
1342. Біліктіден шыққан сөз — әдеп үлгісі.
1343. Біліктіні білігі үшін сыйлайды.
1344. Біліктінің сөзі — жанып тұрған жас гүл.
1345. Білім — адам баласының ортақ қазынасы.
1346. Білім — адамның байлығы.

1347. Білім — байлық таусылмайтын, бітпейтін,
Ұры-қары, қу жоқ оны үптейтін.
1348. Білім — ердің дәулеті.
1349. Білім — иесінің дәулеті, білімді қайда барса да,
Алдына алтын тартылады.
1350. Білім — таусылмайтын байлық.
1351. Білім — теңіз, түбі де, шегі де жоқ.
1352. Білім ал, ол өмірдің жолын ашар,
Кісіден білім білген бәле қашар.
1353. Білім болса, бектер биік заңғар-ды,
Жақсы атанып, ашар ізгі заңдарды.
1354. Білім білген пілге мінер,
Білім білмеген көрге түсер.
1355. Білім ел ішінде.
1356. Білім — малы жоққа түгесілмес мал,
Қаржысы жоққа — таусылмас қаржы.
1357. Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді.
1358. Білім өз иесін білдіріп тұрады.
1359. Білім сананы ағартады.
1360. Білім тұрған жерде иман тұрады.
1361. Білімдар жанның ізін кес.
1362. Білімдар нәпсі, тілді түзетеді,
Екеуін еркі жетіп күзетеді.

1363. Білімді адам тілін билей алады.
1364. Білімді бір кісі білімсіз мың кісімен тең.
1365. Білімді кісі керекті сөзді ғана айтады.
1366. Білімді кісі отырса,
Босаға да тар болады.
1367. Білімді қайда да болса іздейсің.
1368. Білімді шарап ішсе,
Білгенінен айрылар.
1369. Білімдіге биік орын.
1370. Білімділер халыққа бас, ес еді,
Білімсіздер қылышпен іс шешеді.
1371. Білімдіні білімі үшін мақтайды,
Бейшараны «қам көңіл» деп жақтайды.
1372. Білімдінің білім — киім, асы да,
Білімсіздің ісі — бәле басына.
1373. Білімдінің сөзін тыңда,
Айтқанын үйрен, іске асыр.
1374. Біліммен атың шығады,
Өзің өлсең де, атың қалады.
1375. Білімнен артық пайдалы не бар?
1376. Білімсіз сөз басыңа кемшілік келтірер.
1377. Білімсізге шын сөз ащы көрінеді.
1378. Білімсізге шын сөз де парықсыз.

1379. Білімсіздер тіліне берік болсын,
Білімдінің тіліне ерік болсын.
1380. Білімсіздік басты қаңғыртады.
1381. Білімі бардың аты өседі,
Білімі жоқтың аты өшеді.
1382. Білінген із біреудің жүргенін білдіреді.
1383. Білініп жатқан із біреудің жүріп
өткенін білдіреді.
1384. Бір адам машақатпен мал жияды,
Біреу оны олжалап, шалжияды.
1385. Бір адамның бір адамнан парқы бар,
Ол айырма білімменен жарқырар.
1386. Бір ақылды кісі айтыпты: «бір ақша жүз елу
батпан қара күштен әлдеқайда пайдалы».
1387. Бір атқа екі жүген кезікпес.
1388. Бір ауыздан сөз шығар,
Бір жағадан бас шығар.
1389. Бір аштықтың бір тоқтығы бар.
1390. Бір байдың жұртына екі тышқан таласады.
1391. Бір бөрінің баласы алты болар, бес болар,
Абзалы оның бір болар.
Абзалынан айрылса,
Әрқайсысы әр далада
Әрбір итке жем болар.
1392. Бір білімдар айтқан екен солайша:
«Дәмі кетер ас-ауқатың молайса».

1393. Бір етікке екі аяқ симас.
1394. Бір жақсы менен бір жақсы мұрат қылады.
1395. Бір жақсынды төреден аяма,
Арқанды іргесіне таяма.
1396. Бір жапырақ нан тапсаң, қанағат ет.
1397. Бір жас жігіт айтыпты:
« Ұзын бойлы ақымақтан,
Қысқа бойлы ақылды артық ».
1398. Бір жас үлкеннен ақыл сұра.
1399. Бір жеп тояр ас үшін
Бар күшінді сарып етпе.
1400. Бір жол бар алыс,
Алыс та болса, жақын.
Бір жол бар жақын,
Жақын да болса, алыс.
1401. Бір жұтқан сусын таза да дәмді көрінеді.
1402. Бір жұтым суды да бөлісіп іш,
Жалғыз отырып жеген жалғыз өледі.
1403. Бір жүз елу тараудан тұратын ақыл оқып берсең де,
Ақымаққа ойыншық көрінеді.
1404. Бір көрген біліс,
Екі көрген таныс.
1405. Бір күн дәм татқанға,
Қырық күн сәлем бер.
1406. Бір күн күлер, сорасы ағып жылаған,
Қасіреттің құрдымына құлаған.

1407. Бір күн қарны ашқаннан
қырық күн ақыл сұрама.
1408. Бір күн қонса — құт,
Екі күн қонса — жұт.
1409. Бір күн тусаң, бір күн өлерсің.
1410. Бір күнде болса серік боп,
Өзімен бірге қайғы жеп,
Тоқал ашар түндікті.
1411. Бір кірпіштен үй салмас.
1412. Бір кісі мың кісіге олжа салады.
1413. Бір қазанға екі бидай қуырылмас.
1414. Бір қарғамен қыс келмес.
1415. Бір қарын майды бір құмалақ шірітер.
Бір жақсы мың қолды ерітер.
1416. Бір қатынның мекері қырық есекке жүк болар.
1417. Бір құмалақ бір қарын майды шірітер,
Бір жаман мың қойды ірітер.
1418. Бір құмалақ бір қарын майды шірітер,
Бір жаман мың қолды ірітер.
1419. Бір осалдық болады екен әр ерде,
Біреп айып болады екен өнерде.
Басын алса соның үшін адамның,
Ешкім тірі қалмас еді о жерде.
1420. Бір сапар ат арытпас,
Жаман жолдасын жарытпас.

1421. Бір сөзі көп сөйлесе, сөз жасады.
1422. Бір сөзі өтіріктің бар сөзі өтірік.
1423. Бір тауды жайлаған бір киік аш болмайды.
1424. Бір тәуекел болады,
Мың қайғыңнан қаласың.
Бір жақсы сөз бітірер
Мың көңілдің жарасын.
1425. Бір тентек бір ақылды таласса,
Атысқан жаудай болар.
Екі тентек дауласса, сап-саудай болар.
Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем түсер.
1426. Бір теңге беріп, айттырып,
Мың теңге беріп, қойдыра алмайды.
1427. Бір теңге беріп жырлатып,
Мың теңге беріп қойдыра алмассың.
1428. Бір теңге бие болмас,
Екі теңге түйе болмас.
Біреу малын қызғанған
Өз малына ие болмас.
1429. Бір тойған аштықты ұмытады.
1430. Бір тойған екі күн тоқ жүреді.
1431. Бір тойынның басы ауырды екен деп,
Барлық тойынның басы ауырмайды.
1432. Бір түлкінің терісін екі рет соймайды.
1433. Бір тілегім орындалса, тағы бар,
Бірі бітсе, тағы бірі табылар.

1434. Бір ұрғашының айласы қырық есек,
Бір қашарға жүк болар.
1435. Бір үй толған жансың,
Бір-біріңе меймансың.
1436. Бір үйде нешеусің,
Бір-біріңе меймансың.
1437. Бір іс қылса, ақысын бер тіленбей:
Ішкіз, жегіз, үлестіріп шүлендей.
1438. Ел ішінде сәл нәрседен пышырап,
Атың жүрер жаман сөзге ұшырап.
1439. Бір істі екі адамға тапсырма.
1440. Бір-бірлеп мың болады,
Тама-тама көл болады.
1441. Бірге туған жаманды — өзім деме,
Жақсыдан жат жаманды — көзім деме.
1442. Бірге туған жаманды өзім деме,
Жат жаманды көзім деме.
1443. Бірге тумақ бар,
Бірге өлмек жоқ (бірге көмбек жоқ).
1444. Бірдің кесапаты мыңға, мыңдікі түменге.
1445. Біреу аяғымен қызмет етсе,
Сен басыңмен қызмет ет.
1446. Біреу бас десе, біреу құлақ дер.
1447. Біреу еңбек сіңіргенде ес көріп,
Жаның болса жүр ұмытпай ескеріп.

1448. Біреу күле қараса, жылы жүзбен таста көз,
Сақта тілді жаманнан, жақсы тілеп баста сөз.
1449. Біреу күлсе, бетіне күл шашпағын,
Жылы жүзбен күле қара, саспағын.
1450. Біреу өлер қылыш сермеп, қол жиып,
Біреу өлер текке жатып қылжиып.
1451. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.
1452. Біреу сөзінді сөйлесе,
Ауызың қышып бара ма?
Жұмысыңды біреу қылса,
Қолың қышып бара ма?
1453. Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.
1454. Біреуге алтын-күміс бер,
Біреуге атақ-біліс бер,
Біреуге тек жұмыс бер.
1455. Біреуге бас қайғы, біреуге мал қайғы.
1456. Біреуге күш көрсетем деп,
Өзіңе тамұқ дайындап алма.
1457. Біреуге ор қазсаң, өзің түсерсің.
1458. Біреуден алсаң аманат,
Берсең, жақсы саламат.
Жанжал қылсаң, бақ кетер,
Ақыры болар жаман ат.
1459. Біреуден күнә іздегенше, өнер ізде,
Баққа кірсең тікен тергенше, гүл жина.
1460. Біреуді қор тұтпа,
Өзіңді-өзің зор тұтарсың.

1461. Біреуді қор тұтсаң, қор боларсың,
Біреуді зор тұтсаң, зор боларсың.
1462. Біреудің баласын бағып бала қыла алмайсың.
1463. Біреудің бұзауына дегенің,
Өзіңнің өгізіңе көрінер.
1464. Біреудің жер көтермес малы бар,
Біреудің ат көтермес дәні бар.
1465. Біреудің қазын жесең,
Үйрегінді жұлып қой.
1466. Біреудің малын бақсаң,
Оның ішінде жүрген өз малың есепке кірмейді.
1467. Біреудің өзі жақсы,
Біреудің көзі жақсы.
1468. Бірлік болмай, тірлік болмас.
1469. Біртіндеп жиылса, берік қол (әскер) болады.
1470. Біртіндеп келсе қуаныш,
Ондап келер реніш.
1471. Бітер істің басына
Жақсы келер қасына.
1472. Бітеу жара (кек) білінбей тұрмайды.
1473. Бітуі жаман қамысты
Су ішінде өрт алар.
Жаман туған жігітті
Түйе үстінен ит қабар.
1474. Бітуі жаман қамысты
Су ішінде өрт алар.

Жүрісі жаман адамды
Ел ішінде жау алар.

Г

1475. Гауһар жоғалмасын десең,
Сенімсізден сақтан.
1476. Гауһар қадірін соқыр білмейді.
1477. Гүл арасы тікенсіз болмайды,
Тікен арасына да гүл бітеді.
1478. Гүл тікенмен бірге өседі,
Қуаныш қайғымен бірге жүреді.
1479. Гүл тікенсіз болмас.
1480. Гүлді көргенде бұлбұлдың өзі-ақ сайрайды.

Ғ

1481. Ғайбат істің өлшеуі — өкініште.
1482. Ғақыл айнымас,
Алтын шірімес.
1483. Ғақылды ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
1484. Ғақылы қысқа қатынның
Қарай қойшы өнерін.
Білмей айтар бұ шіркін,
Кімнің бұрын өлерін.
1485. Ғалым бар дүниеде «дана» аталған,
Білімі халық жолын нұрға малған.

1486. Ғалым елден күледі,
Алым әлдекімнен күледі.
1487. Ғашық адам белгі берер түспен де,
Ол білінер көзі көзге түскенде.
1488. Ғашық жардың белгісі — ата-анадан бездірер,
Қыран құстың белгісі — тауды-тасты кездірер.
1489. Ғашық кісінде шыдам болмайды,
Шыдамы болса, ғашық та болмайды.
1490. Ғашықтар жүрген жерде қайғы да бар.
1491. Ғұмыр дүние-мал жинау үшін емес,
Мал-дүние ғұмыр рахаты үшін керек.
1492. Ғылымды надан жер етер.
1493. Ғылымдық ұстағанға діннің зоры,
Сопылық бұ заманда судың соры.
Сопылық Қап тауынан арман асты,
Бүгінде тегіс жетті жұрттың қолы.

Д

1494. Дайын асты алдына тосса,
Ешкім оны «жоқ екен» деп ойламас.
1495. Дайын асты алдына тосса, жоғын іздемейді,
Барын алдына тосса, басқаны іздемейді.
1496. Дамбалсыздың түсіне бір кез бөз кіреді.
1497. Дананы қатты сыйлап, сөзін сүйгін,
Білімін аз-көп болсын ойға түйгін.
1498. Дананың сөзі — соқырдың көзі.

1499. Дандайсыма, кеуденді құр көтерме,
Сеніп болмас, қу дүние өтер де.
1500. Данышпан да жаңылар кез болады.
1501. Данышпанның тілегі де қарапайым келеді.
1502. Даңқтың аты білімге байланысты.
1503. Дарақ бір жерде тұрып өседі.
1504. Дария суын ешкім де ішіп тауыса алмайды.
1505. Дарияға алып барып (су татырмай)
құр ауыз қайтады.
1506. Дарияны теріс ағызған ақылдан
бармақтай бақ ілгері.
1507. Дарияның қасынан құдық қарап болмас.
1508. Дау ескірмейді, алтын шірімейді.
1509. Дауды азсынба,
Көздей іс көлдей болуы оңай,
Көлдің суалмағы қиын.
Тарыдай іс таудай болмағы оңай,
Таудың таусылмағы қиын.
1510. Дауды қомсынба, ақыры оның құн болар.
1511. Дауды шешен батырмайды,
Шебер батырады.
1512. Дауды шешен бітірмейді,
Шебер бітіреді.
1513. Даудың түбін қыз бітіреді,
Судың түбін құм бітіреді.

1514. Дауыл болмай, жауын болмас.
1515. Дауыссыз тиген ажал оқ,
Кәрілікке сілет жоқ.
Қайтқан көңіл, шыққан жан,
Жаман туған кез болса,
Дүниядә одан артық пәле жоқ.
1516. Дәлдеп келген аурудың дәрісі жоқ.
1517. Дәмді сөз үлкен-кішінің бәрін де елітеді.
1518. Дәметпеген астан құр қалады.
1519. Дән себілмей астық өнбейді,
Дария буланбай шық түспейді.
1520. Дәулет келерінде тойға келген қыздай,
Кетерінде қолға ұстаған мұздай.
1521. Дәулет көрмегенге дәулет бітпестей болады,
Өзінен паланд кісіменен қас болады.
1522. Дәулетті ұл — ошақтың қоры,
Дәулетсіз ұл — атаның көрі.
1523. Дәулеті бардың қолы ұзын.
1524. Демалу үшін еңбек етіп алу керек.
1525. Дененің басы болғаны жақсы,
Тонның жағалы болғаны жақсы.
1526. Денсаулығы ғанибет,
Сырқаулығы болмаса.
Ер жолдасы қатын-ды,
Бір жаулығы болмаса.
1527. Денсаулық — зор байлық.

1528. Дені сау адамға оның сол сау жүргені жетеді.
1529. Дерт батпандап кіреді, мысқалдап шығады.
1530. Дерт берген — дәрмен береді.
1531. Дерті бардың дәрмені жоқ.
1532. Дертін тұмау болсын,
Қысың тұман болсын.
1533. Диқаншының түбі — кеніш,
Саудагердің соңы — борыш.
1534. Диірменде туған тышқан
Күннің күркірегенінен қорықпайды.
1535. Доңыздың ісі бір басқа,
Диқанның ісі бір басқа.
1536. Дос адам артық сұрамайды.
1537. Дос адам сарайыңды жұмақ етер.
1538. Дос бар — туғаннан да тәуір опа көрсететін,
Туған бар — жаттан да жаман жапа көрсететін.
1539. Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды.
1540. Дос бергеннің түсіне қарама.
1541. Дос болып, достың көңілін таба алмасаң,
Дос болмас, дос сыртынан жамандасаң.
Тәңірі атар ер дұспанды табалаған.
1542. Дос досқа жалынар, жалынамын деп
көңіл алынар.
1543. Дос достың кемшілігін кешіре береді.

1544. Дос егіз,
Дұшпан сегіз.
1545. Дос жылата айтады,
Дұшпан күлдіре айтады.
1546. Дос зынданда жатқанда керек,
Дастарқан үстінде дұшпан да дос.
1547. Дос көңілі қалғанда,
Қағынып шыққан жау болар.
1548. Дос мас болса, қас болар.
1549. Дос пен жақын — ерге тірек.
1550. Дос сені сүйіп қорғайды,
Жау іші күйіп сөйлейді.
1551. Дос табу оңай, сақтауы қиын,
Жау болу оңай, тоқтауы қиын.
1552. Дос табылса, ас табылмайды,
Ас табылса, дос табылмайды.
1553. Дос-жараннан үзілсе үміт — ауыр мұң,
Жат кісідей мінезі бар бауырдың.
1554. Досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме.
1555. Доспенен алыс-беріс қылма,
Асты бірге іш.
1556. Достармен бірге жүріп өлген — той.
1557. Достарың мың болса да «аз» деп біл,
Дұшпаның біреу болса да сақтан.
1558. Достым дос, есебім дұрыс.

1559. Достың ақымағынан да
Дұспанның ақылдысы жақсы.
1560. Достың үйін сыпырғын,
Жау есігін қақпағын.
1561. «Досым» деп сенбе, сыр айтпай сақтан.
1562. Досыңа, ол жау болып кеткен күнде де,
Залал тигізе алмайтындай етіп жақсылық жаса.
1563. Досыңа сенбе, ол сенің теріңді сыпырып алып,
Сабан тыққан тұлып жасайды.
1564. Досыңды барда да сына, жоқта да сына.
1565. Досыңның асын дұспанша іш,
Дұспаныңның асын досша іш.
1566. Досыңның дұшпан болғанынан сақтан.
1567. Досыңның үйін сыпыр,
Бірақ жауыңның есігін ашпа.
1568. Дөңгелек нәрседен жүзік соғу оңай.
1569. Дуанадан жаңа айдың қашан туғанын сұрама.
1570. Дұға оқып ақша алған кісі әулие болмайды.
1571. Дұшпан не демейді,
Түске не кірмейді.
1572. Дұшпанның көзі жаманнан басқаны көрмейді.
1573. Дұспан аяқ астында.
1574. Дұспан күлдіре сөйлейді,
Дос жылатып сөйлейді.

1575. Дұспандар не демейді, көре алмаса,
Ақсақ ит жатып үрер, жүре алмаса.
1576. Дұспанды басындырсаң, басыңа мінер.
1577. Дұспанды жамандағанды,
Досты жамандағанды Тәңірі табар.
1578. Дұспаннан түк тартсаң да, пайда.
1579. Дұшпан алдында алданба,
Ол тұзақ құрып отырады.
Жарамсақтың мақтауына мастанба,
Ол құлқынының қамын ойлап қатырады.
1580. Дұшпанға қару сайласа, той болады,
Дұшпан жайын ұмытқан қой болады.
1581. Дұшпанның біреуі өлсе, қуанба,
Жұрттың бәрі де өледі.
1582. Дұшпанның көкірек қаққанынан қам жеме,
Оның мақтау-қошеметін шын деме.
1583. Дұшпансыз ердің аты шықпас.
1584. Дұшпаным жоқ деме, дұшпан аяқ астында,
Қасқыр жоқ деме, қасқыр бөрік астында.
1585. Дұшпаның өлсе, қуанба, өзің де өлесің.
1586. Дүние — киік, адам — ит.
1587. Дүние бірде бал береді, бірде у береді.
1588. Дүние бірде күледі, бірде бүледі.
1589. «Дүние» деген — асау ат, байқаусызда теппесін,
Ол теппей тұрып, сен теп.

1590. Дүние желдей бағасыз,
Өмір күлдей бағасыз.
1591. Дүние желдей зулайды,
Өмір гүлдей қурайды.
1592. Дүние жиып нетесің,
Бір күн тастап кетесің.
1593. Дүние кейде бал береді,
Кейде ара боп шағады.
1594. Дүние кешу — керегінді ғана ал.
1595. Дүние қалмас мәңгіге.
1596. Дүние, қапаң да көп, жапаң да көп,
Қисайып қыңырайған соң қапаңда көп.
Дәулет кетіп қолыңнан қайта қонса,
Дұшпандарың қызмет қылар апандай боп.
1597. Дүние тез өтеді,
Сөз мәңгілік қалады.
1598. Дүние толмай, қолды жайғызады,
Қанағат болса, көңіл тойғызады.
1599. Дүние үшін өзінді отқа салма,
Біреудікін күшпен тартып алма.
1600. Дүние ісі сағым-елес сипатты-ай,
Өте шығар сауырынан сипатпай.
1601. Дүниеге жаям десең, атыңды,
Жолаушыға жақсылық қыл татымды.
1602. Дүниеге келген жақсылық —
Бір ізгіге сияды.
Дүниеге келген жамандық —
Бір жауызға сияды.

1603. Дүниеде мың кемістік, бір жетістік бар:
Қайсысына бет алсаң, сонысына барарсың.
1604. Дүниеде тек қана бір Құдай мұңсыз.
1605. Дүниеден қасиеті кетсе,
Сиыр пұл болар, қатын би болар.
1606. Дүние-мал жомартқа жарасады.
1607. Дүние-мал шашылмай, «мырза» деген атақ жоқ.
1608. Дүние-малға тарықпа,
Көңіл тарлығы — қайғының көзі.
1609. Дүние-малды атақ үшін жияды.
1610. Дүниені кезген біледі.
1611. Дүниені қусаң, жеткізбейді,
Қашсаң, қуады.
1612. Дүниені тынбай кезсең, білесің:
Тиер саған жазмыштағы үлесің.
1613. Дүниенің кеңдігінен не пайда,
Аяғыңа киген етігің тар болса!
Бойының сорайғанынан не пайда,
Басында ми аз болса!
1614. Дүниенің құлы болма.
1615. Дүниенің малы дүниеде қалады.
1616. Дүниенің тоқтығы — тоқшылықтың жоқтығы.
1617. Дүниесі, малы барға жағынды ел,
Азат жанын құл қып беріп, бағынды ел.
Малсыз ерді көрмей өтіп, елемей,
Көзін жұмып, жүз үйіріп, қағынды ел.

1618. Дүния деген бір жай,
Айналасы кең сарай.
Әзіріне шат болма,
Ақыр түбі бір ойбай.
1619. Ділгер ердің қажетін сен өтесең,
Сенің мұғдар ісінді Құдай бітіреді.
1620. Дін мен дүниенің бірігуі қиын.

Е

1621. Ебін тапқан — екі асар.
1622. Егер де қызыл тілің сөйлей білсе,
Пайда көп, оны халық құлаққа ілсе.
1623. Егерсің егін,
Ішерсің тегін.
1624. Егіз қозыдай бол,
Біріңе-бірің тату бол.
1625. Егілмей, өнбес,
Тілемей, болмас.
1626. Егінші жауында тынар,
Балықшы дауылда тынар.
1627. Егір болса, ер өлмес,
Андыз болса, ат өлмес.
1628. Ежелгі жау ел болмас,
Жөнің де оған жөн болмас.
1629. Ез игімен жараспас,
Түзу қисықпен қараспас.

1630. Ездікті көріп, игі іс бұзылады.
1631. Ей, абзал ер!
Болып қалса қол қысқа,
Мұңайма да, шағынбай жүр болмысқа.
1632. Ей, ақкөңіл, адал ұста үй-ішті,
Қолы ашыққа келер дәулет тиісті.
Ас-суыңды, нан-тұзыңды мол ұста,
Құт келеді, атың шығып сол тұста.
1633. Ей, ақылды, алыс ұста ашуды,
Ей, білімді, білме қаһар шашуды.
1634. Ей, білікті, ажал тақап қалғанда,
Таусылады өлшеп берген талқан да.
1635. Ей, білімдар, түзу ұста жібінді,
Кетпе ұмытып, ойлан тек пен түбінді.
1636. Ей, досым, білім ізде осы тұста,
Әрдайым біліп сөйле қақтығыста.
Мақтасаң — дарқан жанның даңқын өсір,
Бақылға бір оғыңды сақтап ұста.
1637. Екеу болсаң, біріңе ойлас,
Біреу болсаң, бөркіңе ойлас.
1638. Еккенде келісіп алса,
Жинағанда жанжал болмайды.
1639. Екпей егін бітпес.
1640. Ексең — орарсың, берсең — аларсың.
1641. Екі адам естісе, жеті ықылымға жетер.
1642. Екі ақылды адамның арасынан ұрыс шықпайды.

1643. Екі ақылды бір қылды жара алмайды,
Ақымақ адам өз тілін тыя алмайды.
1644. Екі ауру бір келсе,
Ажалың жеткені.
Екі борыш бір келсе,
Абыройың кеткені.
1645. Екі аю үйде тұрмас.
1646. Екі аяқ жүру үшін берілген.
1647. Екі аяқ қымыздың бір аяқ желі бар.
1648. Екі әйел алғанның дауы үйінде,
Жаман әйел алғанның жауы үйінде.
1649. Екі әкімге бірден қызмет істеуге болмайды.
1650. Екі байдың арасында,
Бір жарлы бай емес.
1651. Екі бура таласса, ортасында шыбын өледі.
1652. Екі даугер ауыл болмас,
Ит күшіктеп сауын болмас.
1653. Екі дөңгелегі бүтін арба тез жүреді.
1654. Екі ел қосылмас,
Екі дәу қосылар.
1655. Екі жақсы кез болса,
Шапқан аттай жарысар.
Екі жаман кез болса,
Құтырған иттей таласар.
1656. Екі жақсы ұяда бітер,
Екі жаман қияда бітер.

1657. Екі жасты қосқанның сауабы бар,
Екі жасты айырғанның обалы бар.
1658. Екі кеменің басын ұстаған суға кетер.
1659. Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетер.
1660. Екі кісі бір болса, қарға шоқымас.
1661. Екі кісі бір кісіге Құдай.
1662. Екі кісі бір кісінің Тәңірісі.
1663. Екі кісі қағысса, бір кісілік орын болар.
1664. Екі кісі сөз айтса, біреуін де естімессің.
1665. Екі қатын алғанның — дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның — жауы үйінде.
1666. Екі қатын алғанның жанжалы бар.
1667. Екі қатын болмаса,
Сірә, болмас-ау.
Жалғыз қатын
Арқаны қасымас-ау.
1668. Екі қатын ұрысса, арлылығы менен
қарлылығын айтар.
1669. Екі қатынның басы қосылса, базар болар.
1670. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас,
Құдайдан қорықпаған қартайса да,
нәпсісін тыймас.
Жақын болсаң да, жаманға көңілің сыймас,
Жақсыға жалынсаң, жамандыққа қимас.
1671. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

1672. Екі қоян құсаң, біреуін де тұта алмассың.
1673. Екі молда бір кісі,
Бір молда жарты кісі.
1674. Екі молда қатын кісі,
Бір молда екі кісі.
1675. Екі мырза базардан жолығады,
Екі молда мазардан жолығады.
1676. Екі тау қосылады десе, нан,
Бұрынғы бұзық адамды түзеледі десе, нанба.
1677. Екі тәтті бір жерден табылмайды.
1678. Екі тентек ауыл болмас,
Ит баласы сауын болмас.
1679. Екі тентек қосылса,
Есен болса игі еді.
1680. Ел ағасыз болмас,
Тон жағасыз болмас.
1681. Ел ағыны менен су ағыны бір.
1682. Ел аузына етік тықпақ жоқ.
1683. Ел байлығы патша ниетіне байланысты.
1684. Ел басшысы қадірлі болса,
Қалғандары мәзірлі болады.
1685. Ел билеуге өнер керек мың түмен,
Сонда ғана ашылады түн-тұман.
1686. Ел көшеді деп отыныңды тауыспа,
Жау келеді деп ақылыңды тауыспа.

1687. Ел қалар, әдет өзгеріп кетпес.
1688. Ел қалар, әдет қалмас.
1689. Ел қарамас сүйкімсіз, қабағы түскен сараңға,
Тура жүр, атың қалады ертеңгі халық-жаранға.
1690. Ел құлағы — елу.
1691. Ел қыдырған — сыншы,
Тоғай қыдырған — үйші.
1692. Ел сүйерге жол ашық —
Болып тұрсаң қолы ашық.
1693. Ел сыйлаған есікте тұрмас.
1694. Ел ұрысыз болмас,
Тау бөрісіз болмас.
1695. Ел іші — алтын бесік.
1696. Ел ішінде ізгілік жолы — қиын жол.
1697. Елге жүк артпай, өзің жүкші бол.
1698. Елге патша шопан болып жүреді,
Қойлар үшін шопан өмір сүреді.
1699. Елде болса, ерніңе тиеді.
1700. Елде қырық кісі бар, сүйгеніңе сәлем бер.
1701. Елді жерде ұры бар,
Таулы жерде бөрі бар.
1702. Елді қаламмен басқар.
1703. Елді қан шығармай биле.

1704. Елдің қарғысынан сақтан.
1705. Елдің іші — алтын бесік,
Елде түлкі аштан өлмес.
1706. Елермелі жігітке әр кез жолдас болмаңыз.
1707. Елсіз көлге бақа айғыр,
Қатындарға жалшы айғыр.
1708. Елсізде құрбақа көл менікі дер.
1709. Елу жылда ел жаңа болады.
1710. Елшісі ессіз болса,
Басшының бағы жанбайды.
1711. Еліне жапа көрсеткен өмірден опа көрмейді.
1712. Елің ұры болса, ұры бол,
Елің бөрі болса, бөрі бол.
1713. Елінде екі шебер биің болса,
Елің тыныштық таппас.
Қораңда жақсы итің болса,
Қойыңа қасқыр шаппас.
1714. Ем өлімнен алып қалса,
Емшілер мәңгі жасар еді.
1715. Емдеуі келген ер өлмес.
1716. Емен ағаштың иілгені — сынғаны,
Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені.
1717. Емнің сыры бір-ақ затта болады.
1718. Емізулі әйел төзімді болады.

1719. Енеден ұл туса екен,
Ата көрген қуса екен.
1720. Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.
1721. Ең артық жаратылған — адам,
Ең төмен жаратылған — ит,
Ол нан-тұздың қадірін біледі,
Ең жаман жаратылған — соны білмейтін адам.
1722. Ең жақсы әдет — жомарттық.
1723. Ең тәтті кез — жігіттіктің шағы да,
Игіліктің о да берген бағы да.
1724. Еңбегі жанған екеу болар.
1725. Еңбегі жоқ ғалым балы жоқ ара тәрізді.
1726. Еңбек етсең, өміріңше емерсің.
1727. Еңбек етсең, өнерсің.
1728. Еңбек етсең, ішерсің.
1729. Еңбек қылсаң, емерсің.
1730. Еңбек сіңірген нәрсе қымбат көрінеді.
1731. Еңбек ізсіз қалмайды.
1732. Еңбекқордың ернінен май ағады,
Еріншектің басынан қан ағады.
1733. Еңбекті егіз,
Еңбексіз доңыз.
1734. Еңбектің түбі — рахат.

1735. Еңкейгенге еңкей,
Басың жерге кеткенше.
Шалқайғанға шалқай,
Басың көкке жеткенше.
1736. Еппенен сөйлесе, ерін жаурамайды,
Шариғатпен кессе, бармақ ауырмайды.
1737. Ер — бас,
Әйел — мойын.
1738. Ер адам қазынамен бірдей.
1739. Ер адам барлық жерде де бірдей
күн сияқты көрініп тұрмайды.
1740. Ер адам кек сақтамайды.
1741. Ер азаматтың белгісі —
Әрі мырза, әрі құл.
1742. Ер арыса — аруақ, ат арыса — тулақ.
1743. Ер бала елін сүйер,
Қыз бала қырмызыны сүйер.
1744. Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер.
1745. Ер бір сөзді болсын,
Қатын қырық сөзді болсын.
1746. Ер біреудің көңілін қақпас,
Айыбын көрсе, басқаға шақпас.
1747. Ер дауысты әйелден без,
Әйел дауысты еркектен без.

1748. Ер дұспаны көп болар,
Бетке айтары жоқ болар.
1749. Ер дұшпансыз болмайды,
Есек тұсаусыз болмайды.
1750. Ер егіз, еңбегі жалғыз.
1751. Ер жаңылып қолға түсер,
Құс жаңылып торға түсер.
1752. Ер жолдасы — бес қару.
1753. Ер жігіттің жақсысын өзі білмес, жат білер.
1754. Ер жігіттің ұялғаны — өлгені.
1755. Ер зарықпай олжа алмас.
1756. Ер игісі ел жүгін көтереді.
1757. Ер қадірін ер біледі,
Зер қадірін зергер біледі,
Сөз қадірін тапқыр біледі.
1758. Ер қанша көтерілсе, қамы сонша көбейер,
Басы қанша үлкейсе, сонша үлкен бөрік киер.
1759. Ер қапталы батқанын иесі білмейді, ат білер,
Ағайын азғанын ағайын білмейді, жат білер.
1760. Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледі, ей ханым!
1761. Ер қолынан құс тоймас.
1762. Ер мақтанса, бір оқтық,
Бай мақтанса, бір жұттық.

1763. Ер мойнында қыл арқан шірімейді.
1764. Ер мұрынды келер,
Ат ерінді келер.
1765. Ер өскен сайын қамы көбейер.
1766. Ер туған жеріне,
Ит тойған жеріне.
1767. Ер туған, ит тойған жеріне барады.
1768. Ер ұғыл тап,
Еркеленіп жат.
1769. Ер ұл таппақ есінде болсын.
1770. Ер шекіспей бекіспес,
Жел айдамай бұлт кетпес.
1771. Ер шекіспей бекіспес.
1772. Ерге берсең асыңды,
Ер сыйлар басыңды.
Итке берсең асыңды,
Иттей тартар басыңды.
1773. Ерге берсең асыңды,
Ерлер сыйлар басыңды.
Итке берсең асыңды,
Иттер қорлар басыңды.
1774. Ерге де наубат, жерге де наубат.
1775. Ерден туған Қырымға қарайды,
Иттен туған жырымға қарайды.
1776. Ерді кебентай (кебенек) ішінде танысын.

1777. Ерді қорлама, састырар,
Асты қорлама, құстырар.
1778. Ерді Құдай сақтайды,
Етікті нәл сақтайды.
1779. Ерді намыс өлтіреді,
Қоянды қамыс өлтіреді.
1780. Ерді намыс өлтірер,
Қоянды қамыс өлтіреді.
Сартты «бап-бап» өлтірер,
Ерді «қап-қап» өлтіреді.
1781. Ердің артында көп алтын қалғанша,
Жақсы аты қалғаны игі.
Өлер ердің алтын болмай мақсаты,
Ізгілік қой, қалған болса жақсы аты.
1782. Ердің асылын түсінен танымын,
Әйелдің асылын тісінен танымын.
1783. Ердің аты айқаста шығады.
1784. Ердің басын мұң шалар,
Таудың басын жел шалар.
1785. Ердің ерлігін білмеген,
Құдайдың бірлігін білмейді.
1786. Ердің жүзін күйдіретін нәрсе — тіл.
1787. Ердің қаны — жүз жылқы, қатыны мың жылқы.
1788. Ердің қаны — жүз жылқы, намысы мың жылқы.
1789. Ердің құты — белеңде,
Судың құты — тереңде.

1790. Ердің мұңы ұзаққа бармайды.
1791. Ердің сөзі — біреу,
Ердің көгі — үшеу.
1792. Ердің ұлы — соғыста.
1793. Ердің ісін ауыр қылма,
Сәйгүлікті жауыр қылма.
1794. Еркек дауысты әйелдің ұяты болмас,
Әйел дауысты еркектің күші болмас.
1795. Еркек жүрсе, жолы ашылар,
Қатын жүрсе, көті ашылар.
1796. Еркек көрсе, нағыз,
Қатындар көрсе, жаңылыс.
1797. Еркек құмар әйел ерге жарымас,
Асығып кеткен үйіне жете алмас.
1798. Еркек сөйлесе, жолы ашылады,
Ұрғашы сөйлесе, көті ашылады.
1799. Ерлер — бектің қанаты мен құйрығы,
Құс қанатсыз ұшпайды,
Сол — Алланың бұйрығы.
1800. Ерлер көп болса, отын жоқ,
Қатындар көп болса, су жоқ.
1801. Ермісің, бопсаға шыда.
1802. Ерте оңбаған — кеш оңбас,
Кеш оңбаған — еш оңбас.
1803. Ерте тұрғанның құты артады.

1804. Ерте тұрғанның ырысы артық.
1805. Ерте тұрып, кеш жат, ұйқың қанады.
Ерте тұрған ердің бағы жанады.
1806. Ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама.
1807. Ертеңгі тауықтан бүгінгі жұмыртқа артық.
1808. Ертеңгіге есек қайғы ұрады.
1809. Ерінбеген — мұратқа жеткен.
1810. Ерінген екі тышар,
Етегімен көтін сүртер.
1811. Ерінген екі істер.
1812. Еріншекке есік те асу көрінер,
Жалқауға бұлт та жүк көрінер.
1813. Есек ершінің (ер шабатын адамның)
үйінен аспайды.
1814. Есек күші қатқақта,
Мағлұм болар батпақта.
1815. Есек осырар қатқақта,
Мәлім болар батпақта.
1816. Есек семірген күні иесін тебер.
1817. Есекке жүк артқанмен, түйе болмас,
Сиырды жиі сауғанмен, бие болмас.
1818. Есекке торқа (атлас) жапсаң да,
есек болып қалады.
1819. Есекті отқа айдасаң, боққа келеді.

1820. Есектің аяғын жу да, мал тап.
1821. Есектің жүгі ауыр болса, жатқысы келеді.
1822. Есектің жүгі жеңіл болса, тыныш жүреді.
1823. Есектің күші адал, еті арам.
1824. Есепсіз байлық жоқ,
Азанда барың, кешке жоқ.
1825. Есепті дос айрылмас.
1826. Есер болмай, ер болмас.
1827. Есер болмай ер болмас
Есептен болмай бай болмас.
1828. Есердің ақылы түстен кейін.
1829. Есердің ақылы түстен кейін кіреді.
1830. Ескі бай аяншақ келер,
Жаңа бай мақтаншақ келер.
1831. Ескі киімнің биті ащы,
Жетім баланың тілі ащы.
1832. Ескі киімнің жылылығы жоқ.
1833. Ескі қаптан шаң басқан жай (садақ) шығады.
1834. Ескі сөз — жаңа сөздің қазығы,
Жақсы кісі — жаман кісінің азығы.
1835. Ескі шапан қанша жыртылса да,
Қараған баулауға жарайды.
1836. Ескірген нәрсе ерсі көрінеді.

1837. Ескісіз жаңа болмас,
Жамансыз жақсы болмас.
1838. Ескісіз жаңа болмас.
Жаңасыз ескі болмас.
1839. Іс таппаған — ыстанынан бит қараған.
1840. Ессіз әмір ел бұзар.
1841. Ессізге жуыма, кетер күй, есің,
Отқа жуыма, күйесің.
1842. Ессіздік от күйдірер, өткелі жоқ жолында.
1843. Естігеннен көрген жақсы.
1844. Естіп, біліп істеген мақсатына жетеді.
1845. Естіп, біліп істеген мақсатына тез жетеді.
1846. Есі жоқтың асы жоқ.
1847. Есік алды төбе болса,
Ерттеп қойған атпен бірдей.
Ауылыңда қарт болса,
Жазып қойған хатпен бірдей.
1848. Есік баққанша, нәсіп бақ.
1849. Есік көрген жұрт бұзар,
Бесік көрген жұрт түзер.
1850. Есік көргенді алма,
Бесік көргенді ал.
1851. Есікте де, төрде де білімге құрмет көрсетер.
1852. Есікте орын болса, төрге озба.

1853. Есіктен келе салып «төр менікі» дегендей.
1854. Есің барда етегіңді жап.
1855. Есіткен сөзге бәріне де нанба.
1856. Ет етке, сорпа бетке.
1857. Ет тәттілігін қойса,
Мен ұрлығымды қояр едім.
1858. Ет тырнақтан ажырамайды.
1859. Етекті кессең, жең болмас.
1860. Еттің бәрі қазы болмас,
Иттің бәрі тазы болмас.
1861. Етігі жаман төрге шықпас,
Жеңі жаман ас іше алмас.
1862. Етігің тар болғанша,
Қатының қар болсын.
1863. Етігің тар болса,
Дүниенің кеңдігінен не пайда.
Қатын долы болса,
Елдің тыныштығынан не пайда.
1864. Етігің тар болса,
Дүниенің тыныштығынан не пайда?
1865. Етіңе ерік берме,
Мойыныңды име.
1866. Еш адамды өзіңнен кем санама.
1867. Еш нәрсеге қызықпаған адам — өлік.

1868. Ешбір іс адам баласынан қашып құтыла алмайды.
1869. Ешбір істі күншілдерге істетпе,
Опасызға бір түйір нан тістетпе.
1870. «Ешкім мені мазаламасын» десең,
Кедейге қарыз бер, байдан қарыз сұра,
Сонда олардың ешқайсысы да саған жоламайды.
1871. «Ешкімге айтпа!» деп кісіге сөз айтпа.
1872. Ешкінің ажалы жетсе,
Шопанның таяғына сүйкенер.

Ж

1873. Жабағы, тай деп жорылар,
Жазға шықса ат болар.
1874. Жабағы, тайдың тері ащы,
Жаман кісінің тілі ащы.
1875. Жабағыны тай деп қорлама,
Жазға шықса ат болар.
1876. Жабағының биті ащы,
Жаман кісінің сөзі ащы.
1877. Жабұлы қазан жабұмен.
1878. Жабы ат арғымаққа жалыменен тең болар,
Жаман кісі жақсыға малыменен тең болар.
1879. Жабылып кетсе, құмырсқа да
Арыстан терісін сыдырып алады.
1880. Жағасындағыны жалаған
алақандағысынан айрылады.

1881. Жаз — мереке,
Қыс — келеке.
1882. Жаз жазыл, қыс қысыл.
1883. Жаз мереке, қыс көлеңке.
1884. Жаз шананды сайла,
Қыс арбаңды сайла.
1885. Жаза айтылған бір сөзбен де
Жүректі жаралауға болады.
1886. Жаза тимес мерген болмас,
Жаңылмас көреген болмас.
1887. Жазасын тартпайтын жамандық болмайды.
1888. Жазбайтын мерген болмас,
Жаңылмайтын білгіш болмас.
1889. Жазбас мерген болмас,
Жаңылмас дана болмас.
1890. Жазғы күннің саясы —
Сапырулы қымыз, салқын үй,
Ағын судың жағасы.
Қысқы күннің саясы —
Өткір пышақ, семіз ет,
Үлкен оттың жағасы.
1891. Жазды күні жыланнан қорыққан,
Қысты күні ала жіптен аттамас.
1892. Жазмышқа мойын сұнып, бәріне көн,
Бірақ әділ айтқайсың сөзіңді жөн.
1893. Жазсаң, Құдайға жаз,
Қадірлер, кешірер.

- Адамға жазсаң,
Екі көзіңді шұқи-шұқи өлтірер.
1894. Жазылмаған іс көкейде көп тұрмайды.
1895. Жай адамға бай адамның жүгін артпа.
1896. Жай оғының масағын суырып алуға
болады, бірақ орны қалады.
1897. Жай сұраса, шындап жауап бер.
1898. Жай халықсыз болмайды істе ештеме,
Жайлап сөйлес, жөнсіз билеп-төстеме.
1899. Жайлы жазда қыстың қамын дайында,
Өтер маусым сырғып күндер айың да.
1900. Жайлы күні қонақ жолықпас,
Жарақты күні жау жолықпас.
1901. Жайсаң жан қартаймайды,
Азығы бар жолаушы шаршамайды.
1902. Жаққанда түтін шалынады,
Айтқанда сыр алынады.
1903. Жақсы адам алғыс алар,
Ақымақ жан қарғыс алар.
1904. Жақсы адам ешкімді қарайтпас,
Жақсы жамандамас, жаманға жолдас жақпас.
1905. Жақсы адамның кегі бар,
Жібек жаулық кепкенше,
Жаман адамның кегі бар,
Басы жерге тигенше.
1906. Жақсы адамның кегі бар,
Шетен жаулық кепкенше.

- Жаман адамның кегі бар,
Басы жерге тигенше.
1907. Жақсы адамның құтты болар киесі,
Қаш жаманнан, жұғар зиян, күйесі.
Үйір болмай, жамандардан жырақта,
Қыл ізгілік, түзу жолда тұрақта.
1908. Жақсы — ай менен күндей,
Жарығы әлемге бірдей.
Жаман — қараңғы түндей.
1909. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.
1910. Жақсы айтады: «Мен батырмын».
Жаман айтады: «Мен ұйықтап жатырмын».
1911. Жақсы айтпай білер,
Сұрамай берер.
1912. Жақсы алдында жазыласың,
Жаман алдында тарыласың.
1913. Жақсы — ардың құлы.
1914. Жақсы ат ашта да шабады, тоқта да шабады.
Тек қана тоқ кезінде шапқан ат, жақсы ат емес.
1915. Жақсы ат — жуас,
Жаман ат — асау.
1916. Жақсы ат малдан артық.
1917. Жақсы ат пен ізгі атақ мәңгіге қалады.
1918. Жақсы атақ алғаннан басқа жақсы іс жоқ.
1919. Жақсы атақ қалса, ол екінші өмір болады.

1920. Жақсы ат аяғынан қалады.
1921. Жақсы атадан ат ұстайтын бала туады.
1922. Жақсы атқа бір қамшы,
Жаман атқа мың қамшы.
1923. Жақсы аты қалған ер өлмейді.
1924. Жақсы атың «мәңгіге қалсын» десең,
Сүрінгенді сүйеп қал.
1925. Жақсы атыңды жоғалтқанша,
Жаман жұлыныңды үз.
1926. «Жақсы-ау!» деп ойлағаныңның
бәрі бірдей дос емес,
«Жаман-ау!» деп ойлағаныңның
бәрі бірдей қас емес.
1927. Жақсы әдетті қудалаған бопсалар,
Бір күндері аяқ асты боп қалар.
1928. Жақсы әйел — үй дәулеті,
Жақсы шапан — той сәулеті.
1929. Жақсы әйел — ырыс,
Жаман әйел — ұрыс.
1930. Жақсы бала әкесінің есіктегі басын төрге сүйрейді,
Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрейді.
1931. Жақсы болған жігітке мың кісінің орны бар.
1932. Жақсы болсаң, жердей бол,
Баршаларды көтерген.
Таза болсаң, судай бол,
Бәрін жуып кетірген.

1933. Жақсы болсаң, табарсың,
Жаман болсаң, азарсың.
1934. Жақсы болып, безер болсаң,
Тәңірім безер.
Жаман болып, безер болсаң,
Алқымыңды әркім езер.
1935. Жақсы достан көп келеді жақсылық,
Жарасады екі жақсы — қос қылық.
Жақындама бұзықтарға, жуысаң,
Дереу бұзар бар адамға қас қылып.
1936. Жақсы досың бар болса, жан аяған жарамас,
Оңбаған бар болса, абыройға қарамас.
1937. Жақсы елге түскен келісап келін болады,
Жаман елге түскен келін келісап болады.
1938. Жақсы еркектің атын жақсы әйел шығарады.
1939. Жақсы еркектің ішінде
Еріменен ат жатар.
Жақсы ұрғашының ішінде
Белгісімен ұл жатар.
1940. Жақсы ессізге тартпайды,
Тезек қарда жатпайды.
1941. Жақсы есім (ат) малдан артық.
1942. Жақсы жаз шыққанда, қысқа дайындал.
1943. Жақсы жанын аямас,
Батыр жауды санамас.
1944. Жақсы жаныса кешірер,
Болат жаныса өтер.

1945. Жақсы жүрген жеріне кент салады,
Жаман жүрген жеріне от салады.
1946. Жақсы иттің баласы бөрі алар,
Бөрі алмаса да, бір шалар.
1947. Жақсы келсе — құт,
Жаман келсе — жұт.
1948. Жақсы кеңес — жарты ырыс.
1949. Жақсы киім бойға жарасады,
Жақсы жолдас ойға жарасады.
1950. Жақсы көрген атыңды қамысты
жерге жүргізбе, шөңге енер.
1951. Жақсы көрген кісіден,
Нәрсе сұрап алады.
Халің келсе, сұрама,
Көңілің қайтып қалады.
1952. Жақсы көргенін айтар,
Жаман ішкенін айтар.
1953. Жақсы кісі ешқай жерде жаман болмас,
Жақсы ат арыса да, шабан болмас.
1954. Жасы жетіп қарыса да,
Жаман адам жақсы болмас.
1955. Жақсы кісі жығылса, жаман тұрып табалар.
1956. Жақсы кісі мақтанса,
Жаманнан қате беріп қалдым дер.
1957. Жақсы кісі текшіл,
Жаман кісі кекшіл.

1958. Жақсы кісі текшіл келеді,
Жаман кісі кекшіл келеді.
1959. Жақсы кісіден жақсылық келер.
1960. Жақсы кісіден жаман бала туса,
Емі табылмас.
Жаманнан жақсы бала туса,
Теңі табылмас.
1961. Жақсы қадірін жақсы білер.
1962. Жақсы қатын — жарты ырыс.
1963. Жақсы қатын ырыс,
Жаман қатын ұрыс.
1964. Жақсы қылық — адамға ас пен киім.
1965. Жақсы менен жаманның арасы
Жер мен көктей.
Оқыған мен наданның арасы
Күн мен түндей.
1966. Жақсы менен жаманның жаны бірдей,
Арық пенен семіздің бауыры бірдей.
1967. Жақсы орынға өкпелер,
Жаман тамаққа өкпелер.
1968. Жақсы сөз — дәмнің тұзы.
1969. Жақсы сөз — ер азығы,
Жаман сөз — бас қазығы.
1970. Жақсы сөз — жарым ырыс.
1971. Жақсы сөз жан сүйіндірер,
Жаман сөз жан күйіндірер.

1972. Жақсы сөз көңіл-ойды идіреді,
Қыңыр сөз амалсыздан күйдіреді.
Әділ сөз пайдасы көп тебірентер,
Бәрі де қисық сөздің кері кетер.
1973. Жақсы сөзге жан семірер.
1974. Жақсы тауып сөйлер,
Жаман қауып сөйлер.
1975. Жақсы тәртіп орнат, сонда сыйлайды,
Онсыз халық бір уысқа сыймайды.
1976. Жақсы уақыт соққан желдей тез өтер.
1977. Жақсы ұл көңіл тоғы,
Жаман ұл мұрын боғы.
1978. Жақсы іс жыртық тонымен де жарамды,
Гүл жамау шапанымен де сүйкімді.
1979. Жақсы іс көп жасайды.
1980. Жақсы іске келді,
Жаман асқа келді.
1981. Жақсы істі шамаң келгенше қолыңнан көбейт.
1982. Жақсы жаман деуменен жаман болмас,
Жаманды жақсы деуменен жақсы болмас.
1983. Жақсыға айттым, білер,
Жаманға айттым, күлер.
1984. Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа,
Жаманға ерсең, қаларсың ұятқа.
1985. Жақсыға жаман адам жуық болар.
Жаманға жақсы адам суық болар.

1986. Жақсыға жаман дос емес.
1987. Жақсыға жаттық жоқ,
Жаманға жақсылық жоқ.
1988. Жақсыға кек жоқ,
Жаманда тек жоқ.
1989. Жақсыға пара берме, бара бер.
1990. Жақсыға сөз ереді,
Жаманға боқ ереді.
1991. Жақсыға сөз ереді,
Жаманға шөп ереді.
1992. Жақсыда жаттық жоқ,
Жаманда жақындық жоқ.
1993. Жақсыдан жаман туады,
Жүйріктен шабан туады.
1994. Жақсыдан жаман туса,
Жыннан пайда болғаны.
Жаманнан жақсы туса,
Нұрдан пайда болғаны.
1995. Жақсыдан қашпа,
Жаманға баспа.
1996. Жақсыдан қол үзбе,
Жарар көп түнге.
Болмайды жолдас бұл дүние,
Келіп-кетер бұл дәулет,
Қарар қылмас ешкімге.
1997. Жақсыдан тиер шарапат,
Жаманнан тиер кесепат.

1998. Жақсы-жақсы жерге қонсаң,
Жақсы-жақсы түс көрерсің.
Жаман-жаман жерге қонсаң,
Жаман-жаман іс көрерсің.
1999. Жаманды жақыным деп ойларсың,
Жамандық жақыныңнан көрерсің,
Бармағыңды шайнарсың.
2000. Жақсыларға жанастыр,
Жамандардан адастыр.
2001. Жақсыларға күлкі қылма,
Жамандарға түлкі қылма.
2002. Жақсылығы жоқтан жақсы бақыт қашады.
2003. Жақсылық ағаш басында,
Жамандық аяқ астында.
2004. Жақсылық Құдай ісі,
Жамандық кімнің ісі?
2005. Жақсылық қыла алмасаң,
Жамандық та жасама.
2006. Жақсылық қылсаң, жақсылық табасың,
Жамандық қылсаң, жамандық табасың.
2007. Жақсылық қылсаң, өзіңе,
Жамандық қылсаң, өзіңе.
2008. Жақсылық қылсаң, бүтін қыл.
2009. Жақсылық пен жамандық бір жүреді.
2010. Жақсылық та, жамандық та — бәрі сөзден.
2011. Жақсылыққа — жақсылық әр кісінің ісі-дүр,
Жамандыққа — жақсылық ер кісінің ісі-дүр.

2012. Жақсылыққа — жақсылық.
2013. Жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет.
2014. Жақсылықты басыңа ет,
Басыңнан асса, досыңа ет.
2015. Жақсымен жолдас болма
«Малды екен» деп.
Жақсыдан қашық болма
«Жарлы екен» деп.
2016. Жақсымен жолдас болсаң,
Алуа менен қант.
Жаманмен жолдас болсаң,
Абыройыңды түкірер.
2017. Жақсымен жолдас болсаң,
Жетерсің мұратқа.
Жаманмен жолдас болсаң,
Қаларсың ұятқа.
2018. Жақсымен сауда қылсаң,
Түбі — біліс.
Жаманмен сауда қылсаң,
Түбі — ұрыс.
2019. Жақсымен сөйлесең, ашыларсың,
Жаманмен сөйлесең, ашынарсың.
2020. Жақсымен талас,
Жаманға жуыма.
2021. Жақсыменен алыссаң,
Алысқаның жарасар.
Жаманменен алыссаң,
Алған сайын санасар.
2022. Жақсыменен жүрсең — пейіш,
Жаманменен жүрсең — кейіс.

2023. Жақсыменен құда болсаң,
Алыс жолды төтелеп,
Тайлы бие жетелеп,
Қатынамай жату болмас.
Жаманменен құда болсаң,
Өле-өлгенше тату болмас.
2024. Жақсыны жаман десең,
Аққудай мойын созады.
Жаманды жаман десең,
Аяғынан тозады.
2025. Жақсыны жолдасынан таниды.
2026. Жақсыны шет көрме,
Жаманды жақын көрме.
2027. Жақсының жақсы білер сымбатын,
Жамандар қайдан білсін
Нәрсенің арзан менен қымбатын.
2028. Жақсының айтқан ақылы
Алуа, шекер, балмен тең.
2029. Жақсының алтын басы еңкейсе,
Білімсіздің боқты көті шалқаяды.
2030. Жақсының аты жатпайды.
2031. Жақсының дәрежесін жаман көтере алмас,
Өзін би қойсаң, тура төре бере алмас.
2032. Жақсының жақсы білер сымбатын,
Жамандар білмес арзан қымбатын.
2033. Жақсының жақсы білер сымбатын,
Жамандар қайдан білсін асыл менен қымбатын.
2034. Жақсының жақсы білер сымбатын,
Жамандар қайдан білсін қымбатын.

2035. Жақсының жақсылығы тиер әр жерде,
Жаманның жамандығы тиер тар жерде.
2036. Жақсының жақсылығы тиер тар жерде,
Жаманның жамандығы тиер һәр жерде.
2037. Жақсының жақсылығы тиер тар жерде,
Жаманның кесапаты тиер әр жерде.
2038. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын,
Жаманның жамандығын айт, құты қашсын.
2039. Жақсының жақсылығын
Көзіне айт, көңілі өссін.
Жаманның жамандығын
Көзіне айт, көңілі өшсін.
2040. Жақсының жүзі жендетті,
Жаманның ісі міндетті.
2041. Жақсының қадірі өлгенде білінер,
Аттың қадірі мінгенде білінер.
2042. Жақсының қадірін жат білмес.
2043. Жақсының қадірін өлгенде біледі,
Жорғаның қадірін желгенде біледі.
2044. Жақсының өзі кетсе, сөзі қалар,
Жаманның өзі өлсе, несі қалар.
2045. Жақсының үйі түссе, күйі түседі,
Жаманның үйі түссе, миы түседі.
2046. Жақсының шарапаты,
Жаманның кесапаты.
2047. Жақсының ізін өсекші бұзады.

2048. Жақын жұрт көп қой,
Бірақ өз ойыңнан жақыны жоқ.
2049. Жақын жүрген досыңмен
Жарты құрт тапсаң, жарып же,
Бір құрт тапсаң, бөліп же.
2050. Жақын отырған сыйдың құрметтісін алады,
Алыс отырған сыйдың «немкеттісін» алады.
2051. Жақында тұрып тебіскеннен,
Алыста тұрып кісінескен артық.
2052. Жақындатпа өсекшіні жырынды,
Көріп-біліп елге жаяр сырынды.
2053. Жақынмен араң үзілсе,
Жақындай бер, жарқыным!
2054. Жақының да шаяндай шағады.
2055. Жаладан уақытсыз өлмес болар.
2056. Жалақ кісі тілден жазар,
Таз кісі қолынан жазар.
2057. Жалаңаш атқа — жіп құйысқан.
2058. Жалаңаш кісіні ұры таламас.
2059. Жалған айтпа (жоғалт ойдан мұныңды),
Ол сөз дереу түсіреді құныңды.
2060. Жалған сөз — ауру, шаншудай,
Әділ сөз — шипа, жанға жай.
2061. Жалған сөйлеген соңынан ұялар.
2062. Жалғыз адам би болмайды.

2063. Жалғыз ғана жаратқанның жолдасы жоқ.
2064. Жалғыз жүріп жөн тапқанша, көп кісімен адас.
2065. Жалғыз жігіт қол болмас,
Бос ыдыстың түбі мықты болмас.
2066. Жалғыз қаздың үні шықпас,
Көрге кірген тірі шықпас.
2067. Жалғыз қаздың үні шықпас.
2068. Жалғыз қаздың дыбысы шықпас.
2069. Жалғыз қойдың терісі тон болмайды.
Өңшең жаман жиылса, той болмайды.
2070. Жалғыз отырсаң да, қабырғадан сақтан,
Оның да құлағы бар.
2071. Жалғыз түскен құмалақ
Бір қарын майды шірітеді.
Нәсілінде болса жамандық
Ағайынды ірітеді.
2072. Жалғызбын десең,
Тәңірім қоймайды.
Жарлымын десең,
Борышың қоймайды.
2073. Жалғыздық бір
Тәңірге жарасар.
2074. Жалғыздың жары — Алла.
2075. Жалғыздың жары — Құдай.
2076. Жалқау тік жатар.
Оның рызығы артар.

2077. Жалқауға бұлт саясы да тимейді.
2078. Жалқауға күнде мейрам.
2079. Жал-құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Екі беті қанды деп,
Жаманның қызын алмаңыз.
Мініп шығар ат тумас,
Суырылып сөйлер ұл тумас.
2080. Жаман адам батып күнә қыла алмайды,
Қайтып тоба қыла алмайды.
2081. Жаман адам бір сөзде тұрмас,
Опасыздың ісін Құдай оңдырмас.
2082. Жаман адам шынын айтам деп, сырын айтады.
2083. Жаман адамға жақсы құрмет жараспас.
2084. Жаман адамға жасауыл қойсаң,
Үстіңе жау келтірер.
2085. Жаман адамға мал бітсе,
Жанына жақын қондырмас.
Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
2086. Жаман адамды жасауыл қылсаң,
Үстіңе жау келтірер.
2087. Жаман адаммен бірге ғұмырыңды зая жіберме.
2088. Жаман адамнан қарыздар болма,
Қарыздар болсаң да, алғаныңды қаражат қылма.
2089. Жаман адамның басына іс түссе,
«Ішінде мынау да бар» дер.

2090. Жаман айғыр үйірсек,
Жаман күйеу қайынсақ.
2091. Жаман айтпай, жақсы жоқ.
2092. Жаман ат алғанша, жер жастан.
2093. Жаман ат алу — ерлік емес.
2094. Жаман ат қамшыласаң да, өрге шаппас,
Жаманның жақсы адам бабын таппас.
2095. Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас,
Жаман адамға мал бітсе,
Жанына қоңсы қондырмас.
2096. Жаман атқа мінсең, жолың болмас.
2097. Жаман ауруға — жақсы ас.
2098. Жаман әдет жеңсе, өле-өлгенше қалмайды.
2099. Жаман әйел жақсы ерді өмір бойы қинайды.
2100. Жаман әйел жүрісінен тұл болады,
Жаман еркек жүрісінен құл болады.
2101. Жаман болып жаралған адамға
Тәрбиеден пайда жоқ.
2102. «Жаман» деген атың шыққанға дейін
Жаман ойлы адаммен бір жүрме.
2103. Жаман жайды білмейді,
Соқыр сайды білмейді.
2104. Жаман жақсыны еліктемей солықтайды.

2105. Жаман жақыннан жақсы дұшпан артық.
2106. Жаман жалынсаң да, кешпес,
Өтпес пышақ жанысаң да, кеспес.
2107. Жаман жауға болысар.
2108. Жаман жолдастан жақсы таяқ артық.
2109. Жаман жолдасың жартпас,
Жақсы атын артпас.
2110. Жаман иттің атын
Бөрі басар қояды.
2111. Жаман кісі аттан жығылса,
Жақсы кісі тобашыл.
Жақсы кісі аттан жығылса,
Жаман кісі тобашыл.
2112. Жаман кісі жақсы үйден ас іше алмас.
2113. Жаман кісі күн жаумай су болады.
2114. Жаман кісі мақтанса,
Жақсыны жағасынан алдым дер.
2115. Жаман кісі мақтаншыл болар.
2116. Жаман кісі тақпақшыл,
Жаман сиыр соқпақшыл.
2117. Жаман кісі іске саны жоқ,
Талқан асқа саны жоқ.
2118. Жаман кісінің атқаны тимейді,
Айтқаны келмейді.
2119. Жаман қатын алғанша,
Бойдақ жүрсе өлгенше.

2120. Жаман қатын алғанша,
Қатынсыз жүрген жақсырақ.
Ақымақ балаң болғанша,
Баласыз жүрген жақсырақ.
Жаман атқа мінгенше
Жаяу жүрген жақсырақ.
2121. Жаман қатын өлсе,
Төсек жаңғырар.
Жақсы қатын өлсе,
Бас қаңғырар.
2122. Жаман қатын, шабан ат уақытсыз қартаяр.
2123. Жаман қонақтан жарты аяқ ас қалады.
2124. Жаман қылық — ауыр жүк.
Жаман қылық өз дұшпаны істемегенді істейді.
2125. Жаман мақтансын десең, алысқа жібер.
2126. Жаман малды асырасаң,
Аузы-мұрныңды май етер.
Жаман кісіні асырасаң,
Аузы-мұрның қан етер.
2127. Жаман малды асырасаң,
Аузың-мұрның май болар,
Жаман кісі асырасаң,
Аузың-мұрның қан болар.
2128. Жаман мінез үлкендерді күйдіріп, кішілерді бұзады.
2129. Жаман өзінің халін өзі білмейді,
Көтенге өкпелеген құлдарша бырқылдайды.
2130. Жаман сайға су түссе,
Өткел бермес кешуге.
Жаман кісіге мал бітсе,
Сусын бермес ішуге.

2131. Жаман сайдың суы тасыса, өткел бермес,
Жаман байыса, сусын бермес.
2132. Жаман сылағанды білмейді,
Сиыр сипағанды білмейді.
2133. Жаман тойса, өкпе айтады,
Түйе тойса, көп кетеді.
2134. Жаман тонның биті ащы,
Жаман кісінің тілі ащы.
2135. Жаман төрдегі басын есікке сүйрейді,
Жақсы есіктегі басын төрге сүйрейді.
2136. Жаман төре жан алар.
2137. Жаман түйе жабуын жер.
2138. Жаман істен ғана емес,
Жаман сөзден де сақтан.
2139. Жаманға ас берсең, үйіңнен шықпайды,
Өлікке ас берсең, түсіңнен шықпайды.
2140. Жаманға ас берсең, үйіңнен шықпайды.
Өлікке дұға оқи берсең, түсіңнен шықпайды.
2141. Жаманға бола жақсының көңілі қалар.
2142. Жаманға да жақсыға
Жауап келер кешікпей.
2143. Жаманға достық жоқ,
Жақсыға жаттық жоқ.
2144. Жаманға жақсы адам жуық болар,
Жақсыға жаман адам суық болар.

2145. Жаманға жақсы сөз өтпес.
2146. Жаманға жақсылық айтпа,
Онан жақсылық күтпе!
2147. Жаманға жақсылық етпе,
Өзіңнің тиер басыңа.
2148. Жаманға кіріптар болғанша,
Жат та жаныңды қарма.
2149. Жаманға жалынғанша,
Жат та жаныңды қарман.
2150. Жаманға жалынғанша,
Жат та, жаныңды қина.
2151. Жаманға жан сырыңды айтпа,
Күндердің күні айғақ болар.
2152. Жаманға жолдасы жақпас.
2153. Жаманға жуыма, қанша таза болсаң да,
кірлеп кетеді.
2154. Жаманға қол ұсынып, жақсылық қылсаң,
Ол алдыңнан барыңды тартып алуға тырысады.
2155. Жаманға мал бітсе,
Жақынын танымас.
2156. Жаманға олжа түссе,
Көтере алмай көпке түсер.
2157. Жаманға олжа түссе,
Үлесе алмай көпке түсер.
2158. Жаманға сөз айтпа,
Жауырынға боқ сүртпе.

2159. Жаманға сөз айтсаң, алдады дер,
Жаман атпен су өтсең, жалдады дер.
2160. Жаманға сөзің айтылса,
Екі жағың кез болар.
2161. Жаманға сырыңды айтпа,
Жақсыға өтірік айтпа.
2162. Жаманға түн де қараңғы, күн де қараңғы.
2163. Жаманға ісің түспесін,
Қалыңға құсың түспесін.
2164. Жамандарға рахым қылу —
Жақсыларға жәбір берумен бірдей.
2165. Жамандасып алған жалғыз тай,
Жамандатып өлсе қайтерсің.
2166. Жаманды жақсы десең,
Бүйрегі қара қазандай болады.
Жақсыны жаман десең,
Көңілі төмен түседі.
Үлкенді жақсы десең,
Көңілі өседі.
2167. Жаманды жақын тұтпа,
Жақсыны қашықсынба.
2168. Жаманды жуытпа, жаныңа жамандық әкеледі.
2169. Жаманды жіберсең, «жау жетті» дер,
Жақсыны жіберсең, «жау кетті» дер.
2170. Жаманды көрсең, қаша жүр,
Қаша жүрсең, амансың.
2171. Жаманды мақтансын десең, жыраққа жібер.

2172. Жамандық аяқ астында,
Жақсылық ағаш басында.
2173. Жамандық етсең, салдарынан сақтан.
2174. Жамандық жақыныңнан шығар.
2175. Жамандық жалын секілді, өзін де,
өзгені де жалмай береді.
2176. Жамандық келетін жолды жомарттық қияды.
2177. Жамандық келсе қолыңнан, дұшпаныңа жасама,
О да бір күн дос болар.
2178. Жамандық көрмей жақсы болмас.
2179. Жамандық қылғанға жақсылық қыл.
2180. Жамандық қылсаң, бәле күт,
Бәріне де зауал бар.
2181. Жамандық қылсаң, жауабы өкініш болар.
2182. Жамандық істеп
«жаманшылықтан құтылам» деме,
Зауалдың келуі — табиғаттың заңы.
2183. Жаман-жақсы әр істі Құдай бастар,
Адамнан көреді кей байғұстар.
2184. Жаманмен жолдас болма.
2185. Жаманмен жолдас болсаң, жаныңда балтаң болсын.
2186. Жаманнан жарты аяқ ас қалар.
2187. Жаманнан би қойма, кесім салады,
Залымнан қарыз алма, өсім салады.

2188. Жаманнан би қойсаң,
Бір теңге ағасы болар.
Ағасын теңгеге сатып,
Дұшман оған табашы болар.
2189. Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
2190. Жаманнан жақсы, жақсыдан жаман туады деменіз,
Түбінде тартпай қоймас негізіне.
2191. Жаманнан жарты аяқ ас қайтады.
2192. Жаманнан туған жалпақ бас
Қашқан жауды қумайды,
Барған, қылған ісі тынбайды.
Бұрын әкім болмаған
Жұрт қамын, сірә, қылмайды.
Бұрыннан әкім болған ер
Жұрт қамынан мойын бұрмайды.
2193. Жаманның ақылы көзінде.
2194. Жаманның жаманы — уәде бұзған.
2195. Жаманның жаны тәтті,
Жақсының сөзі тәтті.
2196. Жаманның кесапаты тиер әр жерге,
Жақсының шарапаты тиер тар жерге.
2197. Жаманның кесапаты тиер әр жерде,
Жақсының шарапаты тиер тар жерде.
2198. Жаманның көрсеткенінен,
Жақсының айтқаны анық.

2199. Жаманның малы бар деп, қызын алма,
Жақсының малы жоқ деп, құр қалма.
2200. Жамансыз жақсы болмас,
Жақсысыз жаман болмас.
2201. Жамансыз жақсы жоқ.
2202. Жаманның ақылы түстен кейін кіреді.
2203. Жан ауырытқан дос емес.
2204. Жан бар жерде — қаза бар.
2205. Жан жолдасың — жарың.
2206. Жан қарындас болса да,
Мал қарындас емес.
2207. Жан тапсырар адамның
Аузына көкейіндегісі келеді.
2208. Жан тұрған жерде иман тұрады.
2209. Жан тыныштығы мен кедейлік
бір жерге сыйыспайды.
2210. Жанды сөздің жалынын білім маздатады.
2211. Жанжалдың шоғы қызарса, ақылдың суын сеп.
2212. Жаны таза адам сұлулыққа құмар келеді.
2213. Жаным, жарықтығым десе, жан семіреді.
2214. Жаным-тәнім — май шоқпар.
2215. Жанын сату — қателік.

2216. Жанынан безген мысық,
Жолбарыстың көзін шығарады.
2217. Жанынан кешпей жау жеңбес.
2218. Жаның қайда жай тапса,
Иманың сонда сағалар.
Жақсыға ерген жаман құр қалар.
2219. Жаның түгел шықса да,
Үлкен үмітті жоғалтпа.
2220. Жаныңнан кешпей жеңбек жоқ.
2221. Жанып тұрған шырақтың түбі қараңғы болады.
2222. Жаңа биден билік сұрама,
Жаңа байығаннан қарыз алма.
2223. Жаңа жылды наурыз білдіреді.
2224. Жаңадан дос тапқанда, ескі досыңды ұмытпа.
2225. Жаңадан дос тапсаң да,
Ескі досыңды ұмытпа.
2226. Жаңбыр жерді жазбай атады,
Жаңғырық жаңылмай тіл қатады.
2227. Жаңбырменен жер көгерер,
Дұғаменен ер көгерер.
2228. Жаңғыз үйдің қарғасы боққа тоймас,
Боққа тойса да шоқуын қоймас.
2229. Жақсылықты басыңа, басыңнан асса,
досыңа қыл.
2230. Жаңылған кісінің ісі бітпейді.

2231. Жаңылмайтын жақ бар ма, айтшы тыңдайын,
Жаңылғанның көрдім түмен мыңдайын.
Сөйлеген соң жаңылып та кетесің,
Ойлы кісі түзетеді қатесін.
2232. Жаңылмас жақ болмас,
Мүдірмес тұяқ болмас.
2233. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас.
2234. Жапа ғана келеді екен жападан,
Опа келер, бөтен емес, опадан.
2235. Жапа көрмей, ақырында опа таппас.
2236. Жапа көрмей жақсылық жоқ.
2237. Жапа қылғанға, опа қыл.
2238. Жапалақ көрсең атып ал,
Жаманнан басыңды сатып ал.
2239. Жапалақ құс мақтанар,
«Жар басынан тышқан алдым» деп.
Жаман адам мақтанар,
«Жалғыз ауыл қондым» деп.
2240. Жапалақ сылағанмен сұңқар болмас,
Жабайы ат мақтағанмен тұлпар болмас.
Жібек баулы қолыңнан түйғын ұшса,
Ер жігіттің маңдайынан бағы тайса,
Қол бұлғап шақырсаң да, енді болмас.
2241. Жаптым жала — жақтым күйе.
2242. Жар басына диірмен салсаң,
Жандәрменде жар құлар.
2243. Жар басына қонбаңыз,
Жар құласа, үй кетер.

- Залымға сырыңды айтпаңыз,
Жамандық қылса, бас кетер.
2244. Жарайтын киім таба алсаң, жалаңашқа жап.
2245. Жаралмақ бар да, жоғалмақ бар.
2246. Жарамсақтанған жатқанша таяқ жер.
2247. Жарамсақтың жолы жіңішке.
2248. Жарасыңнан жеміс асың көп болсын.
2249. Жарғанат жарықты сүймейді,
Күншіл ғылымды сүймейді.
2250. Жарлы адам жалаңаш адамның
үстіне ештеңе жаба алмайды.
2251. Жарлы байдың азығы,
Бала атаның қазығы.
2252. Жарлы болсаң, арлы бол.
2253. Жарлы болсаң, арлы болма.
2254. Жарлы болсаң, шашынба,
Қарыздар болсаң, дәусінбе.
2255. Жарлы кісі бай болса,
Көтін қоюға жер таппайды.
Бай кісі жарлы болса,
Бетін қоюға жер таппайды.
2256. Жарлыға берген кісі
Құдайға қарызға бергендей болады.
2257. Жарлылығын жасырған бай болмас.

2258. Жарлылық та жақсы екен,
Жатып ішер ас болса.
2259. Жарлылықтан қарлылық жаман.
2260. Жарлыменен құда болғанша,
Байменен барымталас бол.
2261. Жарлының байлығы — денінің саулығы.
2262. Жарлының жаны ардақты,
Байдың малы ардақты.
2263. Жарлының қатынының биігі жаман,
Пысқан астың күйігі жаман.
2264. Жарлының сөзі жалған,
Жалғыздың сөзі жалған.
2265. Жарлының ұлы болғанша,
Байдың құлы бол.
2266. Жарлының ұлы болғанша,
Малдының құлы бол.
2267. Жарықты күні жау жолықпас,
Жайлы күні қонақ жолықпас.
2268. Жарылқа кем-кетікті, жәрдемге ұмтыл,
Азат бас сондай жанға болады құл.
2269. Жас ағаш жанбайды,
Елшіні өлтірмейді.
2270. Жас ағашқа қу ағаш сүйеніп күн көреді.
2271. Жас бала бір тістем шекерге де алданады.
2272. Жас баланың қарны тойса, қатарын іздейді.

2273. Жас бұтақ қалауыңа қарай иіледі,
Иір ағаш тезге салмай түзелмейді.
2274. Жас кезінде білім берсең қалайда,
Өсе келе қолы жетер талайға.
2275. Жас, жастың тілегі бір,
Жібектің түйіні бір.
2276. Жасаған білмейді,
Қыдырған білер.
2277. Жасаған білмес, қыдырған білер.
2278. Жасауы мол қыздың күйеуі жуас келеді.
2279. Жасауылың тырна болса,
Күнің қиқумен өтер.
2280. Жасқаншақтың көзі сау.
2281. Жастық — мастық.
2282. Жастық өз уақытын білмейді.
2283. Жастың күші — байлықты қуып келетін жел.
2284. Жасы жетпей жаман азар шөкімдей,
Көп жасайды, ізгі жүрер өкінбей.
2285. Жасы жетсе де, ақылы жас адам бар,
Өз ақылы өзіне жау болатындар да бар.
2286. Жасы жетсе де, ақылы жас адам бар,
Өз ақылы өзіне жау болатын надан бар.
2287. Жасы кіші болса да,
Ақылы көпті аға тұт.

2303. Жатып алған қонақ жараспас.
2304. Жатып қалғанша, атып қал.
2305. Жау ақылын тыңдауға болады,
алуға болмайды.
2306. Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алады.
2307. Жау жоқ деме, жар астында.
Бөрі жоқ деме, бөрік астында.
2308. Жау кеткен соң қылышыңды жерге шап.
2309. Жау көргенде, алып ер арыстан болар.
2310. Жау сөзінен сақтан, айтқандарын кері істе,
Оңға жүр десе, солға жүр.
2311. Жау түбі ел болады.
2312. Жау тілегенге жасыл берер.
2313. Жауға жақын тұрма, қапыда қаласың.
2314. Жауға жаныңды бер, сырыңды берме.
2315. Жауда қалған бұлбұлдан,
Елге қайтқан ит озды.
2316. Жаудан құр қайтқанша, жаралы қайт.
2317. Жауды аяған жаралы қалар.
2318. Жауды көрсең баспалат, құтылғанша асықсын.
2319. Жауды сынасып ұрыспақ жоқ.

2320. Жауды төмен санасаң, басқа шығар,
Жай қалдырсаң, елемей аз жауыңды,
Жаулар елді, шағып бір күн тауыңды.
2321. Жаудың да бары жақсы,
Тезегі болса, жағарсың.
2322. Жаулар атын жаратса, жинала бер.
2323. Жаумен жағаласа түсу оңай, ажырасу қиын.
2324. Жауһар (інжу) қабыршағынан (сәдептен)
бөліп алғанда өте қымбат болады.
2325. Жауһар балшыққа түссе де, жарқырай береді,
Топырақ көкке ұшса, тозып кетеді.
2326. Жауһардың кенде жатқанда құны жоқ,
Қолға түссе, адамның бас киіміне тағылады.
2327. Жауыздық кішкентайдан өседі.
2328. Жауың болса, көп болсын,
Атының тезегін пайда қыласың.
2329. Жауыңды «құл қылам» десең,
Алтынмен аптап таста.
2330. Жауырын бұзылса, ел бұзылғаны.
2331. Жауырын бірге жабысса, ел де бірге араласады.
2332. Жауырынға келген бәле елге де келеді.
2333. Жаяудың аты — шарық, күші — азық.
2334. Жаяудың сыбағасын атты жемес,
Жесе де оны жұрт мақұл демес.

2335. Жаяудың шаңы шықпас,
Жалғыздың үні шықпас.
2336. Жә, еріншек өлер,
Жә, көңілшек өлер.
2337. Жәрдемсіз ер жау жеңбес.
2338. Же, қарама, жегенмен тоқтама.
2339. Жеген білмес, тураған білер.
2340. Жездің жайын зергер біледі,
Зыпталақ нені білер?
2341. Жел айдаса, қалың бұлт көшеді,
Пара кіріссе, қиын істі шешеді.
2342. Жел болмай, шөп қозғалмас.
2343. Жел иіс әкеледі, бірақ өзі иіскемейді.
2344. Жел қайда тоқтарын білмейді.
2345. Жел түбі — азық,
Жекен түбі — қазық.
2346. Желаяқ көрсең арып ал,
Жаманнан басыңды сатып ал.
2347. Желден келген желге кетер.
2348. Жемеймін-жемеймін деп отырып,
Жеңдей көтен тауысты.
2349. Жемесең де, май жақсы,
Бермесе де, бай жақсы.
2350. Жеміс пісіп жетілгенше өседі.

2351. Жемісті ағаштың басы төмен.
2352. Жентек жетімге тиген тентек.
2353. Жеп, ішуді біледі елдің байғұсы,
Қу тамақтан басқа жоқ қой қайғысы.
2354. Жер — анасы, мал — баласы.
2355. Жер астынан жік шықты,
Екі құлағы тік шықты.
2356. Жер жұтуға тоймайды,
От отынға тоймайды.
Көз көруге тоймайды,
Құлақ естуге тоймайды,
Көңіл естуге тоймайды,
Бөрі қойға тоймайды.
2357. Жер мен көк жаратылғалы бері
Бай мен кедей бірге жасап келеді.
2358. Жер таусыз болмайды,
Ел даусыз болмайды.
2359. Жер төбесіз болмайды,
Ел төресіз болмайды.
2360. Жер үстінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге білім қолды жеткізер.
2361. Жер шұқыған құдықтан ішеді.
2362. Жерден тапсаң, санап ал.
2363. Жерді тау басып ұстайды,
Елді бек басып ұстайды.
2364. Жердің көркі тал болар,
Елдің көркі мал болар.

2365. Жер жүзінде тіріге сән диқандар,
Жүретінге — ас, ұшқанға — дән диқандар.
2366. Жері байдың елі бай.
2367. Жетектеген ит қораға үрмейді,
Шал менен кемпір ойнап дәурен сүрмейді.
2368. Жетең жаман болмаса,
Жете жарлы болмайсың.
2369. Жетесі жаман жас бала
Тоқсандағы шалмен тең.
2370. Жетесіз батыр тез өлер.
2371. Жеті атасы би болған
Жеті жұрттың қамын жер.
Кенеттен би болған
Құлағы мен жағын жер.
2372. Жеті атасын білмеген мүрте-ді.
2373. Жеті өзектің иісін түлкі білер.
2374. Жеті рет піш, бір рет кес.
2375. Жетім бала — кекшіл.
2376. Жетім бала өз кіндігін өзі кеседі.
2377. Жетім бұзау асырасаң,
Ауыз-мұрның май етер.
Жетім бала асырасаң,
Аузы-мұрның қан етер.
2378. Жетім құрсағы жеті қабат.
2379. Жетімнің аузы асқа келсе, мұрны қанар.

2380. Жетімнің тойы жаңа көйлек кигенде.
2381. Жиылған малдың түбінде бір тозу бар.
2382. Жиюлы жатқан қазына да бір,
Үюлі жатқан топырақ та бір — екеуі де пайдасыз.
2383. Жоғалған затты жоқтама.
2384. Жоғалған пышақтың сабы алтын.
2385. Жоғары қарап пікір айт,
Төбеңе қарап шүкір айт.
2386. Жоғары қарап пікір қыл.
2387. Жоқ-жұтаңға жұма намаз алданыш.
2388. Жоқ-жітіктің сенер байлығы — білім ғана.
2389. Жоққа келе болса да тоқ.
2390. Жоққа сабыр, барға қанағат.
2391. Жоқталмағанның бәрі түгел.
2392. Жоқтық жомарт ердің қолын байлайды.
2393. Жоқтық ұят емес,
Байлық мұрат емес.
2394. Жоқшылық қолды байлайды.
2395. Жоқшылықта мешкейдің жаны шығар.
2396. Жол ақысы жүрмек,
Кісі ақысы бермек.
2397. Жол анасы тұяқ-ты.

2398. Жол үстінде жеген зағара ет татиды.
2399. Жолаушы көшке қайда жетсе, сарайы сонда.
2400. Жолаушыдан жолазық күтпе.
2401. Жолаушының үлеспеген еншісі бар.
2402. Жолға жомарт қонар,
Немесе мәрт қонар.
2403. Жолда жүріп жолаушы жай салдырмас,
Көшкен кісі жұртында түк қалдырмас.
2404. Жолдан жазған үй таппас.
2405. Жолдас ақысы — Тәңір ақысы.
2406. Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді жұмып жүр.
2407. Жолдасыңды жамандама,
Жақсы шықса, қайтерсің?
2408. Жолдасыңмен тату бол,
Өзгермесін ол адам.
Үй тауығын аяла,
Қырғауыл қумай даладан.
2409. Жолдасыңмен тату бол,
Досқа қару қолданба.
2410. Жолсыз кеткен қалаған жерімен жүреді.
2411. Жолсызбенен жүрсең, арбаға жаман,
Өрмен жүрсең, өгізге жаман.
2412. Жолаушының үлеспеген еншісі бар.
2413. Жолым үйді қанша мақтасаң да,
Киіз үйге тең болмас.

2414. Жомарт бергенін айтпас,
Ер айтқанынан қайтпас.
2415. Жомарт бол, жомарттық сені сүйкімді етеді.
2416. Жомарт болу — ізгі өмір.
2417. Жомарт ер жоқтығын білмейді,
Жүйрік ат тоқтығын білмейді.
2418. Жомарт ерге ел алғысын төгеді,
Сараң атын естісе, жұрт сөгеді.
2419. Жомарт жоқты білмейді,
Батыр көпті білмейді.
2420. Жомарт қол жәннатқа жетелейді.
2421. Жомарт қол қуатты қолдан жақсы.
2422. Жомарт өзі де жейді, өзгені де сыйлайды.
2423. Жомарт малға қайғырмас,
Білімді істе жаңылмас.
2424. Жомарттық — бақтағы мәуелі ағаш,
Тіпті сол ағаштың жемісі.
2425. Жомарттық жоқ атаққа жол ашады.
2426. Жомарттық пен адамгершілік — ата мен ана,
Адалдық пен инабаттық — солардың екі перзенті.
2427. Жомарттың аты талай жыл өтсе де,
Ел ауызында жүреді.
2428. Жорға мінген жолдастан айрылар,
Көп жасаған құрдастан айрылар.

2429. Жорға мінген жолдасына қарамас.
2430. Жорғалыға жолдас болма.
2431. Жөке қайыс болмас,
Қанша созып майлаумен.
Сағыз қарын тойдырмас,
Дамыл алмай шайнаумен.
2432. Жуастан жуан шығар.
2433. Жұдырық жұмсау — ерлік емес.
2434. Жұқа қалың болғанда, құрастыру қиын-ды,
Жіңішке жуан болғанда, үзіп тұру қиын-ды.
2435. «Жұмсақ» деп жыланға сенбе.
2436. Жұмсақты қию оңай,
Жұқаны жию оңай.
2437. Жұпар исі құтысында қалады.
2438. Жұпар исінен белгілі.
2439. Жұпардан жұпар исі шығады,
Көң-қоқыстан шірік исі шығады.
2440. Жұпарды жасырғанмен иісі білінеді.
2441. Жұрдай боп қиындық көрмей,
Байлыққа қол жетпейді.
2442. Жұрт жаманға қалды,
Жүк тайлаққа қалды.
2443. Жұрт қашатындай қатты болма,
Жұрт таптардай жұмсақ болма.

2444. Жұрт сүйгенді Құдай да сүйеді.
2445. Жұрт — уәлі.
2446. Жұртқа түйсік белгісімен білінер,
Түйсік болса, дереу көзге ілінер.
2447. Жұтқан жұтамас.
2448. Жұтқыншақтың өкпесі жұтатып бітеді.
2449. Жүгірген алмас, бұйырған алар.
2450. Жүгірген жетпес,
Бұйырған кетпес.
2451. Жүз есе тырыссаң да,
Мезгілі жетпей іс бітпейді.
2452. Жүз құбылып әрекет жасасаң да,
Бүкірлігің жазылмайды.
2453. Жүзіне қарама, өнеріне қара.
2454. Жүзінді ашық тұт,
Алдыңды жарық тұт.
2455. Жүйелі қарғыс жүйесін табады,
Жүйесіз қарғыс иесін табады.
2456. Жүйрік атқа мінген
Құдайды ұмытар.
2457. Жүйріктен ақыл сұрасаң,
Артыңнан жетер қуғандай.
Әкімнен ақыл сұрасаң,
Алды-артыңды буғандай.
2458. Жүнжімегін жүрсе дағы түк өнбей,
Оңса құлық, бәрі келер түгелдей.

2459. Жүрген аяққа жөргем ілінер.
2460. Жүрген — дайра,
Отырған — бойра.
2461. Жүргенге жүргем ілінеді,
Жатқанға шаң да жуымайды.
2462. Жүрек кімді қаласа, сол — сұлу,
Сүйген адамға жаның жол табады.
2463. Жүректен шыққан бір жалын
Бір тайпа елді өртейді.
2464. Жүріп кетсең, жетерсің,
Тұрып қалсаң, тынарсың.
2465. Жүрісі жаман жігітті
Ел ішінде жау алар.
2466. Жығылған сүрінгенге күледі.
2467. Жығылған күреске тоймас,
Ұялған тек тұрмас.
2468. Жығырмада жігітке шығар сақал,
Көктемде ұлыңа келер пиғыл.
2469. Жылаған көз де күлімдер.
2470. Жылағанды сұрама, күлгенді сұра.
2471. Жылағанның пайдасы жоқ.
2472. Жылағысы келген бала атасының
нәрсесімен ойнар.
2473. Жылайтұғын баланың үш күн бұрын
көті қышиды.

2474. Жылан жүрсе, иір-иір жүреді,
Ініне түзу барып кіреді.
2475. Жылан иір-иір жүрсе де,
Ініне кіргенде түзу кіреді.
2476. Жылан қанша қашса да,
Жұтар жауы алдынан шығады.
2477. Жылан өз бойының иір екенін білмейді,
Түйенің мойнын иір дейді.
2478. Жыланды құйрығынан ұстаушы болма.
2479. Жыланның басын жаудың қолымен мыжы.
2480. Жыланның басын кесіп алсаң да,
Кесірткедей қуаты бар.
2481. Жыланның сырты жылтыр, іші улы.
2482. Жыланның үш кесе де, кесірткедей
ауқаты бар.
2483. Жыласуға өз жақсы,
Сыйласуға жат жақсы.
2484. Жылға суы тасыса, тау тесіледі.
2485. Жылдығын ойламаған ерден без,
Айлығын ойламаған әйелден без.
2486. Жылқы кісінескенше,
Адам сөйлескенше.
2487. Жылқышы құс өзінің балшығына биік.
2488. Жылуы жоқ жүрек — қуыс кеуде.

2489. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
Қатты-қатты сөйлесең,
Кәпір діннен шығады.
2490. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
Ұра-ұра сөйлесең,
Ақыл естен шығады.
2491. Жым болып тіл тұрмайды кесілмесе,
Білім — тұл, тілден шығып есілмесе.
2492. Жырақ жер хабарын (сөзін) керуен әкеледі.
2493. Жыртық тесікке күледі.
2494. Жыртық үйге тамшы ойнайды,
Арық атқа қамшы ойнайды.
2495. Жыртық үйді жел табар,
Өтірік сөзді жан табар.
2496. Жібекті сақтай білмеген жүн етеді,
Ерді сақтай білмеген құл етеді.
2497. Жібекті ұстай алмаған жүн қылады,
Қызды асырай алмаған күң қылады.
2498. Жібекті ұстай білмеген жүн қылады.
2499. Жігіт адамға қуаныш жарасады.
2500. Жігіт бір түрлі болғанша,
Сегіз қырлы болсын.
2501. Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз.
2502. Жігіт — жігіттің пірәдәрі.

2503. Жігіт — жігіттің көзі.
2504. Жігітке қырық жыл байлық жоқ,
Қырық жыл жарлылық жоқ.
2505. Жігітсінген желбуаз келеді.
2506. Жігіттер, ерте тұрып мал күтіңіз,
Ерніңнің шошақайы майға батар.
2507. Жігітті Құдай ұрарында жорта бастайды,
Байталды Құдай ұрарында құлын тастайды.
2508. Жігіттік — абзалы ғой бар өмірдің,
Жоғалар оғындай боп о да мірдің.
2509. Жігіттік деген — қызыл гүл, солмайын десең, үйлен.
2510. Жігіттің ағы билемес, бағы билер.
2511. Жігіттің дені сау болса, сол — дәулет.
2512. Жігіттің ерінгені —
Көрінің көрінгені.

З

2513. Залым әкім істі бітірмейді,
Әділ әкім істі уақытынан өткізбейді.
2514. Залым жайын залым білер,
Ғалым жайын ғалым білер.
2515. Залыммен бірге өмір сүрген адам да
залымдық жасайды.
2516. Заман жаман болса,
Қотаның кетер.

- Малың кетсе,
Басың бірге кетер.
2517. Заман өтер, кісі тоймас,
Адам баласы мәңгі қалмас.
2518. Заманның азғаны,
Аттан байтал озғаны.
2519. Заманың қалай айналса, солай айнал.
2520. Заманың қалай болса,
Бөркіңді солай ки.
2521. Заманың түлкі болса, тазы болып бір шал.
2522. Заманың түлкі болса,
Тазы болып шалып қал.
2523. Зәріне шыдамайды екенсің,
Шаянның ініне саусағыңды сұқпа.
2524. Зейінді ұғар, ай мен күндер озады,
Әр күн сайын әрбір нәрсе тозады.
2525. Зер қадірін зергер білер.
2526. Зерделі кісі бәрінен де жоғары тұрады.
2527. Зорлық қылғанды кешіру —
Сорлы адамдарды зорлаумен бірдей.
2528. Зорсынғанға қамшы бар,
Сом темірге балға бар.
2529. Зорсынғанға Құдай бар,
Зор темірге балға бар.
2530. Зұлым адам сұлтан бола алмайды,
Қасқыр қой бағып шопан бола алмайды.

И

2531. Иген басты қылыш кеспес.
2532. Игі адамның «жомарт» аты шығады,
Ол өлсе де, «тірі» деп жұрт ұғады.
2533. Игі істің басы — тіл.
2534. Игілікті істі өсек бұзады.
2535. Иегіне қарай сақалын күзейді.
2536. Иесі екі етем десе,
Тәңірісі бір етер.
Жанжал қуған адамнан
Қасиетсіз мал кетер.
2537. Иесі семіз, аты арық тұз жұтынан сақтасын,
Қатыны семіз, ері арық үй жұтынан сақтасын.
2538. Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал.
2539. Иесіне қарай биесі,
Сабасына қарай піспегі.
2540. Ит — опа,
Хайуан — жапа.
2541. Ит асы — қара быламық.
2542. Ит атасын танымас.
2543. Ит баласы тура азар.
2544. Ит біткен үйіріліп қалады,
Керуен көшіп кетеді.
2545. Ит жалдаған суға кетер,
Ат жалдаған мұратқа жетер.

2546. Ит жеңгенін талайды.
2547. Ит жоқта шошқа кіреді қораға,
Би жоқта құл кіреді жораға.
2548. Ит жүйрігін түлкі сүймес,
Ауру кісі күлкі сүймес.
2549. Ит итті жұмсар,
Ит құйрығын жұмсар.
2550. Ит қақпаға келгенді қаппаса,
Қартайғанша қайғырады.
2551. Ит қаппас деме,
Ат теппес деме.
2552. Ит қарғылы болса, қайырғанға қарамас.
2553. Ит қорыған жерге өш.
2554. Ит құрсағына сары май келіспес.
2555. Ит құрсағына сарымай жақпас.
2556. Ит ішіне сары май жақпас.
2557. Ит құтырса, иесін қабар.
Торғай құтырса, бүркітке шабар.
2558. Ит құтырса, иесін қабады.
Шымшық құтырса, бүркітке шабады.
2559. Ит — опа, қатын — қапа.
2560. Ит өз ауылында құйрығын жоғары көтерер.
2561. Ит семірсе иесін қабар,
Құл құтырса, құдыққа қармақ салар.

2562. Ит терісі и болмас,
Тоқалдан туған би болмас.
2563. Ит терісі үй болмас.
2564. Ит тойған жерін табар,
Ер туған жерін табар.
2565. Ит ұялса, ұлтаныңды жалар ма еді.
2566. Ит үреді, басына пайдасы жоқ.
2567. Ит үрер, керуен көшер.
2568. Ит ұяласынан мұқалады,
Адам өзінің қарындасынан тоқталады.
2569. Итке ұят келсе, сирақ тастасаң да, жемейді.
2570. Ит өзін-өзі бітірер,
Ақырын ісін бітірер.
2571. Итпен құда болсаң, боқпен тойың өтер.
2572. Итті жаман үйреткен — салақ қатын.
2573. Итті күшігім-күшігім десең, басқа шапшыр.
2574. Иттің басын алтын табаққа салсаң,
Шоршып түсер.
2575. Иттің басын табаққа салсаң,
Ыршып түсер.
2576. Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышады.
2577. Иттің иесі бар,
Түлкінің Тәңірісі бар.

2578. Иттің ұлығанын бөрі есітпес,
Бөрінің ұлығанын Тәңірі есітпес.
2579. Иттің шағыр көзі аттың шағыр
көзіне ұқсас болғанмен,
Аттың көзі иттің көзіне ұқсамайды.
2580. Иықтағы жауыр ұлға қалады,
Жауырындағы жауыр ұлға қалады.
2581. Иір біткен ағашты тезден басқа түзете алмайды.

К

2582. Кіші үлкенмен керіспес,
Қырғи сұңқармен көріспес.
2583. Кәрі болсаң, жастығыңды айтпа,
Жарлы болсаң, байлығыңды айтпа.
2584. Кәрі қатын бала тапса,
Қоярға жер таппайды.
2585. Кәрі қыз бай таңдамас.
2586. Кәрі таппағанды бөрі тапқан.
2587. Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болады.
2588. Кәрі, жас құрдастықтан білінер,
Жақсы, жаман құдасынан білінер.
2589. Кәріге жігіттік қылған жараспайды.
2590. Кәрі-жас құрдастықтан білінер,
Жақсы-жаман құдасынан білінер.
2591. Кәрілік — дауасыз дерт.

2592. Кәрілік келсе, жігіттіктен қол үз,
Өзен кері қарай ақпайды.
2593. Кедей емес, бай болуды көздесең,
Зина қылып ел арасын кезбе сен.
2594. Кедей үйді бойдағы билейді,
Жаман үйді қонағы билейді.
2595. Кедейдің бір асағаны — шала байығаны.
2596. Кедейдің кербезінен сақта.
2597. Кедейдің отынын күшпен зорлап, арзанға алады.
2598. Кедейдің өзі тойса да, көзі тоймайды.
2599. Кедейлігіңді ағайының білдіреді,
Қадіріңнің бар-жоғын қатының білдіреді.
2600. Кедейлік — кемдік емес:
Мал көздеме, ойлама аздың тақ-тұғын,
Бүтін киім, ойла тамақ тоқтығын.
Бай-кедейлік қара бастың ісі ғой,
Деме «кемдік» пайда, мүлік жоқтығын.
2601. Кедейліктің шоқтығы —
Ертеңгі астың жоқтығы.
2602. Кезі келсе, кесек ат.
2603. Кей ақымақ дұспанымен дос болады,
Досымен қас болады.
2604. Кей ақымақ тойғанына семіреді,
Жаман дос төс ашпасаң, не біледі.
2605. Кейбіреу етігін майлар,
Етігі етегін майлар.

- Етегі көпшігін майлар,
Көпшігі көтін майлар.
2606. Кек қайырғанша, кешірген жақсы.
2607. Келбеті келгеннен кеңес сұра.
2608. Келген дәулет — кеткен бейнет.
2609. Келгеннің маңдайынан,
Кеткеннің арқасынан сипа.
2610. Келгені — дәулет,
Кеткені — бейнет.
2611. Келсе қалап егер де, тұрсын ас-су, жұтымы,
Қарғыс айтар қонақтар, кәде көрсе жұпыны.
2612. Келсе қонақ ашылмаған сор-мұңы,
Әкел асты, көп ұстама сорлыны.
2613. Келін айғыр шықты,
Кемпір саяқ шықты.
2614. Келіннің аяғынан,
Қойшының таяғынан,
Жылқының саяғынан.
2615. Келіннің үш күйеуі болады:
Алғашқы күйеуі — алтын елі,
Екінші күйеуі — ар-намысы,
Соңғы күйеуі — алған жары.
Алтын елге болаттай берілсе,
адалдықпен аты шығады.
Адал атын сақтаса, алған жары қайда бармақ!
2616. Келіп көрмей, сыйын сұрама.
2617. Келісті кісіге ескі киім де жарасады.

2618. Келісіп істесе, көп іс бітеді.
2619. Кем болма, кең бол.
2620. Кемеге мінген теңізге шығады.
2621. Кемеге мінгеннің жаны бір,
Айтулы достың малы бір.
2622. Кемел ақыл жоқ болса, тілінді тый.
2623. Кемеші Нұх пайғамбар болғанда,
Теңіз қатты толқыса, кім қорқады.
2624. Кемпір билей білмейді: «Жер тар» дейді.
2625. Кемшілік көрмей, маңдайға тимес.
2626. Кең киім тозбайды,
Кеңескен білім азбайды.
2627. Кеңескен ел азбайды.
2628. Кеңескен жан оңғара алар өз ісін,
Кеңеспесең, өкініштің көзісің.
2629. Кеңеспеген кейін өкінер.
2630. Кеңесті білім озады.
Кеңессіз білім азады.
2631. Кеңесті тон келте болмас.
2632. Кеңесті хан азбайды,
Кең киім тозбайды.
2633. Кеңшілік бақша болғанда,
Ақпейіл соның гүлі ғой.

2634. Кепкен ағаш иілмес,
Құрулы кіріс түйілмес.
2635. Кепіл болмасаң, болып қара.
2636. Кепілдар болғанша қолыңмен от көсе.
2637. Керек тастың ауырлығы жоқ.
2638. Керексіз сөз күйдірер от сияқты.
2639. Керекті достың көңілін табу үшін
Әкеңнің үй-орманын сат.
2640. Керекті жерінде ғана сөйлеген — мақұл,
Орынсыз жерде сөйлемеген — ақыл.
2641. Керекті сөз өз жерінде айтылсын.
2642. Керсенді алдыға қойдым,
Кездікті қолыға бердім.
2643. Керуен сайын қоңырау —
Жолдан адам жазбау үшін.
2644. Керуеннің түнгі жүрісін бозторғай біледі.
2645. Кері кеткеннің сақалы кеңірдегіне шығар.
2646. Кесек атқанға тас ат.
2647. Кет, малғұн, таздың үйіне.
2648. Кетпеннің басын бассаң,
Сабы басыға тиер.
2649. Кеуде керме, содан алғыс аласың,
Сараң болсаң, тек қарғысқа қаласың.

2650. Кеуде кермей, жақсыға бол жан қияр,
Жақсы ісі жоқ мақтанса, құр аңқияр.
2651. Кеш оңбаған
Еш оңбас.
2652. Кешігіп келген білімнің пайдасы жоқ.
2653. Киімі жаманды ит қабады,
Пейілі жаманды Тәңірім табады.
2654. Киіз кімдікі болса,
Білек сонікі.
2655. Киімнің тозбайтыны — әділдік тоны:
Туралық тонын ки, өтірік тонын шеш.
2656. Киімі жаманды ит қабады,
Пейілі жаманды Тәңірім табады.
2657. Көгершін ұшса, үйренген жеріне қонады.
2658. Көгеріп, құрғап, қатқан нан аш адамға шекердей.
2659. Көз — жіті, құлақ — сақ,
Көңіл кең болу керек.
2660. Көз — қорқақ, қол — батыр.
2661. Көз жаманы қыраудай,
О да кетер бір күні.
Кетпес қырау келіндей
Жаның күйер әр күні.
2662. Көз көргенше ауыз бақыр сөйлеп қалады.
Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады.
2663. Көз көрмей, көңіл тоймас.

2664. Көз көрсе, жүз ұялар.
2665. Көз қайда түссе, көңіл де сонда.
2666. Көз қорқақ, қол батыр.
2667. Көз маңдайдан жоғары болмас.
2668. Көзбен көрмей, құлақпен естімей нанба.
2669. Көзден кетсе, көңілден де кетеді.
2670. Көзден кетсе, көңілден өзге болар.
2671. Көзді ұялу үшін берген.
2672. Көздің сұғы құраған құм сияқты,
Қанша дария келіп құйса да, тоймайды.
Наданның көңілі де құм сияқты,
Қанша дария келіп құйса да, толмайды.
2673. Көзеде не болса, сол құйылады.
2674. Көзі жоқтың сөзі жоқ.
2675. Көзі қарайып аш жүрген адам
Өзгенің қарнын тойдырмас.
2676. Көзі тоймайтын адамды
Дүниенің байлығы да тойдыра алмайды.
2677. Көзінің жасы көл болды,
Жасына етегі толды.
2678. Көзінің сұғы болса, өзінің түгі болмайды.
2679. Көк езу — жаман пиғыл нәмарт кісі,
Адамның қадірлісі — жомарт кісі.

2680. Көк ит жеңбес,
Көп ит жеңер.
2681. Көк күмбезі мәңгілік:
Туған адам өлер бір күн санды ұрып,
Күн мен жұлдыз мәңгі тұрар жаңғырып.
2682. Көк темір тек тұрмас.
2683. Көкаршын ұшар жем үшін,
Ерлер жортар мал үшін,
Қатын-бала қамы үшін.
2684. Көктегі айға қолыңды созба.
2685. Көл мен өзен тасиды,
Шөп пен ағаш жасиды.
2686. Көл суалса, тақыр болар,
Бай жарлы болса, пақыр болар.
2687. Көлде жүрген қоңыр қаз
Шөл қадірін білер ме!
Шөлде жүрген дуадақ
Көл қадірін білер ме!
2688. Көлде жүрген қоңыр қаз
Шөл қадірін білмейді.
Шөлде жүрген бұлдырық
Көл қадірін білмейді.
2689. Көне садақты деме,
Атқанын көрерсің.
Көне етікті деме,
Атасын білерсің.
2690. Көңіл — түпсіз терең теңіз бүгінде,
Білім — інжу жататұғын түбінде.

2691. Көңіл аудар даналардың сөзіне,
Адал жанды өнеге тұт өзіңе.
2692. Көңіл берме, көңіл бермес кісіге,
Асыққан кісімен жолдас болма.
2693. Көңіл берме, көңіл бермес кісіге.
2694. Көңіл беріп бір нәрсеге сиынба —
Одан кейін ажырасу қиын да.
2695. Көңіл бір атым насыбайдан қалады.
2696. Көңіл кірі айтқанда кетеді,
Көйлек кірі жуғанда кетеді.
2697. Көңіл кірі, айтса, кетер,
Көйлек кірі, жуса, кетер.
2698. Көңіл қазынасының құлпы — тіл,
Ол қазынаның кілті — сөз (біл!).
2699. Көңілде тұт, сырыңды елге жайма.
2700. Көңілді төмен тұт,
Жүзіңді ашық тұт.
2701. Көңілмен ашқан есікті қатты жаппа.
2702. Көңілшек кісілер тез қауышады.
2703. Көңілі білімсіздің құмдай болар —
Құйса да дария тасып жымдай болар.
2704. Көңілі кедейді зорлап байыта алмайсың.
2705. Көңілі қараның көңілінде қайғы тұрмас.

2706. Көңілің кімді қаласа — сол сұлу:
Соның сұлу — көңіл кімді қаласа,
Құлай сүйіп, бір жанына баласа.
2707. Көңілің таза болса, түнде жүрмей, күндіз жүр.
2708. Көңіліңді берсең, жаныңды алуды
ойлайтындар бар.
2709. Көп адам күшті,
Көк иірім су қауіпті.
2710. Көп ақымақтың ағасы болғанша,
Көп ақылдының інісі бол.
2711. Көп ауру көр аузынан қайтар.
2712. Көп ауыз бір болса,
Бір ауыз жоқ болады.
2713. Көп әулие — көл дәрия.
2714. Көп болған нәрсенің дәмі кетеді,
Аз да болса, сазы жақсы.
2715. Көп бүлінбе, тіл пайдасы мол өзі,
Бір мақталып, бір датталар ол өзі.
2716. Көп біліп, аз сөйле.
2717. Көп елді раймен алса, түзелер,
Қылышпен алса, бұзылар.
2718. Көп жаманның ішінде,
Бір жақсысы болмаса,
Серкесіз жүрген қоймен тең.
2719. Көп жасаған білмес,
Көп қыдырған білер.

2720. Көп жасаған не білер,
Көрген (көп жүрген) сол білер.
2721. Көп жасағаннан ақыл сұрама,
Көп көргеннен ақыл сұра.
2722. Көп жастың ішінде бір кәрі болса, даң болар,
Көп кәрінің ішінде бір жас болса, дана болар.
2723. Көп жеген адам көп ауырады.
2724. Көп жеймін деген аз жейді,
Аз жеймін деген көп жейді.
2725. Көп жинаған дүниеден көрікті түс жақсы.
2726. Көп жүрсең, күнә қосарсың,
Сонсоң отқа күйерсің.
2727. Көп күлген ақыры бір жылап алар,
Қаншама сарай салсаң, құлап қалар.
2728. Көп күлген бір жылар.
2729. Көп қайнаған ас бұзылады.
2730. Көп қарттың ішінде бір бала болса, дана болар,
Көп баланың ішінде бір қарт болса, бала болар.
2731. Көп қорқытады,
Терең батырады.
2732. Көп наданның ішінде бір ғалым отырса,
Көп соқырдың арасында
Бір жарық шам жанып тұрғандай болады.
2733. Көп ойнаған (құмарпаз) әкім
Елін жеп бітіреді.

2734. Көп сағыныштың бір сүйініші бар,
Көп аштықтың бір тоқтығы бар.
2735. Көп сөз — боқ сөз,
Аз сөз — рас сөз.
2736. Көп сөз — бос сөз,
Аз сөз — рас сөз.
2737. Көп сөз құлаққа жақпайды,
Ақылды адам аз сөйлейді.
2738. Көп сөзге көрсетілген қошаметтің пайдасы аз.
2739. Көп сөзді ұғып болмас,
Жартасты жығып болмас.
2740. Көп сөздің азы жақсы, аз сөздің өзі жақсы.
2741. Көп сөйлеген дәмсіз сөйлейді.
2742. Көп сөйлеген көп жеңілер,
Көп жеген көп жығылар.
2743. Көп сөйлеген қалай да жақсы емес.
2744. Көп сөйлеген мылжың болар.
2745. Көп сөйлеме, азбен келтір иінін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.
2746. Көп сөйлесе, дәмсіз болар,
Аз сөйлесе, дәмді болар.
2747. Көп сұрамаса, аз бермес.
Ақымақ көп сұрар,
Ақылды аз берер.

2748. Көп сұранбаса, аз бермес.
Ақымақ мол сұрар,
Ақылды аз берер.
2749. Көп сұратып берсе, қадірлі болар,
Аз сұратып берсе, қадірсіз болар.
2750. Көп сүйінсең, қатты өкінерсің де.
2751. Көп түкірсе көл болар.
2752. Көп тыңда, аз сөйле!
2753. Көп тілегі — көл деген.
2754. Көп халық ыдыраса,
Аз халыққа жем болады.
2755. Көпке жазба,
Құдайға жазба,
Құдайға жазсаң, жоқ қылар.
Көпке жазсаң, ит қылар.
2756. Көпке жазба:
Көп те бірдей,
Терең су да бірдей.
2757. Көпке тентек Құдайға да шет болады.
2758. Көптен көп шығын шығады,
Аздан аз шығын шығады.
2759. Көптен түлкі құтылмас.
2760. Көпті жамандаған көмусіз қалар.
2761. Көпті көрген — көл.
2762. Көптің дұғасы қабыл.

2763. Көрген жерде бой сыйлы,
Көрмеген жерде тон сыйлы.
Қалаға барсаң, ақшасыз барма,
Далаға барсаң, қарусыз барма.
2764. Көргенді көрмеген жеңер.
2765. Көрдім деген көп сөз,
Көрмедім деген бір сөз.
2766. Көре-көре көсем болар,
Сөйлей-сөйлей шешен болар.
2767. Көрем десең табиғаттай зергерді,
Әр күн сайын аралай бер әр жерді.
2768. Көркейгеннің аяғы — қор боп қалу.
2769. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп.
2770. Көрмегеннің елі жат,
Көрмегеннің жері жат.
2771. Көрмес түйені көрмес,
Білмес Құдайды білмес.
2772. Көрпе салғанға көрпе сал,
Атаңнан қалған құл да болса.
2773. Көрпеңнен артық көсілсең, аяғың тоңады.
2774. Көрсетпеген өнер зая кетеді.
2775. Көрсетсе мейірбандық бейімделіп,
Шапағат сыйла сен де пейілденіп.
2776. Көрші ақысы — Құдай ақысы.
2777. Көрші, ағайын-туысқа аса құрмет қылайық,
Тарту алсаң, дайында қарымтасын лайық.

2778. Көршілестің тауығы біреуге қаз болып көрінеді.
2779. Көріксіз әйелдің күйеуі көзсіз болсын.
2780. Көріксіз келінге әдемі киім жараспайды.
2781. Көрікті жан алыста тұрып-ақ торға түседі.
2782. Көрінгеннің алыстығы жоқ,
Көтергеннің ауырлығы жоқ.
2783. Көрініп тұрған ауылдан,
көрінбей тұрған бұлт жақын.
2784. Көріп алған көріктіден
Көрмей алған текті артық.
2785. Көріп алған сұлудан
Көрмей алған текті артық.
2786. Көріп алмай кіріспе,
Асыға бермей құр іске.
2787. Көріп алсаң, көріктісін ал,
Көрмей алсаң, тектісін ал.
Таба алсаң, таспа сыртты құбаны ал,
Иен таппасаң, азбас-тозбас қараны ал.
2788. Көсеу ұзын болса, қол күймес,
Ағайының көп болса, адам тимес.
2789. Көтергеннің ауыры жоқ.
2790. Көтермеске біткен мал,
Билемеген жынмен тең.
Тыңдамасқа айтқан сөз,
Елекке салған сумен тең.
2791. Көтерілсең, құр салтанат құрмағын,
Төмендесең, текке қарап тұрмағын.

2792. Көтіңді көтерсең де, көпшікке бір қоярсың.
2793. Көш басы қайда барса, соңы да сонда барады.
2794. Көш мәнісін білмеген,
Көшсе, түйе өлтірер.
Сөз мәнісін білмеген,
Сөйлесе, сөзді өзіне келтірер.
2795. Көше білмес жамандар
Көшсе, көлік өлтірер.
2796. Көшер болсаң, көшіңді бұрын жібер.
2797. Көшерге келгенде қоныс жаман,
Тастарға келгенде қатын жаман.
2798. Көшермен болса, жұрт жаман,
Тастарман болса, қатын жаман.
2799. Көшермен болса, жұрт жаман,
Тастайтын болса, әйел жаман.
2800. Көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі.
2801. Көшетінімді жел біледі,
Қонарымды сай біледі.
2802. Көшкен жұрттың қадірі қонғанда өтер,
Жігіттің қадірі өлгенде өтер.
2803. Көшкен көш қашқанға ұқсайды,
Қонғанда елге ұқсайды.
2804. Көшпенді сарай салмас ақша пұлдап,
Жолаушы жолда жатпас айлап, жылдап.
2805. Көшсек, көш қасындамыз,
Отырсақ, от басындамыз.

2806. Көштің — талық,
Қондық — халық.
2807. Көштің байсал тапқаны —
Көк орайға қонғаны.
Друдың байсал тапқаны —
Көлденеңге барғаны.
2808. Күәсі бар жерде, дәлелі дайын.
2809. Құдықты көздеуі бар жерден қаз.
2810. Құлағанның сұрағанын өтесең,
Өтеуін Құдай береді.
2811. Күз келері көктемде белгілі,
Күз келері жазда белгілі.
2812. Күйеу жүз жылдық,
Құда мың жылдық.
2813. Күйеу отырса тәжім, тұрса тәжім.
2814. Күйеуіне ренжіген әйел
Қазының сөзіне қарап татуласпайды.
2815. Күйсізден құт қашады.
2816. Күл төбе болмас,
Күйеу бала ұл болмас.
2817. Күлге үргеннен көзге үрген жақсы.
2818. Күлген басқа келер.
2819. Күлген күле жетер,
Артынан қуа жетер.
2820. Күлді үргеннен шоқты үрген игі.

2821. Күле келіп сұраған кісінің ісі тоқтамайды.
2822. Күле сөйлесе, күллі тілек айтылар.
2823. Күлекештің қызын алма,
Білместің тілін алма.
2824. Күлме досыңа, келер басыңа.
2825. Күмісті көріп көңілі бұзылмаса,
Ол адам «нағыз періште» дей бер.
2826. Күмісті күнмен күптесе,
Алтын өз аяғымен келер.
2827. Күмісші оқасын мақтар.
2828. Күн көзінде сызат жоқ,
Бек сөзінде қайту жоқ.
2829. Күн көзінде тесік жоқ,
Бек ісінде кесік жоқ.
2830. Күн көрмеген күн көрсе,
Күндіз шамы сөнбейді.
Мал көрмеген мал көрсе,
Кісіге көз салмайды.
2831. Күн қанша биік болса да,
Оның бетін тоқымдай бұлт жабады.
2832. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.
2833. Күн шыққанда шамның керегі жоқ.
2834. Күнәлі жан ылғи жақсылық күтеді.
2835. Күнге қарағанның көзі қарығар.

2836. Күнде тойсаң, боларсың,
Жұмада бір тойсаң, боларсың.
2837. Күнде тойсаң, бөлерсің,
Аптада бір тоймасаң, өлерсің.
2838. Күндестердің күліне дейін жау.
2839. Күнді уақыт тездетіп,
Адамның күшін жемірді,
Өлімнен қашып құтылмай,
Ер кетті тастап өмірді.
2840. Күндік жолға шықсаң,
Алты айлық (алты күндік) азық ал.
2841. Күннің бәрі жаз емес,
Көңілдің бәрі наз емес.
2842. Күннің көзін алақанмен жауып болмайды.
2843. Күншіл адам — мұңшыл.
2844. Күншіл адам күн бойы ренжіп жүреді.
2845. Күншіл күнде күңіренеді,
Жомарттың көңлі күнде жай.
2846. «Күншілдік» деген ауруға өлімнен басқа дауа жоқ.
2847. Күншілдік — көп емдейтін дерт.
2848. Күні туғанда әкесін өлтірген
адамды да «досым» дерсің.
2849. Күні-түні бойра тоқитын шебер
Торқа да (атлас) тоқи алады екен деп ойлама.
2850. Күңге күле қарасаң,
Көйлегіне жамау сұрайды.

2851. Күшпен күйретіп, дүниені жаулап алуға болмайды.
2852. Күресерге дәрмен жоқ,
Іш қазандай қайнайды.
2853. Күтімді кісі тез қартаймайды.
2854. Күш әкесін танымас.
2855. Күш есіктен кірсе,
Әділдік түндіктен қашады.
2856. Күш жұмсап, қорлық іздеме.
2857. Күшті кісі — құт көзі.
2858. Күшті кісі шалып та жығады,
Алып та жығады.
2859. Күштіге сыйынсаң, Құдайға сыйын.
2860. Күштіден гөрі, көрегендік жақсы.
2861. Күштіменен алысқан әлсіз,
Өз қолын сындырады.
2862. Күшіген (тазқара) ысқырса, адам өледі.
2863. Күшіген жем көрсе, тік құлайды.
2864. Күшіген құс жемтікке шүйілер тез,
Есті кісі ақылға иілер тез.
2865. Күшіне қарай ісі.
2866. Күшің бізге жеткенмен, Құдайға жетпейді.
2867. Кілеміңе қарай көсіл.

2868. Кім атағын жалған тілмен жырлайды,
Ел ішінде сол беделден жұрдай-ды.
2869. Кім білімді көп біліп, көңілде тұтса,
Оның дәулеті артады.
2870. Кімде-кім басқаның айыбын саған айтса,
Сенің айыбыңды басқаға да айтады.
2871. Кім елді жақсы басқара білсе,
Соның билігі ұзаққа барады.
2872. Кім Құдайдан безсе,
Шайтан соны сүйеді.
2873. Кім құтылды өлімнен қашып,
Кім сытылды уақыттан асып.
2874. Кім маған берсе,
Мен де оған беремін,
Кім маған бермесе,
Мен де оған бермеймін.
2875. Кім мұсылман, кім кәпір?
Тіл — мұсылман, дене — кәпір.
2876. Кім өзін жұрттан артық санаса,
Сол — ақымақ.
2877. Кім сақ болса, сол үстем болар.
2878. Кімде сүйеу болса, сол басым.
2879. Кімді қорласаң, содан зар тартарсың.
2880. Кімнің жерін жерлесен,
Соның жырын жырларсың.
2881. Кімнің жерін жерлесен,
Соның суын суларсың.

2882. Кімнің жерінде болсаң,
Соның жырын жырла.
2883. Кімнің малы көп болса,
Соған билік оралар.
2884. Кімнің ұлы, қызы болса тым аяр,
Соның өзі зар жылар да, мұңаяр.
2885. Кірді сумен жуады,
Суды немен жуады?
2886. Кіріске қарай шығыс қыл:
Кейде шығын шығар болса бір іске,
Оның өзін шамалап ал кіріске.
2887. Кісенді кісі қаша алмас,
Айдаған жаққа жүреді.
2888. Кісі айыбын ашқаннан жапқан жақсы.
2889. Кісі айыбын шұқылаған кісі,
Өз айыбына келгенде көзіне шел қаптайды.
2890. Кісі аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.
2891. Кісі алдындағы асқа қолыңды созба.
2892. Кісі аты тершіл,
Кісі киімі кіршіл.
2893. Кісі ауырса, емші емдейді,
Емші ауырса, кім емдейді?
2894. Кісі баласы сөйлескенше,
Жылқы баласы иіскескенше.
2895. Кісі бергені кісіге ырыс болмас.

2896. Кісі болар баланың
Кісіменен ісі бар,
Кісі болмас баланың
Кісіменен несі бар.
2897. Кісі болған кісіні
Кісесінен танымын,
Кісі болмас кісіні
Мүшесінен танымын.
2898. Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.
2899. Кісі еті тіріде тәтті (адам аман-сауында керек).
2900. Кісі жұртына күшпен келіп қонған оңбайды.
2901. Кісі жырын жырлама,
Өз жырыңды жырла.
2902. Кісі көңілі түпсіз теңізбен тең.
2903. Кісі көңілін танытатын — тіл мен сөз,
Ол ала болса, кімге нала?
2904. Кісі көңіліне қаяу салған адамнан
Жүк тасыған есек артық.
2905. Кісі кісіге бермейді,
Өзіне береді.
2906. Кісі қайда өлерін білмейді.
2907. Кісі қылығымен танылар.
2908. Кісі менен кісінің арасы жер мен көктей.
2909. «Кісі не сөйлесе де әуелі ойланып алып,
Әсілін біліп сөйлегені жөн» депті ұстаз.

2910. Кісі ойнаса да, ойындағысын айтады.
2911. Кісі өз қолын өзі кесе алмайды.
2912. Кісі сөзін жөн көрмес,
Ғеш адамны теңгермес.
Бай кісі төрін бермес,
Көріп келсе, орын бермес.
2913. Кісі танымақ болсаң, ісіне қара.
2914. Кісі үшін кісі өлмейді.
2915. Кісіге деп жақсылық ексең, соны орасың,
Көзеге не құйсаң, соны ішесің.
2916. Кісіге жапа қылған, сен опа қыл:
«Жұмайды қанды қанмен» деген ақыл.
2917. Кісіге не істесең, басыңа сол келеді.
2918. Кісідегінің кілті аспанда.
2919. Кісіден сұрағанның көзі шығар,
Құдайдан сұрағанның бүйірі шығар.
2920. Кісіден тілегеннің бүйірі шықпас.
2921. Кісінеген айғырдың үйірін көр,
Шіренген жігіттің үйін көр.
2922. Кісіні тексерме,
Кісі сені тексерер.
2923. Кісіні туған бойда өлім күтеді.
2924. Кісіні тіл көтерер,
Кісіге құт тілден.

2925. Кісіні ұғым кісендеп-ақ тастайды,
Кісенделген жаман іске баспайды.
2926. Кісінің аласы ішінде,
Аттың аласы тысында.
2927. Кісінің көзін тіріде қанағат тойдырады,
Өлгенде топырақ толтырады.
2928. Кісінің көңілі тазаға тартады.
2929. Кісінің көңіліне тиетін нәрсені істеме.
2930. Кісінің түйме қадары ғайыбын көргенше,
Өзіңнің түйе қадары ғайыбыңды көр.
2931. Кісінің түймедей ісін көргенше,
Өзіңнің түйедей ісінді көр.
2932. Кісінің түсіне емес, ішіне қара.
2933. Кісінің ішіне қара, сыры сонда.
2934. Кішкене тас бас жарар.

Қ

2935. Қазақ байыса, қатын алады,
Сарт байыса, там соғады.
2936. Қабырғасы бүтін көтеріледі,
Сүйегі бүтін өседі.
2937. Қадірлі кісі қартаймас.
2938. Қадірлі өлген соң білінер.
2939. Қадірсізден құт қашар.

2940. «Қадірім өлген соң білінеді» деген екен біреу.
2941. Қажет кезде бір тал шөп пілдей көрінер.
2942. Қажетті керексізден кесіп тастар,
Ғалымдар тура жолға елді бастар.
2943. «Қажыға барам» десең, қаржы жи,
«Қазы болам» десең, оған да еп керек.
2944. Қаз аққуға қосылмас,
Қыранға бүркіт қосылмас.
2945. Қаз жегенінен семірмейді,
Орғанынан семіреді.
2946. Қаз келсе, жаз келер,
Қарға келсе, қатқақ болар.
2947. Қаз көтерілсе, үйрек көлді жайлайды.
2948. Қазақ байыса, қатын алады,
Ноғай байыса, там соғады.
2949. Қазақ жаманы сарт боламын дейді,
Сарт жаманы қазақ боламын дейді.
2950. Қазақ жаманы сарт болар,
Сарт жаманы қазақ болар.
2951. Қазақ сарт болмас,
Сарт қазақ болмас.
2952. Қазақта айран көп,
Орыста мейрам көп.
Есітпеген елде көп,
Есек мінген сартта көп.
2953. Қазақтың жаманы ноғай бола алмайды,
Ноғайдың жаманы қазақ бола алмайды.

2954. Қазақтың ақылы көзінде.
2955. Қазақтың мінгенін ал,
Сарттың кигенін ал.
2956. Қазалы қақпанға түсер,
Бұйырған жатқанға түсер.
2957. Қазан айтар: «Түбім алтын»,
Шөміш айтар: «Мен қайдамын?»
2958. Қазан қайнамай,
Бұлбұл сайрамас.
2959. Қазанға не салсаң, шөмішіңе сол ілінер.
2960. Қазаннан қақпақ кетсе,
Иттен ұят кетеді.
2961. Қазаннан қара нәрсе болмайды,
Қарыныңды тойдырады.
Қардан ақ нәрсе болмайды,
Ұстасаң, қолыңды тондырады.
2962. Қазаншының еркі бар,
Қайдан құлақ шығарса,
Құдіреттің еркі бар,
Қайдан бұлақ шығарса.
2963. Қазаншының еркі бар,
Қайдан құлақ шығарса.
Тәңірінің еркі бар,
Тастан бұлақ шығарса.
2964. Қазасы жеткен елік тұзаққа түседі.
2965. Қаздай қалқып, үйректтей жүзіп.
2966. Қазыға тойса, қарта әлем сасиды.

2967. Қазына-байлық ең алдымен михнат әкеледі.
2968. Қазына-байлықтан сенім артық.
2969. Қазынаға қарауыл болсаң,
Қас әділет қасиетің болсын.
2970. Қазынашы сақ болса, іс бүлінбес.
2971. Қай жерде жесең, сол жерде іш.
2972. Қай ханның да қарашысы азады.
2973. Қай істе де өнер қолдан,
Өнерлі адам жеңер болған.
2974. Қай істі де созба, кезін сезе біл,
Ашу-ыза буып келсе, төзе біл.
2975. Қайғы басқанда, ағаш атқа жайдақ мінерсің.
2976. Қайғы да мәңгі тұрмайды.
2977. Қайғы келмей тұрып,
Тәтті өмірдің қадірін білмейді.
2978. Қайғы-қамы бұ халықтың қарны үшін,
Қарны тойса, қайтарады қармысын.
2979. Қайғылы кісі күлкі сүймес,
Ит жүйрігін түлкі сүймес.
2980. Қайғылы қара биің болса,
Халқы азбас.
Қайырлы байың болса,
Аш-арығың тозбас.
2981. Қайғылы іс бар, сәтті бар,
Ащымен бірге тәтті бар.

2982. Қайғылының көзінше қарқылдап күлме.
2983. Қайғың болса,
Ханға бар.
Қарның ашса,
Байға бар.
2984. Қайғысыз (уайымсыз) қара суға семірер.
2985. Қайғы-уайым қалмай қойса соңынан,
Шыдамдының айы туар оңынан.
2986. Қайда екенін су білер,
Барар жерін жекен білер.
2987. Қайда нағыз өнер иесі болса,
Күншіл соны күндейді.
2988. Қайда уәде? Ізгілік, сіз қайдасыз!
Әділетсіз жерде қайыр пайдасыз.
2989. Қайласыз дүние пайдасыз.
2990. Қайнай берген қазанда ас қалмайды.
2991. Қайран менің өз үйім,
Кең бір сарай боз үйім.
2992. Қайрап отыр қылышыңды,
Жіті бағып жауыңды.
Келе қалса, қарсы тұрғыз,
Қалың қолды қауымды.
2993. Қайраттанса, ерлікпенен кей кез ер,
Биік таудың басын жерге тигізер.
2994. Қайтып келер есігінді
Қатты жауып кетпе.

2995. Қайтып келер құдыққа қақырма да, түкірме.
2996. Қайтып кірер есігінді қатты серіппе.
2997. Қайыр қылсаң, тиеді,
Адам — құл ғой қарынға.
Қалған малың кетеді,
Кірсең қара орынға.
2998. Қайырлы істің дәнін жиям десең, тікен екпе.
2999. Қайырсыз байдан, қалбаңдаған жарлы артық,
Тоймай жеген еттен, бір аяқ көже артық.
3000. Қайырсыз байдан
Қайнатқан су артық.
3001. Қайырсыз байдан
Қарғылы тазы артық.
3002. Қайырсыз мың тиын,
Қайырлы бір тиын.
3003. Қайыршы тілеп алып нанды үйеді,
Сол үшін беделі мен жан күйеді.
3004. Қайыры бар істің басы кетсе,
Аяғы да кетеді,
Егер оның алды келсе,
Арты да жетеді.
3005. Қайырымсыз болса, ханнан без,
Өткелсіз болса, судан без,
Асусыз болса, таудан без,
Пайдасыз болса, байдан без,
Панасыз болса, сайдан без.
3006. Қал қайыр, жарлы байыр.

3007. Қалаға барғаннан үш күнге дейін ақыл сұрама.
3008. Қалағаным қара айғыр,
Қара айғырды алған соң,
Қалай қылсаң, солай қыл.
3009. Қалам — бұ дүниенің даңқы,
Құрмет — о дүниенің даңқы.
3010. Қаласы жақын байымас.
3011. Қалауын тапса, қар жанар,
Қалауын таппаса, май да жанбас.
3012. Қалауын тапса, қарғанбайды.
3013. Қалған көлге бақа айғыр,
Қалған қатынға жалшы айғыр.
3014. Қалған көңіл — шыққан жан,
Бұрынғыдай бітелмес.
3015. Қалған көңіл жібімес,
От жақса да мұзбен тең.
Жақсы қатын алсаңыз,
Қартайғанша қызбен тең.
3016. Халық, халық,
Жүрген жерің бүлік.
3017. Қалың әскер бүлінсе,
Қатары бұзылады.
3018. Қалың берген қыз алар,
Керек нәрсені қымбат та болса алар.
3019. Қалың бұлтты дауыл ашады,
Қараңғы істі пара шешеді.

3020. Қалың елдің қарапайым жүрегі,
Соны білсең, сияпатың жүреді.
3021. Қалың жау қаптап келгенде,
Жұлдызға қарап жаутаңдамас болар.
3022. Қалың қаз басшысыз болмас.
3023. Қалың құлан басшысыз болмас.
3024. Қалың түссе қар қыста,
Дөнге нәр боп құйылар.
Қыста жау жақ жай жатып,
Жазда қайта жиылар.
3025. Қалыңға құсың түспесін,
Жаманға ісің түспесін.
3026. Қамқа тон да шүберек болар тозған соң.
3027. Қамсыз өмір жаман.
3028. Қамшы жарасы тез бітер,
Сөз жарасы бітпес.
3029. Қамырды қызу үстінде.
3030. Қамысты бос ұстасаң, қолыңды кеседі.
3031. Хан әділдік қылмаса,
Хан мәнінен айрылар.
Би әділдік қылмаса,
Иманынан айрылар.
3032. Қанағат қарын тойғызар,
Қанағатсыздық жарлының жалғыз атын сойғызар.
3033. Қанағатсыз қарын тоймас.

3034. Қандай игі жүрсе дәулет ілесіп,
Ол тозбаса, қаужай берсек үлесіп.
3035. Қандай істе болса да,
Білімсіздің үлесі — өкініш.
3036. Қанды қанмен жумайды.
3037. Ханның баласын басып өтпе.
Өзі болған жігітке тиісіп өтпе (қысым етпе).
3038. Қант пен сүтті дәмі үшін сүйеді.
3039. Қанша ақылсыз болса да,
Жол жүргенде ес болады.
3040. Қанша атақты болса да,
Сұлтанды мал (алу) үшін мақтама.
3041. Қанша дана болса,
Сонша философ бар.
Қанша ғалым болса,
Сонша философ бар.
3042. Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемге қалмайды.
Гүл жайнаған шалғын да
Қара күзге қалмайды.
3043. Қанша мың жасасаң да, ажал арсыз,
Жинап ап бар байлықты қамаларсыз.
3044. Қанша тасып тулағанмен,
Су теңізді толтыра алмайды.
3045. Қанша тұлпар десе де,
Мініп болмас жалсызды.
Қанша әулие болса да,
Халық сүймес малсызды.

3046. Қанша түрлі іс болса да,
Ебін таппағанның ісі — өкініш.
3047. Қанша ұлы болсаң да,
«Бәрін білем» деп ойлама.
3048. Қанша шебер жиналса,
Сонша түрлі өнер көрсетіледі.
3049. Қаны бірге боқтасар,
Жатыры бірге жақтасар.
3050. Қап түбінде болат темір жатпайды.
3051. Қара арғымақ арыса,
Қарға адымы мұң болар.
Қара көздің нұры тайса,
Бір көруге зар болар.
3052. Қара есектің басына жүген
салғанмен қашыр болмайды.
3053. Қара жерге қар жауса,
Қарды көру бір мұрат.
Қара жерден қар кетсе,
Қараны көрген бір мұрат.
3054. Қара иттің ұяты ақ итке тиер.
3055. Қара күн туғанша, қара суды кешпе.
3056. Қара күшпен ашты тойындыра алмайсың,
Кедейді байыта алмайсың.
3057. Қара күшпен байлық жимайды,
Тек тілекпен бек болмайды.
3058. Қара кісі ақ болмас,
Ақ кісі қара болмас.

- Қолды пышақ кеспесе,
Жара болмас.
3059. Қара кісінің ашуы келгенше,
Сары кісінің жаны шығар.
3060. Қара судан нәр шықпас қайнатқанмен.
3061. Қара тұяқ қарында жатпас,
Болжалсыз таң атпас.
3062. Қара түн күнге жуымас,
Суық су отқа жуымас.
3063. Қара халық — қорғаншақ.
Қара халық қорғаншақтап қарайды,
Іс-амалы — бәрі соған орай-ды.
3064. Қара халық жақсы тұрса,
Хан жетісіп қалады.
3065. Қара халық қапы кетсе, басынан айрылар.
3066. Қара халық қызмет етсе,
Бектер биіктеп кетеді.
3067. Қара халықтың қарны тойса,
Тілінен ерік кетеді.
3068. Қара шаштың ақтығы — бір өлімнің хақтығы.
3069. Қарайғанменен қас болсаң,
Қайтып жақын табылмас.
Өзің жаман болмасаң,
Жақсыларға құлдық бас.
3070. Қарамықтың дәні болғанша,
Бидайдың сабаны бол.
Жаман елдің жақсысы болғанша,
Жақсы елдің жаманы бол.

3071. Қараның баласына
Қазан мен сөз керек,
Төренің баласына
Еңсе мен көз керек.
3072. Қараңғыда қадам қойсаң, жазарсың,
Көз болмаса, жолдан азарсың.
3073. Қараңғының басына хақтың сөзі кірмейді.
3074. Қараңғының көзі жоқ.
3075. Қарапайым — елдің мінез-құлығы,
Соған орай таным, ісі, қылығы.
3076. Қаратаудың басындай байлық жиса да,
Бұйырғаннан артық ешкім ештеңе жей алмайды.
3077. Қарашы хан тұсында,
Қатын ер тұсында.
3078. Қарашыңа қастық қылсаң, бағың кетер,
Жұртың безіп, сәнің кетер.
3079. Қарға аш болса, тұзаққа түседі.
3080. Қарға баласын «аппағым» дер,
Кірпі баласын «жұмсағым» дер.
3081. Қарға кәрісін кім білер,
Кісі аласын кім табар.
3082. Қарға көзін қарға шұқымайды.
3083. Қарға қазға ұқсаса, аяғы сынады.
3084. Қарғаны қайырып қазға салсаң,
Қақ етіп боққа түседі.

3085. Қарғаның бір көзі оқта, бір көзі боқта.
3086. Қарғаның жасын кім біледі.
3087. Қарғыстан кісі өлмейді, тек көңіл қалдырғыш.
3088. Қарны ашқан қанға қарайды,
Суыққа тоңған күнге қарайды.
3089. Қарны ашқанға ас салғызба,
Суыққа тоңғанға от жаққызба.
3090. Қарны қабысқан аш болса,
Біле тұра у ішеді.
3091. Қарны тойған елдің тілі шығады,
Еркінсір-ау, қыссаң, қайта бұғады.
3092. Қарсысы кімнің бар болса,
Қасы соның қасында.
3093. Қарт (кәрі) кісіні қадірле,
Өзің де қарт боларсың.
3094. Қарт кісі асқа,
Жас кісі іске.
3095. Қарт кісіні қадірле,
Өзің де қарт боларсың.
3096. Қартайған ит жатып үреді.
3097. Қартайған қызға ту сыртынан қара.
3098. Қартайғанда жоқтық берме,
Жігіттікте өлім берме.
3099. Қартайғанда жігіттік қайта оралмайды.

3100. Қартайсаң, жастықпен қоштас.
3101. Қартайып өлсең, қапыл жоқ.
3102. Қарттың сөзі қалмайды,
Жас шыбықтан тоқылған жазылмайды.
3103. Қарты бардың хаты бар.
Қызы бардың назы бар.
3104. Қару алсаң, балта ал,
Азық алсаң, малта ал.
3105. Қару-жарақ сайланса, ат табылар,
Қаруын ұмытса, қапасқа түсер.
3106. Қару-жарақ табылса,
Қарманып мінер табылар.
3107. Қаршыға қазан толтырар,
Ит алғыры ат өлтірер.
3108. Қарыздан да қатын ал,
Қатының жаныңда қалады.
3109. Қарын тойса, басқа түкке қарамас,
Оны еркіне жібергенің жарамас.
3110. Қарын тойса, дене босаң тартады.
3111. Қарынға шарап барса,
Сөзді сүйреп шығарады.
3112. Қарындас қарындаспен табысар,
Жатқа бәле жабысар.
3113. Қарындастың ұрысы болса да, безері болмас.
3114. Қарынның қамын ойлама,
Құмырсқа белді берік бол.

3115. Қас ақымақ ұрының биі болар,
Кеудесі шайтанның үйі болар.
3116. Қас батыр тәкәппар келеді.
3117. Қас жақсы ер арытпас,
Жаман адам жолдасын жарытпас.
3118. Қас жаман жолдасын қарақтар.
3119. Қас жаманның белгісі —
Қасына барсаң, көрмейді.
Суға кетіп бара жатсаң да,
Қолының ұшын бермейді.
3120. Қас қағым уақыт сайын екі жақсылық істе.
3121. Қасаңсыған байлардан
Жалбаңдаған жарлы артық.
Қысылып жеген етінен
Кеселеп ішкен көже артық.
3122. Қасап көп болса, қой арам өледі.
3123. Қасапшыға май керек,
Қара ешкіге жан керек.
3124. Қасқыр-ау, саған қаным керек,
Қаным саған Тәңірім керек.
3125. Қасықтағанмен көл суалмас,
Ұрлағанмен ел суалмас.
3126. Қасыңның қасында сырыңды айтпа.
3127. Қатаң болсаң, қашады,
Жұмсақ болсаң, аяққа басады.
3128. Қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып,
Болса тәртіп, бала өседі сомдалып.

-
3129. Қатардан қалу — ердің ісі емес.
3130. Қате сөйлеп, кейін өкінгеннен гөрі,
тек тұрған жақсы.
3131. Қатты айтты деп қайғырма.
3132. Қатты болсаң, шойындай болма, темірдей бол,
Жұмсақ болсаң, қоғадай болма, ағаштай бол.
3133. Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге мал тұрар.
3134. Қатты жерге су төксең,
Суық күні тайғақ болар.
Жаманға сырыңды айтсаң,
Таршылықта пәленге айғақ болар.
3135. Қатты қуанғанның қайғысы да қатты.
3136. Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
3137. Қатты шөлдеген қатықты да су көреді.
3138. Қатық ішкен құтылады,
Шелек жалаған тұтылады.
3139. Қатықсыздан тұзды игі,
Тап ұлсыздан қызды игі.
3140. Қатын — алтын,
Қыз — күміс,
Кемпір — мыс.
3141. Қатын ақылсыз,
Бақа құйрықсыз.
3142. Қатын алдың, отын алдың.

3143. Қатын алсаң, көріп ал,
Ат алсаң, мініп ал.
3144. Қатын алсаң,
Қызылбастан ал;
Қылыш алсаң,
Аспаханнан ал.
3145. Қатын алуға көт керек,
Күнде батпан ет керек.
3146. Қатын ашуланса, қазан қайнатар.
3147. Қатын бастаған халық қараң қалар.
3148. Қатын ерге қарайды,
Ер жерге қарайды.
3149. Қатын ерге тоймай,
Ер малға тоймай.
3150. Қатын кімнің қатыны,
Ала қаптың қатыны.
Ала қаптан кеткен соң,
Әлдекімнің қатыны.
3151. Қатын қалса, бай табар,
Қыз қалса, ер табар.
3152. Қатын оңса — қазына,
Оңбаса — қаза.
3153. Қатын шайпау, ұл тентек,
Төртеуледі, ей ханым!
3154. Қатынға қадірім жоқ, етімді көреді,
Ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді.
3155. Қатынға сырыңды айтпа,
Ақылыңа келмей нанба.

3156. Қатынға сырыңды айтпа,
Жаңа байыған кісіден қарыз алма.
3157. Қатынға сырыңды жайма.
3158. Қатынға тиме, қарасы тиер.
3159. Қатынға тисең, қарасы жұғады,
Балаға тисең, пәлесі жұғады.
3160. Қатындардың шашы ұзын, ақылы қысқа.
3161. Қатынды бастан тый,
Баланы жастан тый.
3162. Қатының долы болса, дүниенің
тыныштығынан не пайда,
Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда!
3163. Қатының жаман болса, аталмасын,
Алып барып базарға сатылмасын.
3164. Қатының жаман болса, иманың кетер,
Иманың кетсе, бұғауға кетерсің.
3165. Қатының тентек болса,
Қамшың жуан болсын.
3166. Қатыспай тұрып сынап ал.
3167. Қауын ұрланып жатса,
Иесі қос қолдап жинайды.
3168. Қаһар келсе, білім болар шығымсыз,
Ашу келсе, адам болар ұғымсыз.
3169. Қаһар, ашу ерге жаман қылық-ты,
Бұл екеуі жанға жәбір қылыпты.

3170. Қаш өсектен, бар қабырғаң сөгілер,
Ол жүргенде ар-ұятың төгілер.
3171. Қашарға жол таппаған
Қылышқа жармасады.
3172. Қашқан адам қасындағыны да көрмес.
3173. Қашқан ел қара жарға да қарамас.
3174. Қашқан жауға қатын ер.
3175. Қашқан жауды көп қума.
3176. Қашы бар адам шақпақ шақпайды.
3177. Қашып-қашып қоймаса,
Артың бір қайырылмасаң, жамансың.
3178. Қиқар кісі бір затқа қарап,
Екі зат көреді.
3179. Қилы-қилы заман болды,
Қарағай басын шортан алды.
3180. Қисық арба жол бұзар,
Надан молла (жаман молла) дін бұзар.
3181. Қисық жүрмей әділдіктің тонын ки,
Сол болады бар киімнің тазасы.
3182. «Қисық отырып түзу сөйлейін» депті бір кісі.
3183. Қиылып сұрағанға берсең, өзіңді сыйлағаның,
Нем кетті сұрағанға берсең, өзіңді қорлағаның.
3184. Қиын күнде қол ұшын берген — нағыз дос,
Жайшылықта «доспын» деген жай сөз.

3185. Қиын іске сыналған ерді жібер.
3186. Қиындықты көп көрген
Керегесін арқалар.
3187. Қиып түсер қылышты
Мұқалтқанша шаппаған жақсы.
3188. Қияли сауда бұзар,
Харам зат неке бұзар.
3189. Қиянат қылған адамның
Жауап бергенде қолы дірілдейді.
3190. Қиянатқа қатыспай жүр, алыста,
Бүлік іске сыбанып ат салыспа.
3191. Қой асығы деменіз,
Қолға жақса, сақадай.
Жасы кіші деменіз,
Ақылы жетсе, атадай.
3192. Қой етін жеп, қолын жумағаннан без.
3193. Қой көрмеген қой көрсе,
Қуалап жүріп өлтірер.
3194. Қой көрмеген қой көрсе,
Қуалап жүріп оттатар.
Қыз көрмеген қыз көрсе,
Көтеріп жүріп ұйықтатар.
3195. Қой шопанға қызмет етпейді,
Шопан қойға қызмет етеді.
3196. Қой, қозысы бар кісі
Бір-біріне берісер.
Бірін-бірі сыйлаған
Дос-дұшманға келісер.

3197. Қойды жел ұшырса,
Ешкіні аспанда көресің.
3198. Қойды қортық бұзар,
Елді шартық бұзар.
3199. Қойлы қатын құйрық жейді,
Байлы қатын таяқ жейді.
3200. Қойшы көп болса,
Қой арам өледі.
3201. Қой бағушы көп болса, қой арам өледі.
3202. Қойын алдырып,
Қорасын бекіткен бекер.
3203. Қол қолды біледі,
Шариғат жолды біледі.
3204. Қол қолды табар,
Шариғат жолды табар.
3205. Қол қосылса, күш өсер.
3206. Қол мен аяқ, көз бен құлақ —
Бәрі де адам баласының әлсіздік нышаны.
3207. Қолға түскенді қармай білмеген,
Қартайғанша өкінеді.
3208. Қолда барды сүйерсің, көп қуанып бекінбе,
Жоғалтқанды жоқтама, өте егіліп өкінбе.
3209. Қолдаушың көп болса,
Мақтауға тіл табылады.
3210. Қолмен қылған айыбың — басыңа жүк.

3211. Қолы жоқ адам құр қалар.
3212. Қолы ойнағанның ауызы ойнайды.
3213. Қолы шолақ болса да,
Қолы билеген итерсін.
3214. Қолың көтере алмас шоқпарды
Беліңе байлама.
3215. Қолыңа түскеннен айрылма.
3216. Қолыңмен істегенді
Мойныңмен көтергін.
3217. Қолыңнан келместі беліңе байлама.
3218. Қона білген көше де біледі.
3219. Қонағыңды құрметте,
Атың елге жайылады.
3220. Қонақ «тоймады» демес, «соймады» дер.
3221. Қонақ аз отырып, көп сынайды.
3222. Қонақ басына қой сойсаң,
Қораңда қой қалмас.
3223. Қонақ бір күн қонса — құт,
Екі күн қонса — жұт.
3224. Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық.
3225. Қонақ келсе, күтіп, алма тынышын,
Тойсын аты, бер жем-шөбін, сұлысын.
3226. Қонақ тоймадым демес,
Соймадың дер.

3227. Қонаққа ас қой,
Екі қолын бос қой.
3228. Қонақсыз үйде қалқан болмасын.
3229. Қонақты атқар,
Басыңнан құтқар.
3230. Қонақтың көп болғаны жақсы.
3231. Қонатын кісі кешке түседі.
3232. Қонған жұртыңды жамандама.
3233. Қонғанша қонақ ұялады,
Қонғаннан соң үй иесі ұялады.
3234. Қор қылады, жаман іске жуыма,
Ол бір жылан күйдіретін уына.
3235. Қорқақ адам қалың қолды бұзады.
3236. Қорқақ қой басынан қорқақ.
3237. Қорқақты көп қуса, батыр болады.
3238. Қорлық жоқ кәрілікте, бірақ — жемір,
Бос тірлік өтіп жатыр, өлексе өмір.
3239. Қорлық көрмей, байлық келмейді.
3240. Қорық Құдайдан,
Қайт райдан.
3241. Қорыққан атасын танымас,
Ақымақ қатесін аңғармас.
3242. Қорыққанға қос көрінер.

3243. Қорыққанның түрі жаман,
Қорықпағанның түбі жаман.
3244. Қорықпас Құдайдан да қорықпас.
3245. Қорынып өмір сүргенше,
Қу кедей боп өлген артық.
3246. Қос атпен қол көбейді,
Қозысымен қой көп көрінеді.
3247. Қос атпен қол көбейеді,
Қозымен қой көбейеді.
3248. Қос-қостап хан көтерме:
Хан біреу болса, ел түзелер,
Хан екеу болса, ел бұзылар.
Қос қылыш қынға симас.
3249. Қос уыс алтын берсең,
Үшіншісін қоса сұрар.
3250. Қосшыңды қорға, құрметіңді аяма.
3251. Қошқар болар қозының
Мұрны дорбадай келер.
Адам болар баланың
Етек-жеңі кең келер.
3252. Қошқар болар қозының
Маңдайлары дөң болады,
Жақсы болар жігіттің
Төңірегі кең болады.
3253. Қошқар болса қозының
Маңдайлары дөң болар.
Жақсы бала жігіттің
Етек-жеңі кең болар.

3254. Қошқар қояр қозының
Маңдайлары дөң келер,
Аға болар жігіттің
Етек-жеңі кең келер.
3255. Қоя жесең, қой қалар,
Тарта жесең, тай қалар,
Қоймай жесең, не қалар?!
3256. Қоянды қамыс өлтіреді,
Ерді намыс өлтіреді.
3257. Қоянмен ойнама, шаршарсың,
Отпен ойнама, күйерсің.
3258. Қоянмен ойнама, өлерсің,
Отпен ойнама, күйерсің.
3259. Қоянның бойын көр де, қалжасынан түңіл.
3260. Қу құлқынның қамы болмаса,
Құс тұзаққа түспес еді,
Аушылар да тұзақ құрмаған болар еді.
3261. Қу маңдай құдыққа құласа,
Құлағынан жел шіркін көтеріп әкетеді.
3262. Қу тамақтың қамы болмаса,
Құс тұзаққа түспейді.
3263. Қуантар болсаң, асық,
Мұңайтар болсаң, сабыр тұт.
3264. Қуаныш барда қайғы бар,
Құрма бар жерде тікен бар,
Қазынада жылан бар,
Бал бар жерде ара бар.
3265. Қуаныш елітер,
Асығу кейіс келтірер.

3266. Қуаныштың ең үлкені — мақсатқа жету.
3267. «Қуатымды сақтаймын» десең, қарныңа ие бол.
3268. Қураған ағаш иілмес,
Қураған шыбық егілмес.
3269. Қураған қамыстан қант шықпайды.
3270. Қуыс үйден құр ауыз шықпа.
3271. Құдай асыраған тоқтыны қасқыр жемес.
3272. Құдай әлемнен бұрын қаламды жаратқан.
3273. Құдай берген әкімдер байсалды
халыққа құт болар,
Адам қойған әкімдер ниетіңе қарай жұт болар.
3274. Құдай берген диқандардың қолы ашық,
Пейілі кең, көңіліне жол ашық.
3275. Құдай бергенге береді.
3276. Құдай бергенге құлай береді,
Бермегеннің жалғыз атын ұры алады.
3277. Құдай берейін десе,
Ақымақтың да тілегін береді,
Ақылдының да тілегін береді.
3278. Құдай бермегенді молда бермес.
3279. Құдай берсе, маңдайдан,
Шешен болсаң, таңдайдан.
3280. Құдай деген ар болмас,
Құдай деген пенделер еш нәрсеге зар болмас.

3281. Құдай деген арымас.
3282. Құдай деген құл аштан өлмес.
3283. «Құдай» деп барсаң, аман келерсің.
3284. Құдай десең, құр қалмассың.
3285. Құдай қарғағанды
Пайғамбар таяғымен түртеді.
3286. Құдай құлына бақыт берсе,
Оның ісі күн сайын көркейе береді.
3287. Құдай қылса, қораз да арыстан болады.
3288. Құдай, маған түйедей бой бергенше,
Түймедей ой бер.
3289. Құдай малыңды алса да,
Пейіліңді алмасын.
3290. Құдай таудай талап бергенше,
Бармақтай бақ берсін.
3291. Құдай тура-дүр.
3292. Құдай ұрған құдасымен қас болады.
3293. Құдайға бергенді қиналмай бер,
Патшаға бергенді бәлденбей бер.
3294. Құдайға жағынайын десең, азанды бол,
Халыққа жағынайын десең, қазанды бол.
3295. Құдайға жазсаң да, адамға жазба.
3296. Құдайға жетпіс жыл мінәжат қылғаннан гөрі,
Бір сәт әділ болған артық.

- Қылмайын десе,
Быламыққа тіс сынады.
3309. Құдайың азды-көпті берсе де,
Нәубетіне тәубе қыл.
3310. Құданы алу болғанша құл, би екенін сұрас,
Құда болып қалған соң құл да болса сыйлас.
3311. Құданы қалың алғанша құл, би екенін сұрас,
Құда болып қалған соң, құл да болса сыйлас.
3312. Құдаң құрдасыңдай болсын,
Құдағиың мұңдасыңдай болсын.
3313. Құдаңа бола Құдайыңнан айрылма.
3314. Құдыққа түкірме, ішерге керек болады.
3315. Құдықта су бар-ау,
бірақ оған иттің тұмсығы жетпейді.
3316. Құзда қар таусылмайды,
Қойда май таусылмайды.
3317. Құл арғымақ мінсе де,
Құлдың аты құл-ды.
Құба шекпен кесе де,
Ұлдың аты ұл-ды.
3318. Құл елірме болар,
Һәр не жерінде болар.
Мылтықты атамын деп қорқытар,
Құл қашамын деп қорқытар.
3319. Құл жау сияқты,
Ит бөрі сияқты.
3320. Құл жиылып бас болмас,
Құм жиылып тас болмас.

3321. Құл қатасыз болмас.
3322. Құл құтырса, құдыққа қармақ салады,
Күн құтылса, көтіне бармақ салады.
3323. Құлаған күштің қуаты қашады.
3324. Құлағы сақтың ойы кең.
3325. Құлағың есіткенді көзің көрер.
3326. Құлақ естісе, көңіл біледі,
Көз көрсе, жүрек ұғады.
3327. Құлақтағы құр қалмас.
3328. Құлан басына күн туса,
Қодығына қарамас.
3329. Құлан құдыққа жығылса,
Құрбақа құлағына мінеді.
3330. Құлан құдыққа жығылса,
Құрбақа құлағында ойнар.
3331. Құлан құдыққа жығылса,
Құрбақа құлағына ойнар.
Жақсы аттан жығылса,
Жаман табашы болар.
3332. Құлан құдыққа құласа, құрбақа айғыр болар.
3333. Құлан өз қодығынан жерімес.
3334. Құлан өзінің қағынан жерімес.
3335. Құланның оттауы бірге, тұсауы басқа.
3336. Құлап бара жатқанның қолынан ұста.

3337. Құласаң, нардан құла.
3338. Құлды құл десе,
Өлгісі келеді.
Биді құл десе,
Күлкісі келеді.
3339. Құлды мақтансын демесең, алысқа сат.
3340. Құлдың екі көзі жоқ,
Ұлдың бір көзі жоқ.
3341. Құлдың құны жұмыспен,
Еңбегі сіңсе, тыныс кең.
3342. Құлы мен қызметкері жоқ хан малшымен тең.
3343. Құлығы адал түйсіктің бар тобасы,
Ылғи әділ оның жол мен жобасы.
3344. Құлықсыз адам қадірлі адамның құнын түсіреді.
3345. Құлыңды көп жәбірleme,
Қожа бұғауланып, құл бостандық
алатын да күн туады.
3346. Құлыңды көп қорлама,
Сен бұғауға түсіп, құлың
бостандық алатын да күн туады.
3347. Құм жиылып тас болмас,
Жақсы дұспан қас болмас.
3348. Құмар қуған (құмарпаз болған,
құнығып ойнаған) құл болады.
3349. Құмарлықтан арылсаң,
Қисық бойың түзелер.

3350. Құмарлықтың қуатты оты жанса,
Салқын ойдың суымен сөндіре біл.
3351. Құмырсқа қыста тоқ жату үшін
Қорегін жазда жинайды.
3352. Құпия жүрген махаббат айрылар күні қор болар,
Жаралы көзді жасырма, бәрібір жасы сорғалар.
3353. Құпиянды қымыз шығарар.
3354. Құр атақ қуған ер өзінің түбіне жетеді.
3355. Құр аяққа бата жүрмес,
Желінсау қой қосаққа жүрмес.
3356. Құр қара күш ештеңеге жарамас,
Ақшалы адам қара күшке қарамас.
3357. Құр қолдан не жақсылық табылады?!
3358. Құран тіл ұшында,
Алтын жан ішінде.
3359. Құрбан болғанды қошеметпен шығарады,
Қайта бұзылғанды қарумен шығарады.
3360. Құрғақ қасық ауыз жыртады,
Құрғақ сөз құлақты құртады.
3361. Құрма ағашын жаратқан
Құдай тікенді де жаратқан.
3362. Құрма жемісі сүйексіз болмайды.
3363. Құрмет кейбіреуді тәкәппар етеді.
3364. Құрмет қонақ аттандыруға жақсы,
Көп кісі жау қашыруға жақсы.

3365. Құрсақта біткен қылық қара жерге бірге кіреді,
Сүтпен біткен ізгі қылық өлгенше өзгермейді.
3366. Құры жерден су ақса, өткел бермес кешкелі.
Малы жоққа мал бітсе, саумал бермес ішкелі.
Ұлсыздан ұл туса, ұлын бермес пішкенге.
3367. Құры жерден су ақса, өткел бермес көшкелі.
Малы жоққа мал бітсе, саумал бермес ішкелі.
Ұлсыздан ұл туса, ұлын бермес пішкенге.
3368. Құрылған жай иілмес,
Тау арқанмен бүгілмес.
3369. Құс аяған көкке қарар, ат аяған жерге қарар.
3370. Құс жаманы — жапалақ.
3371. Құс жаманы — сауысқан,
Ағаш жаманы — итмұрын.
3372. Құс жаманы — сауысқан,
Сөз жаманы — қуысқан.
3373. Құс қанатымен ұшады,
Құйрығымен қонады.
3374. Құс қанатымен,
Ер атымен.
3375. Құс өз жемінен өзі қақалмайды.
3376. Құс тұзаққа жем үшін түседі.
3377. Құсты бір жисаң, бүркіт жи,
Қысқы тоныңды түлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаң,
Дүниенді мүлік етер.
Жаманмен жолдас болсаң,
Бір жұртқа күлкі етер.

3378. Құстың жаманы — сауысқан,
Ағаш жаманы — шомырт,
Жер жаманы — ор,
Ел жаманы — барсған.
3379. Құстың қайдан екенін сұрама, сайрағанын сұра.
3380. Құт белгісі — білік.
3381. Құт келген қақпаға жұрт қаумалайды.
3382. Құт келгенде қосақтап келеді.
3383. Құт өседі көшеттей боп тамырлап,
Ол қонады кең пейілге мамырлап.
3384. Құтсыз құдыққа құласа, үстіне құм құйылады.
3385. Құтты қонақ қонса, қой егіз табады,
Құтсыз қонақ қонса, қойға қасқыр шабады.
3386. Құты қашқан құдыққа құласа, үстіне құм құйылар.
3387. Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабар.
3388. Құтырған иттің демі де баршаға зиян.
3389. Қыдырған алмас, бұйырған алар.
3390. Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе,
Ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе.
3391. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас,
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.
3392. Қыз ер жігітке тию үшін өседі.
3393. Қыз шағында қызыл от,
Қатын болғанда қадірі жоқ.

3394. Қыз шағында қызыл шоқ,
Қатын болғаш қадірі жоқ.
3395. Қызбаған темірді соқпа.
3396. Қызбен алыспа,
Қысырақпен жарыспа.
3397. Қызғанғаның қызыл итке жем болар.
3398. Қызғаныш қайда болса,
Ұрыс сол жерде.
3399. Қыздан артық жуан бар,
Аттан арттық құнан бар.
3400. Қыздан туғанның достығы жоқ.
3401. Қыздың жаны — қырық.
3402. Қыздың түбі қатын дейді,
Қатыннан ұялсаң, бала тумайды.
3403. Қызмет ет те, міндет ет,
Қызмет — ердің ақысы.
Еңбек етсең, ішерсің.
3404. Қызықтырар білім көздің құртындай,
Ой — орданың келіп қонған жұртындай.
3405. Қызыл алтайы түлкінің
Түгі жетер басына.
Түлкідей құйрық тастаған жаманның
Ісі жетер басына.
3406. Қызыл тіл қысқартады қайран жасты,
Қылады, байламасаң, ойран басты.
3407. Қызыл шекпен желегей,
Кімдерге кезек келмегей.

Қызым, саған айтамын,
Келінім, сен тыңда.

3408. Қызым үйде, қылығы түзде.
3409. Қыл жақындық ағайынды кісіге,
Күле қара үлкен менен кішіге.
3410. Қылымсығанда қызыл киеді,
Жарамсақтанғанда жасыл киеді.
3411. Қылыш ел шауып, халық құрайды,
Қалам қазына тауып, ел сұрайды.
3412. Қылыш елді күзейді,
Қалам елді түзейді.
3413. Қылыш елді тез бағындырады.
3414. Қылыш зардабы бітер,
Тіл жарасы бітпес.
3415. Қылыш жарасы бітер,
Тіл жарасы бітпес.
3416. Қылыш қайда болса,
Күміс (байлық) сонда.
3417. Қылыш қан төксе,
Иесі ел билейді.
3418. Қылыш қынсыз болмас,
Алтын қожасыз болмас.
3419. Қылыш үстінде серт жоқ.
3420. Қылыштай тілмен жаһанды жеңуге болады.
3421. Қылышты тот басса — істің қырсыққаны,
Ерді қара басса — күштің қырсыққаны.

3422. Қылыштың жүзін жұдырықтау —
Ақылды кісінің ісі емес.
3423. Қылышын сүйретіп қыс келеді.
3424. Қымызды кім ішпейді,
Қызды кім алмайды.
3425. Қына тастан шығар,
Ақыл жастан шығар.
3426. Қыран қырылып қалды екен деп,
Ешкім де жапалаққа жалпақтамайды.
3427. Қырау деген інжу менен дүр емес,
Садақа мен қайыр, сыйлық бір емес.
3428. Қырғи қуған торғай бұтаға паналайды,
Бұтаға паналаған торғай да аман қалады.
3429. Қырғи сұңқарға жуымайды.
3430. Қырда қасқыр ұлыса,
Үйдегі иттің бауыры сыздар.
3431. Қырман көтеру — шымшықтың ісі емес.
3432. Қырық жасында әдеп пен ақылы
болмаған адам — адам емес.
3433. Қырық жасыңа келгенде домбыра үйреніп,
Ақыретке барғанда шертемісің?
3434. Қырық жыл жұт болса, ажалды өлер.
3435. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер.
3436. Қырық жылға дейін бай мен кедей теңеледі.

3437. Қырық кісі бір жақ,
Қыңыр кісі бір жақ.
3438. Қысқа жіп күрмеуге келмейді.
3439. Қысты күні етіктің кеңі жақсы,
Бір пар өгіз болса, теңі жақсы.
3440. Қысты күні киім ал,
Жазды күні азық ал.
3441. Қыстың көзі қырауда,
Қыздың көзі жылауда.
3442. Қыстың қонақ ақысы — от.
3443. Қысылған жерде қоян да арыстанның ісін істейді.
3444. Қысылған қарға мұзды шоқып теседі.
3445. Қысың қатты болса,
Қопалы көлде қыста.
Заманың бұзық болса,
Бір жақсының етегін ұста.
3446. Қысың тұман болсын,
Ауруың тұмау болсын.
3447. Қышыған жерден қол кетпес,
Айтқан жерден сөз кетпес.

Л

3448. Лақтың жілік майы жоқ,
Баланың білік ойы жоқ.
3449. Лауазымы жоғары кісіден сақтан.

3450. Лашын ұшудан қалса,
Қарғалар төбесін теседі.

3451. Ләззатты, тәтті астың да
Тойған соң дәмі кетеді.

М

3452. Май жесе, көкірек жай болады.

3453. Май сасыса, тұз себер,
Тұз сасыса, не себер.

3454. Майға қолы жетпеген мысық:
«Адам асы жақпайды» дейді.

3455. Майсыз жілікке қол созбайды.

3456. Майхана кесе ұсынып,
Өлімнің есігін ашады.

3457. Макрұп дегені тағам-ды,
Масрұпқа бұйырыпты.

3458. Мақардан бай шықса,
Пақырға пайда бермес.

3459. Мақтаған жеткізер,
Шаққан өлтірер.

3460. Мақтаған тілге мың бәле.

3461. Мақтағанның пайдасы жоқ.

3462. Мақтанған жігіттің үйін көр,
Кісінеген айғырдың үйірін көр.

3463. Мақтанғанның көті шақ.

3464. Мақтанғанның пайдасы жоқ.
3465. Мақтаншақ өз дамбалын бүлдіреді.
3466. Мал — адамның бауыр еті.
3467. Мал адал болса, есепке кіреді,
Арам болса, азапқа кетеді.
3468. Мал байдікі,
Жан Құдайдікі.
3469. Мал баққан қошқардың жайын біледі.
3470. Мал бақпаған мал бақса,
Жайламаған сай қоймас.
Би болмаған би болса,
Билемеген ел қоймас.
3471. Мал басқа бітер,
Қына тасқа бітер.
3472. Мал берген тамұқтың да есігін ашады.
3473. Мал бітерге келгенде,
Ғашық болған қыздай-ды.
Кетеріне келгенде,
Қолға ұстаған мұздай-ды.
3474. Мал досы көп, жан досы аз болады.
3475. Мал — жаным садағасы,
Жан — арым садағасы.
3476. Мал жаңылып итке бітеді,
Түк жаңылып к..ке бітеді.
3477. Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман.

3478. Мал келтірер сыныңды,
Көп табады мініңді.
3479. Мал көтереді өлімді,
Дос көтереді көңілді.
3480. Мал малға жеткенше,
Ғазрайыл жанға жетер.
3481. Мал таппас жігіт болмас,
Ұл таппас аял болмас.
3482. Мал таппас еркек болмас,
Құрарына қара.
Ұл таппас әйел болмас,
Тұрарына қара.
3483. Мал таппас ер болмас, құрарын айт.
Ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт.
3484. Мал-дүние молайса, бек те болар (хан болар),
Бар байлықтан айрылса, жалғыз қалып сандалар.
3485. Малдан айрылсаң да,
Ақылыңнан айрылма.
3486. Малдан жарлы қалсаң қал,
Ақылдан жарлы қалма.
3487. Малды тапқан бақсын,
Отынды шапқан жақсын.
3488. Малды тапқанға бақтыр,
Отынды алғанға жақтыр.
3489. Малдыменен алыспа,
Күштімен күреспе.
3490. Малдың беті жарық,
Малсыздың беті көн шарық.

3491. Малсыз күн жоқ.
3492. Малы жоқтың құны жоқ.
3493. Малы көптің қайғысы көп.
3494. Малың жаман болса сатарсың,
Қатының жаман болса,
Жаздайғы алған майынан талмасын.
3495. Малыңды атырапқа шашып, атыңды шығар.
3496. Маңайлама ар-ұяттан безгенге,
Мыңдап алғыс инабатты сезгенге.
3497. Мас адамда ақыл жоқ.
3498. Маса жабылса, пілді де білем дер,
Құмырсқа қаптаса, арыстанды да арсалар.
3499. Махаббат — қашып құтыла алмайтын қайғы.
3500. Махаббаттан мың түрлі сыр туады.
3501. Махаббаттан өмір туады.
3502. Махаббаттың бұрымы — ақылдың
аяғына салынған тұсау,
Сақ құстарға құрылған тұзақ.
3503. Мәнді жорға мәнісімен жорғалайды,
Мәнсіз жорға дүниені бұлғалайды.
3504. Мәуесі қалың ағашқа тас та көп тиеді.
3505. Мезгілсіз таң атпайды,
Уақытсыз жан шықпайды.
3506. Мезгілсіз шақырған тауықтың
Басы желге ұшып, құр төні қалады.

3507. Мезгілсіз шақырған тауықтың
Төбе шашын жұлмақ керек.
3508. Мезі қылса да, май жақсы,
Күйдірсе де, күн жақсы.
3509. Мейманын күткені
Құдайды күткенмен бірдей.
3510. Мекіре балықтың басы тасқа тимей қайтпайды.
3511. Менен, ұлым, ақыл алып
жақсылыққа жаратқын,
Елде білгір, ұлық болсаң, өнер-білім таратқын.
3512. Менменнің тобасы қабыл болмас.
3513. Менменсініп жүрген кісі қоқиып,
Күні құрып, шөгіп қалар шоқиып.
3514. Менің күнәм — жоқшылық.
3515. Мешкей — Тәңірдің обыры.
3516. Мола — тұрақты үй.
3517. Молда барда сөзің тый,
Ұста барда қолың тый.
3518. Молда кітаптан көргенін айтар,
Бұрынғы естігенін айтар.
3519. Молда өлсе, қағазда хаты қалар,
Ұста өлсе, темірде даты қалар.
3520. Молдадан хат қалар,
Шеберден қол қалар.
Жақсыдан сөз қалар.

3521. Молланың қылғанын қылма,
Айтқанын қыл.
3522. Момын адаммен төбелессең де,
Пасықпен байланыспа.
3523. Мұз сынығын «маржан» деме еленген,
Тарту — еңбек ақысы емес төленген.
Білімділер құптамайды адамды
Жоққа мәз боп, қуанышқа бөленген.
3524. Мұзға сүйенбе, жауға сенбе.
3525. Мұздан су ғана тамады.
3526. Мұнда келіп жылқышы болыпты.
3527. Мұңайған жау өлімге бетін бұрар.
3528. Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты.
3529. Мұртына қарай іскегі,
Сабасына қарай піспегі.
3530. Мұрын жоқ болса,
Екі көзі бірін-бірі шұқыр еді.
3531. Мүсәпір болмаған мұсылман болмас.
3532. Мүсәпірдің ақысын жесең,
Күйдіріп жібереді.
3533. Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне алмас.
3534. Мықтымен ойнама,
Өзінді әлек қылар.
3535. «Мылқау» боп аталады үндемеген,
«Мылжың ғой» малтаны езіп күнде жеген.

3536. Мың адам досың болса да, көп көрме.
3537. Мың батпан жүк көтерген кісі
Бір ауыз сөккен сөзді көтере алмайды.
3538. Мың досың — аз, бір дұшпаның — көп.
3539. Мың досың болса да,
Біреуі жетпей тұрады.
3540. Мың жасауға да болады,
Он сегіз жыл жасауға да болады.
3541. Мың күн асырағанды,
Бір күн ұрындырған өлтіреді.
3542. Мың қарғаға бір кесек.
3543. Мың қосшыға бір басшы.
3544. Мың мәртебе тыңда,
Бір қабат қана айт.
3545. Мың надан сопыдан,
Бір әлім молда артық.
3546. Мың теңгелік қамшыдан
Бір теңгелік пайда жоқ.
3547. Мыңғырған малдан
Көрікті келбет жақсы.
3548. Мырза жан дүние-мал таратады,
Ауызына мұқым елді қаратады.
3549. Мырза жоқта құл кіреді қораға,
Ит жоқта шошқа үреді қораға.
3550. Мысқылдың түбі — мүшкіл.

3551. Мысыққа ойын керек,
Тышқанға өлім керек.
3552. Мысықтың баласы мияулап туады.
3553. Мінген атыңды асықпай айда.
3554. Міндет бар да, орындалған ісі жоқ,
Үміт бар да, іске асырар кісі жоқ.
3555. Мінездің көркі — ізгілік.
3556. Мінезі жақсы төрге озар.
3557. Мінсіз — Құдай, кірсіз — су.

Н

3558. Нағашысы жаманның жиені оңбас.
3559. Нағыз адамның белгісі — кісілік.
3560. Нағыз дос құлап жатқаныңда
қолтығыңнан сүйейді.
3561. Нағыз достан айрылу қиын.
3562. Нағыз ер болсаң,
Сол атаққа ие бола біл.
3563. Нағыз ер біліктілігін білдіруге әуес емес.
3564. Надан достан тура дұшпан артық.
3565. Надан көргенін білмейді,
Ақымақ өлгенін білмейді.
3566. Надан көргенін білмейді,
Ақылсыз өлгенін білмейді.

3567. Надан тілін безесе,
Ақылды аңырып қалады.
3568. Надан іздеп дәулет тапса, тапқаны-ақ,
Ол жарасар білімдіге нақпа-нақ.
Жарасқанда дәулет келіп наданға,
Білімдіге келіспей ме одан да.
3569. Надандар өлеңге әуес,
Молдалар кәләмға әуес.
3570. Надандар сөзін бүгіп жасыра алмас,
Көп сөйлеп керең сөзін асыра алмас.
3571. Наданды біліммен емде.
3572. «Надандық» деген ауруды тәуіп емдей алмайды.
3573. «Надандық» дегеніміз — тозақ,
одан шығар жол жоқ.
3574. Нар жолында жүк қалмас.
3575. Нашар тұқымдыдан толық шықпас.
3576. Нәзіктік (сәмбі) талға жарасады,
Қаттылық қайыңға жарасады.
3577. Не бар жаман сараңдықтан өтетін,
Көп жиса да жей алмай-ақ кететін.
Жидың алтын, жей алмадың жаратып,
Жау ғой, алтын, бермедің бе таратып.
3578. Не ексе, жерге сол өнер,
Не берсе, қайта соны алар.
3579. Не ексең, соны орасың.
3580. Не сұраса, соны бер, берген алар.

3581. Не тұрады мынау адам — есіл ер:
Атақ қуып, ақыр тілі кесілер.
3582. Не істесең де, ықтият бол.
3583. Негізі арықтан семіз шықпас.
3584. Неден қауіп етсең,
Содан зиян тартасың.
3585. Немен тынарын білмеген ердің ісі — қор.
3586. Немере етін жеп, сүйегін береді.
3587. Нені қор тұтсаң,
Соны зор тұтарсың.

О

3588. О дүниеде бақыт тілесен,
Жұртты сыйла.
3589. О жалғаннан оралу жоқ.
3590. Оғым тисін де, сынсын.
3591. Ойлай берсең, ой да көп, сана да көп,
Ойнай берсең, ой да жоқ, сана да жоқ.
3592. Ойлай білген ер көзсіз батырдан мың есе артық.
3593. Ойлай білу — мұрындық жіп сияқты.
Оны ұстаған адам мұратына жетеді.
3594. Ойлама да, болма зиян қыларлық,
Жақсы іспенен тізгінделсін құмарлық.
3595. Ойламағанның түбі — ойран.

3596. Ойлап айтқан сөз де оралмайды,
Ойнап айтқан сөз де оралмайды.
3597. Ойлап сөйле, қой бөспелік осыңды,
Бос сөз кейін бұқтырады басыңды.
Бір дұшпанды аз екен деп ойлама,
Көп көрмегін мың да болса досыңды.
3598. Ойлап істеу — ердің ісі.
3599. Ойласаңыз жан тыныштық әманда,
Кешелікті таста жаның аманда.
3600. Ойлы адамға нақыл сөз қатты ұнайды.
3601. Ойлы сөз көпті ұтады,
Ойсыз сөз басты жұтады.
3602. Ойнай білмес бала
Шешесін көтке түртіп ойнар.
3603. Ойнақтаған бала от басады.
3604. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
3605. Ойнап сұрағанға шын жауап бер.
3606. Ойшыл ой ойлағанша, тәуекел ісін бітірер.
3607. Ойын сөз ойдағыны көрсетеді.
3608. Ойыңды етегіңмен жауып жасыра алмайсың.
3609. Оқ жетпес жерден қылыш суырады.
3610. Оқ нысанаға ғана атылады.
3611. Оқ табылса, құс кез келмейді,
Ас табылса, дос кез келмейді.

3612. Оқтың өзін алып тастағанмен, орны қалады.
3613. Оқтың өтуі тартылған жайдың кірісінен емес.
3614. Оқу түбі — тоқу.
3615. Оқу аз мәселге жеңдіреді.
3616. Оқу инемен құдық қазғандай.
3617. Оқу — ойдан артық емес.
3618. Оқыған қара суға қарсы жүзер.
3619. Оқыған озар, оқымаған тозар.
3620. Оқығанның көзі ашылады.
3621. Оқығанның көңілі жарық,
Білімсіздің беті көн шарық.
3622. Оқығанның көңілі жарық,
Оқымағанның беті көн шарық.
3623. Он бесте — отау иесі.
3624. Он дәруіш бір кілемге сияды,
Екі әкім бір елге сыймайды.
3625. Он дәруіш бір кілемнің үстіне сыйып ұйықтайды,
Екі патша жарты дүниеге сыймайды.
3626. Он екі жылда ердің құны салауат.
3627. Он екі мейман бір дастарқан басына сияды,
Екі сұлтан бір елге сыймайды.
3628. Он саусақтың саны бірдей болғанымен,
Тұрқы бірдей емес.

3629. Оның кешірім сұрағаны
Қылмыс істегеннен де жаман.
3630. Оң жақта отырып қартаятын қыз болмайды.
3631. Оң қол сау болса,
Бір адамға жетеді.
3632. Оңайда бал жоқ.
3633. Оңбағанның саяғы
Екеу жүріп тебісер.
3634. Оңқа ойын бұзар,
Тентек жиын бұзар.
3635. Опа қылу — ерлік нышаны.
3636. Опасыз адам жел сияқты,
Алдыңда құдық барда артыңнан итереді.
3637. Опасызда ұят жоқ,
Ұятсызда опа жоқ.
3638. Оразаға көшкен ермек болар.
3639. Оразаны ойға алған
Ораза тұтқан болып есептелмейді.
3640. Орақшының жаманы орақ таңдайды.
3641. Ордалы құлан ақсағын білдірмес.
3642. Орта ақыл ортадан шығармас,
Артық ақыл пайда бермейді.
3643. Орыс баласын өз балаңдай көр,
Қашан жамандығын көргенше.

3644. Орыс жолдасың болса,
Қолыңда қара балтаң болсын.
3645. Орыспенен жолдас болсаң,
Жаныңда балтаң болсын.
3646. Осал адам не ерте өледі,
Не жер тепкілейді.
3647. Осал көріп көп дұшпанның дүрмегін,
Бос үмітпен қапы қалып жүрмегін.
3648. «От» дегеннен ауыз күймейді.
3649. «От» дегеннен ауыз күймейді,
Тістің етін сорғанмен қарын тоймайды.
3650. От жаққанға барма,
Ит үргенге бар.
3651. От пен су — тілсіз жау.
3652. От пен су қосылмайды.
3653. От түтіндеп барып жанады,
Бұлт жарқылдап барып жауады.
3654. От түтінсіз болмайды.
3655. От түтінсіз болмас,
Жігіт мінсіз болмас.
3656. Отардағының орны ашыр.
3657. Отқа жуықтың қолы күйер.
3658. Отқа келген қатынның
Отыз ауыз сөзі бар.

3659. Отқа көмір тықсаң, көмір туады.
3660. Отқа көсеу тықсаң, көмір туар.
3661. Отпен ойнама, күйерсің.
3662. Отпен ойнама, күйерсің,
Қоянмен ойнама, шаршарсың.
3663. Оттағы қазан қайнайды,
Көп қайнаған қазанның асы бұзылады.
3664. Отты жалынмен өшірмейді.
3665. Отты қозғалта берсең, өшеді,
Қоңсыңды қозғалта берсең, көшеді.
3666. Отты сөндіріп, қозасын қалдырма,
Жыланды өлтіріп, баласын асырама,
Ол — ақылды кісінің ісі емес.
3667. Отты түртсең, өшірерсің,
Қонысын кеулесең, көшірерсің.
3668. Оттың жануы отыннан.
3669. Оттың ісі — қуыру,
Желдің ісі — суыру.
3670. Оты тозған жұртқа қайтып қона ма!
Бір тастаған әйелді қайтып ала ма!
3671. Отыз тістен шыққан сөз
Отыз рулы елге жетер.
3672. Отыз тістен шыққан сөз
Барлық ордаға жайылар.

3673. Отыз тістен шыққан сөз,
Отыз рулы елге кетер.
3674. Отыз тістен шыққан сөз
Отыз рулы елге кетеді.
Сөзді сөйлей білмес
Шығынын шығарар.
Қайықты есе білмес
Тығынын шығарар.
3675. Отыз ұлым болғанша,
Осырақ шалым болсын.
3676. Отыз ұлым болса да, орны басқа.
3677. Отыз үйрек бір тырна отырғанда жер тырнар.
3678. Отын оттың жануына себеп,
Өсек достың тануына себеп.
3679. Отына тамұқ күйген соң,
Өкінгеннен не пайда!
3680. Отырам деп еріншек өлер,
Кісіге жақсылық қылам деп көңілшек өлер.
3681. Отырған балуанның сақалына жармаспа,
Жатқан балуанның тұлымынан сипама.
3682. Отырған қыз орынды болар.
3683. Ошақтың бір аяғы сынса,
Қазандағы ас төгіледі.
3684. Ошақтың үш бұты оттан кетпесе,
Ат белдеуден кетпесе,
Ер жігітке бұ бір хандық.

Ө

3685. Өгіз қарын майыңды өлгенде бастаймысың?
3686. Өгізге ноқта салсаң алтын теңдеп.
3687. Өгізді өрге салма,
Қанатың талар.
Жаманға жүзіңді салма,
Сағың сынар.
3688. Өз ағасын ағаламаған
Кісі ағасын жағаламайды.
3689. Өз айыбын (ғайыбын) білген кісі
Билік берерге жарайды.
3690. Өз айыбыңды өзгеден іздеме,
Кісі айыбын көздеме.
3691. Өз ақылым ақыл-ақ,
Кісі ақылы шоқырақ.
3692. Өз ақылын шамалаған қор болмас.
3693. Өз ақылың өзіңе,
Өзен мен самардай.
Кісі ақылы
Кісен менен тұсаудай.
3694. Өз ашуын баса білген адам — күшті адам.
3695. Өз балаң өзекке тепсең, кетпес,
Кісі баласы кісендесең, тұрмас.
3696. Өз бетін аямаған
Кісі бетін шиедей қылар.
3697. Өз білімін сатқан ғалым
Жақсылық атаулыны өз қолымен өртейді.

3698. Өз елін танымаған
Елге би болмас.
3699. Өз жұртын танымаған
Кісі еліне би болмас.
3700. Өз жүрегін тазарта білген
Бүкіл елді ұры-қарыдан қорғай біледі.
3701. Өз зайыбыңа дұшпан көзімен қара.
3702. Өз қадірін өзі білмеген
Кісі қадірін білмес.
3703. Өз қадірің — өз байлығың.
3704. Өз мәртебеңнен биікке ұмтылма,
Өз орныңды біле біл.
3705. Өз нәпсісін жеңе білген адам — ер адам.
3706. Өз отына қан құйған кісі
Кісі отына май құймас.
3707. Өз өлтірмес, жат жарылқамас.
3708. Өз өлтірмес,
Жау жарылқамас.
3709. Өз пайданды емес, өзгенің пайдасын көзде,
Біреуге жүк артпағын, өзің көтер.
3710. Өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла,
Ел пайдасын ойласаң, өз пайдаң соның ішінде.
3711. Өз пайдасын ойламайтын адам
Басқаға пайда келтіреді.
3712. Өз сөзіңнің өз жүзіңе соқпасын ойла.

3713. Өз үйің, өлең төсегің — сабырлық.
3714. Өз ісінің ақырын ойламаған патша еліне сор.
3715. Өзара дұшпан қатыспай, басылады тасуы,
Өзара дұшпан көріспей, азаяды ашуы.
3716. Өзгені жуытсаң да, өсекшіні жуытпа.
3717. Өзгертпе ұлық болсаң өз күйіңді,
Ұмытпа шайы кесең бөз киімді.
Дәрежең өскен сайын ұстамды бол,
Айта біл жас-кәріге сөз түйінді.
3718. Өзекті жанда өлім бар,
Өлеміз деген хаупім бар.
3719. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
3720. Өзі болған жігіттің арғы атасын сұраған — ит.
3721. Өзі болған жігіттің
Түп атасын сұраған — ит.
Көк орай шалғын тұрғанда,
Қу тақырға қонған — ит.
3722. Өзі болған жігіттің түп атасын сұрама.
3723. Өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды.
3724. Өзі білмейтінін «білем» деген — айып.
3725. Өзі білмес, білгеннің тілін алмас.
3726. Өзі білмес, кісінің тілін алмас.
3727. Өзі екі еттім десе,
Тәңірі бір етер.

3728. Өзі жақсы жігітке
Әр жерде де бір кісінің орны бар.
3729. Өзі жемей, мал жиып сараң болады,
Содан күні қараң болады.
3730. Өзі жемес, кісіге бермес.
3731. Өзі жеп, өзгені де тойындырған бақытты болады,
Байлық жиып ап, жей алмай кеткен
бақытсыз болады.
3732. Өзі жоқтың көзі жоқ.
3733. Өзі жығылған өкінбес.
3734. Өзі қылған өкінбес,
Көрінгендегі көмсе дағы бекінбес.
3735. Өзі сақ кісінің ісі де сақ,
Жарамас іске жуымас.
3736. Өзі тоймағанның сарқытын ішпе.
3737. Өзім болдым деп тасып өтпе,
Жақсылардың алдынан кесіп өтпе.
3738. Өзім ойласам, тайлы, құлынды бие теппейді.
Біреуге ойлатсам, аяғым анда-санда бір тиеді.
3739. Өзім тоямын, көзім тоймайды.
3740. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар,
Кісінікі дегенде анау-мынау ісім бар.
3741. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар,
Кісінікі дегенде ондай-мұндай ісім бар.
3742. Өзіме жоқ көтен боғымен пыссын.

3743. Өзімшіл өз пайдасын көздейді.
3744. Өзін кісіге көрсету айып емес.
3745. Өзіне рахымы түспеген адам
Машақаттан құтыла алмайды.
3746. Өзін-өзі мақтаған —
Өлімнен сәл ілгері.
3747. Өзін-өзі мақтаған —
Өлімнің қара басы.
3748. Өзін-өзі мақтаса,
Бақтың қараулы болады.
3749. Өзін-өзі ұлықтаған кіші болар,
Өзін-өзі кішіктеген ұлық болар.
3750. Өзін-өзі ұстай алмаған адам
Біреуге қайтып дос болады.
3751. Өзінікі өзіне оттай ыссы.
3752. Өзінің кетпендей мінін көрмей,
Біреудің инедей мінін көреді.
3753. Өзің бола алмасаң,
Бір жақсының қосын жек.
3754. Өзің болғанша,
Болған ердің қамын же.
3755. Өзің білме,
Білгеннің тілін алма.
3756. Өзің жаман болып, жұрт «жақсы ғой!» дегенше,
Өзің жақсы бол, жұрт «жаман» деп айта берсін.

3757. Өзің күшің жеткенше өзің үшін аянба.
3758. Өзің не етсең, алдыңа сол келер.
3759. Өзіңді біліктінің қасында ұста.
3760. Өзіңді жаттай сыйла,
Жат бойынан түңілсін.
3761. Өзіңдікін жоғалтпа,
Кісінікіне тиме.
3762. Өзіңе бауыр өзіңсің.
3763. Өзіңе қарай дос таңда,
Күшіңе қарай жүк көтер.
3764. Өзіңе қарай дос таңда,
Тең-теңімен жарасады.
3765. Өзіңе қарасты адамдарды қиынға салма.
3766. Өзіңе өтірік айтпа,
Жатқа шыныңды айтпа.
3767. Өзіңе сіңіп кетпеген сыр өзгеге де сіңбейді.
3768. Өзіңнен бір көйлек бұрын тоздырғаннан
ақыл сұра.
3769. Өзіңнен зорлар шықса,
Екі көзіңнен сорлар шығар.
3770. Өзіңнен қорқатын адамнан
Күні-түні сақтанып жүр.
3771. Өзіңнен тумай ұл болмас,
Сатып алмай құл болмас.

3772. Өзіңнің жаққан отыңа өзің жылынарсың.
3773. Өлген арыстаннан
Тірі ит артық.
3774. Өлген арыстаннан
Тірі тышқан артық.
3775. Өлген әскердің орынын тірі әскер басады.
3776. Өлген келмес,
Өшкен жанбас.
3777. Өлген келмес,
Төгілген толмас.
3778. Өлген қайтып тірілмес,
Шыққан жан қайтып оралмас.
3779. Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Қадір білмес досыңнан дұшпан артық.
3780. Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Сыр сақтамаған досыңнан дұшпан артық.
3781. Өлгенде көрің кең болсын,
Тірінде төрің кең болсын.
3782. Өлгендерден өсиет сөз қалады.
3783. Өлгеннен соң бай мен кедей арасы,
Теңеледі жер қойнында, қарашы!
3784. Өлеңді жерді өгіз жейді,
Өлімді жерді молда жейді.
3785. Өлеңді жердің өгізі семіз,
Даулы жердің әкімі семіз,
Өлімді жердің молдасы семіз.

3786. Өлеңді өрістің өгізі семіз.
3787. Өлеңді той көтерер,
Семіздікті қой көтерер.
3788. Өлерменнің көзі жаман.
3789. Өлетін кісіге ем қонбайды.
3790. Өлетін сәт жеткенде,
Қазынаң ара түспейді.
3791. Өлетінін ойламаған патшаның елі ойран болады.
3792. Өлмеген құл алтын аяқпен су ішер.
3793. Өлмей тұрып өлімді ешкім білмейді.
3794. Өлсем, кіремін көрге,
Бір шығайын төрге.
3795. Өлушінің қазасы жетпесе,
Өлтірушінің қолы жетпейді.
3796. Өлшеп айтылса ғана
Сөз жөнді сөз бола алады.
3797. Өлшеулі сөз ғана сөз болады.
«Көп сөз — есекке жүк» деген мақал бар.
3798. Өлі арыстаннан тірі тышқан жақсы.
3799. Өлі арыстаннан тірі жүрген тышқан артық.
3800. Өлім бар да қаза бар,
Ажал бар да тағдыр бар.
3801. Өлім келсе, өкінбей-ақ бара бер,
Зар қаққанмен естіртпейді-ау қара жер.

3802. Өлім — ортақ, дау — кезек.
3803. Өлім тілесен, бейнет берер.
3804. Өлімнен басқаның бәріне ем бар,
Өлімге ғана ем жоқ.
3805. Өлімнен қашып құтыла алмайсың,
Жан досыңнан ажыраса алмайсың.
3806. Өлімнен ұят күшті.
3807. Өлімсіз дүние болмайды,
Өткелсіз кешу болмайды.
3808. Өліп өскен мал жақсы,
Өлмей өскен бас жақсы.
3809. Өмір күшті, өлім одан да күшті.
3810. Өмір қандай тәтті болса,
Өлім сондай ащы.
3811. Өмір өтті, міне, күндіз-түн демей,
Келер өлім келіп қалды үндемей.
3812. Өмір сатылатын болса, байлар өлмес еді,
Өмір үшін ақша төлейтін болса,
тек қана кедейлер өлер еді.
3813. Өмір тәтті бүгін қолың жеткенде,
Удай ащы ертең тастап кеткенде.
3814. Өмірде адам көп қайғыны көреді,
Неге сонша көкірегін кереді!
3815. Өмірде қиянат жасағанның
Қиямет-қайымда қолы дірілдейді.

3816. Өмірден баз кешкен көңілдегісін айтады.
3817. Өмір-тірлік қиылмаса қысқадан,
Табылады адамға мал, құсқа — дән.
3818. Өмірің бір ұзын-сонар жол болар,
Болса түйсік, жол азығың мол болар.
3819. Өміріңді байлық қыл,
Пайдасы болсын ізгілік.
3820. Өнер алды — қызыл тіл.
3821. Өнер-білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан.
3822. Өнерді құр көргенменен үйрену мүмкін болса,
Бүкіл иттер қасапшы болар еді.
3823. Өнерді үйрен де жирен.
3824. Өнерді үйрен,
Үйрен де жирен.
3825. Өнерлі өлмес,
Өнерсіз күн көрмес.
3826. Өнерлі адам өз елінен кетсе де, табыс табады,
Патша елінен кетсе, азып-тозып өмірем қабады.
3827. Өнерлі ер өрге сүңгиді.
3828. Өнерлі өлмес,
Өнерсіз күн көрмес.
3829. Өнерлі өшпес, өнерсіз күн көрмес.
3830. Өнерлі өлмес,
Өнерсіз түн, көрмес.

3831. Өнерлі өрге жүзер.
3832. Өнерлінің қapasы көп,
Өнерсіздің өкініші жоқ.
3833. Өнерсізден құт қашар.
3834. Өрті күшті болса,
Дәрияның ортасындағы қамысты өрт шалады.
3835. Өсекке кіріспе, есепке кіріс.
3836. Өсекке кірмесе, есепке кірмес.
3837. Өсер елдің жігіті
Бірін-бірі «батыр» дер.
Өшер елдің жігіті
Бірін-бірі «қатын» дер.
3838. Өсиет айтқан өлмес.
3839. Өскен елдің бозбаласы бір-бірін «батырым» дер,
Өшкен елдің баласы бір-бірін «қатыным» дер.
3840. Өшкен жанбайды,
Өлген тұрмайды.
3841. Өскен-туған жерін тентек ұмытар.
Өссе жастан бассыз болып баласы,
Ол — әкенің ұлға берген бәлесі.
3842. Өтеді бұ дүние, ілінбейді,
Өлер күн алдын ала білінбейді.
3843. Өткел өтсең, бұрын өт,
Арттан өтсең, жол тайғақ.
3844. Өткелім саяз деме.

3845. Өткен күн қайтып оралмас.
3846. Өткен өмірді қайтара алмайсың.
3847. Өткен өрел, қалған салауат.
3848. Өткен іске өкінбе,
Өкінгенмен жеткізбес.
3849. Өткен іске өкінбе,
Өкінсең де бұрынғыдай бітілмес.
3850. Өткен іске өкінбе.
3851. Өткен іске өкінбе,
Өміріңе зая.
3852. Өткір пышақ етке пайда, қынға қас,
Өтірік сөз дауға пайда, жанға қас.
3853. Өтпес жарлық — бойға қорлық.
3854. Өтпес пышақ қол кесер.
3855. Өтіп кеткен жаңбырды,
Жамылыш алып қуар ма,
Қас жақсының баласы,
Мұнша жаман туар ма.
3856. Өтіп кеткен жауынды жамылшы алып қума.
3857. Өтірік — екеу,
Шын — төртеу.
3858. Өтірік айтсаң, өлгенше,
Арам жесең, тойғанша.
3859. Өтірік дауға көп кірме,
Өтірік дауға көп кірсең,
Тұқымыңды өлтірер.

3860. Өтірік деген дұспан бар,
Отқа сүйреп салады.
3861. Өтірік пышақ қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас.
3862. Өтірік сөз — жарақат сияқты,
жазылса да, орны қалады.
3863. Өтірік сөз өрге баспас.
3864. Өтірік сөзден құт қашар.
3865. Өтіріктің де шындайы бар,
Ұрының да елдейі бар.
3866. Өтіріктің ұшы екеу,
Шындікі — төртеу.
3867. Өтірікші — Құдай дұспаны.
3868. Өтірікшіден аулақ жүр.
3869. Өтірікшінің өмірі қысқа.
3870. Өтірікшінің шын сөзі зая кетер.
3871. Өш алғаннан гөрі, кешірген жақсы.
3872. Өш алу мен кек алу міндет болды бұ жұртқа,
Қанша келсе қолыңнан, жақсылық қыл, қыжыртпа.
3873. Өшеді азап оты, кезі келер,
Сауаптың сабыр етсең, өзі келер.
3874. Өшетін жарық өлеусіреп тұрады.
3875. Өшетін шырақ өрши жанып,
Көп жарық береді.

П

3876. Пайда да — бір аққан су.
3877. Пайда дегенде,
Зиян қайда барып күн көреді.
3878. Пайда келер ақыл, білім жолынан,
Зерделі мен таза адамның қолынан.
3879. Пайда көздеген өзін құл қылады.
3880. Пайдалы құл ұлыңнан жақын.
3881. Пайдалы мал — жұмсағаның, берген мал,
Бермеген мал — апаратын көрге амал.
3882. Пайданы бай алар.
3883. Пайдасы жоқ байдан без,
Панасы жоқ сайдан без.
3884. Пайдасыз баланы жау көріп, сақтан.
3885. Пайдасыз дау мен күлкіден сақтан.
3886. Пайдасыз қайғыдан арыл,
Қайғы тамақ болмайды.
3887. Пайдасыз сөзді көп айтпа,
Пайдалы сөзді азайтпа.
3888. Пайдасыз шындықтан пайдалы өтірік жақсы.
3889. Пайдасызға шығарма,
Кеуілсізден сұрама.
3890. Пақыр адамның құдіретті қолы
байлаулы болады.

3891. Пақыр кісі панада,
Соқыр кісі далада.
3892. Пақырға қылма зорлық,
Қияметте алар теңдік.
3893. Палуанменен күреспе,
Ұлықпенен тіреспе.
3894. Панасыз болса сайдан без,
Пайдасыз болса байдан без.
3895. Пара берген ел жаулар.
3896. Пара тамұқтың да есігін ашады.
3897. Пасық кісінде дәулет болмас.
3898. Пасықтан ұят сұрама,
Зәлімнен опа сұрама.
3899. Пасықтың жолы тозақта.
3900. Патша баласын басып өтпе,
Өзі болған жігітке тәсіп етпе.
3901. Патша болсам, май жер едім.
3902. Патша дабылының дүңкілі-ақ басты ауыртады.
3903. Патша жоғарылаған сайын жүгі ауырлайды.
3904. Патша залым болса, жұрт тозады,
Патша алым болса, жұрт түзеледі.
3905. Патша халқына зұлымдық жасаса,
Бар мемлекет харап болады.
3906. Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж,
Ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес.

3907. Патшаның баласы көпір болса,
Аяғыңмен басып өтпе.
3908. Патшаның достығына сенбе.
3909. Патшаның қолтығы кең,
Құрығы ұзын.
3910. Патшаның етегі кең,
Құрығы ұзын.
3911. Патшаның мәртебесі адамдардың
басын ауыртпай тұра алмайды.
3912. Патшаның патшалығы халықтың арқасында.
3913. Патшаң соқыр болса,
Бір көзіңді қысып өт.
3914. Пәле айтып келмес,
Өлген адам қайтып келмес.
3915. Пәле-жала жолын ұят кеседі,
Ұятсыздық — ердің емсіз кеселі.
Ашық мінез, пәктік, ұят серік боп,
Жарасады қуанышқа көрік боп.
Адал ар мен ақ көңіл де еленер —
Екі жалған бақытына бөленер.
3916. Пәлен жерде қазан бар,
Қарасаң, бақыраш та жоқ.
3917. Періште алтын көрсе, жолдан таяр.
3918. Пиғылы жатпен бір отырма.
3919. Пасықтарға жақсылық істеу — күнә.
3920. Пышағыңды қайрап жүр,
Не кесеріңді білерсің.

- Жауабыңды сайлап жүр,
Жапанда құрбың жолықса,
Не дерінді білерсің.
3921. Пышағыңды қайрап жүр, не соярың білсеңіз,
Жауабыңды сайлап жүр,
Жолдасыңның не сұрап, не айтарын білсеңіз.
3922. Пышағыңды сайламай тұрып,
Сүйекке ұмтылма.
3923. Пышақ берсең, қынымен,
Қынын берсең, шынымен.
3924. Пышақ қанша өткір болғанмен,
Өз сабын жона алмайды.
3925. Піскен нан қалмайды.

Р

3926. Рас айтып, зиян шек,
Ақырында пайда табарсың.
Өтірік айтып, пайда тап,
Ақырында зиян шегерсің.
3927. Расы-шынын білместен, адырая қоймаңыз.
3928. Рахат көріп жүрген жан
Аштық халін қайдан біледі.
3929. Рахат пен қайғы — жолдас.
3930. Рахат іздесең, бейнетінен қорықпа,
Қуаныш іздесең, қайғысынан қорықпа.
3931. Деп қойған сойғылыққа,
Айтып қойған соңғылыққа.

3932. Риәсіз ғамал болмас,
Ғайбатсыз мәжіліс болмас.
3933. Рулының оғы қалса, жоғалмас,
Жалғыздың жағы қалса, табылмас.
3934. Рухани күшпен көптен озасың.
3935. Руыңда дана болсаң, білгенінді үлестір.

С

3936. Сабан айдап сандалсаң,
Өніміне малданасың.
3937. Сабанда сайраспасаң,
Орақта ыңырасарсың.
3938. Сабасына қарай піспегі,
Сақалына қарай іскегі.
3939. Сабыр ет, қуаныш күт бәле келсе,
Күте тұр қайғы, реніш ала келсе.
3940. Сабыр еткен кісіге жеміс те піседі,
Ауызға да түседі.
3941. Сабыр еткен табар тілек, санатын,
Сабыр еткен ұстар аққу қанатын.
3942. Сабыр еткен — мұратқа жеткен.
3943. Сабыр етсе, бақтағы жеміс те піседі,
Асыға берсе, балшыққа екпетінен түседі.
3944. Сабыр етсең, іс байлыққа басады,
Шүкір қылсаң, байлық асып-тасады.

3945. Сабыр суын сеп, Құдай-ау!
3946. Сабыр түбі — сары алтын,
Сарғайсаң, жетерсің мұратқа.
3947. Сабыр түбі — сары алтын.
3948. Сабыр түбі — сары алтын,
Сарғайсаң, сарғая бер, ұтарсың.
3949. Сабырдан артық нәрсе жоқ.
3950. Сабырлы жетер мұратқа.
3951. Сабырлы шыдар,
Сабырсыз жанар.
3952. Сағымнан ат болмас,
Сарымайдан арқан болмас.
3953. Сағыныш түбі — сүйініш.
3954. Садағынды сауда бер,
Қисайған соң түзелмес.
3955. Сай сайға құяр,
Шұқанаққа дөнеңе де жоқ.
3956. Сайтан сүйгенді Құдай сүймейді.
3957. Сақ қарға сағасынан ілігер.
3958. Сақалы жоқ, мұрты жоқ,
Құдайдан үміті жоқ.
3959. Сақпанды ата білмеген өз басына тигізеді.
3960. Сақтағанды Құдай сақтар.

3961. Сақтана біл сараңдықтан өспейтін,
Жомарт жанның аты қалар өшпейтін.
3962. Сақтанған саламатқа жеткен.
3963. Сақтықта қорлық жоқ.
3964. Сақылық пен жомарттық — бар аурудың дауасы.
3965. Салмақтылық іске сәт.
3966. Сан тимеске сан тиді,
Табақ-табақтан тиді.
3967. Сан тимеске сан тисе,
Ойнап жүріп кісі өлтіреді.
3968. Санасызды «адам екен» деме де,
Қанша айтса да сенбе ондай немеге.
3969. Сандуғаш гүлге ғашық,
Жігіт қызға ғашық.
3970. Сандықта жатқан жұпар қымбат.
3971. Саңырауға сәлем берсең,
«Атаңның басы» дер.
3972. Сапты аяқпен ас беріп,
Сабына қарауыл қойма.
3973. Сараң — өз байлығына жидашы, жүкші ғана.
3974. Сараң бай сорлы құлдан да жаман.
3975. Сараң бек атағынан айрылар.
3976. Сараң бек елін билей алмайды.

3977. Сараң бек қазына теріп, байлық жияды,
Жомарт бек оны қылышпен қияды.
3978. Сараң бір тамбай өткен көктем сияқты.
3979. Сараң дүниенің малын жиса да, тоймайды.
3980. Сараң қоңыз десең болар,
Ішпей-жемей боқтық жиған.
Қайырлы жігіт ер десең болар,
Жолдасы үшін жанын қиған.
3981. Сараң пайғамбардың жиені болса да,
пейішке бармайды,
Жомарт қара құлдың баласы болса да,
тозаққа бармайды.
3982. Сараң санға қосылмас.
3983. Сараңға қызмет етсең,
Өмірің босқа кетеді.
3984. Сараңдық — емі жоқ ауру.
3985. Сараңдық — қайда болса да сорақылық.
3986. Сараңдық — өзінді құртатын құмарлық.
3987. Сараңдық күш алса,
Қуаныш азаяр.
3988. Сараңнан бір тілім нан сұрағанша,
аштан өлген артық.
3989. Сараңның көмген алтынын
Өзін көмген соң қазып алады.
3990. Сараңның іпшей-жемей жинаған
алтыны басқаға қалады.

3991. Сарғая сақтасаң, қызара бөртерсің.
3992. Сарт байыса, там салар,
Қазақ байыса, қатын алар.
3993. Сарт өзін мақтар,
Жігіт өткен дәуренін жоқтар.
3994. Сарттың жаманы қазақ болам дер,
Қазақтың жаманы сарт болам дер.
3995. Сары қазақтың бәрі қазақ.
3996. Сасқанда ерінің табылмас.
3997. Саспаған сұңқар ұстар,
Асықпаған қыран баптар.
3998. Сасыған ауыздан шіріген сөз шығар.
3999. Сасыған сумен жуынба.
4000. Сатушы не сатса да, пайдасына сатады.
4001. Сау (адам) ауырады,
Жас (адам) қартаяды.
4002. Сау адам біреудің жарасы
ауырып отырғанын білмейді.
4003. Сау басын сақинаға қосқан жігіт,
Һәр соттың есігінде телміреді.
4004. Сау кездегі (мас емес кездегі) сөз салмақты.
4005. Сауда жүріп тұрса,
Саудагерге пайда.
4006. Сауда садақпен тең,
Иілсе бір, түзелмейді.

4007. Сауда садақпен тең,
Иілсе, тез түзей алмайсың.
4008. Саудагер малын сандалып жүріп табады.
4009. Саудагердің пайдасы таза болса, жолда жейді.
4010. Саудада артық сұрамасаң, аз бермес,
Ақымақ көп сұраса да, ақылды аз берер.
4011. Саудада достық жоқ.
4012. «Саулығымды сақтаймын» десең, аз же,
Бірақ уақытылы же.
4013. Саулық қойдың жасы үлкен болса да,
Ісек қойдың басы үлкен.
4014. Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен,
Жақпайтұғын сөз шығарма тісіңнен.
4015. Саулық тілесең, көп жеме.
4016. Саусақтағы сақинаңды бір айналдырғанша,
Дүние жүз айналады (өзгереді).
4017. Сауысқан тоты құстың жүрісіне саламын деп,
Өз жүрісінен айрылып қалыпты.
4018. Сауысқаннан хан қойсаң,
Тұмсығы боқтан кетпес.
Тырнадан жасауыл қойсаң,
Басыңнан қиқу кетпес.
4019. Сауыт күші қылышпен қылшылдатып ұрғанда,
Аттың күші жігітті алып шығып тұрғанда.
4020. Саяқ жүрсең, таяқ жерсің.

4021. Сәйгүліктің арқасын жауыр қылма.
4022. Сәлем берген саулық береді,
Сәлем алған қызығын көреді.
4023. Сегіз қырлы, бір сырлы болсын.
4024. Семіз көркем,
Бай шешен.
4025. Семіздер арықтағанша,
Арықтар арып өледі.
4026. Сен — керуен, дүние — бір сарай-ды,
Аялдама қанша күнге жарайды!
4027. Сен бас болсаң,
Қызметші халқың аяқ болады.
4028. Сен дүние-малға сұқтанасың,
Өлім саған сұқтанады.
4029. Сен тілесен дүниенің байлығын,
«Тура сөйлеу керек» деген жайды ұғын.
4030. Сен шашылып іс істеме дабырмен,
Мақсатына жетер кісі сабырмен.
4031. Сенген байым сен болсаң,
Күйсеуіне жарайсың.
4032. Сенен қорыққаннан сен де қорық.
4033. Сенен қорыққаным —
Қара қойдан үріккенім.
4034. Сенікі-менікі деген көңіл тарлығы,
Әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы.

4035. «Сендікпін» деген сертке сенбе,
Кезегі кетпеген дертке сенбе.
4036. Сенім болмай, іс оңбас.
4037. Сенімге тұрар адам көп,
Бірақ өзіңе сенгеннен артығы жоқ.
4038. Сенімді сөз — білгендерден қалған сөз,
Жаныңа қор қашан дағы жалған сөз.
4039. Сиыр мүйізді өгіздің күші болмас,
Әйел дауысты еркектің күші болмас.
4040. Сиыр мүйізді өгіз қауіпсіз болар,
Өгіз мүйізді сиыр сүтсіз болар.
4041. Сиыр өз тілінен өзі қыршаңқы болады.
4042. Сиыр сары болмас,
Түйе торы болмас.
4043. Сиыр сипағанды білмес,
Жаман сыйлағанды білмес.
4044. Сиыр су ішкенде,
Бұзау мұз жалайды.
4045. Сиыр судан жериді,
Су сиырдан жериді.
4046. Сиыр судан жеріп,
Су сиырдан жеріп.
4047. Сиыр сүйкенбей жүрмес.
4048. Сиыр тілінен қыршаңқы болады.
4049. Сиырға кілем жапқандай,
Жаңа байдың күлгені.

- Ретті болар һәр ісі
Ескі байдың бөлгені.
4050. Сиырдай надан тойса, пысылдайды,
Бос сөзге семірсе де, қысылмайды.
4051. Соймаса, қан шықпайды,
Құр тілден май шықпайды.
4052. Сойса, қозы өледі,
Соймаса, өзі өледі.
4053. Соқыр адам жол бастамайды.
4054. Соқыр жолдан адасса, сөкпес болар.
4055. Соқыр көзіне нанбай,
Қолымен ұстап көреді.
4056. Соқыр көргенін ен жазбас.
4057. Соқыр тауыққа бәрі бидай.
4058. Соқыр түйені көрмес,
Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес.
4059. Соқырға не жарық жоқ, не жарық күн жоқ.
4060. Соқырдан қарауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Білмес наданды би қойсаң,
Жұртыңды дауға алдырар.
4061. Соқырдан қарауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Наданнан би қойдырсаң,
Еліңді дауға қалдырар.
4062. Соқырды қарауылға қойсаң,
Үстіңе жау келтірер.

4063. Соқырдың екі көзі жоқ,
Саңыраудың бір көзі жоқ.
4064. Соқырдың қолына түспе,
Саңыраудың астына түспе.
4065. Соқырдың тілегені екі көз.
4066. «Соқырлар көшесінде айна жасайдының»
кері болып жүрмесін.
4067. Солақай оңқайдың істегенін істей алмайды.
4068. Сом темірге балға бар,
Айлакерге Алла бар.
4069. Сом темірге балға бар,
Сомсынғанға балға бар.
4070. Соңғы түйенің жүгі ауыр.
4071. Соңына сор ертіп жүрген бағы бар,
Сор қайнаса, келер бақыт тағы бар.
4072. Соңыра күн қалмау үшін табаға,
Жөнге салып, ие болғын балаға.
4073. Сорлы есектің құны жоқ,
Жүк көтерер күші қымбат.
4074. Сорлы қатын алса, таң қысқарады.
4075. Сорлының асын «биссмилдә» тауысады.
4076. Сорлының аузы асқа тисе,
Мұрны қанайды.
4077. Сорлының етегіне бидай түссе,
Т...ы түртіп төгеді.

4078. Сортаң жерге гүл бітпес.
Сортаң жердің жемісін жеген кісі жоқ.
4079. Сөз — ойдың көрінісі.
4080. Сөз адамды ұлы да қылады,
Масқара да қылады.
4081. Сөз айтып бітірмеген — еркек емес.
4082. Сөз бергенге ерме,
Бөз бергенге ер.
4083. Сөз білгенге патша тағы тиеді,
Көп сөз басты жерге әкеліп иеді.
4084. Сөз білмесең үндеме,
Көптің ішінде отырарсың.
4085. Сөз — сөздің көсеуі.
4086. Сөз еңбек болар,
Бөз көйлек болар.
4087. Сөз құған бәлеге жолығар,
Жол құған қазынаға жолығар.
4088. Сөз мәнісін білмеген,
Сөзді өзіне келтірер.
Көш мәнісін білмеген,
Көшсе, көлік өлтірер.
4089. Сөз ойланып айтылса ғана сөзге ұқсайды.
4090. Сөз сөзден туады,
Сөйлемесе, қайдан туады.
4091. Сөз сөйлесең, байқап сөйле.

4092. Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.
4093. Сөз тумай сайран болмас,
Сайран болмай айран болмас.
4094. Сөзге сөз қосса, демесең болады,
Сүтке су қосса, сүймесең болады.
4095. Сөзге сүйінген — сол сөздің құлы.
4096. Сөзде де у болады.
4097. Сөздері білімдардың қартаймайды,
Ағысты мөлдір бұлақ ортаймайды.
4098. Сөзді айтсаң болады,
Құлақ салып ұққанға.
Айтып-айтпай немене
Мақтамен құлағын
Мықтап тұрып тыққанға.
4099. Сөздің азы жақсы,
Бастың тазы жақсы.
4100. Сөздің бәрін тыңда, керегін ал.
4101. Сөздің көркі — мақал,
Иектің көркі — сақал.
4102. Сөздің көркі — мақал,
Жігіттің көркі — сақал.
4103. Сөзі жалған кісінің жүзі төмен.
4104. Сөзіне сүйсінсең, өзіне құл боласың.
4105. Сөзінді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма?
Ісінді біреу істесе, қолың қышып бара ма?

4106. Сөйлеген кісі ақымақ болса,
Тыңдаған кісі ақылды болсын.
4107. Сөйлеген сөз көп болады.
4108. Сөйлегеннен сөйлемеген жақсырақ,
Сөйлей білмесең, басыңа тиер тал таяқ.
4109. Сөйлей білмеген ауыздан
Тыша білген көт артық.
4110. Сөйлей білмеген
Жаман сөзді өзіне келтірер.
4111. Сөйлей білмеген кісінің ауызына боқ.
4112. Сөйлей білмеген өзін-өзі қор етер.
4113. Сөйлей білмес жамандар
Сөзді өзіне келтірер.
4114. Сөйлей білмес сөзді өзіне келтірер,
Көше білмес көлік өлтірер (көлік — ат).
4115. Сөйлей білмесең, тек тұр —
Халық арасында көп тұрарсың.
4116. Сөйлей-сөйлей шешен болар,
Көре-көре көсем болар.
4117. Сөйлесең, сөз көп болады.
4118. Сөйлесе, сөз шығады,
Түртсе, көз шығады.
4119. Су — тілсіз жау.
4120. Су ағысы тартылса, жас жапырақ қурайды,
Адамдардан күш кетсе, жат кісіге бағынады.

4121. Су анасы — бұлақ,
Сөз иесі — құлақ.
Жан тәнге қонақ,
Іздегені тамақ.
4122. Су арықпен ағады.
4123. Су аяғы — теңіз,
Ептеп ішпеген доңыз.
4124. Су әкелетін кез —
Көзені сындырып алатын кез емес.
4125. Су басынан бұзылар.
4126. Су да болса сыйласып іш.
4127. Су жетпейін демейді,
Жар жеткізбейді,
Ер жетпейін демейді,
Мал жеткізбейді.
4128. Су құнары мұзбенен,
Астың дәмі тұзбенен.
4129. Су өзінің өрт сөндіре алатынын білмейді.
4130. Су үстінде қоғалы көл болса,
Су үстінде от жанар.
Ағайыны жаман болса,
Түйе үстінде ит қабар.
4131. Суарылған болат семсер
Жұмсақ қайраққа қайралады.
4132. Суға кеткен тал қармар.
4133. Суға кетудің михнатын көрмей,
Кеме рахатының қадірін білмейді.

4134. Суға сүйенбе, отқа сенбе.
4135. Суға сүйенбе,
Жаз күніне сенбе.
4136. Суға сүңгімеген інжу термейді.
4137. Судағы қайыққа сенбе (кемеге),
Қойнындағы қатынға сенбе,
Астыңдағы атқа сенбе.
4138. Судағы тырнадан
Қолыңдағы шымшық игі.
4139. Судан өткенше қызымды берейін,
Судан өткен соң «сені қайдан білейін».
4140. Суды көрмей тұрып етігіңді шешпе.
4141. Судың басы бұлақ болса да,
Аяғы құяр теңізге.
Жақсыдан жаман туса да,
Тартпай қоймас негізге.
4142. Сулығы бар ат жер тарпымайды.
4143. Сусыз жерде қамыс жоқ,
Азған елде намыс жоқ.
4144. Сусыз жердің шөбі иесіз,
Ауылсыз жердің малы иесіз.
4145. Сусынның қоюы түбінде.
4146. Суы жоқ арықтан қол жууға болмайды.
4147. Суы көп бақтың жемісі көбейеді.
4148. Суы көп болса, бақ та мәуелі,
Құсқа тұзақ құрсаң, дән сеп әуелі.

4164. Сұлулықтың салтанаты да гүлдің
күніндей қысқа болады.
4165. Сұрағанның айыбы жоқ.
4166. Сұрамай бергенді жомарт десе болады,
Айдамай жүргенді жүйрік десе болады.
4167. Сұрап бергенше, ұрып бер.
4168. Сұрап қойған соңғылыққа жақсы,
Іреп қойған союлыққа жақсы.
4169. Сұрау оңай, жауап беру қиын.
4170. Сүзілген алтын топырағы кеппей-ақ сезіліп қалады.
4171. Сүйген адам жүзінен-ақ болжайды,
Жағын ашса, сөз білдірер ол жайды.
Білгің келсе, байқа, сүйер-сүймесін
Тік қараған көз қарасы толғайды.
4172. Сүйген жерден сөз кетпес,
Қышыған жерден қол кетпес.
4173. Сүйген істің айыбы білінбейді.
4174. Сүйгенін көрсе көңіл күлімдейді,
Қоштасар зары жүрек тілімдейді.
Кездесу көңілді мәз өрлетеді,
Қоштасу қайғысы құр шерлі етеді.
4175. Сүйгенін қоштасуға кім қиыпты,
Шері оның теңізден де тұңғиық-ты.
4176. Сүйгенін шұнағым дейді.
4177. «Сүйегі бар» деп құрманы тастама,
Тікенсіз гүлді кім көрген.

4178. Сүйекпен соққан ит қыңсыламас.
4179. Сүйкімді адам көп-ақ,
Бірақ еш нәрсе өз жаныңнан артық емес.
4180. Сүймесімді сүйемін, сүйерімнің көңілі үшін.
4181. Сүйіктінің әрбір ісі сүйкімді.
4182. Сүйіп алған көріктіден,
Сүймей алған текті артық.
4183. Сүлеймендей қолыңда қуат болса да,
Қылдырықтай құмырсқаға қиянат қылма.
4184. Сүт ембеймін, аузымда бар отыз тіс.
4185. Сүтке су қосса, ішпессің,
Сөзге сөз қосса, демессің.
4186. Сүтпен кірген мінез,
Сүйекпен бірге кетер.
4187. Сүтпенен біткен сүйекпенен кетеді.
4188. Сыйға — сый, сыраға — бал.
4189. Сыйлағанды сыйла,
Атаң құлы түңілер.
Сыйламағанды сыйлама,
Пайғамбар ұғылы түңілер.
4190. Сыйлағанды сыйла,
Ол біреудің құлы емес,
Сыйламағанды сыйлама,
Ол Пайғамбар ұлы емес.
4191. Сыйлағанды сыйла,
Илегенді иле.

4192. Сыйлап берген су
Сатып алған балдан артық.
4193. Сыйларға асың болмаса да,
Сипарға тілің болсын.
4194. Сыйласуға жат жақсы,
Жыласуға өз жақсы.
4195. Сыланған аттың тісі қараймас.
4196. Сыналмаған кісіге
Үлкен жұмыс тапсырған опық жейді.
4197. Сынамаған алданар,
Ойламаған ұтқызар.
4198. Сыныққа сылтау табылмас.
4199. Сыпайы сырын жасырмас,
Пұшық мұрнын жасырмас,
Жақсы таз басын жасырмас,
Жақсы кісі асын жасырмас.
4200. Сыпайымен тамыр болма,
Жаңа байығаннан қарыз алма.
4201. Сыпайының алдында сүйек жатсын.
4202. Сыпайының тонын Тәңірі пішер.
4203. Сыр айтқанда досыңды «дұпшан» деп ұқ.
4204. Сырлы аяқтың сыры кетеді, сыны кетпес.
4205. Сырты тоқ, іші боқ.
4206. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.

4207. Сіңбеген ас бүлінер,
Ауруға содан ілінер.

T

4208. Табынған тас жарады,
Тас келіп бас жарады.
4209. Табыңдағы жаманға
Ақыл айтсаң, азбассың.
Табыңдағы жақсыңыз
Бір қате қылса да, елеме.
Өзі жүрер күле алмай,
Басы жұмыр адам ғой,
Қылған шығар біле алмай.
4210. Табыңнан жақсы табылса,
Аяғынан алмаңыз,
Базарға басын салмаңыз,
Екі араңыз ашылар.
4211. Табыс деген — ағып (ұрып) тұрған су,
Рахат құру деген — диірмен.
4212. Табысқанмен жақын болмайды.
4213. Табысы жоқтың танысы жоқ.
4214. Табысың жоқ болса,
Шығатын шығыныңды азайт.
4215. Тағдыр опасыз, оған сенбе.
4216. Тағдырды Тәңірі жасар,
Адам баласы өлу үшін туады.
4217. Тағдырын иек шешсе де,
Сақал соған (өтірік) еркелер.

4218. Тағдырың бүгін мұнда, ертең анда.
4219. Тағдырыңды біл де, күрес.
4220. Таз әңгі болады.
4221. Таза өнердің иесі жомарт келеді.
4222. Таздың барар жері — бөрікші.
4223. Тазы жүйрігін түлкі сүймес.
4224. Тазының киікке жаны ашымайды,
Мысықтың көгершінге жаны ашымайды.
4225. Тай өссе, ат тынығады,
Ұлы өссе, әке тынығады.
4226. Тай тулап үйірден шықпас.
4227. Тайдың жақсысы атқа ерер,
Аттың жаманы тайға ерер.
4228. Тайып бара жатқанға таяныш бол.
4229. Тақыт пен бақыт бір емес.
4230. Талай бөрінің түбіне түлкі жеткен.
4231. Талайды қамсыздық құртқан.
4232. Талап пендеден,
Беру Құдайдан.
4233. Талапсыздан құт қашар.
4234. Талапсыздың қайғысы аз.
4235. Талапты ерге нұр жауар,
Талапсыз неме құр қалар.

4236. Талаптымен таласпа.
4237. Талқаны бар адам
Оған тәтті қосып та жейді.
4238. Талтаңдасаң талтаңда,
Ақшаң болса қалтаңда.
4239. Тамағы тойған ас қадірін білер ме.
4240. Тамақ тамұққа түсірер.
4241. Тамақ тәнді семіртеді,
Сөз жанды семіртеді.
4242. Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ.
4243. Тамам жұлдыз жиылып, айға жетпес,
Тамам кедей жиылып, байға жетпес.
4244. Тамам кедей жиылып,
Құдай берген байдай жоқ.
Тамам жұлдыз жиылып,
Бірден туған айдай жоқ.
4245. Тамаша көрем десең,
Күнде жүріп тұр, ел арала.
4246. Тамыр тартқан тарықпас.
4247. Тамыр түбі — дау, құрдас түбі — жау.
4248. Тамырыңнан түйе сұра,
Қорыққанынан бие берсін.
4249. Тандыр ысып кеткенде нан күйеді.
4250. Тандыр ысып тұрғанда, нан жауып қал.

4251. Таныған жерде бой сыйлы,
Танымаған жерде тон сыйлы.
4252. Танымас — сыйламас.
4253. Танымасын сыйламас,
Жек көргенін мақтамас.
4254. Танымы мол тамұқтан да құтылады.
4255. Таныс жерде бой сыйлы,
Танымаған жерде тон сыйлы.
4256. Таңдағы ас Тәңірден.
4257. Таңдағы ас Тәңіріден.
4258. Таңдағы піскен құйрықтан,
Әзіргі шикі өкпе артық.
4259. Таңертеңгі асты тастама,
Кешкі асқа бақпа (қарама).
4260. Таңертеңгі тәтті ұйқы деп нашар жатар,
Құдайым берген құлын өзі оятар.
4261. Таңсық нәрсе — күміс пенен алтын да,
Ер қымбат-ау ұстамдылық қалпында.
4262. Тапқан қалар,
Таныған алар.
4263. Тарта жесең, тай қалар,
Тоя жесең, қой қалар.
4264. Тарығып жүрген сүйінер,
Қамығып жүрген қуанар.
4265. Тас жатқан жерінде ауыр.

4266. Тас түскен жеріне ауыр.
4267. Тасқа тісі өтпеген жалайды.
4268. Таспен ұрғанды аспен ұр.
4269. Таста тамыр жоқ,
Төреде бауыр жоқ.
4270. Таста тамыр жоқ, төреде Тәңір жоқ.
4271. Таста тамыр жоқ,
Төреде туыс жоқ.
4272. Тастаған шоқпар сорлының маңдайына тиер.
4273. Тастақ жерде от (шөп) болмас,
Қышыма тазда ұят болмас.
4274. Тасты жапалаққа ұрсаң да, жапалақ өледі,
Жапалақты тасқа ұрсаң да, жапалақ өледі.
4275. Тасыған байлық қартайтып құртар.
4276. Тасыған қазан төгілер.
4277. Тасыған су көпірді тез бұзады.
4278. Татар тұрған жерде қатер тұрар.
4279. Татарлы жерде қатер бар.
4280. Татсыз түрік болмас,
Бассыз бөрік болмас.
4281. Татты көзге ұр,
Тікенді түбінен жұл.
4282. Тату болсаң, балдай бол,
Араз болсаң, тұздай бол.

4283. Тату болсаң, балдай бол,
Ащы болсаң, тұздай бол.
4284. Татулық — байлық.
4285. Тау арқанмен бүгілмес,
Теңіз қайықпен бөгелмес.
4286. Тау басында қабылан болмайды,
Құдық суында балық болмайды.
4287. Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.
4288. Тау менен тасты жел бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.
4289. Тау тауға көшіп бармас,
Адам мінезі қалмас.
4290. Тау тауға қосылды десе нан,
Адамзат пиғылын оңғартты десе нанба.
4291. Тау тауға қосылмас,
Адам адамға қосылар.
4292. Тау тауға қосылмас,
Адам адамға қосылады.
4293. Тауға қарай тау болмассың.
4294. Тауға тау қосылмайды,
Елге ел қосылады.
4295. Табғаш ханның торқасы көп,
Сонда да өлшемей кеспейді.
4296. Тауда бұғының мүйізі сырқыраса,
Ойда сиырдың мүйізі сырқырайды.

4297. Тауда туған құлынның
Екі көзі таста болады,
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста болады.
4298. Тауда туған құлынның
Екі көзі таста.
Ашта туған баланың
Екі көзі жаста.
4299. Таудай қалау бергенше,
Бармақтай бақ (бақыт) берсеңші.
4300. Таудай пәле көрсең де,
Ақырын ойламай іс қылма.
4301. Таудай талап бергенше,
Бармақтай бақ берсін.
4302. Таудан аққан ақ бұлақ құймай қоймас теңізге,
Жаманнан жақсы туды деп қуанба,
Тартпай қоймас негізге.
4303. Таудан аққан тас бұлақ
О да құяр теңізге.
Өзі тәуір десе де,
Түбінде тартар негізге.
Нәсілі жақсы асылзат
Жамандықты көп қуып,
Заты оңбаған дегізбе!
4304. Таудан аққан тас бұлақ
О да құяр теңізге.
Жаманнан жақсы туды деп қуанба,
О тартар негізге.
4305. Таудан тауға жүгірген тарғыл мысық,
Арамзаның бір көзі болар қысық.

4306. Тауды, тасты жел бұзар,
Ерді сөз бұзар.
4307. Таулы жердің бөрісінен,
Ауыл арасының ұрысынан сақтанып болмайды.
4308. Тауына қарай түлкісі,
Заманына қарай күлкісі.
4309. Тауындағы түлкіні
Табындағы тазы алар.
4310. Тауыстың аяғын көріп, айыптама,
Ұзақтың қарасын көрген соң, мақта.
4311. Таяғың салып бойлат.
Ісім мақұл деме,
Ағайынға ойлат.
4312. Таяқ еттен өтеді,
Сөз сүйектен өтеді.
4313. Таяқ сүйенген адам таймайды,
Күәгер сөзіне кісі тоймайды.
4314. Таяқ тайға жеткізер,
Тай атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
4315. Тәкәппар адам ұшпаққа шықпас.
4316. Тәкәппар тақсірет тартады.
4317. Тәкәппар тонын киме, «біл!» демегім,
Халықты кеуде керіп тілдемегін.
Нышаны момындықтың — кішіпейіл,
Кішік боп еш адамды күндемегін.
4318. Тәкәппарлық — қай тілде болса да қасиетсіз сөз.

4319. Тәкәппарлық хақ жолынан тайдырар.
4320. Тәкәппарлықты Тәңірі сүймес.
4321. Тәннің жарасы бітер,
Тілдің жарасы бітпес.
4322. Тәніміз түбінде бір топырақ болады.
4323. Тәңір асырағанның малын бөрі жемес.
4324. Тәңір күні тарыдан да көп.
4325. Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес.
4326. Тәңірі асырағанның малын қасқыр жемес.
4327. Тәңірі малын сайтан қызғанар.
4328. Тәңірінің күні тарыдан да көп.
4329. Тәңірінің салғанын көрейін.
4330. Тәрбие басы — тіл.
4331. Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ.
4332. Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?
Олай болса уысыңнан шығарма.
4333. Тәрбиесіз өскен талантқа амал жоқ.
4334. Тәрбиесін көрген кісіңе пайдаң тимесе де,
зияның тимесін.
4335. Тәрки жалған құты қайда көгерсе,
Дереу алар тез қайтарып не берсе.
4336. Тәтті болсаң балдай,
Ащы болсаң тұздай бол.

4337. Тәтті өмірдің сұрауы қатты.
4338. Тәтті сөздің ішінде у да болады.
4339. Тәтті тіл дастарқанға жеткізеді,
Сөз табақтан ішкізеді.
4340. Тәттінің бәрі әдепкіде ғана.
4341. Тәттінің дәмсізі бар,
Балдың уы бар.
Көтерілген құлайды,
Биіктеген төмен түседі.
4342. Тәубе қылса, күнәні жей-дүр,
Тәкбір болса, сауапты жей-дүр,
Жалғаншы болса, рызғыны жей-дүр,
Садаға берсе, пәлені жей-дүр.
Дүниеге қайғырса, ғұмырды жей-дүр.
4343. Тәуекел дариясына сал кеме,
Жә шықсын, жә шықпасын, қам жеме.
4344. Тәуекел ерде қайғы жоқ.
4345. Тәуекел ет те, тас жұт,
Ажалың жетпей өлмек жоқ.
4346. Тәуекел қылып қайығыңды суға сал,
ақырын ойламайынша.
4347. Тәуекелдің таяуы бір Құдай.
4348. Тәуіптен ауруыңды жасырма.
4349. Тәуір ісім енді әжетке жарайды,
Жаман ісім өкініш боп тарайды.
4350. Тебегеннің артын сүзеген айырады.

4351. Тегі жаман теміртек,
Қанша егесең де, өтпейді.
4352. Тегі жаманды су ағартпас,
Өзі жаманды сөз ағартпас.
4353. Тез гүлдеген шөп жылдам қурайды.
4354. Тез қасында қисық ағаш жатпас.
4355. Тек жүрмесін, көп ойласын тірі адам,
Өмір, өлім арасы тек бір адым.
4356. Тек жүрсең, тоқ жүресің.
4357. Тек тілекпен бек болмас.
4358. Текенің алдынан қаш,
Аттың артынан қаш.
4359. Тексіз адам қонаққа тесіле қарайды.
4360. Текті адам текірек қағады:
Үстем сөйлер қолы ұзындар, тектілер,
Өзіңді де құл етуді бек тілер.
4361. Телегей-теңіз байлығы бар мырзалар
Тырнақтай тарту алады.
4362. Темір үзеңгі де тозады,
Асыл тас та мүжіледі.
4363. Темірді жайлап иеді.
4364. Темірді қызғанда соқ.
4365. Тентек болса да, байдың ұлы.
4366. Тентек қашар ма қолдан.

4367. Тентекке күнде той.
4368. Тентекті «тентек» десе, бөркі қазандай болады.
4369. Тентектікті көп қусаң,
Мінген атың зорығар.
Қашқан бақты көп қусаң,
Мал таусылып тоқырар.
Жамандықты көп қуған
Құтылмас бәлеге жолығар.
Жақсылықты көп қуған
Бақ-дәулетке молығар.
4370. Тентектің ақылы түстен кейін енеді.
4371. Тентектің аяғы сегіз,
Бірі тимесе, бірі тиеді.
4372. Тентектің аяғы сегіз,
Семіздің аяғы сегіз.
4373. Тентектің бір айтқаны болмаса,
Бір айтқаны келеді.
4374. Тентектің ұйықтап кеткен кезі жақсы.
4375. Тең теңіменен, тезек қабыменен.
4376. Тең теңімен,
Әр нәрсе жөнімен.
4377. Теңіз «аз, көп» демей-ақ
Өзіне тамғанды жұта береді.
4378. Теңізде жүзсең, табыс көп,
Бірақ тыныштық жағада ғана.
4379. «Теңізі құрығыр жақсы-ау,
Бірақ толқыны қорқытады» деген екен біреу.

4380. Тері сыдырып болған соң,
Құйрыққа пышақ сындырма.
4381. Теріс айтпас кісіге бәрі сенім артады,
Аты шыққан суайтқа қалай ішің тартады!
4382. Тесік етік су кешкенде білінеді.
4383. Тесік моншақ жерде қалмас.
4384. Тесік моншақ үзіліп жерде қалмас.
4385. Тесік інжу жерде қалмас.
4386. Тыймаған ауызда пәле бар.
4387. Тисе терекке, тимесе бұтаққа.
4388. Тиын теңгені сақтайды.
4389. Тобыңа қарап шүкір ет,
Бұқараға қарап пікір ет.
4390. Тобыршықтан би қойсаң,
Бақалшықтай май қоймас.
4391. Тоғышардың баласы жиырма бесте «жаспын» дер,
Аталының баласы он бесінде «баспын» дер.
4392. Тоз әңгі болады.
4393. Тозған елден би,
Қашқан жаудан ер шықпайды.
4394. Тозған қазды топтанған қарға жейді.
4395. Тозған қорамсақтан тұқыл оқ шығады.
4396. Той — Тәңірінің қазынасы.

4397. Той болғанда қу бас домалайды.
4398. Той өткен соң даңғыра.
4399. Той тондынікі, ас аттынікі.
4400. Тойға барсаң, бұрын бар,
Бұрын барсаң, орын бар.
4401. Тойға барсаң, тойып бар,
Жұмысыңды қойып бар.
4402. Тойға барсаң, тойып бар,
Торқа тоның киіп бар.
4403. Тойған қонақты сыйлау оңай.
4404. Тойған қонақтың көзі жолда болады.
4405. Тойғанға қарта сасық.
4406. Тойғаннан құрсақ жарылмайды,
Қуанғаннан маңдай жарылмайды.
4407. Тойда тоным бер.
4408. Тойдық, боқ жеуді қойдық.
4409. Тойдың сәні топпенен.
4410. Тоймасқа берме,
Толмасқа құйма.
4411. Тойсаң, тобаңды жаңылма.
4412. Тойып табынғанмен Тәңірі риза болмайды.
4413. Тоқ адам асты таңдап ішеді,
Аш адам тамағынан өткенін ішеді.

4414. Тоқ адамға семіз еттің де дәмі білінбейді,
Аш адамға солып қалған шалғам қаздың
етінен де дәмді көрінеді.
4415. Тоқ өскен тез қартаймас.
4416. Тоқ та кетер дүниеден, аш та кетер.
4417. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп,
Құлағынан айырылыпты.
4418. Тоқалдан туған би болмас,
Би болса да, оңдырмас.
4419. Тоқпағы мықты болса,
Киіз қазық жерге кетер.
4420. Тосқан мойынды қылыш кеспе.
4421. Толған нәрсе тозады,
Жетілген қала жер болады.
4422. Толық нәрсе азаяды,
Түгел нәрсе кемиді.
4423. Толып туған айға қолыңды шошайтпа
(Ол онсыз да көрініп тұр).
4424. Тон жағасыз болмас,
Ел ағасыз болмас.
4425. Тоны жаманды ит қабар,
Көңілі жаманды Құдай табар.
4426. Тоң айырған май жер,
Қарындас айырған боқ жер.
4427. Топ ойнаған тозар,
Асық ойнаған азар.

- Бәрінен қой бағып,
Көтенін жеген озар.
4428. Топырақ төбе болмайды.
4429. Топыраққа байлаған жел тұрмайды,
Су мен жел бір жерге қосылмайды.
4430. Торғай жауын жауса, балапанын қорғар,
Бұршақ жауса, басын қорғар.
4431. Тотықұс бойын көріп қуанар,
Аяғын көріп қорланар.
4432. Тотықұс бойын көріп сыланады,
Аяғын көріп қорланады.
4433. Тоя жеген тамақта у бар.
4434. Төбе би төрде өледі,
Ит ошақтың басында өледі.
4435. Төбеден Тәңірі баспаса,
Төменде жер тілінбес еді.
4436. Төбелеске бергісіз араша бар,
Ағайынға бергісіз жанаса бар.
4437. Төбелесте өңір жыртылады,
Содан соң тоның жыртылады.
4438. Төбесі биік болса, шығып болмас,
Төреші даугер болса, салып болмас.
4439. Төзіммен тілекке жетеді.
4440. Төлерде төредей бол.

4441. Төре бермек — зор іс,
Төрені билей берсең,
Соңғы жағы ұрыс-ты.
4442. Төре деген халқыңыз,
Саудасы біткен сартпен тең.
4443. Төре мен қара бір жерде теңеледі,
Екеуі де о жалғанға жалаңаш кетеді.
4444. Төреге ерген ерін арқалайды.
4445. Төреге ерсең, елсіз қаларсың.
4446. Төрелік — тасқын судай күш,
Зорлық — жалмап жұтар от.
4447. Төресіз елден ит жақсы.
Көшбасшысы жоқ елден көт жақсы.
4448. Төркіні жақын қатынның төбесі жарық.
4449. Төрт аяқты ат та сүрінеді.
4450. Төрт аяқтыда бота тату,
Екі аяқтыда құрдас тату.
4451. Төрт кісі біріксе,
Төбедегіні келтірер.
Алты кісі ала болса,
Ауыздағыны алдырар.
4452. Төртеу тату болса, алар,
Алтау ала болса, алдырар.
4453. Төртеу түгел болса,
Төбедегіні алады.
Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.

4454. Төс табаны жер сызған
Атан жүрер жер екен.
Төсегінен түңілген
Атам жүрер жол екен.
4455. Төсегінен айырылған
Адам жүрер жол екен.
Түйе табаны жайылған
Атан жүрер жол екен.
4456. Төсегіңе қарай аяғыңды соз.
4457. Төсегіңе қарап аяғыңды ұзат.
4458. Туа білмей, үйренеді ау-жайды,
Білім алған талай істі қаузайды.
4459. Туа біте сана болса өзінде,
Жайлап білім үйренер жас кезінде.
4460. Туа біте таңылған жаман ат
өле-өлгенше қалмайды.
4461. Туар адам, өлер өзі, ат қалар,
Кеткендердің сонда сөзі жатталар.
Екі нәрсе барлық тілде жатталар:
Бірі — жақсы, бірі — жаман ат болар.
Жақсы болсаң, мақтаулы атың сақталар,
Жаман болсаң, жаман атың датталар.
4462. Туған өледі.
4463. Туған өлер, бәріне атақ келмейді,
Жақсы сөзі қалған адам өлмейді.
4464. Туған кісі өлу үшін туады.
4465. Тудың, өлдің-өлдің, жоғалдың.

4466. Тумақ бар да, өлмек бар.
4467. Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ.
4468. Тура жүріп, таза болғын салмақты,
Бар жақсылық қаумаласын жан-жақты.
4469. Туралап ажал келгенде,
«Жарлы, бай» деп қарамас.
4470. Туралық — хақтың мейірі.
Туралық жолы мақсатқа жеткізеді.
4471. Туып едім жап-жалаңаш тырдай боп,
Кетіп барам барлығынан жұрдай боп.
4472. Туыс ішеді, қуыс ішпейді.
4473. Туысқан білмес, жуысқан білер.
4474. Тұз дәмін тат,
Ырысыңды айт.
4475. Тұз татқанға қастық қылма.
4476. Тұз шелекке жөке қапқыш.
4477. Тұзаққа түсе көрме, буынып өлесің.
4478. Тұзақтан шошыған құс
Қырық жыл бойы айыр ағашқа қонбайды.
4479. Тұзақшы көрінбейді,
Жемін ғана көрсетеді.
4480. Тұзды көп сақтама, су болар,
Қызды көп сақтама, күң болар.

4481. Тұзы аз дәмнің татымы болмас.
4482. Тұқым шашпай егін тілеген,
Қатын алмай бала тілегенге ұқсас.
4483. Тұңғиықты қара су,
Түйе бойлап шыға алмас,
Кім атадан жаман туса,
Оның сөзі пұл болмас.
4484. Тұсаулы мал ұзамас.
4485. Түбі баянсыз істен ақылды адам сақтанар болар.
4486. Түбі бірге түтпейді.
4487. Түбі жат бала ұл болмас:
Ішер, жер, киер де кетер,
Бірақ «көрдім» демес.
4488. Түбінде ажал сөзсіз келіп қуырар,
Тірі жанның шыбын жанын суырар.
4489. Түгі жоқ кедей қарақшыдан қорықпайды.
4490. Түзелген істі пара бұзар.
4491. Түйе алатын жерімнен ат алғанмын,
Ат алатын жерімнен тай алғанмын.
4492. Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты.
4493. Түйе қашып жүктен құтылмайды.
4494. Түйе өлген жерде жүгі қалар.
4495. Түйе сойған ешкі сойғаннан дәметеді.
4496. Түйе сілкінсе, есекке жүк шығады.

4497. Түйеге мінген бойын жасырмас.
4498. Түйеге мініп қой ішіне жасырынбас болар.
4499. Түйеде жоқ ерлік арыстанда болады.
4500. Түйедей бой бергенше,
Түймедей ой берсін.
4501. «Түйені тепкілеп жұмсау үшін ұстайды» депті біреу.
4502. Түйенің бурасы жақсы,
Сөздің турасы жақсы.
4503. Түйенің екі өркеші
Бірі кетсе, бірінің күші болмас.
Биенің екі емшегі
Бірі кетсе, бірінің сүті болмас.
4504. Түйенің өзі дәу болғанмен,
Құмалағы дәу болмайды.
4505. Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді.
4506. Түйең өлсе, қатқаның құрып қалар,
Арбаң сынса, ағашың бітіп қалар.
4507. Түйнектен ағаш өседі,
Түйір дәннен қамба толады.
4508. Түйсікті жас іс қылады шалдайын,
Қайда түйсік, ұста соның шалғайын.
4509. Түк те білмес жаңа ғана туғандар,
Төрге шығар өнер-білім қуғандар.
4510. Түлен түртпесе, түнде қайда барасың.
4511. Түлкі бөрінің тілегін тілейді.

4512. Түлкі өз ініне қарап үрсе, қотыр болады.
4513. Түлкі терісінен жазады,
Бай малынан жазады.
4514. Түлкідей бол, ауға (торға) жуыма,
Қояндай бол, түлкінің айласына түспе.
4515. Түлкілік кірпіге жараспайды.
4516. Түлкінің ақыр тоқтайтыны —
Ішік сататын дүкенде.
4517. Түмен сөз түйінін бір сөзбен шеш.
4518. Түн қанша ұзақ болса да, таң атады.
4519. Түнде жүрген күндіз қуанар,
Жас үйленген ұлғайғанда қуанар.
4520. Түнде жүріп жол ұтқан күндіз қуанады,
Ерте үйленген қартайғанда қуанады,
Жазда тырысқан қыста қуанады.
4521. Түнерген қара бұлтты жел ашады,
Қараңғы іске парамен жол ашады.
4522. Түрікпен түсімен байыған.
4523. Түріне қарама, қасиетіне қара.
4524. Түріне қарама, тәрбиесіне қара.
4525. Түскенше қонақ ұялар,
Түскен соң үй иесі ұялар.
4526. Түстегі асқа түстік жерден кісі келер.
4527. Түстік ғұмырың болса, кештік мал жи.

4528. Түсі игіден түңілме.
4529. Түсі икемдіден түңілме.
4530. Түсі қара болса да, іші сара.
4531. Түсіне қарама, ісіне қара.
4532. Түтін түтеткен ыс жұтады.
4533. Тыймаған ауызда пәле бар.
4534. Тынбасты жіберсең,
Тыңдай-тыңдай күн кетер.
4535. Тыныш кезде бұзаудай момын бол,
Ұрыс кезінде аш қасқырдай шап!
4536. Тыңда, балам, білімі жоқ былғайды,
Талқаны бар жент қосып та бұлғайды.
4537. Тыңдамасқа айтқан есіл сөзім,
Жыламасқа жылаған екі көзім.
4538. Тыңдап ал ескінің сөзін
Есінде ұста, ашылар көзің.
4539. Тыңдап жүріп толар ақыл дорбасы,
Көп сөйлесе, ұшар ердің қор басы,
Тыңдай білсе, қанар құлақ құрышы,
Көп сөйлесе, қашар адам ырысы.
4540. Тыржиып берген кісінің қолынан
 бал мен қаймақ жегенше,
Күле қарап берген кісінің қолынан
 талқан жеген дәмдірек.
4541. Тырнағанмен темір таты кетпейді.

4542. Тырнадан жасауыл қойсаң,
Басыңнан қиқу кетпес.
4543. Тырнадан ұлық қойсаң,
Басыңнан қиқу кетпес.
4544. Тырыса білген балқаймақ та жасайды,
Төзе білген піспеген жемістің алуасына да жетеді.
4545. Тырысқанның аузы жемде,
Ерінгеннің езуі сөзде.
4546. Тышқанға ойын керек,
Мысыққа өлім керек.
4547. Тікенсіз гүлден пайда жоқ.
4548. Тікенсіз құрма тәтті болмас.
4549. Тіл — арыстан күзететін босаға,
Басыңды жер тығылсаң да тасаға.
4550. Тіл — елшінің қылышы.
4551. Тіл қылыштан да өткір.
4552. Тіл баққан тыныштық бір өмір еді,
Бір күні басыңды тіл кеміреді.
4553. Тіл бас жарар,
Жел тас жарар.
4554. Тіл біреуді көтерсе,
Біреудің түбіне жетеді.
4555. Тіл жарасы бітпейді,
Оқ жарасы бітеді.
4556. Тіл жарасы көп жүрер.

4557. Тіл жүйрігі басқа,
Қол жүйрігі асқа.
4558. Тіл қылыштан өткір.
4559. Тіл мен нәпсіні тыя білген,
Қасиетті бойына жия білер.
4560. Тіл мен сөз — көңілдің айнасы.
4561. Тіл мен сөзі түйсіктінің шыңдалар,
Бар қылығы әрі таза, шын болар.
4562. Тіл өзара сырласады,
Өсек-аяң сыбырласады.
4563. Тіл пайдасы ұшан-теңіз,
Зияны да сонша деңіз.
4564. Тіл сақтанғанды сақтайды.
4565. Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер,
Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер.
4566. Тілге әр күн мейрам.
4567. Тілді көп ойнатпа.
4568. Тілегеннен тілемеген артық.
4569. Тілектің шегі болмайды.
4570. Тіленшіге мың жаңғақ бер,
Сүйене жүрер таяғын қоса бер.
4571. Тіленшінің қапшығы толса да,
Көзі тоймас.
4572. Тіленіп күн көрген қор болып өледі.

4573. Тілеп алған ауруға дәру болмас.
4574. Тілмен түйгенді тіспен шешпейді.
4575. Тілі ащы бекке тигенше,
Тұл қалған жақсы.
4576. Тілі тәтті, көңілі қатты.
4577. Тілін тыя білмеген басын ерте жоғалтады.
4578. Тіліне шамасы келмегеннің беделі болмайды.
4579. Тіліңді аузыңда сақта.
4580. Тіліңді бақ, сонда басың сақталар,
Сөзді қысқарт, жас ұзарып.
4581. Тіліңді жаман сөзден сақта,
Жақсы сөзге үйрет.
4582. Тіліңді ноқталасаң,
Басың сақталады.
4583. Тірегі бар ер күшті ғой ғұмыры,
Күшті кісі — құттың қонар тұғыры.
4584. Тірлікте ілім үйрен көріп жүріп,
Әр жақсының соңынан еріп жүріп.
4585. Тіршілік күн сайын азаяды.
4586. Тіршілік тұтамдап таусылады.
4587. Тіршілікке сенбе, желдей өтер.
4588. Тірі адам ауырмай тұрмайды,
Ауырғанның бәрі өле бермейді.
4589. Тірі адам ауырмай тұрмайды.

4590. Тірі адам көп нәрсені көреді.
4591. Тірі адам талайды көреді.
4592. Тірі адам тілеп жүрсе, бір табысар.
4593. Тірі адамды ауру бір күн деңдейді,
Емші көрсе, дәрі беріп емдейді.
4594. Тірі адамға керек ізгі қасиет,
Соған келіп барлық нәрсе бас иед.
4595. Тірі өледі, жер қойыны — жатағы,
Ізі қалар, болса жақсы атағы.
4596. Тіске тұрып қалған етпен қарын тоймайды.
4597. Тісі жалтырайды,
Іші қалтырайды.
4598. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас.

У

4599. Уағында тоймаған, тоғызында тоймас.
4600. Уайым түбі теңіз-ді,
Түсерсің де кетерсің.
Тәуекел түбі қайық-ты,
Өтесің де кетерсің.
4601. Уайымдау жоқ, сөзің тегін кетпесе,
Өкініш жоқ, уақытың бос өтпесе.
4602. Уақтылы білім алмасаң,
Іске қолың жетпейді.
4603. Уақыт жасты қартайтса,
Опа-далап ар емес.

4604. Уақыт жөні осылай, бәрінен күшті шынында,
Өлімнен қашып құтылмай,
Ер кетті тастап өмірді.
4605. Уақыты өткен бояудың сыны болмайды.
4606. Уәде — Құдай ақы.
4607. Уәде — діннің жартасы.
4608. Уәзір жауыз болса,
Ел мен халық бұзылар.
4609. Уәзір мұрындықты кері тартса,
Кең дүние кері кетеді.
4610. Уәзір патшадан қанша қорықса да,
Құдайдан сонша қорықпайды.
4611. Уәйім — сайтанның қалтасы,
Өтірік Құдайдың дұшпаны.
4612. Улы жылан сөз емес,
Махаббат уы тұрғанда.

Ұ

4613. Ұғымды ұғар, білімділер біледі,
Адам өліп, өмір қайта түледі.
4614. Ұғымсыз кісі мәуесіз ағаш сияқты.
4615. Ұзақ болса да, жол жақсы,
Шіркін (жаман) болса да, қыз жақсы.
4616. Ұзақ болса да, жаман болса да, жол жақсы,
Соқыр болса да, қыз жақсы.
4617. Ұзап кеткен кісінің қайтуы қиын.

4618. Ұзынсыз қысқа болмас,
Үлгісіз нұсқа болмас.
4619. Ұйқы жанның тынышы,
Иман жанның қуанышы.
4620. Ұйқы менен өлім тең.
4621. Ұйқы төсек талғамайды.
4622. Ұйықтаған құр қалар,
Ерте тұрған жолды алар.
4623. Ұйықтасаң ұйқы аларсың,
Ұйықтамасаң жылқы аларсың.
4624. Ұқ, патшам!
Тілден бәле жиылады,
Тамыры тіршіліктің қиылады.
4625. Ұл — атаның ері, екі көзінің бірі.
4626. Ұл атадан асып тудым десе,
Атадан ширек төмен туады.
4627. Ұл таппаған қатыннан лақтаған ешкі артық.
4628. Ұл туса, әкеге тартар.
4629. Ұл ұдайы ізетті боп тұрса егер,
Әке-шеше жүзі жайнап нұр себер.
4630. Ұл-қыздан да жаман мінез шығады,
Қырсыз қылық тек әкеден жұғады.
4631. Ұлғайған сайын асаулық қала береді.
4632. Ұлдың аты — әкенің көзі,
Ұл мен қыз — көздің нұры.

4633. Ұлдың күні күн емес,
Атадан мал қалмаса,
Ата малы пайдасыз,
Баста дәулет болмаса.
4634. Ұлсыз өлген кісінің ұрығы жоғалар.
4635. Ұлы адамдар есігі — бақыт көзі.
4636. Ұлы адамдар мейірімі — бақыт кілті.
4637. Ұлығың кәпір болса да, әмірін тұт.
4638. Ұлық болам десең, жомарт бол.
4639. Ұлық болса, кішік болар,
Өзін үлкен санаса,
Бақыты кетіп пұшық болар.
4640. Ұлық болсаң, ізгі бол.
4641. Ұлық болсаң, жеңілтек болма.
4642. Ұлық болсаң, кішік бол.
4643. Ұлық тентек болса, зор болсын.
4644. Ұлы-қызы бар кісі құдалыққа барысар,
Аты-тоны сай кісі бара жатып жарысар.
4645. Ұлыны ұлы тұтса, құт болар.
4646. Ұлың өлеңші болса,
Атының соры.
Қызың өлеңші болса,
Ұятының соры.
4647. Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауыл бол,
Қызың өссе, қызы жақсымен ауыл бол.

4648. Ұлың өссе, үлгілімен,
Қызың өссе, қылықтымен жолдас бол.
4649. Ұлың тентек те болса, зор болсын.
4650. Ұмайға табынса, ұл туады.
4651. Ұра білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі
Дәу шоқпардың өзі артық.
4652. Ұран көтерілсе, ру жиылар,
Жау келсе, жамиғат жиылар.
4653. Ұрлаған бір жазықты,
Ұрлатқан мың жазықты.
4654. Ұрлық қылсаң, жалғыз қыл,
Екеу болсаң, бірі — айғақ.
4655. Ұрлық қылсаң, жасырасың,
Құдайды қайтесің.
4656. Ұрлық, ұрлық түбі — қорлық.
4657. Ұрпақта шек жоқ.
4658. Ұры — қарының серігі.
4659. Ұры — қасық, ел — дария.
4660. Ұры байымас,
Құс семірмес.
4661. Ұры байымас,
Сұғанақ семірмес.
4662. Ұры байымас,
Сұқ семірмес.
4663. Ұры көті қуыс.

4664. Ұры кісінің көңілі біледі,
Дау иесінің көңілі біледі.
4665. Ұры өз малын жейді.
4666. Ұры ұрылық қыламын деп атаусыз қалады,
Қайыр бермес бай атаусыз қалады,
Балықты аулаған кісі атаусыз қалады.
4667. Ұрыдан қауіпсіз болма,
Қасқырдан қауіпсіз болма.
4668. Ұрыдан қорыққан мал жимас,
Шегірткеден қорыққан егін екпес.
4669. Ұрық алмаған жер өнім бермейді.
4670. Ұрыменен жолдас болсаң, тамағың тояр,
Молламенен жолдас болсаң, гүнайың жояр.
4671. Ұрыншақ атта жал жоқ,
Көңілшек ерде мал жоқ.
4672. Ұрыны қарақшы ұрлайды.
4673. Ұрының қасында ұры жүреді.
4674. Ұрының қатыны өзіне лайық.
4675. Ұрыс жүретін жолды жомарттық билейді.
4676. Ұрысы мықты болса, иесі өледі.
4677. Ұрысы күшті болса, иесі өледі.
4678. Ұста балтаға жарымас.
4679. Ұста пышаққа жарымас.

4680. Ұстаздың абыройы болмаса,
Шәкірттері оның сақалымен ойнайды.
4681. Ұстамсыздық — бар бәленің көзі.
4682. Ұсынылған мойынды қылыш кеспес.
4683. Ұшқан құстың жолы жоқ,
Өтірік сөздің жөні жоқ.
4684. Ұшқан құстың соңынан қуып болмас.
4685. Ұшынған істі пара шешер.
4686. Ұяда не көрсең,
Ұшқанда соны көрерсің.
4687. Ұялған қорқақ батыр болады.
4688. Ұялған тек тұрмас.
4689. Ұялмаған бұйырмағанды жейді.
4690. Ұялмаған бұйырмағаннан дәм татар.
4691. Ұялмаған өлеңші болар.
4692. Ұялмаған бұйырмаған астан ішер,
Бұхарада боқтық шұқыған ала қарға.
4693. Ұят — жаман ойдың жүгені.
4694. Ұят — зор қасиет.
4695. Ұят кімде болса, иман сонда болады.
4696. Ұят кімде болса, иман сонда.
4697. Ұятсыз адам иттен де жаман.

4698. Ұятсыз қатын тұзсыз ас секілді.
4699. Ұяттан кісі өлмейді, бетке шырқуы бар.
4700. Ұяты бармен ұрыс,
Ұятсызбен ұстаспа.
4701. Ұяты жоқ ұл жаман,
Қылығы бұзық қыз жаман.

Ү

4702. Үй менікі деменіз,
Үй артында кісі бар.
4703. Үй сатып алсаң, көршісін сұра,
Жер сатып алсаң, суын сұра.
4704. Үйге кірген құр шықпас.
Көрге кірген тірі шықпас.
4705. Үйден шыққан ұрыдан
Есікті бекітіп болмайды.
4706. Үйден шықсаң, байға қон,
Бай болмаса, сайға қон.
4707. Үйді қозғасаң, көшірерсің,
Отты қозғасың, өшірерсің.
4708. Үйдің үлкені ыссыға жақсы,
Жолдың үлкені шанаға жақсы.
4709. Үйдің іргесі берік болсын десең,
Қабырғасын жайлап қала.
4710. Үйрек берген қаз күтер.
4711. Үйренген жер — Мысыр шаһар.

4712. Үйренген жөн ой-білімі кем елге,
Ер ұлғайса, білім келер кемелге.
4713. Үйренеді адам, білім артады,
Ақыл түбі тым тереңге тартады.
4714. Үйренер нәрсең — білім мен мейрімділік.
4715. Үйі бардың күйі бар,
Үйі жоқтың күйі жоқ.
4716. Үйі жыртықты тамшы жейді,
Ағайыны аз қамшы жейді.
4717. Үйінде екі қатын болса, ойран болар,
Екі сиырың болса, айран болар.
4718. Үйіңе келгенде үйдей өкпенді айтпа.
4719. Үйірі басқаны ноқта қосады,
Атасы басқаны Құдай қосады.
4720. Үй-іші иесіне тартады.
4721. Үлгісіз іс бітпейді,
Еріншек қолы жетпейді.
4722. Үлкен бастар,
Кіші қостар.
4723. Үлкен жолға қонба көрші жақын да,
Қырсық шалар, ойлан осы хақында.
4724. Үлкен келсе, аяғыңды аяма.
4725. Үлкен кісі шақырса, ізетпен бар, санда бол,
Қуаңшылық жылында халық қайда, сонда бол.
4726. Үлкен түйе көпірде таяқ жейді.

4727. Үлкеннен дәметпеген
Құдайдан дәметпес.
4728. Үміт кетсе, байлық та ғайып болар.
4729. Үміт соңы — ажал.
4730. Үмітсіз сайтан.
4731. Үмітсіз шайтан.
4732. Үндегеннен үндемеген жақсырақ,
Үндеймін деп өз басыңа бес тырнақ.
4733. «Үндемеген — келіскеннің белгісі» депті Пайғамбар.
4734. Үндемеген үйдей пәледен құтылады.
4735. Үндемей тұрған адамның өнері де білінбейді,
Кемшілігі де көрінбейді.
4736. Үндемесен, үйдей пәледен құтыларсың.
4737. Үңгірде жатып аштан өлсе де,
Арыстан иттің сарқытын жемейді.
4738. Үре білмеген ит қонақ келтірер.
4739. Үре білмеген ит үйіне қонақ келтірер.
4740. Үріккен үйрек жебенің сабын көрсе де, суға сүңгиді.
4741. Үш нәрсе тұрақтамайды:
Бірі — саудаға түспеген мал (дүние),
Екіншісі — таласқа түспеген ғылым,
Үшіншісі — саясаты жоқ патша.
4742. Үш нәрсемен қоңсы қонба:
Күйдірер отпен,

Ағызар сумен,
Атақты әкіммен.

4743. Үш тағанның бірі қисайса,
Қалғандары құлайды.

Х

4744. Хайуанды қайтармасаң, кетер желдеп,
Қарға сұңқар болмайды, бақсаң жемдеп.

4745. Хақ сүйгенді халық сүйер.

4746. Хақтың жаққан отын
Ақымақ үрлеп сөндірмес.

4747. Халайықтан мейір кетті,
Жақсылардан қайыр кетті.

4748. Халық — кеуде, патша — бас.

4749. Халық айтса, қалып айтпас.

4750. Халық бүлінсе, саясат оны түзейді.

4751. Халық заңды көп білмейді тереңдеп,
Жай еңбекпен күн көреді әрең деп.

4752. Халық тарықса, үкімет жұтайды.

4753. Халық тоғында, төре тағында.

4754. Халыққа жағамын десең — қазаның,
Аллаға жағамын десең — азаның.

4755. Халықтан ұял, Құдайдан қорық.

4756. Халықтың хақы әкімде.

4757. Хан — шаңырақ, халық — уық,
4758. Хан (қан) қарашысыз болмас.
4759. Хан әділ болса, қарашы оған жүк.
4760. Хан баласы жолда жатса, басып өтпе.
4761. Хан да Құдайдың құлы.
4762. Хан — қазық,
Қарашы — азық.
4763. Хан қара халыққа ұқсаса,
Халқынан айрылады,
Қара халық ханға ұқсаса,
Қара басынан айрылады.
4764. Хан қарашысыз болмас.
4765. Хан қартайар, ер жігіттен мал таяр.
4766. Хан қасында қарашы болса,
Қара жерден кеме жүргізер.
4767. Хан қасында уәзір данышпан болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.
4768. Ханменен қарсы болса,
Құдайға қас болма.
4769. Хан өзіңнен болса,
Қара жерден кемең жүрер.
4770. Хан сыртынан жұдырық.
4771. Хан тұрғанда қайғы бар.
4772. Хан хандығын етер ме,
Хан да өтірік айта ма.

- Би билігін етер ме,
Би де өтірік айтар ма.
4773. Ханда қырық кісінің ақылы бар,
Қасқырда қырық кісінің жүрегі бар,
Бір кісінің күші бар.
4774. Ханды Құдай ұрайын десе,
Қарашысымен қас болар.
Байды Құдай ұрайын десе,
Дәулетімен мас болар.
4775. Ханмен қарсы болма.
4776. Ханмен қас болма,
Қарашысыменен дос болма.
4777. Ханның баласын басып өтпе,
Өзі болған жігітке тиісіп өтпе.
4778. Ханның әділетсіздігі — бар бәленің көзі.
4779. Ханның басын хан жұтар,
Қардың басын қар жұтар.
4780. Ханның жасауылы мен тамыры болма.
4781. Ханның ісі келгенде,
Қатынның ісі жайына қалады.
4782. Ханның ісі қарашыға да түседі.
4783. Ханның ісі қарашыға да түсер.
Хан — қазық,
Қарашы — азық.
4784. Хат пен есеп білгеннен
Қазынашы шығады.

Һ

4785. Һазірейіл жанға ортақ,
Атаның жаман ұлы малға ортақ.
4786. Һәркім қолында барына жомарт.
4787. Һәркімнің өз қолы өзіне қарай бүкір.
4788. Һәрне қылса тірлікте,
Бақ белгісі бірлікте.

Ш

4789. Шабан үйрек бұрын ұшар.
4790. Шағыстырған кісінің шын сөзінен без,
Жалған сөзіне бақ.
4791. Шай шыныаяғы үш болар,
Үштен арғы үй иесіне күш болар.
4792. Шайтан азғырса, шамаң келмес.
4793. Шайыр сөзі тәтті-ау талмап жұтардай,
Дәм мен исі, ұрсаң, таза жұпардай.
4794. Шаққан өлтіреді,
Мақтаған жеткізеді.
4795. Шаққан өлтірер, мақтаған жеткізер.
4796. Шақпақ тасты асығып шақсаң,
Тұтататын шырағың сөне береді.
4797. Шақса, тұтанар,
Бақса, білінер.
4798. Шақса, тұтанар,
Естілсе, білінер.

4799. Шақырған жерден қалма,
Шақырмаған жерге барма.
4800. Шақырғанға бар,
Қуғаннан қаш.
4801. Шақырғанға бар,
Шаққаннан қаш.
4802. Шақырғанға бармасаң,
Шақыруға зар боларсың.
4803. Шақырғанға бармасаң,
Шақырусыз қаларсың.
4804. Шақырғанға шақырармын,
Шақырмағанға қақырармын.
4805. Шақырусыз қонақ салусыз отырады.
4806. Шал болды, оның көңілі дал болды.
4807. Шалғынды жерде өгіз семіреді,
Даулы жерде би семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді.
4808. Шалқайғанға шалқай,
Басың көкке тигенше.
Еңкейгенге еңкей,
Басың жерге тигенше.
4809. Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
Еңкейгенге еңкей,
Атаңнан қалған құл емес.
4810. Шалқып дәулет, бақыт қонса, тасыма,
Жақсылық ет, жамандық қып жасыма.
4811. Шам жарығы түбіне түспес.

4812. Шам майымен жанады,
Көп май шамды өшіріп тастайды.
4813. Шамаң келсе, ізгілік істе,
Ізгілік пен әділдік өлмейді.
4814. Шамы жоқ үйді ұшқын жарық қыла алмайды.
4815. Шапаны бар су болмас,
Сулығы бар (ат) тепсінбес.
4816. Шапаны жоқтың шалғайынан ұстамас болар.
4817. Шапқан озар,
Жатқан қалар.
4818. Шапқанда байдың ұлы,
Тоқтағанда еске түсер.
4819. Шарап болмай тұрып,
Сірке суы болма.
4820. Шарап деген білім мен ақылға жау,
Шараптың шатағы сол — ұрыс пен дау.
4821. Шарап ішпе, дауға кірме,
Осы екеуі орда мен қамал бұзған.
4822. Шарап ішпей, бәледен жүр қашықта,
Байқа, атанба зинақор да, пасық та.
Сақ бол, шарап, зинақорлық күйгізер,
Олар тонын кедейліктің кигізер.
4823. Шараптан мың бәле түсер ізіңе,
Зинақорлық түкіртеді жүзіңе.
4824. Шарапты көп ішкеннің ауруы да көп.
4825. Шариғат сөзі — ағып жатқан бұлақ,
Бұрынғылар сөзі — жағалай біткен құрақ.

4826. Шаруаның мұңы бір.
4827. Шаруаның түбі — кеніш,
Саудагердің түбі — борыш.
4828. Шарығы болса, адамның аяғы ауырмас,
Тоқымы болса, атының арқасы алынбас.
4829. Шатысқан істің шын шешімі — шыдам.
4830. Шашың ағарса, ісіңді де ақ істеуге асық.
4831. Шаян ініне тышқан сыймайды.
4832. Шеге қақсаң, тойтар,
Бәлекетті қайтар.
4833. Шегіркеден қорыққан егін екпес.
4834. Шегірткеден қорыққан
Егін екпес.
Барымтадан қорыққан
Мал жимас.
4835. Шекпен қанша тозса да,
Жаңбырға киюге жарайды.
4836. Шекпені көктің қалтасында зат та жоқ.
4837. Шелегіне қарай қауғасы.
4838. Шешеннің тілі ортақ,
Шебердің қолы ортақ.
4839. Шешесі бар жетімнің басында тарақ, қол ойнар,
Шешесі жоқ жетімнің басында бит пен сірке ойнар.
4840. Шешесін көріп қызын ал,
Қарысын көріп бөзін ал.

4841. Шешінген судан таймас.
4842. Шоқпары бар жауға темір қалқан сайла.
4843. Шопан «құтқарып алайын» деп тартқыласа,
Қасқыр «қауып қалайын» деп тартқылайды.
4844. Шортан өзі өлсе де, тісі өлмес.
4845. Шоттың басын бассан,
Сабы өзіңе (маңдайыңа) тиер.
4846. Шошқа өле жатса да, «құрқ» етерін қоймас.
4847. Шошқаменен жайылған қой
Құрбанға союға жарамас.
Жаманменен жолдас болсан,
Қысылған жерде қарамас.
4848. Шошқаны семіз дегеннен не пайда,
Етін жемеген соң.
4849. Шошқаның мойны жаман,
Жаманның ойыны жаман.
4850. Шөбі жоқ деп жерден түңілме,
Мал бітпеді деп ерден түңілме.
4851. Шөлдеген ер суға жетсе,
Алдында аждаһа тұрса да, қорықпайды.
4852. Шөлдегенде берген қара су,
Қант емей немене,
Тоқшылықта берген қымызың,
Бекер емей немене.
4853. Шөлдегенде сағым да су боп көрінеді.
4854. Шөлдің құмы інжу боп кетсе де,
Тілемсектің көзі тоймайды.

4855. Шөлмек мың күн сынбас, бір күн сынар.
4856. Шөмішпен сорпа ішкізіп, сабымен көзін шығарма.
4857. Шөп біткен жеріне бітер.
4858. Шөп шықпады деп үміт үзбе,
Малдан айырылдым деп қайғы жеме.
4859. Шөптің жаманы — селеу,
Елдің жаманы — Телеу.
4860. Шөптің күші сүттен мәлім.
4861. Шүкіршілік қылғанның ырысы артады.
4862. Шыбжық мақтанып балпаң болмас.
4863. «Шыбынның қолына селебе
пышақ ұстатады» дегендей...
4864. Шығам десең беделіңмен есепке,
Араласпа айдап салар өсекке.
4865. Шығарып салған жолдастың жолдасқа есебі жоқ.
4866. Шығарып салмаған жолдастың жолдасқа
есебі жоқ.
4867. Шығарып салмаған жолдастың
Жолдасқа сандығы жоқ.
4868. Шығысына иесі басшы болар.
4869. Шыдаған ойына жетер.
4870. «Шыдай біл, дәруіш, бәріне де жетесің»
депті бір білгіш.

4871. Шыдай білген зар қағып жүріп,
Рахатқа да жетеді.
4872. Шыдамдылық қуаныш келтірер.
4873. Шыдамсыз шыбын сүтке түседі.
4874. Шыққан тегің жаман болса,
Өз қылығың танытар.
4875. Шықпаған жаннан үміт бар.
4876. «Шықсын атым бар әлемге!» десеңіз,
Жетер қамын жолаушының жесеңіз.
4877. Шымшық безгек болмайды.
4878. Шымшықтан қорыққан тары шашпас.
4879. Шын айтылған сөз күшті,
Ойнап айтылған сөзді орындауға болмайды.
4880. Шын дос жол ортада қалмас болар.
4881. Шын достық жүрген жерде
Қожайын мен құлдың құны бірдей болады.
4882. Шын сөз — нұсқа,
Жақсы сөз — қысқа.
4883. Шын сөзге жалған сөз жалғама,
Шын айта алатын тілді өтірік сөзбен былғама.
4884. Шын сөзің — бал, жалған сөзің — жуадай,
Жуа сасып, бал иісін қуады-ай!
Шын сөз — шипа, өтірік сөз — кесел ғой,
Ескі сөзден осындай ой туады-ай!
4885. Шындығы бар жерді мекен ет.

4886. Шындық жауған қардан,
Сауған сүттен ақ, судан таза.
4887. Шынымен жыласаң,
Соқыр көзден жас шығар.
4888. Шыңға шықсаң, құзы бар,
Түн артынан күн келер,
Қуаныш көрсең, бәле бар.
4889. Шыпжықтан қорыққан тарыны шашпас.
4890. Шырақ алсаң, жанатынын ал.
4891. Шырақ алсаң, жарығы молын ал,
Жарық жарықтан жаратылған.
4892. Шырын қайда, сонда дәмсіз су да бар,
Әр тәттінің артында ащы у да бар.
Тәтті тірлік ащы өлімге баратын
Жарқын күнім тылсым болар қара түн.
4893. Шідерлі атым — өз атым,
Тұсаулы атым — бос атым.
4894. Шідерлі атың өз атың,
Тұсаулы атың бос атың.
4895. Шіріген мақтадан мата шықпайды,
Ескілікті жаудан дос шықпайды.
4896. Шірікке шыбын айналар.

Ы

4897. Ыдысың кіші болса, аузын кеңіт.
4898. Ылдидың да өрі бар,
Өтіріктің де шыны бар,

- Және бір сөзім және бар,
Қыспаған к...ке бәле бар.
4899. Ылдым-жылдым екі асар,
Еңсесі салық не табар.
4900. Ымға түсінген ер өлмейді.
4901. Ынтымақтан айрылма,
Тату болсаң, мал жетер.
Жаманменен талассаң,
Топ ішінде бағаң кетер.
Жақсыменен жанассаң,
Қиын жерге қол жетер.
Ұлықменен талассаң,
Үкімі жетсе, бас кетер.
4902. Ырастық жауған қардан,
Сауған сүттен, судан таза.
4903. Ырыс қашса да, туыс қоймас.
4904. Ыстаны бүтін қайда қаласа, сонда отырады.
4905. Ыстық асқа үрме.


I

4906. Ібілістің сөзіне сеніп болмайды.
4907. Ізгі адам қанша жасаса да, қартаймайды,
Ессізге қанша құрмет көрсетсең де, дарымайды.
4908. Ізгі атымен ер алғысқа бөленеді.
4909. Ізгі білім — сөнбейтін шырақ.
4910. Ізгі ердің сүйегі шіріп кетсе де, аты өшпейді.

4911. Изгі оймен ашқан есікті қатты жаппа.
4912. Изгі іске илансаң, Құдай сені сүйер.
Жауыз іске илансаң, Құдай төбеңнен ұрар.
4913. Изгі істің пайдасын есептемес болар.
4914. Изгілігі жоқ ер дүниеден белгісіз кетеді.
4915. Изгілік ескірмейді де, бұзылмайды да.
4916. Изгілік ет ұлық болсаң (аспағын),
Бек қатары елді соған бастағын.
4917. Изгілік киімге қарап болмайды.
4918. Изгілік қартаймайды,
Изгілік іс кетер талай заманға,
Сүйрегеннің пайдасы жоқ жаманға.
4919. Изгілік қыл, изгілік көп кісiде,
Әсерлі ғой изгілердің ісі де.
4920. Изгілік тілесен, игі жақсылармен жолдас бол.
4921. Изгілік тілесен, изгі бол.
4922. Изгілік үздікпейді, қартаймайды,
Өмірі ұзақ, атағы ортаймайды.
4923. Изгілік іс бәрін де жеңеді:
Бұзар болсаң екі жалған қамалын,
Изгілік қыл жеңетұғын амалын.
4924. Изгілік істі судың аяғына таста да, басынан ізде.
4925. Изгілікпен атыңды мәңгілік қыл.
4926. Изгіліктен басқа таусылмайтын,
Бұзылмайтын байлық жоқ.

4942. Испен тәуір жұрттың көңлін анық тап,
Өз бойыңды парықсыздан аулақ сап.
Әуелі істер жұмыс иінін ойлап ал,
«Керек пе, әлде жоқ па екен» деп анықтап.
4943. Іссіз тұрған білімді — жаңбырсыз бұлттай.
4944. Істелген істің ізі иесін көрсетеді.
4945. Істелер істі шешерде келешегіне қара.
4946. Істі дер кезінде орында, кешіккен іс оңбайды.
4947. Істі кейінге қалдыру — білгендік емес.
4948. Істің ағы білмес,
Жігіттің бағы білер.
4949. Істің басы қуаныш болса, аяғы бейнет,
Басы бейнет болса, аяғы қуаныш болар.
4950. Істің бітіміне қара.
4951. Ісі жаманның дауын даулама.
4952. Ісі жоқтың — асы жоқ.
4953. Ісің ақ болса, көпке сал,
Жорғаң қатты болса, түске сал.
4954. Ісің ақ болса,
Құдайың жақ болар.
4955. Ісіңді аяқтамасаң,
Еңбегің еш болар.
4956. Іш май сары май болмайды.

4957. Ішер су да шарқымен,
Артық ішсең, зиян.
4958. Ішкен — мас, жеген — тоқ.
4959. Ішкі дерт сыртқа шықпай тұрмайды.
4960. Ішкі сырыңды досың білер.
4961. Ішкі сырыңды тілің білдіреді,
Шіріген жаңғақты жеңілдігі білдіреді.
4962. Ішпе шарап, әйел қуып арыма,
Бұлар бектің дақ түсірер арына.
4963. Ішпе шарап, қаш бәлеқор бақылдан,
Тыныш жүрген кенде болмас ақылдан.
Бұл екеуден аяулы құт қашады,
Жоқшылықтың жолын солар ашады.
4964. «Іштен шыққан жерге кірер!» дейді жұрт,
Бұла өскенді жер астында жейді құрт.
4965. Іші күйген дұшпан не болса соны айтады.
4966. Іші қалтырайды, сырты жылтырайды.
4967. Ішілген нәрсенің жұғыны түбінде қалады.
4968. Ішімдік адамды есірік қылады,
Ас-тағам қарын тойдырады.
4969. Ішінде пікір өлгенше,
Сыртыңда талау болсын.
4970. Ішің ауырса, тамағыңды тый,
Көзің ауырса, қолыңды тый.
4971. Ішіп-жеп, аш та тойынар.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Мақал-мәтелдер — халық шығармашылығының көне жанры. Ол заман өзгерген сайын молайып, толығып отырады. Халық тұрмысындағы әрбір елеулі кезең, жаугершілік пен шапқыншылық болсын, қуанышты сәттер болсын, шаруашылыққа байланысты жағдайлар, қуаныш-реніш т.б. болсын түрлі айтушылардың өңдеулерінен өтіп, қалыптасып, мақал-мәтелдерге айналады.

Мақал-мәтелдерді көне жанр дейтініміз — олардың байырғы үлгілерін V-XVII ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінен кездестіруге болады. Мысалы, Орхон жазуларындағы «Жырақ болса, жаман сыйлық берер, жақын болса, жақсы сыйлық берер», «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген» («Күлтегіннен»), «Жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай», «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөктен») деген түйінді сөздер, немесе ортағасырлық авторлардың шығармаларындағы «Не ексең, соны орасың» (Ж.Баласағұни), «Кем болма, кең бол» (Құтып), «Ағаш кессең, ұзын кес, Темір кессең, қысқа кес» (Қашқари), «Ауруын жасырған — өледі» (Науаи), «Адам бір оқтық» сияқты ондаған даналық сөздер қазақтың төл мақал-мәтелдеріне айналып кеткен. Әсіресе X-XVII ғасырлардағы әл-Фараби, М.Қашқари, Қ.А.Йассауи, Қорқыт, А.Йүгінеки, С.Бақырғани, Ж.Баласағұни, Рабғузи, Құтып, С.Сарайи, Хорезми, Бабыр, Қ.Жалайыри т.б. ақындарының шығармаларындағы, «Кодекс Куманикус», монғол және қыпшақ, ұйғыр жазба ескерткіштеріндегі өзекті сөздердің қазақ мақал-мәтелдерінің қалыптасуына оң әсерін тигізді деуге толық негіз бар. Соның бір айғағы ретінде 1987 жылы белгілі түркітанушы, профессор

Ә.Құрышжанов V-XVII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері материалдарының негізінде сол жәдігерлердегі бүгінгі қазақ халқының ұғымына жақын қанатты сөздерді, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді тәржімалап, тақырыптық жүйеге топтастырып «Сөз атасы» деген атпен жарыққа шығарды. Әрине, бұл жинаққа енген туындылар жанрлық, поэтикалық құрылымына сай кешенді түрде жүйеленбегенмен, көне түркі мұраларының қазақ тіліне тұңғыш аударылып, мақал-мәтелдер ауқымының кеңеюіне зор ықпал етті.

Раджим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған) — Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

СӨЗДІК

Ақырет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; О дүние деген ұғым; ақырзаман; дүниенің соңы.

Алуа /а/ — май мен ұн, қант қосып жасаған тәтті тағам

Алым /а/ — ғалым

Ашыр — жақын, туыс

Әлім /а/ — бәрінен жақсы білуші әрі сезуші, ғалым

Әңгі — есерсоқ, жындыкеш, әңгүдік

Бақалшық /а/ — ұсақ-түйек сатушы; саудагер

Барсған — түркі тайпалары мекендеген жер атауы

Барша — бүкіл, барлық

Баршын — жібек (мата)

Бек — өте, тым, аса

Белең — екіталай күн туған дүрбелең шақ

Биссимилла /а/ — Алланың атымен, мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бойра — қамыстан тоқылған төсеніш зат

Бөкеуіл — «бөрі» мағынасында қолданылады

Бұлаң — аша тұяқты, бұғы тектес ірі аң

Бүлдіргі (бүлдірге) — қамшыға, шоқпар, сойыл сабына тағылатын қайыс бау

Геп /п/ — сөз, әңгіме, хикая

Гүлістан /п/ — гүлденген жер

Гүнәйі — (күнә) дінге, шариғатқа қайшы іс, теріс әрекет

Ғайбат /а/ — өсек-аяң, жалған сөз

Ғанибет /а/ — игілік, рахат, қуаныш

Дарақ — биік өскен ағаш

Дере — мал суаратын науаның астына қойылған төрт қазық, діңгекті қондырғы

Дуадақ — қанаты үлкен, мойны жуан шөлде жүретін дала құсы

Егір — емге қолданатын дәрі шөп

Жақ /т/ — садақ

Жекен — сазды, батпақты жерлерде өсетін өсімдік

Жете — ауыс, ақыл, сана, ми, ұғым

Жидашы /к/ — алым-салық жинаушы

Жөке — жапырағы ұсақ, жиектері тіс-тіс келген ірі ағаш

Жұқпа — нанның түрі

Загара — жүгері ұнынан пісірілген таба нан

Кәләм /а/ — сөз, әңгіме; исламдағы теориялық ілім

Кәпір /а/ — пұтқа табынушы, көпқұдайшыл, шындықты мойындамаған; Ислам дініндегілер Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған

Келе — бір топ түйе

Керсен — ағаштан істеген үлкен шара, тегеш

Кеуіл — көңіл

Көн — ірі қараның иленген қатты терісі

Кісе — күміспен, жезбен әшекейлеп істеген пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу

Қағы — (қақ) тасталған қалдық, қи, тезек

Қар /п/ — жаман, аяр

Қараған — суыққа төзімді, топырақ талғамайтын жіңішке бұта

Қарашы (к) — хан ордасындағы ақылшы, кеңесші

Қаршын — жүннен тоқылған мата

Қауға — көн теріден жасалған шелек

Қаш — асыл тас

Мақар (макәр) /а/ — қу, айлакер

Маржа — орыс, я болмаса кәпір қыз деген мағынада қолданылады

Машайық — ақылды адам, абыз

Мәйхана — шарап құюшы

Мекер — қулық

Мекіре — (бекіре) еті мен уылдырығы аса бағалы, шеміршекті ірі балық

Мұқым — бүкіл, барша

Мысқал — жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі

Нәл — аяқ киімнің өкшесі мен тұмығына қағылатын кішкене темір тақа

Нәубат /а/ — ретімен келген апат, өлім

Обыр — ашқарақ, қомағай

Оңқа — асықтың аша жағынан жоғары қарап тік тұру қалпы

Паланд /п/ — биік, жоғары

Пәлен — әлдебіреу, әлдекім, белгісіз адам

Пейіш /ир/ — діни ұғым бойынша, «о дүниедегі» жұмақ, жәннат

Риәсіз — шын ықылас, адал жүректен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз

Сақилық /а/ — жомарттық, ақкөңілділік

Сақпан — тас атуға арналған әскери құрал

Самар — қымыз құятын, ет жасайтын үлкен сопақ астау, тегене, тегеш

Селебе — ұшы үшкір, жүзі өткір ұрыс қаруы

Селеу — далалы жерде селдірлеу болып өсетін астық тұқымдас ақ шөп

Сему — құру, өшу

Сота — қысқалау келдек, таяқ

Сілет — сылтау, міндет

Тамұқ — діни ұғым бойынша, күнәһар адамға о дүниеде азап көрсететін жер, тозақ

Тат — тегі басқа, кірме, жат

Тәуіп — тамыр ұстап, үшкіріп ем-дом жасаушы, емші, балгер

Тез — қисық ағашты түзету үшін не түзу ағашты ию үшін қолданылатын құрал

Теміртек — жай темірден соққан жасық пышақ

Тоба — бір нәрсеге шүкіршілік ету, қанағат тұту негізінде айтылатын ишарат сөз

Тойын — ислам дінінен басқа дінді уағыздаушы

Түмен /к/ — саны он мыңға жететін әскери бөлік

Уәлі — айтқаны келетін қасиетті, дуалы

Шариғат /а/ — Құранға негізделген мұсылмандық ережелер жинағы

Шаһбаз — сабаз

Шел — көзді ақ басу

Шомырт — тікенді бұта

Шұқанақ — шұңқыр

Шүлен — мырза, дархан, жомарт

Шүлен таратты — барын мырзалық етіп үлестірді

Ықылым /а/ — таныс емес бөгде ел, жер

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Аспаһан (Исфаһан) — Иранның орталық бөлігіндегі қала. Зайендеруд өзенінің жағасына орналасқан. Исфаһан провинциясының әкімшілік орталығы. Тегераннан кейінгі өнеркәсіп-сауда орталығы.

Қап тауы (Кавказ) — батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке. Солтүстігінде Кума — Манч ойпатымен шектеледі. Оңтүстігінде шекара айқын емес — алдыңғы Азия таулы қыраттарына ұласып жатады. Ресей, Грузия, Әзірбайжан және Армения мемлекеттері жерінде орналасқан. Негізгі бөлігі — Үлкен Кавказ тау жүйесі оның солтүстік етегінен Кума — Манч ойпатына дейінгі жер «Кавказ алды» деп аталады.

Қырым (Қырым таулары) — Қырым түбегінің оңтүстік бөлігіндегі тау. Қара теңіз жағасын бойлай жатқан Бас қырқа — Яйладан және Куэста түбегіндегі орта, солтүстік қырқалардан тұрады. Қырым тауларын адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени үдерістерге өз әсерін тигізді. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады.

Мысыр — араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Каирді де Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында «Мысыр» атауы жиі ұшырасады.

Сарыарқа, Арқа — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта

орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

ТОМҒА ЕНГЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЖИНАУШЫЛАР ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

«*Алтын шежіре*» («Алтан тобчи») — монғол тайпаларының тарихын баяндайтын XVII ғасырдағы шежірелердің бірі. Авторы — Л.Данзан. Ол көп жерде әйгілі «Монғолдардың құпия тарихы» (1240) деген еңбектің материалдарын қайталайды. «Білік» («ақылды сөздер») деген атпен келтірілген поэтикалық үзінділер, халық мақалдары мен мәтелдері, қысқа тұжырымдар, ойлы сөздер мен ұтымды сөз орамдары бар. Монғол тілінен орыс тіліне аударылып басылған («Золотое сказание», 1973 Москва). Мұнда өткен дәуірлерден белгілі болып жүрген көптеген түркі тайпалары аталады. Мысалы: барлас, башқұр, булғар, жалайыр, қаңлы, қарлұқ, керейіт (керей), қият, қыпшақ, қырғыз, маңғыт (маңғытай), найман, татар, төлеңгіт, ұйғыр, ұйсін, қоңырат.

Алтынсарин Б. (1841-1889) — тұңғыш қазақ ағартушысы, ақын-жазушы, қоғам қайраткері. Ол бүкіл саналы өмірін ағартушылық іске арнайды. Қазақ балаларына арнап оқулықтар, хрестоматиялар жазады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оны өз еңбектерінде жариялайды.

Әбу Хайян (Асируддин Абу-Хайян ал-Андалузи ал-Гарнати) — 1265 жылы Гарнатта (араб халифатының Андалусия өлкесіндегі орталығында) туған, 1334 жылы Мәмлүктер мемлекетінде (Мысырда) қайтыс болған. Сол кезде Шығыспен Батыста үстемдік етіп тұрған Мәмлүк үкіметінің өкілдері сөйлеген қыпшақ тілі туралы араб тілінде үш кітап жазған. Қазір осы күнге сақталып жеткен «Түркі тілдері туралы түсіндірмесінде» («Китаб ал ишрах Ли-Лисан ал-атрак», 1312) қыпшақ тілінің грамматикасы мен қыпшақша-арабша сөздік жарияланған. Еңбек бірнеше тілдерге аударылған.

Әбілғазы (1602-1664) — қоғам қайраткері, тарихшы. Шыңғыс хан тұқымынан, өзбек ішіндегі шейбани руынан шыққан. Әкесі Араб Мұхаммед хан Хиуаның ханы болған (1602 жылы таққа отырған). Шешесі Меһрибану ханым Арал бойында көшіп-қонып жүрген қазақ сұлтандарының отбасында туып-өскен.

Өмірінің көбін әскербасы ретінде түрікпен тайпаларымен соғысып өткізген. Хиуада хандық құрып (1643-1664), мемлекет басқару ісіне біраз жаңалықтар енгізген қоғам қайраткері, тарихшы. Тарихи тақырыптарға жазылған екі еңбегі бар: 1) «Түрікпен шежіресі» («Шежіре-и таракиме») 1660-1661 жылдары жазылып біткен. 2) «Түркі шежіресі» («Шежіре-и түрік») 1663 жылы бастап, бітіре алмайтын болған соң баласы Ануш Мұхаммед хан (1663-1687 жылдары тақта отырған) аяқтап шығуды Махмуд бен Мулла Мұхаммед Заман Үргенчиге тапсырған (1663-1665). Әбілғазының өзі жазған бөлімінде әйгілі Рашид-әд-диннің «Жамиғ-ат-тауарих» деген шежіресінің де материалдарын пайдаланған. Қазіргі қазақ тіліне өте жақын тарихи еңбектердің қатарына жатады.

Әл-Фараби (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлақ ибн Тархан Әбу Нәсір Әл-Фараби, 870-950 ж.) — дүниежүзілік білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ұлы ойшыл, данышпан, энциклопедист ғалым, өнер зерттеушісі, ақын. Сыр бойында, Отырар қаласында туып, Димашық шаһарында қайтыс болған. Өзі әуелі туған аулында, сонан соң Шығыстың әйгілі елдерінде (Ирак, Мысыр, Шам т.б.) оқып, араб тілінде көптеген еңбектер жазған.

Әлі (Құл Ғали) — 1212 жылы «Жүсіп — Зылиқа» деген поэтикалық шығарма жазған ақын. Негізгі сарыны діни тақырып болғанмен, бұл Шығыс халықтарының арасына көп тараған поэма дүнияуи әдебиеттің қатарына жатады. Қазақ арасында да көптен мәлім.

Бабыр (Заһир-әд-дин Мұхаммед Бабыр. 1483-1530) — атақты қолбасшы, көрнекті ақын, әйгілі жазушы, қоғам қайраткері. Индия жерінде Ұлы моғолдар империясын құрған. Империя ХІХ ғасырдың басына дейін үш ғасыр бойы өмір сүрген (астанасы Агра болған).

Бабыр өзінің басты еңбегі — «Бабыр-намада» өз өмірін, ел жайын, түркі тайпаларының күрес-тартысын, жорық

жылдарын суреттеп жазған. Қазақ рулары жайында да мәлімет берген.

Баласағұни Ж. (1015-1016 ж. туған, қайтыс болған жылы белгісіз) — ұлы ойшыл, данышпан ақын, білікті қоғам қайраткері. Қазіргі Жетісу өлкесіндегі Шу өзенінің жағасында, Шығыс Түркістан мен Орта Азияның біраз бөлігін билеп тұрған Қарахан әулеттері мемлекетінің бір орталығы болып саналатын Баласағұн шаһарында өмір сүрген. Атақты «Құтты білік» дидактикалық-философиялық еңбегінің авторы.

Березин И. (1818-1896) — шығыстанушы, орыс ғалымы. Қазан (1846), Петербург (1855) университеттерінің профессоры. Негізгі еңбектері шығыс халықтарының тарихына, филологиясы мен археологиясына арналған. Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкий арқылы Ш.Ш.Уәлихановпен байланыс жасағаны белгілі. Оның «Рашид-әд-Дин», «Жамиғ-ат-тауарих» атты классикалық аудармалары есімін әлемге танытты.

Васильев А. (1867-1953) — орыс ғалымы, шығыстанушы. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, олардың басылым көруіне зор еңбек сіңірді. Ал кей себептермен жарияланбаған жеке мұрағаттарында сақталған көптеген қолжазбаларды 1935-1936 жылдары Ұлт мәдениеті институтының қорына тапсырған. Олардың ішінде Кердері Әбубәкір мен басқа да ХІХ ғасырдың көрнекті ақындарының өлеңдері, айтыстары, жырлары бар.

Диваев Ә. (1856-1932) — этнограф, фольклортанушы. Ұлты — башқұрт. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген, 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келіп, Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді қағазға түсірді, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинады. Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М.Мелиоранский, В.А.Гордлевский, В.В.Бартольд т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Жалайыри Қ. (Қадырғали Қосымұлы Жалайыри. 1503-1605), Сырбойын жайлаған Ұлы жүз тайпасының тарақ тамғалы

(таңбалы) жалайыр руынан шыққан, Шыңғыс әулетінен, төре тұқымынан болған хандарға қызмет ететін қарашалардың тұқымы. Ондан сұлтанның баласы әйгілі Тәуекел ханның (1586-1598 ж. билік құрған) немере інісі — ханзада Оразмұхаммед Көшім хандығында жүргенде (жас жігіт кезінде) Ермактың (Жармактың) Сібірге жасаған жорықтарына байланысты қолға түсіп, Москваға барады да, патша сарайына қызметке тұрады. Орыс әскерінің қатарында шведтермен соғысып, ерлік көрсетеді. 1600 жылы Қасым (Кирман) аймағына (Ока өзені бойында) хан болып тағайындалады. Оның ұстазы, ғұлама Қадырғали төрт уәзірінің бірі болып қызмет атқарған. Ол өзі туралы былай деп жазады: «Мен — дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын» дейді. 1602 жылы бір шежіре жазып, кейін түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бізге жеткен екі көшірмесі мен бір үзіндісі бар.

Бірінші бөлімінде автор Рашид-әд-диннің әйгілі «Жамиғ-ат-тауарих» деп аталатын шығармасын қысқартып еркін аударған. Осыған орай, Қадырғали еңбегі де осылай «Шежірелер жинағы» деп аталып кеткен. Мұнда Б.Годунов патшаға арналған мақтау сөз (мадақнама), түркі-монғол тайпаларының, Шыңғыс пен оның ұрпақтарының тарихы баяндалған (оған қоса «Яса», яғни «Заңдар жинағы» мен 14 дастан-шежіре бар).

Екінші бөлімінде Қадырғали өз жанынан шығарған 9 дастан-шежіре қосқан. Онда Орыс хан, Тоқтамыс хан, Темір-Құтлық хан, Хажы-Гирей хан, Хажы-Мұхаммед хан, Әбілқайыр хан, Жәдігер хан, Ораз-Мұхаммед хан және Едіге ханның тарихи өмірін баяндаған. Шығарма қазақ хандығының құрылу алдындағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты аса бағалы мәліметтер береді. Академик Ә.Марғұлан осы еңбекті қазақ жазба әдеби тілі тарихының қайнар көзі деп есептейді.

«*Жору кітабы*» («Ырк бітіг») — Қытайдың солтүстік-батыс өлкесіндегі «Бір мың будда үңгірі» деген мінәжатханадан (храмнан) табылған көне түркі тілінде (күпия жазуымен) жазылған. Әр нәрсенің (түс көру, т.б. құбылыстардың) негізгі белгілері мен қасиеттеріне қарап жору, болжау, түспалдап айту — қолжазба соған арналған. Оны 1912 жылы В.Томсен жариялап, В. Даулов, А.Ле-Кок, Н.Оркун, А.Фри Габэн т.т. зерттеген.

Йассауи Қ. (1103 немесе 1105-1167) — Орта Азияның атақты ақыны, Түркістанда сопылық мектебін құрып, діни-мистикалық әдебиеттің негізін салушы. Қазіргі Сайрам маңында туған. Қожа Ахмет Арыстан бап тәрбиесінде болып, Бұқарада әйгілі сопы Жүсіп Хамадани мектебінде оқыған. Йассы (қазіргі Түркістан) қаласын мекендеп, шайхылық құрған — «әулие шайық» атанған. Атағы алысқа тараған, көп шәкірт ерткен. Жұрт «Мәдинеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет» деп, оны пір тұтқан. Ол 63 жасқа келгенде «пайғамбардың жасынан артық жасамаймын» деп, жертөлеге — шілдеханаға (жердің астынан ойып жасалған үйге — қылуетке) түсіп, қалған өмірін сонда өткізген. Оның әдеби мұрасы бізге бір ғана «Диуани хикмет» («Хикметтер жинағы») деген еңбегі арқылы жеткен. Бүгінгі күні 149 хикметі белгілі. Қазіргі бар көшірмелер XV (4 қолжазба) және XVII ғасырларда жазылған. XIX ғасырдың екінші жартысында бірнеше рет тасқа басылған. Түркі халықтарының арасында (Түркия, Орта Азия, қазіргі Қазақстан, Татарстан т.б.), өте көп тараған (қолжазба күйінде), Стамбулда, Ташкентте, Қазанда т.б. орталықтарда талай рет жарияланған.

Қожа Ахмет Түркістанда жерленіп, басына күмбез орнатылған (1395-1397). Қазақ мәдениеті мен әдебиетін, тарихын, этнографиясын, шаруашылық жағдайын зерттеу үшін «Диуани хикметтің» маңызы үлкен деп есептелінеді.

Йүгінеки А. (Әдиб Ахмед ибн Махмұт Йүгінеки) — XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген ақын. «Йүгінеки» деген жер аты Орта Азияның әр жерінде ақ кездеседі. Мысалы, Самарқанның маңайында («Югнак»), Түркістан түбінде («Жүйнек»), Ферғана өлкесінде («Юғнок») т.б. Ахмедтің дәл қай жерде туғаны белгісіз. Ол — туа біте зағип (көр соқыр) болған кісі. Көп оқып, «әдиб» атанған (әдиб — «оқымысты, жазушы» деген мағына береді). Түркі, араб әдеби тілдерін жетік білген. «Ақиқат сыйы» (Хибат-ул-хақайқ) деген дидактикалық поэма (өсиет-нама) жазған, бірақ оның түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бергі кездерде жазылған үш қолжазбасы және олардың үш түрлі үзінділері бар: 1) Самарқанда (1444) көне ұйғыр жазуымен көшірілген нұсқа, 2) Стамбулда (1480) екі түрлі жазумен (ұйғыр, араб) қатар берілген нұсқа, 3) XIV-XV ғасырларда араб жазуымен

жазылған қолжазба. Үшеуі де Стамбулда сақтаулы. Алғашқы екі нұсқа өзара сұрыпталып Стамбулда (1915, 1951) және Ташкентте екі рет (1971, 1972) басылып шықты. Соңғы көрсетілген нұсқа қазіргі қазақ алфавитімен транскрипцияланып, жолма-жол (қара сөзбен) және өлең түрінде аударылып, арапша жазылған нұсқасымен қоса, «Ғылым» (1985) баспасында жарияланды.

Катаринский В. (1846-1902) — қазақ мәдениеті мен ағарту ісіне көп еңбек сіңірген ориенталист ғалым. 25 жылдан астам уақыт Орынбор облысында татар, башқұрт және қазақ мектептері жөніндегі инспектор болып істеді. Ол Ы.Алтынсариннің ағарту саласындағы идеяларын қолдап, оның іс жүзіне асуына тікелей көмектеседі. В.Катаринский қазақ балалары үшін «Қазаққа арналған әліппе», қазақтарға арналған орыс тілінің бастапқы оқулығы («Первоначальный учебник русского языка для киргиз». 1894) атты оқу құралдарын жазады. Оның қатысуымен және редакциялауымен «Қазақ тілінің грамматикасы», «Қазақша-орысша сөздік», алғашқы қазақ күнтізбесі жарыққа шықты.

«Кесілген бас туралы кітап» («Кісік баш кітабы») — XIII-XIV ғасырларда Еділ бойында жазылған поэтикалық шағын шығарма. Орта Азия, Еділ — Жайық, Қазақстан жеріне кең тараған. (19 түрлі қолжазбасы бар). Көне түркілік мәтіні орыс тіліне аударылып басылып шыққан (Москва, 1979).

Көне ұйғыр жазу ескерткіштері — V ғасырдың басынан бастап, XVI-XVIII ғасырларға дейін қолданылып келген, соғды алфавитінің негізінде жасалған ұйғыр жазуымен жазылған мұралар (жоғарыдан төмен қарай, оңнан солға қарай жазылған). Ұйғыр жазуы мен ұйғыр жазба әдебиеті монғол тайпалары мен олардың мәдени даму барысына үлкен әсер еткен, сол арқылы бара-бара көптеген түркі тайпаларының тарихында олар өшпес із қалдырып отырған.

Жалпы алғанда көне ұйғыр жазуының 4 мыңнан аса қолжазба ескерткіші бар. Олардың ішінде руна (орхон-енисей) жазуымен, араб алфавитімен түзілгендері де кездеседі. Көпшілігі — манихей, будда, христиан және ислам дінін уағыздау үшін жазылған трактаттар.

Қашқари М. (толық аты-жөні Махмуд ибн ал-Хусейн ибн Мухаммед ал-Қашқари) — 1029-1038 жылдар шамасында, Ба-

рысхан аулында (қазіргі Қырғыз Ыстық көлінің маңында) туған (қайтыс болған жылы белгісіз). Әкесі Қарахан әулетінен шығып, әр жерде (Қашқарда, Баласағұнда) әскери әкім болған. М.Қашқари өзін «әмір тұқымынан шыққан едім» деп көрсетеді. Әуелі ол сол кездегі үлкен астаналардың бірі болған Қашқарда оқыған. Онда араб тілі, шариғат жолы, заң ілімі, арифметика сабағы, құран мен хадис туралы дәріс берілетін.

Ғұлама ғалым әдебиет, тарих, этнография, география, астрономия саласындағы, сол сияқты филология салалары мен лингвистика жөніндегі терең де тұжырымды энциклопедиялық білімдерді Орта Азияда, Таяу Шығыста және Иракта жүріп алған. Араб пен парсы тілдерін жақсы білген, бірақ түркі тілдерін байлығы мен орамдылығы жағынан араб тілінен кем түспейді деп есептеген.

Туған тілінің қадір-қасиеті мен оның болашақ бағыт-бағдарын ойлап, араб тілінде екі кітап жазды. Бірінші түркі тілдерінің грамматикасы туралы жазылған еңбегі жоғалып кетіп, күні бүгінге дейін табылмай жүр. Екінші еңбегі кезінде қолға түспей кетіп, 1915 жылы Стамбул базарында ескі-құсқы сатып жүрген майдакердің арбасынан табылған.

Ол түркі тілдерін өте жетік білген. Оларды жік-жікке бөліп, әр алуан тұрғыдан қарап бағалай білген. Соған қарамай, ол батыстағы Румнан бастап, шығыстағы Шын еліне дейін түгел аралап шыққан. Сонша жерді кең жайлап, еркін мекендеген түркі тайпалары мен көрші елдердің ауыл-мекендеріне, шаһар-кенттеріне, дала-жайларына барып тілдерін зерттеген, мақал-мәтелдері мен өткір сөздерін, уытты орамдарын, қанатты да қалыпты айтылатын сөз иіндерін т.б. да қыруар тіл байлығын жинаған. Өлең сөз, қысқа тақпақ шұбыртпа терме, хикая-дастан т.т. әдеби-фольклорлық мұраларды мол жинаған. Соларды негізінен «Диуани лұғат-ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегін 1072-1078 жылдар арасында Бағдад қаласында аяқтаған. Негізгі мақсаты түркі халықтарының мәдени-рухани өмірімен араб елдерін таныстыру болған. Түпнұсқасы жоғалып кеткен, кейінірек 1236 жылы М.А.Абулфатх жасаған жалғыз көшірмесі Стамбулда сақтаулы.

Қорқыт (VIII ғасырда өмір сүрген) — мәшһүр ақын, асқан күйші, аты аңызға айналған кемеңгер, ойшыл адам. Өзі оғыз-

дың баят руынан шыққан, қыпшақтың жиені. Қазақ музыкасының тарихында ән-күй өнерінің атасы болып есептеледі.

Қорқытқа байланысты аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар «Қорқыт ата кітабы» (XI ғ.) деген шығармада жинақталған. Оның авторы, жазылған уақыты не қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Шығарманың екі түрлі қолжазбасы бар (Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған). Олар кейінірек XV ғасырда жазылған. Көптеген тілдерге аударылған. Түпнұсқасы үш рет, орыс тілінде де бірнеше рет жарық көрді.

Құрышжанов Ә. (1930-2007) — түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми зерттеу еңбектері негізінен тіл тарихы, көне түркі тілдері мен ежелгі қыпшақ жазба ескерткіштері мәселелеріне арналған. Ол XIII ғасырда жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішін, қыпшақ тілдерінің қазіргі түркі тілдерімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен арадағы байланысын зерттеп, VIII-XI ғасырлардағы көне түркі тілі мен тарихы жөнінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштері туралы еңбектер жариялады, оқу құралдарын жазды. Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Йассауи, А. Йүгінеки шығармаларын көне түркі тілінен қазақ тіліне аудару ісіне үлес қосты.

Құтып — ақын, аудармашы. Ол Хорезм өлкесінен хан сарайында қызмет ету үшін Алтын Орда ыдырағаннан кейін Көк Ордаға бағынып тұрған Ақ Ордаға келген. Ақ Орданың көшпелі халқы (атақты «Дешті қыпшақ» даласының шығыс бөлігін түгел жайлаған). Құтып 1341 жылы әзірбайжанның ұлы ақыны Низами Гәнжәуидің «Хұсрау мен Шырын» деген поэтикалық романын «Низами балынан алуа жасайын деп едім» деп қыпшақ тіліне аударып, Өзбек ханның баласы шаһзада Тыныбекке тарту еткен. Бұл дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына кірген шығарманың бірінші рет түркі тіліне аударылуы еді. Еңбектің түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бізге жеткені — Еділ бойынан шығып, Мысырға (Александрияға) барып тұрған қыпшақ ақыны Берке ибн Бираказ ибн Қандуд ибн Адгу (лақап аты «Факих» — «діни білімге жетік» деген сөз) 1383 жылы көшіріп алған нұсқа. Ол қазір Францияда (Париждің ұлттық кітапханасында) сақтаулы. Шығарманың соңында Беркенің өзі шығарған өлеңдері де бар.

Лаптев И. — 1895 жылы Лазарьевтің Шығыс тілдері институтының арнайы класын бітірген. Бірінші дәрежелі аттестат алу үшін жазған еңбегін профессор С.Е.Саков жоғары бағалап, «Қазақ-қырғыз тілі жөнінен материалдар» деген кітабын бастыру туралы ұсыныс жасаған. И.Лаптевтің аталған жинағы Москвада 1900 жылы В.Гатцук типографиясында басылған. Кітап екі бөлімнен тұрады: халық әдебиеті үлгілері мен қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикалық очеркі, түсініктері.

Лутфий (1367-1466) — Фиратта туған Орта Азияның көрнекті ақыны. Тәжік және түркі тілдерінде жазған. Сол кездегі Темір ұрпақтарынан болған әкімдерге арнап бірнеше қасида (мақтау өлең) шығарған. «Гүл мен наурыз» және «Зафар-наме» («Жеңіс хикаясы») деген екі дастаны бар.

Лютш Я. — қазақ фольклорын жинап, бастырушы. Ташкент мұғалімдер семинариясының оқытушысы болған. Я.Лютш қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, 1883 жылы Ташкентте «Киргизская хрестоматия» деген атпен кітап етіп шығарды. Онда жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер жеке-жеке беріліп, жазып алынған жерлеріне қарай (Ақмешіт, Түркістан, Шымкент, Әулиеата) жіктелген. Ә.Диваевпен таныс болған.

Мажлисий (туған, қайтыс болған жылдары белгісіз) — XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген Орта Азияның ақыны. Хорезмде туып, Бұқарада тұрған. «Сейфүл-Мәлік қиссасы» деген дастан жазған.

«**Монғолдың құпия шежіресі**» — XIII-XIV ғасырдағы түркі-монғол халықтарының тарихы, тілі және әдебиеті туралы жазба ескерткіш. Монғол рулары мен олардың хандары, билеушілері жайында жазылған. Еңбек монғол тілінен қазақшаға аударылып (аудармашы М.Сұлтанияұлы), Монғолияда (Өлгий, 1979 ж.) басылған. Оның түпнұсқасы дүниежүзілік ориенталистикада кеңінен мәлім, бірнеше тілге тәржімаланған. Шежіреде кездесетін түркі тайпаларының тізімін «Алтын шежіре» мен Рашид-әд-диннің еңбегінен көруге болады.

Науаи Ә. (Низамеддин Мир Әлішер Науаи, 1441-1501) — ескі өзбек әдебиетінің негізін салушы классик, ұлы ақын, үлкен ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Еңбектерін парсыша және түркіше екі тілде жазған.

Орхон жазба ескерткіші — Орхон, Селенга, Толы өзендерінің аңғарынан, Минусинск ойпатынан табылған, «Руна (құпия) жазуы» деп аталатын алфавитпен (оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай) жазылған ескерткіштердің жиынтығы. Олар тілі, баяндалатын уақиғаларының мерзімі, жазылу стилі жағынан VIII ғасырға жатады (Енисей, Талас жазу ескерткіштері V-VIII ғасырларды қамтиды). Орхон жазба ескерткіштерінің басым көпшілігі — атақты хандар мен олардың уәзір-кеңесшілерінің қабірі басына қойылған құлпытастағы (сын тастағы) жазулар. Дүниежүзілік түркологияда кеңінен зерттеліп жүр. Көп тілдерге аударылған. Түркі халықтарының жазу, әдебиет, тіл тарихын әдетте осы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап өрбітеді.

Палуан М. (1248-1326) — Көне Үргеніште туып, Хиуада қайтыс болған Орта Азияның атақты палуаны, ақын. Шығармаларын парсыша, тәжікше және түркіше жазған, оқыған, білімдар кісі. «Ақиқаттар қазынасы» («Қанз-ул-хақайық») деген қос тармақты өлеңдер (мәснәуи) жинағы бар. Сонымен бірге бізге оның бірнеше жүз рубаяттары жеткен.

Пантусов Н. (1849-1909) — көрнекті этнограф, фольклорист, Орта Азия мен Қазақстанның ескі археологиясын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші ғалым. Әсіресе Ұлы жүз қазақтарының арасында көп жүріп, зерттеулеріне материалдар жинаған. Н.Пантусовтың «Древности Средней Азии» (1902) атты көрнекті монографиялық еңбегінде «Памятник Қозы Көрпеш — Баян сұлу» деген мақаласы бар. «Образцы киргизской литературы» деген атпен бірнеше жинақ шығарған. Онда қазақ, ұйғыр ауыз әдебиеті, олардың әдет-ғұрпы туралы көптеген материалдар қамтылған.

Рабғузи (Насир-әд-дин бин Бурхан-әд-дин ар-Рабғузи, қысқаша Насир Рабғу-зи) — 1310 жылы қара сөзбен «Қиссас-ул-анбия» («Әулиелер тарихы») деген еңбек жазған. Екінші атауы — «Қисса-и Рабғузи». Парсы тілінен түркі тілдерінің шығыс (Қашқар) диалектісіне аударылған деп есептелінеді.

Рашид-әд-дин (Фазлаллах ибн Әбілқайыр Хамадани ат-Табиб, 1247-1318) — Иранның атақты тарихшысы, мемлекет қайраткері, ғұлама, энциклопедист, дәрігер. «Шежірелер жинағы» («Жамиғ-ат-тауарих») деген парсыша кітап жазған

(қолжазбаның 7 түрлі көшірмесі бар). Көптеген тілдерге аударылып басылған, ол жайында көп зерттеулер жазылды.

Сарайи С. (Саиф-әс-Сарайи, 1321-1396) — «Қамысты» деген жерде туған, Алтын Орда мемлекетінің ақыны. Көп өмірін Сарай қаласында өткізген. Мәмлүк мемлекеті дәуірлеп тұрғанда түркі (қыпшақ) әдеби тілі әбден өркендеп, көптеген көркем әдебиет туындылары дүниеге келген кезде Мысырға барған. Сонда парсының атышулы ұлы ақыны Шейх-Маслах-әд-дин Сағдидің бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына кірген «Гүлистан» (1257) поэмасын қыпшақ әдеби тіліне аударған (1391). «Гүлистан бит-түрки» қолжазбасы қазір Голландияда сақтаулы, оның фотокөшірмесі 1954 жылы Түркияда басылып шықты.

Уәлиханов Ш. (Мұхамедханафия) (1835-1865) — қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгеріп, Омбы Кадет корпусын бітірген. ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақ ортасынан шығып халық шығармашылығын, этнографиясын жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлес қосқан әйгілі зерттеуші.

Хорезми (туған, қайтыс болған уақыты белгісіз) — лақап аты (екінші бүркеншік аты — Раванди), шын аты-жөні беймәлім автор, Ақ Орда әдебиеті мен жазба әдеби тілдің көрнекті өкілі, атақты ақын. Оның «Мухаббат-наме» («Махаббатнама») деген бір ғана еңбегі бар. 1353 жылы Сыр бойында жазылған.

Еңбек Өзбек ханның баласы қоңырат руынан шыққан Мұхаммед Қожабек (1342-1357 ж.ж. Алтын Орданы билеген) ханның сұрауымен жазылған. Шығарманың бізге екі көшірмесі жеткен: бірі 1508-1509 жылдары араб жазуымен, екіншісі 1432 жылы көне ұйғыр жазуымен Йезди (Жезді) қаласында жазылған. Екеуі де Лондонда сақтаулы.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/ир/ — иран

/моңғ./ — моңғол

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат./ — татар

/т/ — түркі

/к/ — көнерген сөз

/қалм./ — қалмақ

/қыт./ — қытай

/ж/ — жергілікті сөз

/солт./ — солтүстік

/оңт./ — оңтүстік

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Алтынсарин Ы.* Киргизская хрестоматия. — Казань, 1879.
2. *Алтынсарин Ы.* Киргизская хрестоматия. Издание второе, исправленное и дополненное. — Оренбург, 1906.
3. *Әлібек Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П.* Қазақ фольклоры текстологиясының кейбір мәселелері. — Алматы, 2004.
4. *Бабажанов М.* Санк-Петербургские ведомости. 1861. №136.
5. *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. в пяти томах. Т.3. — Алматы, 1964.
6. *Васильев А. В.* Пословицы, записанные со слов киргиз Тургайской области. — Оренбург, 1892.
7. *Герн В.Ф.* Киргизские пословицы. — Семипалатинск, 1889.
8. Дала уалаятының газеті. 1894. №32-34; 36-38.
9. *Диваев А.* Киргизские ведомости на правах рукописи. — Ташкент, 1900.
10. *Диваев А.* Туркестанские ведомости. 1905. №43.
11. *Диваев А.* Этнографические материалы (сказки, пословицы, загадки, приметы, былины) туземного населения Сыр-Дарьинской области. — Ташкент, 1895.
12. *Катаринский В.* Сборник киргизских пословиц: Материалы по этнографии киргиз. Издание Тургайского областного статистического комитета. — Оренбург, 1899.
13. Қазақ мақалдары. — Қазан, 1914.
14. Қазақ фольклористикасы. — Алматы, 1972.
15. *Қайдаров Ә. Т.* Халық даналығы: Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. — Алматы, 2004.

16. Құрышжанов Ә. Сөз атасы. — Алматы, 1987.
17. Лаптев И. Материалы по казак-киргизскому языку. — Москва, 1900.
18. Люти Я. Я. Киргизская хрестоматия. 1883.
19. Түркістан уалаятының газеті. 1861.
20. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
21. Арабско-русский словарь. Составитель Х. К. Баранов. — Москва, 1968.
22. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
23. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі // Құрастыр.: Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
24. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
25. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі // Құрастыр. І.К. Кеңесбаев. — Алматы, 1977.
26. Персидско-русский словарь // Под ред. Ю. А. Рубинчика. I-II т.т. — Москва, 1970.
27. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.
28. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

В настоящее время подготовлены и изданы 65 томов, большинство из которых посвящены самой замечательной и объемной отрасли национального фольклора — эпосам. Вышли в свет тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, одиннадцать томов дастанов романического (любовного) содержания, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, а также один том генеалогических дастанов. Один том включает загадки, а также один том — пословицы и поговорки. Десять томов включают публикации казахского фольклора в Китае. В дальнейшем публикация лучших образцов казахского эпоса будет продолжаться.

Предлагаемый читателям следующий, 66 том, также посвящен пословицам и поговоркам. Им будут посвящены еще несколько томов, поскольку изданные при советской власти пословицы и поговорки были подвергнуты цензуре. Неоднократно изданные сборники поговорок О.Турманжанова, Б.Адамбаева и Б.Акмуқановой больше внимания уделяли художественным пословицам, а в некоторые пословицы были внесены даже изменения. Например: «Ісінің ағы білмейді, Жігіттің бағы біледі». При критическом рассмотрении данных сборников бросаются в глаза специально исправленные, неправильно осмысленные пословицы. Несмотря на это они в течение века пополняли духовное богатство народа.

Собиранию, систематизации казахских пословиц и поговорок способствовали Ч.Валиханов, М.Бабажанов, И.Алтынсарин, Б.Даулбаев, М.Ешмухамедов, А.Искаков, А.Баржаксин, О.Турманжанов, Б.Акмуканова, М.Аккозин, А.Кайдари, А.Қурышжанов, М.Алимбаев, Б.Адамбаев, К.Саттаров и др., а также русские просветители В.Радлов, И.Березин, Н.Пантусов, А.Алекторов, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Я.Лютш, А.Васильев, И.Лаптев, Н.Остроумов, В.Герн, В.Бартольд, Н.Катанов, А.Диваев.

В этот том вошли материалы, собранные в разные годы в фольклорных и этнографических экспедициях сотрудниками Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, материалы редкого фонда Центральной научной библиотеки МОН РК рукописного фонда Института, материалы сборников, вышедших во второй половине XIX — начале XX века, а также собранные в сборнике «Сөз атасы» А.Қурышжановым пословицы и поговорки общетюркского происхождения, относящиеся к V-XIII в.

Том выполнен как научное издание, пословицы и поговорки пронумерованы, помимо этого представлены варианты и версии, при замене слов даются оба варианта. Так, например, «Дочка, тебе говорю, а сноха, ты слушай!», в другом варианте «Сноха, тебе говорю, дочка, ты слушай!» — меняется смысл. В этом случае даются оба варианта.

Поскольку народное достояние собрано в разное время, из разных источников, большое значение придается языку, художественным особенностям, содержанию, с тем, чтобы сохранилась их первоизданность.

По плану издания серии «Бабалар сөзі» пословицам и поговоркам будет посвящено несколько томов.

В следующие тома войдут пословицы и поговорки, распространенные среди казахов Китая.

В конце тома даются дополнения — комментарии, исторические справки, разъяснения топонимических названий, сведения о собирателях, список использованной литературы, резюме издания на русском и английском языках.

Тексты, вошедшие в том, представлены как оригиналы редкого фонда Научной библиотеки и Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова. Объем тома — 25,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues the work on preparation and publication of the volumes of the Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi» implemented within the State Program «Madeni mura» («Cultural heritage»).

At present period 65 volumes have been prepared and published which are devoted to the most outstanding and voluminous branch of national folklore the eposes. Thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious dastans and moral content, eleven volumes of dastans with romantic (love) content, eleven volumes of historical dastans, twenty volumes of heroic dastans, one volume of genealogical dastans, one volume of riddles and two volumes of proverbs and sayings. Ten volumes include the publication of Kazakh folklore in China. The publication of the best examples of Kazakh folklore will be further continued.

We offer to the readers the following volume 66 that is also devoted to the proverbs and sayings. Several volumes will be devoted to them because the proverbs and sayings published during the Soviet period have been subjected to censorship. In the collections of proverbs of O.Turmanzhanov, B. Adambayev and B.Akmukanova more attention is paid to artistic proverbs and in some proverbs the changes were made. Example: «Isinin agy bilmeidi, Jigittin bagy bileidi». In the critical review of the data of the collections, the special corrections, incorrectly interpreted proverbs are seen. Despite of this they have filled the spiritual wealth of the people during the century.

C.Valikhanov, M.Babazhanov, I.Altynsarin, B.Daulbaev, M.Eshmuhamedov, A.Iskakov, A.Barzhaksin, O.Turmanzhanov, B.Akmukanova, M.Akkozin, A.Kaydari, A.Kuryshzhanov,

M.Alimbayev, B.Adambaev, K.Sattarov and others, as well as Russian educators V.V.Radlov, I.Berezin, N.Pantusov, A.Alektorov, P.Melioransky, V.Katarinsky, J.Lyutsh, A.Vasiliev, I.Laptev, N.Ostroumov, V.Gern, Barthold, N.Catanov, A.Divayev have contributed to the collection and systematization of this wealth.

This volume contains the materials collected during different years in the folklore and ethnographic expeditions of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, materials of the rare fund the Scientific Library, manuscript collection of the Institute, as well as the materials of collections, published in the second half of the XIXth century and early XXth century, as well as the proverbs and sayings of common Turkic origin, related to the V-XIII century collected by A.Kuryshzhanov in the collection «Soz atasy».

The volume is compiled as a scientific publication and the proverbs and sayings are numbered, in addition the versions have been presented and in case of the replacement of words both options are presented. For example, «Look, daughter, I tell you, and you, daughter-in-law, listen!», in another version of «You, daughter-in-law, I tell you, and you, the daughter, listen!» — the meaning is changing. In this case, two options are given.

As the national wealth is collected at different times, from different sources, great emphasis is done on language, artistic features, content, in order to keep their originality.

According to the plan of publishing of the series «Babalar sozi» several volumes will be devoted to the proverbs and sayings.

The following volumes will include proverbs and sayings which are widely spread among Kazakh people living in China.

At the end of the volume there is an addition — the commentary, historical information, explanation of the toponymic names, information about the collectors, list of used literature, summary of publication in Russian and English languages.

The texts included into the volume are presented as the originals of the rare fund of the Scientific Library and the M.O.Auezov Institute of Literature and Art. Size of the volume — 25,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Мәтіндер	11
Ғылыми қосымшалар	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме	359
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер, ұлт-ұлыстар мен ру-тайпалар туралы мәліметтер	377
Сөздік	381
Жер-су атаулары	385
Томға енген мақал-мәтелдерді жинаушылар және әдеби жәдігерлер туралы мәлімет	387
Шартты қысқартулар	398
Пайдаланылған әдебиеттер	399
Резюме	401
Summary	403

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

66 том

ҚАЗАХСКИЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова

Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Г. Бектібаева*

Компьютерге терген: *Г. М. Иманалиева*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы


ИБ № 2493

Теруге 24.07.10 жіберілді. Басуға 07.09.10 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 25,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №300*.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-227-1



9

7 8 6 0 1 2 9 2 2 2 7 1